

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ  
ИМЕНИ С. ТОРАЙГЫРОВА**

**«V ТОРАЙҒЫРОВ ОҚУЛАРЫ»  
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ  
МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ТЕОРЕТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
«V ТОРАЙГЫРОВСКИЕ ЧТЕНИЯ»**

**ПАВЛОДАР  
2012**

ӘОЖ 001 (574) + 821.512.122.0  
КБЖ 72 (5 Каз) +83.3 Қаз  
Б 48

Редакциялық алқа:  
Бас редакторы - Э.Ф.Д., профессор **Өмірбаев С.М.**  
Жауапты редактор - б.ғ.д., профессор **Ержанов Н.Т.**

Редакция мүшелері:  
**Елмұратова А.Ф.** – т.ғ.к., ПМУ профессоры  
**Сарбалаев Ж.Т.** – ф.ғ.к., ПМУ профессоры  
**Сүтжанов С. Н.** – ф.ғ.д., профессор  
**Зейнулина А. Ф.** - ф.ғ.к. ПМУ профессоры  
**Мейрманов А.Б.** - п.ғ.к., жауапты хатшы

**Б 48** «V Торайғыров оқулары» атты халықаралық ғылыми–теориялық конференция материалдары – Павлодар: С.Торайғыров атындағы ПМУ, 2012. - 442 б.

ISBN 978-601-238-268-6

«V Торайғыров оқулары» атты халықаралық ғылыми –теориялық конференцияның материалдар жинағына С. Торайғыровтың тарихи, саяси және философиялық көзқарастары, сондай-ақ, С. Торайғыровтың поэзиясы және журналистік, редакторлық, публицистикалық қызметтері, қазіргі ғылымның өзекті мәселелері жайлы мақалалар жарияланды.

Жинақ көпшілік оқырманға арналады. Мақаланың мазмұн сапасына автор жауап береді.

ӘОЖ 001 (574) + 821.512.122.0  
КБЖ 72 (5 Каз) +83.3 Қаз

© С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2012 ж.

**«V ТОРАЙҒЫРОВ ОҚУЛАРЫ» АТТЫ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА Э.Ф.Д., ПРОФЕССОР  
СЕРІК МӘУЛЕНҰЛЫ ӨМІРБАЕВТЫҢ СӨЙЛЕЙТІН СӨЗІ**

**Құрметті жиынға келген қонақтар, ұстаздар мен студенттер!**

Бүгін біздің университет тарихында «Торайғыров оқулары» атты ғылыми конференция үшінші рет өтіп отыр.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың – ақынгерлік өнері заман асқан сайын жарасымды шырдарын тауып, жаңаша құлпырып, қырандай түлеп, өзге мән-мағына, мазмұнға ие болып, әлемдік жырға өз қолтанбасын қосқан, сол байтақ жыр бағының бел ортасынан нәзік сыршыл әрі ойшыл лирик, әрі төңірегіне мәуесін жайған бәйтеректей алып қазақ ақыны.

Сондықтан болар, XX ғасыр басында қазақ поэзиясы мен прозасының ұйытқысы болған Сұлтанмахмұт Торайғыровтың тіршілік тынысын терен түсіну, бізге бір үлкен тәрбиелік мәні бар оқиға ғана емес, хас ақынды тану - өз халқымызды, өзімізді танудың даңғыл жолы. Егер әрбір қазақтың азаматы ұлт болашағын ойлап, өзінің ұлтының мәдениеті, ғылымы мен білімін көтермесе, онда біздің еліміздің болашағына нық, айқын қадам басу мүмкін емес. Осы орайда ұрпағына мәңгілік үлгі-өнеге Сұлтанмахмұт атамыздан болмақ. Еліміздің түкпір-түкпірінен келіп, жерлес атамыздың әуағына бас иіп, тағзым етіп отырғанымызда сондықтан. «Қараңғы қазақ күніне, өрмелеп шығып күн болам» дегендей Сұлтанмахмұт Торайғыровтың көздеген мақсаттары бүгінгі күні өз жемісін беріп, шуағын шашуда. Осындай асыл мақсаттар көздеп, алаш жүгін кара нардай көтерген қыран еленбей, ескерілмей қала ма?! Әділдік те жарық нұр сияқты, ал нұр сөулені қолмен көлегейлеп тұра ала ма?

Қандай да бір алаштың ардақтысын бағалаған кезде, ең алдымен оның өзі өмір сүрген кезеңде қоғам алдында атқарған, сіңірген еңбегі ең басты өлшем болмақ. Сұлтанмахмұт – қазақтың ұлттық әдебиетінің классигі. Классик деген ұғым әр біріне айтыла бермейді. Кез келген дарынды, талантты адам классик бола алмайды. Тек ғана өзі емес, бүкіл ұлттық әдеби болмысқа өзінің ізін, өнегесін тастаған тұлға ғана классик атана алады. Бұл бір жай азусыз сөз емес. Өйткені, оның поэзиясының құдыреті бүгінге дейін сол тірі қалпында тамаша әсер қалдырып, тәнті етеді және адам болмысына әсер етіп, тәрбиелік мән береді. Ұлт тұлғасын ұлықтайтын келешек ұрпақтың да дәл солай қабылдай береріне сенімдімін.

Сұлтанмахмұт атамыз бар болғаны жиырма жеті жыл өмір сүрді. Оның суреткерлік бітіміне сынақ сүйем ақау түскен жоқ. Қазіргі қазақ қауымы Торайғыровты аузына алалық түспей, түгел мойындайтын алғашқы ұрпақ. Бұған қалай тәубе демейміз?! Сұлтанмахмұт атамыз – біздің жаңа заманымыздан, жаңа ортамыздан алатын өз орны бар ойшыл, ақылгөй дана. Ол - өз заманынан оза туған тұлға. 13 жасынан бастап өлең жазып, сөз қадірін терен түсінген. Оның тұңғыш жазған «Секілді өмір қысқа жарты тұтам» өлеңінде балалық шағын суреттей келе, алға қойған мақсатым - өлең жазу, оқу, ақын болу деп айқын көрсетеді. Ал, осындай нақты мақсат төңірегінде халқына шуақ шашқан тұлғалар өмірден өткеннен кейін, олардың артына қалдырған рухани мұралары кейінгі ұрпаққа, бүкіл қоғамға құйрықты жұлдыздай жол сілтейді. Кезінде Мұхтар Әуезов: «Дүниеде болып өткен нелер ұлы жандар бар, олардың ішінде даналары да аз емесі. Көбінен қалған дарынды кітап, ұлы шығармалар, саналы тірлігінде үнемі есіне түсіп, қатарына ілесіп жүргендей болады. Біз оларды әр уақытта керегіне қарай пайдаланамыз, ісімізге жаратамыз», - деп жазған еді. Бұл – ақиқаттың айнасы. Өйткені, біздің рухани асыл мұрамызды қасиетті деп қадірлейтіндеріміз аз емес.

Данышпан жерлесіміздің қабілет – қайнары, шығармашылық мүмкіндігі соншама мол, қажуды, шаршап, шалдығу дегенді білмейтін қайратты болатын. Оның өзі ол кісінің тектілігінен, рухының асқақтығынан туындап жатса, ақындық таланты, жазушылық қабілеті, зерітпеушілік қарымымен Сұлтанмахмұт атамыз шығармашылық мүмкіндігі мол тұлға ретінде жиырма жасына зиялы қауымды өз туындыларымен елең еткізді.

Атам қазақ өткеннің қадірін көрінің райына ертеңнің мән-жайын жастық шырайына, заманның ыңғайын көптің сынағына қарап танытты. Мен біріншіден сіздерге жастар, өз сөздерімді арнап отырмын ойшыл ақын надандықтың көптеген әлеуметтік кері тартпалылығын жан-жақты талдап отырып, оның келесі құбылыстарына көпшілік назарын аударды. Надандық білім-ғылымның аздығы, дүниеден еш нәрсені оларсыз біліп болмайды. Білімсіздік - хайуандық болады. Еріншек - құллі дүниедегі өнердің дұшпаны, талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады.

Бүгінгі ұрпақтың да, келер ұрпақтың да, бұл ақиқатты есте ұстағаны абзал. Адамдардың әлеуметтік қатынастарындағы нағандықты сынап қана қоймайды, ол өркениетке ұмтылудың, әлем ұлт ұлыстарымен тең болудың жолында нұсқайды. Ол - халықты білімге, ғылымға тарту. Осы екеуі Сұлтанмахмұт атамның ойынша халықты прогреске, басқа елдермен теңестіруге апаратын жол.

Баршамызға мәлім, Торайғыров аурудың құрбаны емес, өз кезеңінің әділетсіздіктің құрбаны айналды. Бірақ та, тағдырдың төлкегі текті тұлғаны сағынан сындыра алмады, әділетсіздік қыран қанатын қырка алмады, әділеттің ақ жолын тайдыра алмады. Ол ешқашан да қол құсырып қарап отырған жоқ. Тынымсыз еңбек ұрпақ алдындағы азаматтық парызын көз жұмғанша атқарып кетті. Қайраткерлік қаблеті де, қаламгерлік таланты да мықты, диапазоны ауқымды, көркем ойлау жүйесі биік, парасатты, шығармашыл тұлға ретінде өзін танытып, мойындатты. Сұлтанмахмұт атамның өзі арамдыдан аз ғана ғұмыр жасап кетсе де, аманатын сендерге, жастарға, тастап кетті. Қай заманда, қай елде болмасын сол халықтың асқар таудай асыл перзенттері ең алдымен өз ұлтының туған халқының енесін көтеріп, рухын асқақтау жағын ойлап өткен, сол жолда күрескен, тіпті құрбан болған. Оның бірі - Сұлтанмахмұт. Оның халқымен бірге жасасып келе жатқанына бүгінгі күн күе. Туған еліміздің, жерімізді, тілімізді, өліп-өшіп сүйіп өтуде Сұлтанмахмұт жолынан, айнымайықшы, ағайын.

#### Уважаемые гости!

#### Уважаемые участники конференции!

От всей души приветствую вас на открытии международной научно-теоретической конференции «У Торайгыровские чтения».

Павлодарский государственный университет недаром носит имя нашего великого земляка – поэта, общественного деятеля Сұлтанмахмұта Торайгырова.

Он - наша гордость, наш духовный покровитель.

Ослепительным метеором промелькнув на сумрачном небе начала двадцатого столетия, Сұлтанмахмұт Торайгыров оставил поистине неизгладимый след в казахстанской культуре. Его вклад в казахскую поэзию огромен: стихотворения Торайгырова по праву вошли в сокровищницу казахской литературы.

Сұлтанмахмұт Торайгыров был просветителем в истинном смысле этого слова. В своих бессмертных стихотворениях поэт призывал молодежь к овладению высотами культуры и образования. И, что немаловажно, он всегда подкреплял этот призыв своим собственным примером: горячей жаждой знаний, настойчивостью, трудолюбием, способностью несмотря ни на какие преграды - болезни, лишения, другие невзгоды - доводить до конца начатое дело. Поэт говорил: «Вступив на стезю поиска истины, не отступлю, перенесу все испытания, превозмогу усталость, пройду через заблуждения. Но останусь верен задуманному».

Для всех нас такое жизненное кредо Торайгырова должно стать образцом, к которому необходимо стремиться.

Поэт всегда ставил на первое место нравственность, образование, культуру, науку, технику. Это те столпы, на которых основывается сейчас стратегия деятельности нашего государства. И наш университет, который является одним из важнейших центров научной и культурной жизни Павлодарского региона, самим фактом проведения подобных научных конференций показывает, что дело Торайгырова живет: все мы - организаторы, участники - вносим посильный вклад во многие аспекты, обозначенные в просветительской деятельности Торайгырова.

Наш поэт верил в то, что народ Казахстана в скором времени достигнет европейского уровня в образовании, науке, технике.

И сегодня мы видим, что независимый Казахстан развивается бурными темпами, наше государство признано во всем мире, оно семимильными шагами уверенно идет к своему процветанию и благосостоянию. Многие сделано, но многое еще сделать предстоит. Наш святой долг - сохранить и преумножить все эти начинания.

Сұлтанмахмұт Торайгыров в одном из своих стихотворений написал:

И не дано мне видеть плоды,  
Завязь которых - наши труды...  
Зато откроется даль тому  
Кто пойдет по пути моему.

Я твердо убежден в том, что вы станете достойными продолжателями великих дел нашего великого земляка, вы пойдете по его пути – пути добра, просвещения, демократии.

Это тяжелый, но благородный путь, на котором я от всего сердца желаю вам удачи и настойчивости!

#### Пленарлық мәжіліс Пленарное заседание

#### СУЛТАНМАХМУТ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ПӘЛСАПАЛЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ

Е. ЖҰМАТАЕВА

п.ғ.д., профессор, директор, Ж. Аймауытов атындағы этнопедагогика және білімдеудің инновациялық технологиялары ҒПО, С. Торайгыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

С. Торайгыров шығармашылығын басқа ақын-жыраулармен саралап қарасақ, ұстанымы мен пәлсапалық толғамдары дербес екеніне ешбір жан күмән келтірмес. Ақынның шығармашылығын оқымай-ақ, сырттай көз жүгірткеннің өзінде заманға қатысты мәселелердің беті ашылып отырады. Нақтылап айтсақ, «Кім жазықты?», «Адасқандар», «Айтыс», «Таныстыру» секілді шығармаларының атауларының өзінен ақынның нені мәнзеппен тұрғанын аңғару оңай. Көбінесе, филолог-зерттеушілердің назарынан тыс қалатын өңгімелерінің өзінде еліне деген жан-жүрегінің сүйіспеншілігін ашы ой-түйіндерімен білдіретіні байқалады. Мәселен, «Зарландым» өңгімесінің жанрлық ерекшелігіне кіріспе сөзін айтып өтіп, тура бидей шындықтың бетін ашып береді. Бұл ойымызды С. Торайгыровтың өзінің ой өрнегімен келтіріп көрейік:

«Роман деге болады мұның өзі,  
Фельетон төртбің ше әрбір сөзі.  
Құрылған нағандарға мысал-айна  
Не шара соқыр болса көңіл көзі» [1].

Ұсынылған жолдардан ұғарымыз «Көңіл көзі» деген тіркестің метонимия болып тұрғаны айқын, бірақ біздер бұл тіркесті жеке бөліп алсақ, ой тұтастығына, ақынның тақырыпқа сай ұстанымына нұсқан келері даусыз. Сол себепті тұтас алып талдасақ, ақынның шерлі жүрегінің шырылы көпшілік қауымның көңілі білім мен ғылым деңгейімен бағаланып, олардың көңіл көзінің соқыр екені адам сипатында өріліп тұр. Сөйтіп бұл тұтастайын кейіптеуге жатады. Біздер филология тұрғысындағы бұндай теориялық талдауымызды сөздің, сөз тіркесінің, жалпы өлең сарынының не туралы айтылып тұрғанын студенттерге аңғарту үшін әзірлейміз. Ақын оқырманның осындай сөз басыммен ұмындырып, қызықтырып, өзінің көкейіндегі халықтың қандай күйге душар болғанына уәж айтуы қайталанбас сөз өнерінің қуатын аңғартады. Ақын өзінің авторлық позициясында қазақ балаларының үш түрлі жолда болатынын жіктеп береді:

Біріншісі: жасынан бір ауыз ғылым оқымаған, әліпті таяқ деп те білмейтін, айуан секілді ішіп-жеп, мал бағып, өсек аңдып, айтуға ауыз шошитын неше түрлі бұзық мінездерменен қараңғылықта күнін өткізіп барады.

Екіншісі: бұрынғы аян молда, надан қожа ишандардың жолымен кетіп, атсаң оқ, айтса сөз өтпейтін миларын шатастырған қияли болады.

Үшіншісі: - біздер. Біздер-дағы сахардағы өмір өткізген қазақтың көк өрім қыршын жастарымыз. Ең әуелі бұрынғы атақты молда, аруақты қожалардан оқып, кішкене білімімізге әліп үсүн өн (өріп үйретудің бір тәсілі) «кесік бас», «тақи ғажап» (татар тіліндегі кітаптардың аттары) секілді пайдасыз кітаптардың санын түзетсе алмай, мнұмыз шіріп, алтыннан аулы асыл өміріміздің ең қымбатты уақытын босқа кетіріп, өбден шатасқан едік. Сол уақытта ілгері басқан аяғымыз кейін кетіп, оқығымыз келмей, есалаң кісідей не ғып, не қойғанымызды да аңғармап едік.

Аталған үш түрлі балалардың өсіп келе жатқанын С. Торайгыр сол XX ғасырдың бас кезінде айттып өтсе, ол мәселенің әлі де болсын айықпай отырғанымызды жасыру біздер үшін үлкен күнә дер едік. Осы үш түрлі мазмұнға тікелей тура мағына беру артық. Себебі бұл ұстанымды автор үлкен пәлсапалық ой-тұжырыммен саралап тұр. Алдыңғы екі жолға түспеу үшін бірталай ғұламалар С.Торайгырдан да бұрын айттып кеткені белгілі. Мәселен, Абай Құнанбайұлының «Ғылым таппай мақтанба» өлеңіндегі «Талапқа, Еңбекке, Терең ойға, Қанағатқа, Рахымға» қас жау есек, өтірік, еріншек, мақтаншақ, бекер мал шашпақ» екеніне барлық оқушы жастардың білім мазмұнында өріс алып жүргені ақиқат. Бірақ өкінішке орай, бала жүрек пен қабылдаған білім есейгеннен кейін өмір көлесіне инструменттік дәрежеде қолжазып тигізбейді.

Міне, осындай өнімсіз «білім» алуға қарсылық білдірген ақынның даналық ой-тұжырымы арқылы біздер оның көрегендігін аңғарамыз.

Бүгінгі таңда «Мәдени мұра» көзіне айналған баяғы құндылықтардың озықтығы жайлы да автор ерекше ой білдіреді:

«Баяғы қазекеннің түзулікті, хәм түзулік айтқан кісіні жек көріп, ынтымақ-бірлікке келмей қалшып қалатындығы бұрыннан-ақ әркімге мәлім ғой, бұлар тән-жандарын сарып қылып, халықты ұйқыдан оятып, түзулікке шақырып, тәртіпке салуға қандай қызықтырып, жақсылыққа сүйреп уағыздаса да, туғаннан бері ата мирасындай болып сүйегіне сініп, көңіліне орналасып қалған надандық шіркін жуық маңда жақсылық сөзді естірте қоя ма? Не қылса да, мыннан біреу болмаса түсіне алмаған, жазаласа дұшпан тұтып, сөз жүргізіп, өсектей бастаған. Сол себепті тәртіпті программ түзелмеген болса да, барлық иждаһатын сарып қылып, қандай ауыр машақтарға шыдап, мүмкін қатал тәртіптен, шамасы келгенше пайдасын тигізуден жалықпай, аз да болса ғылым-өнер тарата бастады».

Автор бұндай білім мен ғылым жиюға кеселдік келтірет саңылау сезімнің жауы соқыр сезім (Ж. Аймауытов тілімен) екенін ашық айтып тұр. Сол кезден бері бүгінгі үшінші мыңжылдық кезінде де жаппай сөз ұғарлық дәрежеге жетуімізге күмәннің болуына әлі күнге дейін «қазақ тілі» жайлы жарнаманың жүргізілуі дер едік. Автор бұндай тұжырымды өрнек сөзінің қорытынды түйінін өзі береді:

Төртіншісі: ...бізге жолыққан апаттың түсі суық, рақымы жоқ, ынғайлы тым жамандау, ақыры қорқыныштырақ көріне береді.

Құрметті білім, өнер иесі, жаны бір, қаны бір, қаны бір туыскандарым! ...кемшілік, қоршылықта болып, қараңғылықтан (метонимия) шыға алмайтындығымыздың себептерін көрсетіп, сандалып тұрғанда, тым болмаса, қапымызды шығарып зорланып қалайық та!

Жоғарыда келтірілген талдаулардан шығарар қорытындымыз «қараңғылық» деген сөздің қарымы айрықша. Бұл арада автор білімге, сауаттылыққа қатысты «қараңғылықты» айтып тұрған жоқ, замана пәлсапасын ұғар түйсіктің жетесіздігін меңзеп тұр.

С. Торайғырдың бұл әңгімесіндегі «біздер» есімдігінің рөлі мүлдем басқаша. Замана ағымына 1) ден қоятын надандықтан күн сайын қашатын, 2) әрбір сөзді ұғарлық зейіні бар, 3) надандықтан болған ұлы апаттардан сақтайтын ғылым, 4) өнер үйренетін, 5) адамды күнде халқымызға хәм мемлекетімізге пайдалы адам болатын, 6) болашаққа зор үмітпен қарайтын таудай талабы бар біздер бармыз дейді. Қарап отырсақ, бүгінгі жоғары оқу орнындағы оқытушы-профессорлардың оқыту іс-әрекетін интерактивпен өткізудің амал-тәсілдерін ақын өзінің осы әңгімесінің құрымына негіздеген сияқты сезінесін. Диалог, полилогты бір өзінің атынан келтіріп отырған өнер иесінің шеберлігіне таң қаласын.

Әңгіменің бірінші бөлімінде идеясы аталған талдауда толық қамтылды. Ал екінші бөлімінде автор өзінің атынан, өз өмірін баяндап отырғандай көрінгенмен, жалпылық, көптік мағына аңғарылып тұр. Оны мына бір алгоритмдерден байқаймыз:

1. Біздерді оқытуға ата, ағаларымыздың ықылас-ниеттері түзелген жоқ. Олардың бізді оқытуға ықыласы жоқтығын мынадан білеміз: біздерді ең әуелі оқуға бергенде молдаға өздері апарып тастамайды. Бірақ бізге айтатыны мынау:

...шырағым, күн жылыда, жұмыс болған уақытта, анда-санда ғана барып сабақ алып жүр.

Өзір малға қарап жатқан жоқсын жұмыс реті келгенде, бармай да жүресін.

2. Әкең қайда десе, үйде жоқ, сондай жұмысқа кетті де.

3. Оқитын болсаң шығындаңып кітап алмай-ақ, осындағы барын оқып бітірсен де жетер... бас-аяғы жоқ, арасынан көгерген иісі кеудемізді ататын, қырық бөлек жазба кітап арқалатып кітап береді.

Үшінші бөлімде полилог тағы жалғасын табады:

1. ...киімін жырқатқаннан да мектеп көргені жақсы ғой деп, сізге әкеліп отырмын.

2. Молда: өзінің білген шамасынша, әуелі зәрулігі болған «иман да әдеп, дін үкімдерін» үйрететін хәм зейінін ашып, ақыл беретін, ұғынуына қолайлы, заманына лайықты бұл уақытта пайдалы кітаптар көп. Соларды оқыту керек.

1. Баланың әкесі: Ой тәңір-ау! Жас балалардың осындай бар. Біздің бала кітап талғамайды. Сәндемей-ақ оқыта бер. Пайдасыз болса, бұрынғы қожекемдер білмей оқытып па? Болмаса, кітабыңызды қірлемес, жыртып, оқып беруге беріңіз.

Түйсінбегені:

- Ойбай, мына заманақырдың молдасы қалай еді?

Осындай «біздер» деген атаудың ішінде неше түрлі ата-ана кейпі диалог пен полилогқа қатысып, оқуға деген баланың еңсесі үй іші, отбасынан басылып, алға ұмтылысқа жолдың жабылуын байқатады. Бүгінгі ата-аналардың арасында да балаға деген сынаржақтық қараушылықтың түп тамыры осыдан екені бірден танылып-ақ тұр. Қорытындысын ақынның өзі құрастырып береді: «Бұл адам суретті жарықтықтарға жасаған өзі ынсап беріп, түзулікке салсын деген басқа айтар сөзіміз аз секілді» [1,123]. Бұл әңгіме 1912 жылы жазылған. Қарап отырсақ, оқыту процесін шебер ұстаздардай әңгіме жаңры арқылы талдап, өзінің ілгерішіл ой-тұжырымдарын сөз құдіретімен кестелеп келтіріп тұрғаны байқалды. Нәтижесінде, С.Торайғыр «Қазақ ішінде оқыту жолы қалай?» деген түйіндемесіндегі іс-әрекет бүгінгі интерактивті оқытуға сәйкес келеді. Мұнда әр оқушыны бір-бір деңгейлікпен қабылдауға негіздеме жасалады. Бұл ой-пікірімізді дәлелдеу үшін төмендегі түзілімді келтіріп өтелік:

1. Ұстаз жаңа жолдың жарып салма, жарық ойлы, ғылым, педагогиканы оқудай ағызатын, азуы алты қарыс атақтылары болсын.

2. Бірінің баласы жүйрік, бірінікі жорға, бірінікі шабан. Бірінің бастарын қосып ұстаймын десек, істің түбі жаманға айналатын болған сон амалын бар ма? Себебі: бір тәртіпке бірінші бөлімнің балаларын ата-анасының разы болмағандығынан, я бір уақытта жиналмағандығынан екі-үш бөлім қылып оқытуға тура келеді. Олай болғанда әрбір бөлім басына күніне екі мезгіл оқытқанда ең азы үш түрлі сабақ үйретуге керек. Бөлім басы үш сабақтан күніне жеті бөлімге 21 сабақ болады. 21 сабақты жақсылап үйретуге 21 сағат керек. Міне, сонда мейлің бұл бол, мейлің дүлдүл бол, 21 сағаттың жартысы 10 сағат оқытатын шамаң бар ма? Жок. Оған сен де, балалар да, мырзаң да шыдамайды. Алдына келген баланы қуып жеңілейтуге шамаң тағы жоқ, онда мүлдем қаражұз атанып елден қуыласың, әрі жөндеп оқытуға шамаң келмесе, өрі шамаңның жоқтығын айтсаң, бұл күнің өзіңе көп болатын болса, «күл болмасаң, бұл бол» деп тез-тез суылдатып бірін-біріне тіркеп, ескі қу мүйіздердің ар жағында су мүйіз болмағанда қайтесің? Және сенде ұят деген нәрсе тағы бар, ол сенің бұл ісіңе разы болып тыныштық бере қоя ма?! Өз ісіңнен өз ісің жиіреніп балалардың алдында кісі өлтіріп қылмысты кісі болған секілді амалсыз байлауда тұрғандай болып отырмайсың ба? Әрине солай. Менің түсінгіміше қазақ ішіне оқудың таралмауы, таралса да ілгері баспауының бірінші себебі: молдалардың үйрете білмегендігінен емес, үйрете білмегендігінен емес, осындай бәлелерге ұшырауларынан деп білемін.

Қорыта келгенде, деңгейлікке саралап оқыту мәселесінің қиындығын ашып, оның көп баланы бір сыныпқа қамап оқыту тұрғысында мәнінің жоқтығын айтып өтеді. Бұл мәселе бүгінгі күні де шешімін толық тапты дей алмаймыз. Одан құтылудың бір амалы – тек интерактивті тақта арқылы интерактивті технология екені өз-өзінен түсінікті.

Интерактивті технологияның бүгінгі таңда ролі зор. Ретроқағидамен зердеден өткізсек, С.Торайғырдай болашақ ұрпақ қамын ойлаған ақын өзінің шығармаларымен бүгінгіге кеңес бергенін байқап отырмыз. «Бірінің баласы жүйрік, бірінікі жорға, бірінікі шабан» - деген деңгейліктер жіктемесі бүгінгі модернизация тілінде «қайталаным, эвристикалық, шығармашылық» сияқты деңгейліктерге жіктелетінін ескереміз.

«Кім жазықты», «Адасқан өмір» сияқты шығармаларының идеялары пәлсапалық мәнде жазылғаны бүгінде біздерге жаналық емес. Қазіргі адамдарымыз өз-өзін тануға ерекше маңыз беруде. Бұл идея аталған екі шығармада айқын суреттеледі.

Мәселен, «Адасқан өмір» шығармасында жас нәресте жазу түспеген ақ қағаздай таза екенін айта отырып, оның мынандай пәк сезімін алгоритмге түсіреді:

- ұрмақ періштегі, көңілі таза, қастықты білмейді, көңілі хош, алдау, күндеу, айла не білмейді, жүрегімде түкпір жоқ сүюден бос т.б.

Екінші бөлімде жігіттің сипаты:

(15, 30 арасындағы жігіт)

1. Толған мақсат, толған таңдау;

2. Көзі нұрлы, ақ меруерт – бүтін тісі;

3. Шашы қара сүмбілдей, бойы тұзу;

4. Сәуле шашып тұрады жастық пішін.

Түйіні:

«Мен емес, тәнім тірі, жаным өлік,

Ірі мақсат болмаса, ұсақ іске,

Неге мен алданайын уақыт бөліп».

Көсіп іздеудегі адамның аласу үдерісін ақын алдымен 1) Әкім болудан бастайды да оның жалғасы мынандай түзілім құрайды: 2) діни өкіл; 3) әскер басы. Бұл қызметтерден лирикалық

кейіпкердің бас тарту себептері:

«Әкімнің, құдайшылмын, әскермін деп,  
Енбексіз енбекшіні жайлау болмас...  
Бір тілім нан алуға байды мақтап,  
Жалынып тұс-тұсынан аңдау болмас».  
Үшінші бөлімде «Мен тоқтадым» (30-дан 60-қа дейін).  
Лирикалық кейіпкердің ішкі толғанғы-рәніші:  
«Ақ ниет, адал ойлар түкке тұрмай,  
Барады ешкім оған мойнын бұрмай,  
Әділдік орнамасқа көзім жетті,  
Дүниеден ет жейтұғын ауыз құрмай».  
Ізінше ол бұл ізгі ойдан тайып, мынандай ішкі өзгерістерге бер бұрады:  
«Соғұрлым сағындырып әділдікті,  
Соғұрлым көбейтпей ме өш пен қасын?  
Әділ болып байқалдым, не өндірдім?  
Бұл басым залым болып бір байқасын!»

Көріп отырғанымыздай, С.Торайғыров XX ғасырдың басында өмір сүргендіктен қазақ халқының бұрынғы мәртебесінде өзгерістер болып, рухани-ұлттық құндылықтар келмеске кетіп, адамдардың қиялы бас кешу сәтін өзінің шығармаларында сол құбылыстың бір көрінісі адамның өмір сүріп жатқан қоғамында әділет жоқ болса, ол өрісте өзіне ыңғайлы орын таба алмауын осы адау үдерісі арқылы білдіріп тұр.

Сәбиліктен, жігіттік, жігіттіктен тоқталу кезеңі, тоқталу кезеңнен көрілік, көріліктен өлік секілді сатылау тұрғысындағы адамның ой-өрісінің іштей өрлеуі болғанымен, сыртқы ортада оған қолдау жоқтығын аталған дәйектілікпен өрілген поэтикалық жолдардан аңғарамыз.

IV бөлімдегі «Мен кәрі» кезеңінде автор лирикалық кейіпкердің тән қуатының тозу, құлдырау қалпын суггестивпен бернелеуі байқалады. Оны мына бір үзінді арқылы дәйектейміз:

«Бұл күнде ұйқы - тамақ, қайғы - жолдас,  
Мұндай өмір ешкімге қызық болмас.  
Мен үмітсіз хәм менен жұрт та үмітсіз,  
Сөйлеспейді дегендей: «мынау онбас»..  
«Соны істеп кеттім ғой» деп медеу қылар,  
Адамдыққа еш нәрсе бергенім жоқ.  
Бұл кезімде құрметтеп мені елерлік...  
Жұрт үшін еткен қызмет, еңбегім жоқ.  
«Өлмей жасап тұрса екен» дейтұғын жұрт!  
Дәрежеге еңбек қып келгенім жоқ».

Аталып өткен ішкі құсалықты Абай Құнанбайұлының мына бір философиялық ұстанымымен түсіндіруге болады:

«Егер тән жанға үй болса, ол – хайуан,  
Жан тәнге үй болса ол – кемәлат,  
Ал жан және тән екеуі қатарынан адамның көзі жұмылғанша, үзіліссіз өркендеу, өрлеуде болса, ол - кемел».

Абай Құнанбайұлының көрсетілген формуласына С.Торайғыровтың:

«Тым болмаса, қалмады-ау ешбір ісім,  
Мені айтып, жұрт сағынып, шөлдегендей».  
V бөлімінде «Мен өлік» сипатын автор философиялық пайыммен ой өрнегін түзеді:  
Не болар топырағы жүрегімнің –  
Тірліктегі ұясы тілегімнің?  
Не болар бәрін көрген көз топырағым,  
Топырағы мнымның, білегімнің.  
Тозған жердің атомы күлдей ұшып,  
Жүргенде әлдеқайда барып түсіп,  
Жаралатын жаңа жер, жаңа күнде,  
Жан бігер ме мақұлық боп, тамақ ішіп...

Ойымызды жинақтасақ, С.Торайғыров шығармаларында адамның нәпсісі басымдықта келсе, ол өз мақсатына жете алмайды дегенді аңғартады. Ол нәпсіге күш беріп тұрған көлеңкелі мінез – қорқақтық, шешім қабылдауда сенімсіздік, жігер-табандылықтың жоқтығы дастанның

барлық құрылымынан байқалады.

Бұндай көлеңкелі мінездің болу себептерін автор қоғамдағы әділдіктің болмауы деген қорытындымен түйіндейді.

«Аласқан өмір» әр адамда кездеспей үшін осындай дастанды көкейкесті мәселе ретінде жазған С.Торайғыров – қазақ елінің мәңгілік болуына үлес қосқан ғұлама ақын.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. С.Торайғыров. 2 томдық шығармалар жинағы. 2 Т.- Алматы: Ғылым, 1993, 200 б.
2. Аймауытов Ж., Әуезов М. Абайдан соңғы ақындар: (М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов, С.Торайғыровтар туралы/дайын. Р.Сарғожин// Қазақ әдебиеті.-1990.-10 тамыз)
3. Дүйсенбаев Ы. Сұлтанмахмұт Торайғыров. – А.: Қазақстан, 1967.-113 б.
4. Жұмалиев Қ., Қирабаев С. Қазақ әдебиеті: 10-шы кларн. оқулық.-А., 1982.-206 б.
5. Көңжабаев Б. Асау Жүрек: Деректі Әңгімелер, мақалалар, зерттеулер.-А.: Рауан, 1995.-16 б.

#### СҰЛТАНМАХМҰТ ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ ТҮРІКШІЛДІК

С.Н. СУТЖАНОВ  
ф.ғ.л., профессор, ПМПИ, Павлодар қ.

Қазақ зиялылары отаршылдыққа қарсы тұрып, сол тұстағы саяси әл-ахуалды ұлттық мүддеге сай міндеттермен ұштастыруды ұсынды. Әлбетте, саяси аренадан енді көрініп келе жатқан жас қазақ интеллигенциясы саяси-экономикалық, шаруашылық мәселелерді шешуде біржақты принцип ұстанған жоқ. Өйткені жаңа қалыптаса бастаған қазақ зиялылары ұлт мүддесін қорғау мақсатында елдің прогреске жету жолдарын іздестірумен ғана шектелді. Осыған орай ұлт өкілдері көтерген идеялар жаппай халықтық тұрғыда қолдау көрген жоқ. Себебі ол ұстанымдар қоғамдық санаға ықпал ететіндей деңгейде көрінбеді.

Қазақ зиялыларының түрікшілдік идеясына бой ұруына ғылыми талдау жасай келіп, әдебиетші-ғалым С.Әсіп оның үш негізгі бастау көзін атап көрсетеді: «Біріншіден, XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары өздерінің бейімділігі мен ізденістері нәтижесінде байырғы түрік мәдениетіне, оның Байқал көлінен бастап, Қара теңізге дейінгі аралықтағы ұлы далаға үлкен, күшті тайпалық бірлестік құрып, дүниежүзілік тарихта із қалдырған ұлы Түрік қағанатының батырлық, ерлік істеріне қанық болды да, солардың тікелей ұрпақтары ретінде өз халқын сол бай тарихи, аталар дәстүрімен патриотизмге жігерлендіру арқылы отарлық саясат пен ұлттық езгіге қарсы тұру санасын оятықсы келді. Екіншіден, түрікшілдік идея, қазақ зиялыларының пікірінше, Ресейдің қол астында отарлық саясаттан тепкі көрген барлық түрік тілдес халықтарды бір ту астына біріктіре бірден-бір ортақ күш ретінде танылды. Себебі, түрік тілдес халықтар батыс пен шығысты қанды шенгелінде ұстап тұрған екі басты самұрық құстың тырнағынан жеке-жеке ұлт болып босанып шығулары мүмкін еместігін анық түсіне білді. Үшіншіден, түрікшілдік, түркі бірлігі идеясы, қазақ зиялыларының бай тілі мен мәдениетін, тамырын тереңнен тартқан дінін дүниежүзілік деңгейге көтеретін, сол арқылы евроцентристік көзқарастарға тойтарыс беріп, ғылымдағы ұлыдержавалық шовинизмді тежейтін негізгі факторлардың бірі деп саналады».

Осы үш негізгі ұстаным бастау алатын концепция қазақ зиялыларына ғана емес, басқа түркі халықтарының тулғаларына да тікелей тиесілі. Олай дейтініміз, түрік мұсылман халықтары Орыс империясының зорлық-зомбылығының ашы дәмін бірдей татты. Халықтың мұнын ойлап, мүддесін қорғаған зиялы қауым өкілдері отарлық, нәсілшілдік саясат пен шектен тыс езгіге қарсы күш біріктіру үшін түрікшілдік туын көтерді.

Түрікшілдікті түрлендіріп, оны Алашқа ұластырған сөз зергерлері Мағжан, Сұлтанмахмұт, Жүсіпбектердің ұлттық рухпен нәрленген ұранды сөздері халықты күреске жігерлендірді. Міне, осындай ой-пікір, идея өзегінде өскен өркендер жас құрақтай жайқалып, тез жетілді. Түркі жұртының сүйінішінен күйінші көп тағдыр –талайы, қилы тарихы, т.б. –бәрі үркердей топқа үлкен жүк артты. Жаңағы пайымдау тұрғысынан алғанда, түп, тіл, дін төңірегіндегі топшылау, тұжырымдарын қайта бір ой елегінен өткізу қажет. Өйткені оның ақындық қабілеті де, шығармашылық шеберлігі де осы негізде көрінгенін айту лазым.

Әлбетте, сол тұстағы қаламгерлер шығармашылығында түгел дерлік бар, айқындалған бұл тенденция уақыт талабына орай туындады. Сондықтан өткен ғасырлар айрығында өмір

сүрген акын жазушылар творчествосында ұлтшылдық, түрікшілдік, діншілдік сипаттардың белен алуы заңды да еді.

Жалпы, түрікшілдіктің түпкі мақсаты-Ресей аймағындағы қанауға түсіп езілген халықтардың ұлттық санасына қозғау салынып, олардың ынтымақ, бірлігіне басшылық жасау болатын. Зиялы қауым өкілдері, әсіресе, акын-жазушылар бұл идеяны іле көтеріп өкертті. Өз дәуірінің төл перзенті Сұлтанмахмұт та бұл істен қалыс қалмай, жаңалық жаршысы, ұлт ұланы, түркінің түлегі ретінде үн қосты. Ол дала ақынының атынан сөйлеп, түріктігін, қазақтығын мақтанаш етеді:

Ер түрік ұрпағымын даңқы кеткен  
Бір кезде Европанды тігіреткен,-  
дей келіп:  
Мен-қазақ, қазақып деп мақтанамын  
Ұранға алаш деген атты аламын  
Сүйгенім - қазақ өмірі, өзім - қазақ,  
Мен неге қазақтықтан сақтанамын?

десе, онысы- уақыт талабына орай, әдеби-тарихи процесс үрдісінен шыға білуі.

Ал, түрікшілдікті түрлендірген, ұлттың идеяны көтерген алдымен татар зиялылары болды десек, біздің ұлт ұландарының азамат болып өсуіне ол ортаның ықпалы мол болғаны-тарихи шындық. Бұл тұрғысында және аталмыш қаламгер турасында әдебиетші – ғалым С.Әсіп былай дейді: «Түрікшілдік идеяны асқақтата, дауылдата, тасқындата жырлаған ақындардың сапында Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Жүсіпбек Аймауытов ерекше орын алады».

Бұл ретте, оның (Торайғыровтың-С.С.) түрікшілдік идеясын қоспап, түркі халықтарының рухани алмасуына біршама үлес қосқандығын айтқан жөн. Ғалым Б. Ысқақов: «Сұлтанмахмұт татар тілі, мәдениеті, әдебиетімен ерте танысты. Біріншіден, ол алдынан өткен молдалардың көпшілігі татар еді, әрі ол кездегі оқу көбінесе татар тілінде жүретін. Оның үстіне ол кезде қазақ тілінде кітап, газет-журналдар жоқтың қасы еді. Сондықтан оның оқитыны, көбінесе татардың кітаптары, журналдары, газеттері болатын»- деп ақынның көршілес туысқан халықтың рухани байлығынан нәр алғандығын, тіпті татар әдебиетінің классигі Ф.Тоқайға көп еліктегенін, тілге тиек еткен, сондай-ақ, автор «ақын көбінесе бірлік, ерлік мәселесін көбірек қозғайды, жалпы ұлттық, тіпті жалпы мұсылмандық жайды баса айтады»-деумен ғана шектеліп, әрі қарай таратып айтпайды.

Сөйтіп, Б. Ысқақов «Сұлтанмахмұт тағдыры Тоқай тағдырына өте ұқсас» деп нық сенім білдіреді. Сондай-ақ, Сұлтанмахмұт творчествосына татардың классик ақыны Ф.Тоқайдың мол әсері тигені туралы ой сараптай келіп, ғалым А.Еспембетов былайша түйіндейді: «Тіпті біз үйренді, өнеге тұтты деп отырған татар ақыны Ф.Тоқай жырлары мен Сұлтанмахмұт поэзиясындағы ұқсас үлгі, ортақ мотивтер – олар өмір сүрген әлеуметтік орта, қоғамдық өмір ұқсастығынан, оқиға, құбылыстардың ортақтығынан».

Зерделеп қарасақ, Сұлтанмахмұт Торайғыров әйел тендігі мәселесін барлық жанрда және деңгейі биік туындыларда көрсете білді. Мәселен, «Қамар сұлу» романы туралы осыны айтар едік. Оған қоса, «Айқап» журналында жарияланған «Ауырмай есімнен жаңылғаным» өңгімесінде жазбагер әйелдің еріксіз некесін суреттейді. «Өскемен елінен» деген мақаласында жазбагер қыз ұзату, жесір дауы туралы ескі әдет-ғұрыптан арылу қажеттігін жазады. Сондай-ақ «Әйелдің зары», «Шал алған қызға» өлеңдерінде де әйел мәселесіне қатысты өзекті проблемаларды көтеріп, дұрыс шешім табуын көздейді.

Жазбагер шариғат қағидаларын бұрмалаушылыққа, әйелдің көз жасы мен зарын аяққа басқан зорлықты сынға алуды дйттегенге ұқсайды.

Сайып келгенде, Сұлтанмахмұттың дін-исламға аяқ тіреп, түп, тіл бірлігіне неқ сүйеуі ұлтына шын берілген ұлы жүректің хақиқаты, таза жанның тарихаты дер едік.

Шынында, Сұлтанмахмұт мұрасының қатпары қалың, қыртысы қатты екені рас. Сондықтан шүкіш қарап, шын іздегенге «Алла атымен ант етіп», халқының бақыты үшін «шындықтың ауылына» сапар шеккен акын жаны, сыры барынша ашыла түсері анық.

Әлбетте, ислам әлемі шетсіз де шексіз. Олай болса, оның әсер-ықпалында да шек жоқ. Сол кезде ғұмыр кешкен қай қаламгердің творчествосын алып қарамаңыз, діни таным-түсінік ізі айқын аңғарылады. Тіпті дінге қарсы бағытталған делініп келген Сұлтанмахмұт шығармашылығынан да діни мотивтерді, бір Аллаға жалбарынып, сыйынуды, т.т. молынан кездестіреміз. Сондай-ақ, онымен тұстас ақын-жазушылардың төлтамаларында ислами термин, сөздердің жиі ұшырасуы осы бағыттағы ағымның әсері екенін аңғарамыз.

Осы тұста тоқталуды қажет ететін бір жәйт, ол – ақынның Құдайды ауызға алып, діни сөз, терминдерді көптеп қолдануы. Бұл жөнінде Сұлтанмахмұт творчествосын көп зерттеген, білікті ғалым Б.Кенжебаев былай дейді: «Сұлтанмахмұт өз шығармаларында татар тілінен, діни кітап, араб, фарсы сөздерін едәуір қолданған».

Әдейі саналық, ол барлығы алпыс шақты араб, парсы сөздерін қолданған». Онан кейін: «Бұл еліктеу, әуестенуінің қате екенін Сұлтанмахмұт тез аңғарды. Сонан кейінгі дәуірлерде (1915-1920жылдары) жазған шығармаларында ол араб, фарсы, татар сөздерін қолданған жоқ»,- деп ақтап алуға тырысады.

Әрине, ғалым пікірі идеология қыспағынан, замана ызғарының әсерінен туындағанын білеміз, сондықтан кінәлаудан аулақпыз. Бірақ егемендік алған тұста жалтақтамай, жалтармай еш бүкпесіз барын бар, жоғын жоқ деп ашық айтуға тиіспіз.

Демек, Сұлтанмахмұттың араб, парсы сөздерін көптеп қолдануы- профессор Б.Кенжебаев айтқандай,- татар әдебиетінің игі әсері болумен қатар, ақынның «Құран-Көрімді» жатқа біліп, шығыс әдебиетінен мол хабардар болуынан. Ол-бірінші. Екінші- оның (Сұлтанмахмұттың- С.С.) Құранды оқып, біліп қана қоймай, Хақ-тағалаға шын беріліп, табынатындығы анық. Оған дәйек болар дерек көздері жетерлік. Мәселен, «Жарлау» деген жұртына арнауында:

Мінеки, Құдай сүйген пейіліміздің  
Аз берген жақсы құдай жазасына.  
Серпілмей тағы біраз ұйықтай түссек,  
Басқаның құл болармыз қаласына

- деп, біріншіден, ұйқыдағы қазақты серпілтуді ойласа, екіншіден, Құдайды шын пейілімен сүйетіндігін жасырмайды. Ендеше, «Адамның дініндегісі тілінде» дегендей, ақынның араб-парсы сөздерін қолдануы заңды да.

Сондай-ақ, Сұлтанмахмұт «Айқап» журналында істеген кезде «Құран бұзған» деген атпен мақала да жазды. Мұнда жазбагер Қазан қаласында миссионер Харитовтың басшылығымен шығарған Құран кітабының басылымын сынады. Бұл тақылеттес сын мақалалар сол тұстағы татар баспасөзінде де жарық көргені мәлім.

Ал, аталмыш қаламгердің дін адамдары- кожа, имам, молдаларды сынап, мінеуін осы күнге дейін дін-исламға қарсы бағытталған түсінік ретінде қабылдап келдік. Шынтуайтқа келгенде, ол Алаш ұранды ақынның дінді бұзушы дүмше молдаларға деген қарсылығы, Хақ жолынан айнымауды ізерлеп айтуы десек болады. Нақты дәлел ретінде Сұлтанмахмұттың «Жарлау» өлеңінен мысал келтірейік:

Теңіз тап, кемге барма, қор болма деп,  
Шариғат, заң көрсетті саған жолды.  
Милләттің түзелуі сіздерменен

Бұзып шық, солмай жылап, қалың торды,- десе, ол ақынның шариғат қағидаларына сүйеніп, ескілікті әдет-ғұрыпты сынауы және қазақ қыздарын бостандық, теңдік жолына итермелеуі еді.

Сонымен түркі елдерінің текті түлектері өзіндік менталитеттің сақталып, тіл мен діннің жойылмауы үшін, бас бостандық үшін өзара рухани қарым-қатынас жасап, бірлесе еңбек еткені тарихи шындық.

Түрікшілдікті түрлендірген арда ұлдардың қажырлы қайраты мен ерен істерінің арқасында бүгінде түркі халықтары жеке-жеке мемлекет болып, егемендік алып отыр десек, шындықтан алыстамаймыз.

## СҰЛТАНМАХМҰТТЫҢ ТІЛІ

А.Қ. ТҰРЫШЕВ

ф.ғ.д., ЖОО-ның профессоры, Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығы,  
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

«Сұлтанмахмұт Торайғыров (1893– 1920). «Түсімде», «Қымыз», «Бір балуанға қарап», «Тұрмысқа», «Ләнет бұлтты шатырлап», «Адасқан өмір» дастанынан үзінді, «Кедей» дастанынан үзінді» [Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 7 том.- Павлодар: -Б. 207-213].

«Айтыс» - поэмасы: (Қала ақыны мен дала ақынының айтысканы... ). Павлодар педагогика институтының профессоры марқұм Өтебаев Еркем Өтебайұлының – Сұлтанмахмұт Торайғыров туралы жазған зерттеу мақалаларында: «Торайғыр – Шоң», «Ұлағатты ұрпақ», «Торайғыр» деген сериялары 5 ақапан, 1991 ж № 25(11725), 6 ақапан, 1991 ж №26(11726), 4 желтоқсан, 1991 ж №170 (11870), 5 желтоқсан, 1991 ж №671(11871), 7 желтоқсан, 1991 ж №172 (11872). Сұлтанмахмұттану ғылымына қосылған сүбелі еңбек болып табылады.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың ата-тегінен бастап, шығармашылық өмірінің ақырына дейін зерттелген бұл еңбек ақынның 100 жылдық торқалы тойына тартылған кәдесі іспетті. Өтебаев Еркем аталған мақалаларында С. Торайғыровтың «Айтыс» (қала ақыны мен дала ақыны) поэмасын талдай келіп, ... саяси-идеологиялық шектүүлерге байланысты ақын шығармалары сапынан оның ең көрнекті екі публицистикалық поэмасы «Таныстыру» (500 жол) және «Айтыс; қала мен дала ақынының айтысы» (1036 жол) шығарып тасталды. Бұл поэмалар 1933 жылдан бері көпшілікке белгісіз болып қалып келеді... деп, әділ бағасын береді. Сол сияқты әдебиетшілер Бейбіт Мамраев, Құлбек Ерғөбековтер «Бұл – аяулы ақынның кемел ойлап, кең пішкен шығармасы, аяқталмауы – өкініш, алдағы уақытта «қарғыс таңбасынан» ағартып, ажыратып, әдеби процеске қатыстыра қарастыра ұлы нұсқаның бірі осы «Айтыс: қала ақыны мен дала ақыны» поэмасы десе, зерттеуші, филология ғылымдарының докторы, профессор Арып Еспенбетов «Айтыс» поэмасынан Сұлтанмахмұт Торайғыровтың суреткерлік құдіреті азаматтық бейнесі ашық көрінеді» – деп, ұлы ақын тұлғасын асақатта ажарлай түседі. С.Торайғыровтың «Айтыс: қала ақыны мен дала ақынының айтысы» поэмасы жайында бізге жеткен күн шуақты жылуы бар, пікірлер осындай. С. Торайғыров «Айтыс: қала ақыны мен дала ақынының айтысы» поэмасында, қазіргі біздің Қазақстан республикасының Конституциясына енген еркіндік, теңдік, егемендік, бірлік немесе саяси бостандықтық дін, ар-ождан мәселесін, экономикалық негіздерді – жердің біртұтас, қазба байлығына қол сұғуға болмайтындарын, ең бастысы «Қазақ тілін» мемлекеттік тіл мәртебесі дәрежесінде көтеру, ел-мәдениетін жақсарту, мемлекетті басқару жүйесі – бір адамға елдің президентіне бағыну, конституциялық сот, ұлттың қарулы күштері сияқты көптеген күрделі мәселелерді 1919 жылы-ақ ақындық зерделілікпен еңгіме қылған. Осының өзі-ақ кеменгер тұлғаның бейнесін аласартпай – шырқау шыңға шығара түскенін байқаймыз. Өз заманынан оза туған ақын, егеменді ел болып отырған қазақ елінің «жана низамының» ірге тасын бұртқан қалап, жөн- жобасын сызып кеткен десек, артық айтпаған болар едік. Замана ағысын, ақындық жүректің бұлқынысы арқылы сезінген С. Торайғыровтың «Айтыс: қала ақыны мен дала ақынының айтысы» поэмасы, әлеуметтік саяси бет-пердесін ысырып, санау К. Маркстен бері жырлап, айтып тауыса алмай келе жатқан, қала мен дала арасындағы (деревня айырмашылығы) ара салмақты, түрлі қиыншылықтар мен қайшылықтарды бүгінгі заман талабына сай шешуді жолдарын көрсетіп қана қоймай, ақындық көзқарас тұрғысында келіп, өзіндік пайымдаулар жасаған.

Ал қазіргі таңда Қазақ елінің, егемендік алып, тәуелсіз мемлекет аталып отырғанда – ақын арманы шын мәнінде іс-жүзінде асып, келелі істер мемлекеттік тұрғыда шешіліп, жатқанын көргенде, С. Торайғыровтың көрегендік ұлылығына тағыда таң қалмасқа болмайды.

С. Торайғыровтың «Адасқан өмір» поэмасының жалғасы «Кедей» поэмасы болса, «Таныстыру» поэмасында қаланың да, даланың да жалты қазақ халқының небір жайсаңдарының кесек тұлғалары қазақ өмірінің тыныс-тіршілігімен қабаттаса суреттелсе, «Айтыс: қала ақыны мен дала ақыны айтысы» поэмасында қазақ елінің я болмаса, «Таныстыру» поэмасындағы елім деп, еңіреп өткен ерлердің мақсат-мүддесі, ортақ ой-пікірлері жырланады.

Осы орайда, профессор Е. Өтебаевтың «Таныстыру» поэмасы арқылы ақын, қазақ зиялыларының портреттерінің галереиясын жасады» – деген пікірін өте сәтті шыққан деп, айтар едік.

С. Торайғыровтың «Айтыс» (қала ақыны мен дала ақындарының айтысы) поэмасы қазақ жазба әдебиетінде бұрын болмаған өз тұстарының інжу-маржаны шоқтығы биік тұрған шығарма. «Тақырыптық-көркемдік жағынан да бұл поэма (тағы да «Айтыс» екеуі) қазақ әдебиетінде жанрлық тың түр, жана пішін орнықтырған оның дәстүрін игі қуаттары поэзиямызда жалғасын тапқан (мысалы

«Дала», «Мен қазақтың») ерекше атап айту қажет» – деп филология ғылымының кандидаты, доцент Қ. Шахметов атап айтқан.

«Айтыс: қала ақыны мен дала ақынының айтысы» поэмасы расында да, мазмұны жағынан, қозғап отырған идеясы мен түр-жанр жағынан болсын кейінгі толқына үлгі өнеге болып, әдеби-тарихи процеске өзіндік ойымен, тың шығармалар қатарынан орын алмақ.

«Айтыс: қала ақыны мен дала ақынының айтысы» бір адамның аузынан айтылып, қала ақыны мен дала ақынының айтыстыра отырып, қоғамдық дәуірдің объективті шындығын жырлай отырып, қаладағы - даладағы қазақ өмірінің ауыр тұрмысын – оны жеңілдету жолдарын іздестіреді. «Таныстыру» поэмасында да қара қазақ пен оқыған қазақты бір-бірімен айтыстыра отырып, тарихи бір дәуірдің келбетін көрсеткен.

Егер ақын «Адасқан өмір» - поэмасында қазақтың психологиясын нанымды суреттесе, «Кедей» поэмасында, «Кім жазықты?»- романында қала мен даладағы қазақ халқының сол кездегі қоғам, әлеуметтік тіршіліктің бейнесін, қазақ арасындағы түрлі тап, топ өкілдерінің тұрмысын, ауыр қал-жағдайын ашына жырлайды.

С. Торайғыровтың «Таныстыру» поэмасында «Алаш» партиясы мен Алаш орда үкіметінің бірегей азаматтарына саяси баға бере келіп, болашақ «Айтыс» поэмасының бет ашарын жасаған, ой-қазығын қакқан. Бұл екі поэма да тарихтың саяси сахнасынан құлттық» деген ат алып, ұзақ уақытта шығып қалды. Сұлтанмахмұттану ғылымына сүбелі үлес қосқан профессор Е. Өтебаевтың: «Партиялық сана сақшыларын шошылтқан ақынға ұлтшыл, буржуазияшыл таңба басуға оның өз халқын жағындай жақсы көретіндігі себеп болды» - деген сөзі, шын мәніндегі ғылыми тұжырым еді.

С. Торайғыровтың шығармашылық өмірінде 1917 жылғы оқиға ақпан төңкерісі мен іле-шала болған Қазан төңкерісі қатты әсер етті. Шынында төңкеріс деген аты ғана болмаса, заты жоқ, қанды қызыл қырғын екендігін, Қазақ елінің үстінен алай-дүлей жүріп өткен қызыл-ала күйін екендігін, жасыратыны жоқ енді біліп жатырмыз. Осы, қызыл-ала күйіңге әуелі «Ұлы Қазан», одан соң «Кіші қазан» төңкерісі деп, ат беріп, айдар тақтық. Байды, құлақ баласын – дуракқа санап, малын, жерін тартып алып, өздерін «ит жеккенге» айдапты.

С. Торайғыровтың сөзімен айтқанда:

*Ұлтшылдың, намысшылдық қарасы ұшып,  
Ес-дерті болған онда шен мен шекпен.  
Жол-жоба түзулікке тоқтау қалып,  
Кім бар аяқ ас берсе, сол әкеткен.  
Партия, жсалақорлық, бақ күндестік,  
Күннен күнге күшейіп орын тепкен.  
Кобейгеі терін сатпай, телміргендер,  
Жан аз боп еңбегімен егін еккен.  
Мас болып партияға қызып алған,  
Даланың табиғатын бұзып алған*

– дегендей, ежелден қалыптасқан даланың ата дәстүрін, елді билеу саясатын бұзып, інісі-ағасының жағасына, баласы – әкесінің сақалына жармасып, алқымынан алды. Орыс империясының ұзақ уақыт қол астында болып, теперіш көріп жүрген қазақ халқының әлеуметтік топтарының бір бөлігі, орыс патшалығының сойылы соғып, күйін күйітесе, енді бір бөлігі іштей орыс отаршылдығына қарсы алаштың, ұлттың сана-сезімі ойнаған ауахатты адамдары болса, соңғы бөлігі өрине кедей тобы болды. Қысқа жіп күрмеуге келмей, қазақ халқының дүрде араз болып жүрген шағында 1917 жылғы қазан төңкерісі отқа май күйіндей, етек-жеңді жинатпай дүрілдетіп келіп, біртұтас ұлыс болып күнін көріп отырған қазақ елін «бай», «кедей» - деп екі топқа жіктеді де берді.

Әуелден таптық санаы айқындалған С. Торайғыров қазақ халқын «бай», «кедей» табына бөліп, кедейлердің өмірінен атақты «Кедей», «Адасқан өмір» – поэмасын жазса, «Кім жазықты», «Қамар сұлу» романдарында профессор Еркем Өтебаев айтпақшы: «дүрбеленге толы мазасыз кезіндегі қазақ ауылының саяси-әлеуметтік өмірін сипаттайды...» қазақ халқының орталық өкіметтерден ешқандай жақсылық көрмеуі жүрегін шайды» – дейді. Расында да, ақтын да, қызылдың да, момын қазақ жұртының үстіне қылышын үйіріп, айран салуы, ақынның сүттейі ұйыған көңіліне қаяу салып, сезімтал жүрегін жаралады.

Көңіл-күйіңе қатты әсер етті, мінекей, айтулы осы кезең, ақынның «Айтыс: қала ақыны мен дала ақынының айтысы» поэмасының дүниеге келуіне себеп болды. Ақты ақ, қараны қара деп, қара қылды қак

жарып үйренген ақынның қаламынан «Айтыс» поэмасының тууы, поэмадағы хандар мен бектерді, бай мен билерді, ақ бөйбішелердің сөн-салтанатын айтып, ел басқарудағы ұйытқылығын жырға қосуы кездейсоқтық емес. Қазақ халқының осын-ау ауқатты топтары біртұтас қазақ ұлысын құрады. «Биеден ала да, құла да туады» – демекші, атқа мінерлердің де бәрі бірдей болған жоқ, кемшіліктері де бір бастарына жетерлік. С. Торайғыровтың – «Айтыс: қала ақыны мен дала ақынының айтысы» поэмасында – хандардың, бектердің, байлар мен билердің сөн-салтанатын, тұрмыс-тіршілігін каншалықты дәл суреттесе, соншалықты кейде билердің ауыр-тұрмысынан да хабарлар етеді.

С. Торайғыровтың мақсаты – текті адамдардың hareketін марапаттау емес, болған-өткен өмірдің бояуын солғындатпай, дәл-шынайы түрде оқырманға жеткізу еді. Егер де – ақын басқа шығармаларында кейде билердің ауыр-тұрмысын каншалықты дәл көрсетсе, соның сыртында тұрған дәулеттілердің пішін – тұлғасын неге шынайы жырламаса да деген ой туады.

Ақынның, өмірдегі психологиялық параллелизмді шебер пайдаланып, шындық болмысқа реалистік көзқараспен қарауы – басқа өзі тұрғылас ақындарда онша болмаған қасиет деп ұғамыз. С. Торайғыровтың байлар туралы «Кебеже қарын, кең құрсақ кеменгерім», «Қайыры мол қайырымды байды да айтам» – деуі жоғарғы ойдың өсерінен туған пікірлер дегіміз келеді. Сонымен, діттеген жерімізге өнді келдік. Мақаламыздың басында айтқандай С. Торайғыров «Айтыс: қала мен дала ақынының айтысы» - поэмасында өмірлік мәселені сөз етті дедік қой, өнді қысқаша соған тоқталыс жасайық.

С. Торайғыров, даланың заңды соты туралы, «Айтыс» – поэмасында айтып өткен. «Тура биде – туған жоқ» – дегендей, әділін айтқан билерді – «ақылды», «кеменгер», «тапқыш», «шешен» - деп, патшаның оқалы соғына қарама-қарсы қойып оларды «шүлдірлеген», «дүңгірлеген», «тіл білмеген», «мекен», «мекапар» (тілмаш орыс) «шаштылар», «көпірлер», «өзірейілер», «қарғы сап, түймелері жарқырағандар», «надандар» – деп, тенеңді де былай деп жеріне жеткізе сынайды:

*Қаланың соты құрсын шүлдірлеген,  
Түсіне алмай құлағым дүңгірлеген.  
Ақ, қарамды тексеріп білме тұрсын,  
Қазақша жалғыз ауыз тіл білмеген...*

«Қазақ өмірін білмейтін шаштыларға» дегендей, кешегі орыс отаршылдығының шынайы бейнесін оқып отырып, бүгінгі өмірдегі «шүлдірлегендер мен «шаштылардың» сұлбасының өсіп-жеткенін көреміз.

Ел қорғаны батырларды дәріптеу-сонау ауыз әдебиетінен келе жатқан дәстүр. Сондай дәстүрлердің ізін суытпай жалғастырып, жырына қосқан С. Торайғыров. Ол «Айтыс: қала ақыны мен дала ақынының айтысы»- поэмасында қазақтың хас басшыларының бейнесін әдеттегідей ұрыс үстінде, шайқас үстінде көрсетпей, артына қалдырған жақсы істерін насихаттап, жырға қосу арқылы көрсетеді:

*Ту алып, тұлпар мінген батырларым,  
Жатқа жем қылмау үшін жақындарым!  
Әрі би, әрі батыр, аңғал емес.  
Күшіне серік қылған ақылдарын,*

немесе,

*Батырлар ант бұзбаған, сертте тұрған,  
Күндей жоқ, жолдасы үшін басы құрбан,  
Сондықтан қорқып емес, сенгендіктен  
Ел ұстап етегінен басшы қылған...*

– деп, батырлардың ақылдылығын, сертте тұратындығын, күштілігін-ондай ердің артынан елі де еретіндігін үлгі-өнеге етеді. С. Торайғыровтың қаламынан имандылық, дін мәселесі де қалыс қалмаған. «Айтыс» поэмасында:

*...Байдан алса, нашарға тарататын,  
Сағынбасқа бола ма, ел қамқорын.  
Бай демей, әкім демей, көзге айтатын.  
Істеген істерінің теріс оңын.*

немесе,

*... Өз жолын жұртқа жайып таратпаққа,  
Мешіт сап, медресе ашқан әрбір елден*

– деп, дін иелерінің, адамға имандылықтың, адамгершіліктің ұрығын егіп, тәлім-тәрбие беретіндігін айта келіп, жалғасын тауып жаңғырған «мешіт», «медресе» қызметінің тағылымын, сар даланың емшілерін тәуіптермен байланыстыра жырлайды. Жеке адамның қоғамдағы орны дегенде, еріксізден қазақ даласын мекен қылған халықтың еркелері – ақиық ақындары мен сал-серілері, жыршы-жы-

раулары еске түседі. С.Торайғыров бұларды «Айтыс: қала ақыны мен дала ақынының айтысы» поэмасында қазақ ұлтының арман-мүддесін айтушы – халықтың ойы мен ақылның басы-көзі деп қарайды:

*Даламның ақындарды айтсам сізге,  
Үлгіге сөз патшасын сонан ізде.  
Миға тамақ, жүрекке сусын беріп  
Данқы кеткен ақын көп бұл үш жүзде*

– дей келіп,

*«Қазақтың өміріне айна болған»...,  
Жауыздығын бетке айтып жұрт көзінше,*

немесе,

*Жауызды өлтірер сөзбен түйіреп.  
Ол сонда ханды да айтар бұрынғы өткен,  
Ерді де айтар халыққа қызмет еткен,  
Қайры мол, қайрымды байды да айтар,  
Айдын көлдей жұрт келіп жүзін кеткен,  
Суреттер дала көркіні, еркіндігін  
Ішінде өзі бірге өсіп жеткен  
Айтады әділдердің жетілігін,  
Залымның қор болғанын қай ретпен*

«Айтыс» поэмасындағы сомдалған ақынның бейнесін – Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өз бейнесі десек те, өзіне-өзі арнап соққан мәңгілік ескерткіш десек те қателеспейміз.

С. Торайғыров: «Ана тілі туралы»:

*Сүйемін туған тілді - анам тілін,  
Бесікте жатқанымда берген білім.  
Шыр етіп жерге түскен минутимен,  
Құлағымға сіңірген тағыс үнім.  
Сол тілмен шешем мені әлділеген,  
Еркелеткен құлыным, жаным деген.  
Сол тілмен бірінші білгізілген,  
Ана деген сүйгендік сөз әм менен*

– деп, қазақ тілінің ғасырлар бойғы құдыреттілігін жырлап, мәртебесін көтереді. Болашақ тілдің тағдырына налиды, қазақ елінің мемлекеттік тілі, тек қана туған тілі - ана тілі болуы керектігіне баса назар аударады.

Камар и ее возлюбленный Ахмет – люди нового времени, активные борцы за свое счастье и любовь, лучшие представители казахского народа. Автор с симпатией показывает нравственную силу и внутреннее величие своих положительных героев. Вместе с тем писатель изобразил недостатки народа в лице баев Нурьмы и Оспана. В романе много впечатляющих страниц, описывающих драматические события. Особенно удалось писателю описание сцен прощания возлюбленных и лечения шаманом. Картина лечения героини невежественным лекарем просто потрясает. Автор гневно критикует религиозное суеверие, мракобесие. Прикрываясь именем бога, представители религии творят страшные темные дела. Роман «Камар-сулу» именуют поэмой в прозе. Его украшают великолепная яркая речь персонажей, стихотворные тексты, красочные эпитеты, сравнения, пословицы. Все это придает произведению национальный колорит. Оно отражает прогрессивные взгляды неравнодушного благородного человека и вдохновляет читателей. Гуманизм писателя проявляется и в том, что читая роман, невольно чувствуешь эмоциональный настрой самого автора: его душевное волнение, сочувствие, искренность, глубину переживаний за своих героев. Я думаю, что роман «Камар-сулу» будет интересен и современному читателю. представления. В июле 1913 года Султанмахмұт вынужден оставить учение. Лишения и голод подорвали здоровье – он заболевает туберкулезом и едет в ауд, обучает детей. Страстное желание учиться мучит его, и он, больной, вскоре снова в Троицке, где становится одним из ведущих сотрудников известного прогрессивного журнала «Айқап». Литературная деятельность Торайғырова началась в трудные годы, наступившие после поражения первой русской революции, но он не устает пропагандировать науку и просвещение. Хорошо понимая, как необходимы простым людям знания, Султанмахмұт Торайғыров намеревался открыть школу для детей бедняков, собирал средства, разъезжая по богатым аулам. Надежды не осуществились: степные толстосумы отказались помочь юноше в осуществлении его идеи. После февральской революции 1917 года, стремясь быть поближе к народу, он приезжает в Семипалатинск. Его охватывает радостное чувство, как и всех интеллектуалов казахского общества того времени. Султанмахмұт полагает, что наступила заря свободы, и каждый народ сможет зажить самостоятельно и создать свое государство. Торайғыров вступает в контакт с алаш-ординцами, печатает статьи в их газете «Сары-Арка». Горячо подхватывая идеи лидеров «Алаша», он восхищается ими в своих

стихах. Восприятие наследия Торайғырова после его смерти сопровождалось крайним нигилизмом: он же не народный поэт, а «националист», что в те годы было равносильно смертному приговору. К чести для науки был такой ученый, который в тяжелые годы отважился написать книгу о нем «Поэтическое мастерство Султанмахмұта» (1949 г.), за которую ее автору Б.Кенжебаеву пришлось пережить немало моральных испытаний. Султанмахмұт Торайғыров умер 21 мая 1920 года в Кызылтауском районе Кокшетауской области

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Кенжебаев Б. Поэтическое мастерство Султанмахмұта, Алма-Ата, 1949.
2. Кенжебаев Б., Султанмахмұт Торайғыров. Критико-биографич. очерк, А.-А., 1958.
3. Дүйсенбаев Ы., Султанмахмұт Торайғыров. Алматы, 1967.
4. Кенжебаев Б., Еспенбетов А., С. Торайғыров. Библиогр. көрсеткіш, Алматы, 1975
5. Шығармалар (Сочинения), т. 1—2, Алматы, 1967.
6. Избранное (рус.перевод), Алма-Ата, 1958
7. Ш.К.Сатбаева, Х.А. Адибаев Казахская литература Алма-Ата. 1979 изд. «Мектеп» стр: 134-144
8. К.Джумалиев Очерки по истории Казахской дореволюционной литературы Алма-Ата. 1968 изд. «Мектеп» стр: 212-219

### ТОРАЙҒЫРОВ СҰЛТАНМАХМҰТ – АҚЫН, АҒАРТУШЫ

О. МЕДЕУБАЕВА

мұғалім, Қ.И. Сәтбаев атындағы №216 орта мектебі,  
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би көпірі



Торайғыров Сұлтанмахмұт (1893-1920) – ақын, ағартушы. Солтүстік Қазақстан облысының Уәлиханов ауданында туған. Торайғыровтың 3 жасында шешесі қайтыс болып, 6 жасына дейін әжесінің тәрбиесінде болды. Кейін әжесі екі ұлымен Баянауылға көшіп, Торайғыр көптің таяу жерге қоныстанды. Торайғыров алғаш әжесінен ескіше хат танып, 13 жасынан Мұқан, Әбдірахман, Тортай деген молдалардан дәріс алды. Өлеңге үйір, шығыстық сюжеттер негізінде жырлар туындатқан Мұқан молда тәлімінің Торайғыровтың ақын ретінде қалыптасуына игі әсері болғанымен, 1908 жылы баянауылдық Әбдірахман молданың қаталдығы, өлең шығарғаны үшін жас қаламгерді жаза лауы оның дін мен молдалар жайлы теріс көзқарасының қалыптасуына негіз болды. 1911 жылы жанаша оқыған Нұралы ұстазының көмегімен қазақ, татар тілдеріндегі әдеби кітаптармен, газет-журналдармен танысады. 1912 жылы Троицкідегі Ахун Рахманқұли медресесіне түседі, бірақ мұнда бір жылдай оқыған ол өкпе ауруының зардабынан оқудан шығып қалады. Торайғыров енді медреседе оқуды

көйп, орысша оқу іздейді, қала маңындағы елде жаз бойы бала оқытады. Осы кезден ақындыққа ден қойып, 1912-1913 жылдар аралығында «Оқып жүрген жастарға», «Тәліптерге» («Шәкірттерге»), «Ендігі беталыс», «Оқудағы мақсат не?», «Анау-мынау», «Мағынасыз мешіт», «Жарлау», «Досыма хат», «Шығамын тірі болсам адам болып», «Түсімде», «Жазғы қайғы», «Қымыз», «Кешегі тө пен бүгінгі іс», т.б. өлеңдерін, «Зарландым» атты ұзақ очеркін жазды. Осы тұста «Қамар сұлу» романын жазуды бастады. 1913 жылдың күзінде Троицкіге қайтқан Торайғыров «Айқап» журналына жауапты хатшы болып жұмысқа орналасып, «Өлең һәм айтушылар», «Ауырмай есімнен жанылғаным», «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан», «Қазақ ішінде оқу, оқыту жолы қалай?», т.б. әңгіме, мақалаларын осы журналда жариялайды. Журналда аз ғана уақыт қызмет еткен ақын 1914 жылы жазда туған елі Баянауылға оралады. Ел ішінде мәдени-ағарту жұмысын жүргізетін «Шоң серіктігі» деген ұйым ашпақ болғанымен, ісі жүзеге аспады. Осы жылы орысша оқу іздеп Семейге барған Торайғыров диттеген оқуына түсе алмай, біраз дағдарысқа ұшырайды. Осындай көңіл-күй әсерімен «Ләпет бұлты шатырлап», «Алтыаяқ» сияқты өлеңдер жазады. «Ендігі беталыс», «Тұрмысқа», «Бір адамға», «Туған еліме», «Сымбатты сұлуға», «Қыз сүю», «Гүләйім», «Өмірімнің уәдесі», «Жан қалқам», «Гүл», т.б. өлеңдерін, 1915 жылы «Кім жазықты?» атты өлеңмен жазылған романын дүниеге әкелді. Қазақстанда жалданып бала оқытқан ол 1916 жылдың күзіне дейін әуелі Қатонқарағайда, кейін Зайсанда болады, орыс тілін үйренеді. 1916-1917 жылдардың қысында Томскіде орысша оқиды. «Шәкірт ойы» өлеңінде «Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болуды», «Мұздаған елдің жүрегі жылытуды» армандайды. Осы тұста әлем әдебиетінің классикалық үлгілерімен, саяси кітаптармен танысады. 1917 жылғы ақпан айындағы төңкерістен кейін Семейде жана құрылған Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің жұмыстарына қатынасып, «Алаш ұранын» жариялайды. Бірақ ауруы асықшып кеткендіктен оқуды да, жұмысты да тастап, 1918 жылы сәуірде еліне біржола оралады. Онда Колчак үстемдігінен кейін қайта жанданған совдеп жұмысына араласып, ел шаруаларының дау-шарларын өділ шешуге қатынасады. Осы тұста саяси-философиялық әдебиетті (Г.Ц. Плеханов, Н.Г. Чернышевский, т.б.) көп оқып, «Шал мен қызға», «А, дүние», «Жас жүрек», «Сарыарқанын жанбыры», «Адасқан өмір», «Кедей», «Айтты», т.б. өлеңдерін жазады. 1907-1911 жылдары оның шәкірттік кезеңдегі өлеңдері көркемдік тұрғыдан кемшін түсіп жатқанымен, жас ақынның қоғамдық құбылыстар мөнін түсінуге деген ұмтылысы мен өлең тілімен сурет салуға бағытталған талабын танытады. Ол қоғамдағы әділетсіздік пен әйелдердің ауыр тағдыры, діни оқудың схоластикалық сипаты жайлы жазды. Байлық пен кедейліктің текетіресін бай мен кедей ұлының өмірі арқылы көрсетуге тырысқанымен, бұл тапшынысы биік ақындық талант пен саяси көзқарасты таныта алмады. Ақынның 1912 жылдан бастау алатын шығармашылығының жана кезеңінде Абай, Ыбырай негізін қалаған ағартушылыққа бет бұрды, жастарды оқу-білімге шақырды. «Туған айдай болып туып, күнді алуға бел буады», тұрмысты жеңуде жігерленіп, ақиқатты табу жолында талмай ізденуді мұрат тұтады. Алғашқы үгіт мөндес өлеңдерінен кейін ақын лириканың өрісін кеңейтіп, лирикалық кейіпкердің жан сырын, іс-әрекетін суреттеуге ұмтылады. Оның жырларынан тағдырға мойынсұнбай, қасарыса алға ұмтылатын, ауыртпалыққа қарсы тұрар өжет мінез көрінеді. Осы кезден бастап ақын шығармаларында ескіні сынау бой көтерді. Ол қазақ арасында көп кезітетін келеңсіз мінездер мен кертартпа әдет-ғұрып салтына қарсы күреседі. Табиғат, махаббат тақырыбына жазған өлеңдерінде ақын адам сезімін қоғамдық көзқараспен, әлеумет өмірімен байланыста қарайды. Ескіге қарсы көзқарас оны қоғамдағы әділетсіздікпен қақтығысқа алып келеді. Ол өмір шындығын көркем бейнелей келе, қазақ өлеңінің мазмұнын кеңейтті, сырға толы лирикалық жырлар туындатты. Көптеген әңгіме, очерктер, әдеби-сын мақалалар жазды, екі роман («Қамар сұлу», «Кім жазықты?»), төрт поэмасын («Таныстыру»), «Адасқан өмір», «Кедей», «Айтты») жариялады. Торайғыров «Қамар сұлу» әйел теңсіздігі мәселесін көтере отырып, дәуір шындығын әлеуметтік тұрғыда талдаса, «Кім жазықты?» романында ауыл өмірінің шындығын жаң-жақты суреттей келе, қазақ халқының шаруашылық тұрғыдан дамымағанын, талапсыздық пен шаруаға қырсыздықты, жалқаулықты, алауыздықты сынайды. Торайғыров поэма жанрын жана арнада дамытты. Ол сюжетсіз поэмаларында өмірдегі сан түрлі мәселелерді кеңінен қамтып, өршіл ой-түйіндерін бүктеспей, өткір де ашық насихаттауға тырысты. Алғашқы поэмасы «Таныстыруда» Алашорда қозғалысы өкілдерін елге таныту мақсатын көздеді. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсыннов, М.Дулатовтарды таныстырып, олардың «бірі - күн, бірі - шолпан, бірі ? ай» екендігін жазады, алаштықтардың қазақ халқының тәуелсіздігі жолындағы еңбектерін саралайды. Алаш өкілдерімен қоса, қазақтың көрнекті тұлғалары Абай мен Шөкерімді ерекше атап көрсетеді. «Адасқан өмір», «Кедей» поэмаларының негізгі сарыны қоғамдағы әділетсіздік себептерін ашу, теңдікті іздеу болып табылады. Ақын бұл жайларды қазақ ауылы шеңберінен шығып, капиталистік қоғамға тән мәселелер ретінде қозғайды. «Адасқан өмір» - Торайғыров шығармашылығының зор табысы. Мұнда ақын аз ғұмырында көзімен көріп, ойымен

түйген, білім-білігімен таныған тұрмыс өткелдерін өзіне ғана тән асқақ үнмен ашына, актра жыр-лайды. Поэманың лирикалық кейіпкері түрлі кәсіппен шұғылдана да, ешбірінен қанағат, теңдік таппай, әділетті қоғамды аңсайды. Шығармада ақын түсінігіндегі болашақ жана қоғамның бейнесі жасалады. Шығарманың негізгі идеясы адам өмірді өз тілегіне бағындыра алады және соған ұмтылуға тиіс деген оптимистік қорытындыға саяды. «Кедей» поэмасының бас кейіпкері де өз ортасынан әділдік таппайды, қоғам мен адам арасындағы қайшылықты бітіспес күреске ұластырады. «Айтты» поэмасы толық аяқталмаған, онда Торайғыров қала ақыны мен дала ақынын айтыстырып, екі ортаның қайшылықты жақтары мен адамға пайдалы тұстарын қатар алып суреттейді. Торайғыров шығармалары ? 20 ғасырдың басындағы қазақ қоғамы шындығын, ондағы жанашыл ой-пікірдің дамуын танытатын үлкен белес. Оның ізденістері «шындықтың ауылын іздеумен» байланысты, оның реализмі бұлтақсыз, жалтақсыз айтылған шындыққа, әлеуметтік тіршіліктің шынайы суреттеріне негізделген, оның тенденциясы да сыншыл. Дереккөзі: Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, 8 том

Сұлтанмахмұт Торайғыров — екі дәуір тоғысында, аса күрделі кезеңде тіршілік кешті. Ол Россия тарихының, Россияға біріккен қазақ халқы тарихының аса бір өрлеу кезеңінде — тарихи дамулар, күрес-көтерілістер, қиян-кесек соғыстар, дүрбеленді революциялар дәуірінде өмір сүрді. Россияда капитализмнің өркендеп, әуелі прогрес-шіл әсер етуі, кейін империализмге ұласып, реакцияшыл бағыт алуы; 1905—1907 жылдардағы буржуазиялық-демократиялық революция, 1914—1918 жылдардағы бірінші дүниежүзілік империалистік соғыс; қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі, 1917 жылғы февральда болған буржуазиялық-демократиялық революция, сол жылғы Ұлы Октябрь социалистік революциясы, Совет өкіметінің орнауы; 1918—1920 жылдар арасындағы азамат соғысы... осының бәрі ақын өмір сүрген заманда болып жатты. Сондықтан да ақынның өмір-тіршілігіне, күнделікті қызметіне, дүниетаным-көзқарасына, шығармаларының тақырыптық мазмұны мен жанр, түрме зор әсер етті, із-танбасын салды. Ойткені, ақын — заман перзенті. Сұлтанмахмұттай ірі ойлы, асау жүрек, асқан шабытты, лапылдап жанып тұрған ақын көз алдында болып жатқан ірі өзгерістің қайсысына да бейтарап қарай алмайтын еді. Заманына лайық, ірі табиғатына сай Сұлтанмахмұт Торайғыров өзінің саналы саяси өмірін, творчестволық қызметін :

Шындықтың ауылын іздеп түстім жолға,  
Разымын не көрсем де осы жолда.  
Шаршармын, адасармын, шалдығармын,  
Бірақ бір табамын деп, көңілім сонда, - деп бастады.

Өмір бойы осы сертін орындау жолында қызмет істеді. Жарғақ құлағы жастыққа тимей, өзіне, халқына өнер-білім, еркіндік, бақыт іздеді.

Сұлтанмахмұт 1893 жылы, 29 қазан күні қазіргі Көкшетау облысының Қызылту ауданында туып, төрт-бес жасынан Павлодар облысының Баянауыл ауданында өседі. Ақынның арғы атасы — Торайғыр би, ел аузында аты аңызға айналған көптеген шешендік, билік сөздері халық жалында сақталған адам, Ақынның өз әкесі, Әубәкір аты ұмытылып, Шоқылт, Шоқа атанған момын кедей шаруа екен. Болашақ от ауыз, орақ тілді ақын алты жасында әкесінен оқып, хат таныды. Қара таныған баланы осыдан кейін кейде Шоқылт өзі оқытып, кейде ауыл арасындағы молдаға беріп оқытып, баласын оқудан үзбейді. Болса да молға жарымдық, енді тек Сұлтанмахмұт білімге жарлы боимасыншы деген тілек үстінде жүреді көзі ашық, көкірегі өю өке. Сұлтанмахмұт 1902—1903 жылдары Әлі деген молдала, 1904—1905 жылдары Тортай деген молдала, 1906—1907 жылдары Мұқан деген молдала оқиды. Молдалардың ішінде Мұқан біраз оқыған әдебиеттен хабардар, өзі де жалынан елге шығаратын көңілінің желі бар жан екен. Ол араб, парсы ертегілерін қазақша өлең етіп жазды, біреуді мақтап, біреуді мазақтап өлең шығарады. Оқушыларын қазақ халқының ауыз әдебиетімен, шығыс әдебиетінің ертедегі үлгілі әдебиеттерімен таныстырады. Ол кезде шығыс халықтарының лирикалық жолмен жырланып, түрлі вариацияға ұшырап, қазақ даласына жеткен шығармалары мол болғаны мәлім. Ол шәкірт-теріні осы шығармалармен таныстырады екен, Шәкірттерін өлең жазуға қызықтырады, машықтандырады. Дәріс беретін молдаға еліктүші шәкірттің бірі — Сұлтанмахмұт. Ол Мұқан молдаға еліктеп он үш жасында өлең жазса бастайды. Тұңғыш жазған өлеңі — «Секілді өмір қысқа жарты тұтам» деп аталады. Тырнақалы өлеңінде Сұлтанмахмұт өзін оқытушы молдалары, оқуы туралы, ақындыққа ташынып жүргені жайында сары айтады. Сол кезде Баянауыл қаласында медресе ашылып, Сұлтанмахмұт 1908—1910 жылдары сонда оқиды. Молданың үйінде жатып оқыған Сұлтанмахмұт малай септігі жүреді. Сабақтан босағанда су әкеліп, отын жарып, шөй қайнатады. Молданың малый күтеді. Жығылған үстіне жулдық дегендей, өлең атуалығы жаны қас, молда өлең жазса теріс бағамды беремін деп бала Сұлтанмахмұтты қорқытып ұстайды. Тәлімне қарай талайына бала бұл жылдары басылыны жүреді. Тұла бойы толған ғұмар, мойнында дұғалық, аузында зікір, оқығаны намаз болады. Қари болам деп «Құранды» он үш парасына дейін жаттап алады.

Абайдан кейінгі ірі тұлға. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің тақырып ауқымының кейіпін, идеялық тұрғысының биіктеп, көркемдік жоғарлауына ерекше үлес қосқан ақын, ағартушы-

демократ Сұлтанмахмұт Торайғыров 1893 жылы 28 қазанда Баянауыл ауданы Павлодар облысында туған. Әкесі Шоқпыт (Әбубәкір) кедей шаруа болған. Торайғыров әкесінен алғаш азкем сауатын ашып, 13 жасында молладан оқиды. Сол кезде өлең жаза бастайды. 1911 жылы Троицкіден жанаша білім алып келген Нұрғалимен кездесу Торайғыровтың өміріне айтарлықтай өзгеріс әкелді.

Ол халқын оқуға, білімге үндеген ағартушы. Адамдық табиғаты жағынан алғанда күрескер, дүниеге көзқарасы жағынан алғанда, гуманист, демократ, философия, әдебиет тұрғысынан алғанда сыншыл, реалист жазушы. Торайғыров қазақ поэзиясындағы дәстүрлі философиялық бағытты дамытқан жанашыл адам.

1912 жылы ақындыққа ден қойған. 1912-1913 жылдары «Оқып жүрген жастарға», «Талаптарға», «Оқудағы мақсат нә», Анау-мынау», «Жарлау», «Досыма хат» т.б. өлеңдер жазады.

1913-14 жылдардың қысында «Айкапта» хатшылық қызмет істеп, жазғандарының бірқатарын журналға жариялады. Шығармаларының аздап болса да баспасөз бетін көруі, жұртшылыққа ақын ретінде біраз танылуы Торайғыровтың ақындыққа сенімін арттырып, болашақ өмірін сол жолға бағыттай түседі.

1914 жылы Баянауылда «Шоң серіктігі» атты ағартушылық ұйым ашып, өзі сияқты өнер іздеген жастардың оқуына қаражат жинамақ болады. Осы тұста «Ендігі беталыс», «Тұрмысқа», «Бір адамға», «Туған еліме», «Сымбатты сұлуға», «Қыз сүю», «Гүлөйім», «Ләнет бұлты шатырлап», «Өмірімнің уәдесі», «Жан қалқам», «Гүл» т.б. өлеңдерін жазады.

Даладан екі тышқан май тауыпты,  
Шығынсыз екеуі де жай тауыпты.  
Жанжалдасып бұл майды бөлісе алмай,  
Маймылға бөліруге көңілі ауыпты.  
Білдірді бұлар барып маймылға өзін,  
Айтысты арадағы жанжал сөзін.  
«Қош келдің, таразым бар, өлшейін, — деп,  
Жоғалтуға ойлапты майдың көзін.  
Өлшепті бір жағына майды салып,  
Анжағы көтерілді босқа қалып.  
Бос жағы мен май жағын теңгеруге  
Маймыл тықты аузына майдан алып.  
Ақырын жеп бітіріп майлы басың,  
Безбеннің тегістепті екі басың.  
Безбеннің бірдейлігін көзбен керіп,  
Тышқан кетті ағызып көздің жасың.  
Сорлының жанжалдасқан майы қайда:  
Бермейді ешбір уақыт жанжал пайда.  
Өз ара қосылмаса ынтымағың,  
Жем болдық көрінгенге әрбір жайда.  
Ендігәрі бірліктен айрылмасқа,  
Тышқандар ант етіпті бір кен сайда

С. Торайғыров қоғамдық өмір мұқтаж боп отырған мәселелерді өткірлікпен жырлады. Ақын лирикалық кейіпкер арқылы халықтың жаңа қоғамдағы арман-тілегін, адамгершілік мұраттарын шебер бейнеледі. Поэма жанрын жаңа арнада дамытты. Оның поэмалары дәстүрлі дастандар мен қисса-хикаядан, өлең-жырлардан мүлдем өзгеше. «Адасқан өмір» поэмасы-ақын шығармашылығының үлкен табысы болды.

Жазушы проза жанрында да шығармашылықпен еңбек етті. «Қамар сұлу» романында қазақ әйелдерінің аянышты тағдырын суреттей отырып, қоғамдық өмір шындығын тереңдей ашады. «Кім жазықты?»-қазақ әдебиетінде өлеңмен жазылған тұңғыш роман.

С. Торайғыров әңгіме, очерк жанрында да қалам тербеді. Өзіне дейінгі әдебиеттің халықтық, озық қасиеттерін жаңа кезеңде одан әрі дамытып, тың көркемдік ойлармен, идеялармен байытты. Ұстаздық етуден жалықпаған ұлы ағартушы «Оқу» (1911 ж) деген жаңа өлеңнің бірінде:

Надандықтан екенін білмейміз бе,  
Көрінгенге болғаның семіз жемдік,  
Ел болуға алдымен білім тірек,  
Бір сөзді, бір ауызды, намыс керек, - деп білім алуға шақырады.

С.Торайғыров аз жасаса да, артына қазақ сөз өнерін жаңа белеске көтерген, қоғам мөңді, әдеби кемел туындылар қалдырды. Ол қазақ әдеби сынының негізін салушылардың бірі. Озат идеялы,

озық сапалы шығармалар туғызған Сұлтанмахмұт мұрасы жана дәуірге дейінгі қазақ әдебиетінің ұзақ жолын лайықты қорытындылайтын үздік үлгі.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. - Алматы, 1993.
2. Т. 1: Өлеңдер. Поэмалар. - 280 б.
3. Т.2: Романдар. Әңгімелер. Очерктер, мақалалар, хаттар. - 205 б.
4. Торайғыров С. Шығармалар: 2 т. - Алматы: Жазушы, 1967. - 321 б.
5. Торайғыров С. Адасқан өмір. Кедей. Жарқынбай. Кім жазықты. Қамар сұлу / С.Торайғыров. Қалың мал / С.Көбеев / Торайғыров С. - Алматы: Рауан, 1992. - 238 б. + CD-ROM.
6. Торайғыров С. Алаш ұраны: таңдамалы шығармалары. - Алматы: Жазушы, 2002. - 157 б.
7. Торайғыров С. Асыл сөз: өлеңдер. - Алматы: ҚАЗАқпарат, 2005. - 117 б.
8. Торайғыров С. Әңгіме, очерк, мақалалар // Қазақ прозасы: хрестоматия. 3 томдық. - Алматы: Ғылым, 2001. - 3 т. - 275-306 б.
9. Торайғыров С. Дүние деңгелегі айналады: таңдамалы. - Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2009. - 368 б.
10. Торайғыров С. Қамар сұлу: роман // Қазақ прозасы: хрестоматия. 3 томдық. - Алматы: Ғылым, 2001. - 3 т. - 214-274 б.
11. Торайғыров С. Қамар сұлу / С. Торайғыров. Қалың мал / С. Көбеев. Адасқандар / С. Мұқанов: роман. - Алматы: Жазушы, 2009. - 416 б.
12. Торайғыров С. Қамар сұлу: романдар, поэмалар, өлеңдер. - Алматы: Атамұра, 2002. - 240 б.
13. Торайғыров С. Қымыз: өлеңдер // Бес ғасыр жырлайды. - Алматы, 1989. - 480-494 б.
14. Торайғыров С. Сарыарқаның жанбыры: өлеңдер мен дастандар. - Алматы: Раритет, 2007. - 208 б.

3 Секция. С. Торайғыров және қазақ тіл білімі мен әдебиетінің кейбір мәселелері  
3 Секция. С. Торайғыров и проблемы казахского языкознания

С. ТОРАЙҒЫРОВТЫҢ ТІЛДІК ТҰЛҒАСЫ

М.А. БАЙМУХАНОВА  
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазіргі тіл білімінде адамзат қауымының ғасырлар бойғы тіл арқылы дүние бейнесін тануға ұмтылған талабынан келіп, шындық болмысты танудың белсенді формасы болып табылатын тілді тұтынушы, дүниетаным өзегі – тілдік тұлғаны зерттеу мәселесі жан-жақты қаралуда. «Сөйлеуші адамның» табиғатын, болмысын тану әрекеті В. Гумбольдтің «халықтың рухы», «сана инстинкті» туралы, И.А. Бодуэн де Куртэвенің «тілдік түсінік», «халықтың тілді сезінуі» туралы пікірлерінен бастау алып, Л.В. Щербаның «лингвистикалық инстинкт», А.А. Леонтьев пен А.М. Шахнаровичтің «тілдік кабілеттілік», Г.И. Богин мен Ю. Н. Карауловтың «тілдік тұлға» туралы зерттеулері арқылы жалғасса, қазақ тіл білімінде арнайы ақын-жазушының тілін талдаған Р. Сыздықтың «Абай шығармаларының тілі» (Алматы, 1968 ж.), Е. Жанпейісовтің «М. Өзевтің «Абай жолы эпопеясының тілі» (Алматы, 1976 ж.) сияқты еңбектерінде негіз салынған ғылыми үрдістің жалғасы қазіргі таңда Б. Нұрдәулетова, Г. Мұратова, Ш. Елемесова, Ш. Ниятова, Ф. Қожахметова, Г. Имашева және т.б. зерттеулері арқылы өзіндік сала ретіне дамып келеді. Қазіргі таңда да көркем әдебиет тілін таным тұрғысынан қарастыру, қаламгерлердің сөз қолдану ерекшелігі мен автор бейнесі ретінде ғаламның тілдік бейнесін жасаушы жазушының тілдік тұлғасын талдау өзекті мәселе болып қалып отыр. Осы бағытта қазақ тіл білімінде соңғы уақытта жүргізілген зерттеулердің ішінде Ш. Ниятованың Махамбеттің тілдік тұлғасын, Ш. Елемесованың байырғы ұлттық танымның көркем прозадағы тілдік бейнеленуін, Ж. Сатқанованың көркем шығармадағы кейіпкер тілінің когнитивтік мәнін, тілдік тұлға мәселесін зерттеген еңбектері, Ф. Қожахметованың Т. Ізтілеуовтің тілдік тұлғасын, А. Жуминованың О. Сүлейменовтың тілдік тұлғасын жан-жақты қарастырған еңбектері бар.

Осы тектес жұмыстардың антропоэлектік бағытына сәйкес ұлттық мәдени құндылық ретіндегі ұлттық тілдік мұраны, ұлттық диді, ұлттық психологияны терең меңгерген, XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі С. Торайғыровтың тілдік тұлғасын зерттеудің ұлттық болмыс пен халықтың дүниетанымын тануда маңызы зор.

XX ғасырдың басындағы қазақ өмірін өз шығармашылығы арқылы таныта алған ақын С. Торайғыровтың сөз сиқырын, көркемдік әлемін тану үшін оның шығармашылық тілін қазіргі лингвистикада белсенді дамып келе жатқан лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистика, психолінгвистика бағыттарымен байланыста кешенді сипатта қарастыру – көкейкесті мәселе болып табылады. Сонымен бірге қазақ тілінің дамуы мен баюының тарихындағы ірі тұлғалардың құнды мұралары қазақ мәдениеті, тілі мен әдебиетінің тұтастығын сипаттайды, сол себептен де осы сабақтастықтағы С. Торайғыровтың орны мен рөлін тану да маңызды болып табылады. Бұл маңыздылық әсіресе зерттеу нысаны ретінде шығармашылық мұрасы өзіндік қайталанбас өрнегімен оқшауланып тұратын, тіл мен мәдениеттің дамуына елжілі үлес қосқан ақын Сұлтанмахмұт сияқты тілдік тұлға алынған кезде арта түседі.

С. Торайғыров шығармаларының идеялық-мазмұндық мәні мен тақырыптық, жанрлық-бейнелік ерекшеліктері және тілінің лингвистикалық сипаты негізінен әдебиеттанушы ғалымдар тарапынан көп зерттелген. Ол еңбектерде ақынның шығармаларының философиялық, эстетикалық, психологиялық қырларына назар аударылған тұстар бар. Дегенмен ақын шығармалары негізінде оның әлеуметтік және жеке мақсат-мүдделерінің сипатын, тілдік қабілеті мен оны шығармаларында қалыптастыру дағдыларының жиынтығы арқылы бейнеленген даралық қасиетін тұтастай ашу, соған сай шығармашылық ұстанымын айқындау нәтижесінде тілдік тұлғасын зерттеу де қазіргі таңда өзекті болып табылады. Бұл тұрғыда Сұлтанмахмұтты тілдік тұлға ретінде танытатын шығармалары оның поэмалары, өлеңдері және публицистикасы болып табылады. Сондай-ақ ақынның хаттары мен екі романы да ақынның тілдік құралдарды қолдануы мен әлемді танудағы өзіне тән ерекшеліктерін қарастыруға негіз болады.

Тілші ғалым Г. Смағұлова: «Тіл бір адамның мәнісі емес десек те, сол тілде сөйлейтін жеке адам өз ұлтының бүкіл бітім болмысын, өмірлік тәжірибесін, дәстүрлерін меңгеру, сіңіру арқылы ол да өз тарапынан ұжымдық мәдениетке өз үлесін қосады. Осындай ерекшеліктер арқылы тұлға ретінде ұлт өкілі болып сақталады», дейді [1,13].

Шынында да, ел өмірінің күрделі, ауыспалы кезеңінде өмір сүріп, шығармашылықпен айналысқан Сұлтанмахмұттың қазақ ұлтының мәдениетіне Шоқан, Абай, Ыбырайлар салған бағыты өзіне тән ерекшеліктерімен өз үлесін қосып, тұлға ретінде әдебиет пен тіл тарихында қалғаны ақиқат.

Қазақ даласына XX ғасырдың басында келген жаңалықтар Сұлтанмахмұттың бойында ұлттық рухтың оянуына әсер етті. Жалпы, бұл кезең көптеген дара тұлғалардың қазақ өнерінің тарихында қалуына әсер етті. Бұл туралы Міржақып өз өлеңінде оларды атағанда былай дейді:

....Семейден шықты Ыбырай Құнанбаев,  
Сөзінде хата бар ма сынап көрсен?  
Ақын аз Байтұрсынов Ахметтей,  
Сөзі алтын, мағынасы меруерттей,.....  
Оралдан Әубәкір молда шықты,  
Омбыдан Қыпшақбайдай жорға шықты.  
Торғайда Ақмолла мен Нұржан жатыр,  
Шөже, Орынбай, Мәшһүр Жүсіп о да шықты [2,76].

Осы қатардан танылатын ақын С. Торайғыров шығармаларының басты ерекшелігі оларда XX ғасырдың басында пайда болған ағартушылық ниеттен туған жана мәдени концептілер жүйесінің мол көрінуінде. Бұның себебі XX ғасырдың басында ел өміріндегі саяси өзгерістердің жастар санасының түрленуіне, ұлттық ойдың, болмыс-бітімнің өзгеруіне әсер етуіне деуге болады. Ел өміріне күнделікті еніп жатқан өзгерістердің жастар санасына әсер етуі нәтижесінде олар өз ұлтының заман талабына сай келетін білімнен кемшін қалып бара жатқанын түсінді. Ақын өз өмірінде білім жолына түсу мақсатымен денсаулығы мен тұрмыс кемшіндігіне қарамастан елден жырақ кетіп, оқу оқығаны белгілі. Оқу іздегендегі себебін С. Торайғыров өз өлеңінде мынандай жолдармен көрсетеді:

Оқыт бізді әкетей,  
Қам көңілім болсын жай.  
Надандықтан құтқарып,  
Қуанта көр, құдай-ай.... [3,62].

Жалпы, Сұлтанмахмұт туралы әр кезеңдерде жазылған пікірлерді жинақтап, талдай отырып, ақынның тілдік тұлғасын бейнелейтін сөздерді топтастырар болсақ, ұлтжанды, романтик, қайсар, батыл ойлы, білімге құштар, өткір тілді ақынды танимыз.

Ал ақын өлеңдерін концепт тұрғысынан қарастырсақ, Сұлтанмахмұт поэтикасында айрықша орын алатын, аса жиі кездесетін сөзжасам бірліктері оның тілдік тұлғасының лингвокогнитивтік деңгейін көрсететін концептілер болып табылады. Мысалы ақын өлеңдерінде жиі кездесетін «білім», «өнер», жастар» концептілерін қарастырсақ, олар өмірден жас кеткен, жоқшылық пен аурудың зардабын бірдей тартақ ақын арманын өз бойына жинақтаған. Бұны ақынның мына өлең жолдарынан-ақ көре аламыз:

Үмітпенен жоқ қуған,  
Талабы алда баламыз.  
Басқалар жоғын тапқанда,  
Біздер қайтып қаламыз.  
Тәуекелге бел бусак,  
Көрдегіні аламыз... [2,47].

Ақынның өз өміріндегі алдына қойған мақсаты да осы. Ақын білімді игеріп, қазақтан тұрмысы асқан елге жетуді қазақтың бар баласының мақсаты етуді көздейді.

Ақын 1912-1913 жылдары алғаш Троицк қаласына келіп, онда әуелі медреседе оқып, кейін «Айқап» журналында жұмыс істеген кезінен бастап, оның шығармашылығында ағартушылық көзқарастары танылады. Ол Абай мен Ыбырайдың осы саладағы ойларын дамыта отырып, өнер мен білім жолына үгіттейді. Ақынның «Талиптарға», «Оқып жүрген жастарға», «Оқудағы мақсат не?», «Анау-мынау» сияқты өлеңдері негізінен осы тақырыпқа арналған. XX ғасырдың басындағы қазақ ақын-жазушыларының бөрінің дерлік шығармаларында кездесетін «білім», «өнер», жастар» сияқты ұғымдар өткелі кезеңде өмір сүрген халықтың жарқын болашақты, елдің еркіндігін аңсауымен, болашаққа артқан үмітімен тығыз байланысты және осы ұғымдар туралы белгілі бір деңгейдегі әлеуметтік, мәдени ақпараттардың жиынтығы «Білім» концептісінің ассоциативтік өрісін құрайды. Сұлтанмахмұттың танымындағы бұл концептілік құрылым ақынның «Оқудағы мақсат не?» деген өлеңіндегі мына жолдардан танылады:

Яки мақсат: өнер, білім алуға,  
Алға қарай баруға,  
Намыстанып, қорланып,  
Хұқықтан махрұм қалмауға [2,49].

Ақын өлеңінде жастардың алдына оқып білім алып, елге қызмет ету идеясын, осы салада бірігіп күш қосу қажеттігін баяндайды. Бұл өлең ақынның шығармашылығының бас кезеңінде жазылса, өмірден



қағажу көріп, ойындағысы бола қоймаған, білімін жетілдіріп, қазақтың ағартушы, қоғам қайраткерлерімен қызметтес болған қайсар ақынның кейін мақсаты айқындалып, нақтылана түседі. Ақын өзінің ақындық азаматтық жана ұстанымы ретінде орыс тілі мен нақты ғылымдарды игеруді ұсынады:

Оллаһи, ант етемін алла атымен,  
Орыс тілін білемін һәм хатымен,  
История, география пәнді білмей,  
Оллаһи тірі болып жүрмеспін мен... [2,100]

Бұл жолдар ақын үшін білім, оқу ұғымдарының тұманды, болашақта халықты да, өзін де жақсылыққа жеткізетін алыстағы қол жеткізбес дүние ғана емес, аты бар, қол жетерлік дүние екенін де түсінгенін танытады. Кейін ақынның «білім» концептісімен байланысты мақсаты асқақтап ашылады:

Қаранғы қазақ көгіне,  
Өрмелеп шығып күн болам!  
Қаранғылықтың көгіне,  
Күн болмағанда кім болам... [2,121].

XX ғасырдың басында қазақ өнері мен ұлттық мәдениетінің және рухани құндылықтарының негізгісі болған «білім», «өнер», «жастар» концептілері ақынның арманы мен мақсатының көрсеткіштері. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың барлық шығармаларындағы қоршаған орта, әлемге деген баға білімге деген құштарлық, білімге ұмтылу және ұлтжандылық тұрғысынан беріледі.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Смағұлова Г. Мәтін лингвистикасы. - Алматы: Қазақ университеті, 2002. - 111 б.
2. Дулатов М. Шығармалары. – Алматы : Жалын, 1991. – 380 б.
3. Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы : Ғылым, 1993. 280 б.

### СУЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВТЫҢ ТӘРБИЕЛІК ОЙ-ӘЛЕУЕТІ

Б.Х. ГАЛИЕВА

п.ғ.к., доцент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.  
Ж.Қ. ИБРАЕВА

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Сұлтанмахмұт Торайғыров – қазақ халқының сүйікті перзенті, асқан дарынды ақыны, ағартушы, педагог.

С. Торайғыров тек ақын ғана емес, сонымен бірге педагогика саласында елеулі еңбек еткен, өз кезінде бірер жыл мұғалім болған, халық ағарту мәселесін шығармаларында кең көтерген, оқу-тәрбие жайында тіпті арнайы макалалар да жазған адам. «Қаранғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болуды» арман еткен Сұлтанмахмұт Торайғыров бүкіл ғұмырын халық ағарту ісі мен шығармашылыққа арнаған. Ол қазақ жастарының педагогика және психология тұрғысынан жан-жақты тәрбиелі болып өсулеріне, қоғамдық ой-пікірге, ұлттық сананың дамуына зор үлес қосты.

С.Торайғыровтың педагогика саласына қосқан үлесіне бүгінгі күн биігінен жаңа көзқараспен келуіміз керек, оның шығармаларын талдау арқылы қаранғы қазақ халқы өнер-білімге, мәдениетке шақырып, көзін ашу мақсатында сіңірген еңбегі, бала оқытып, ұстаздық ету жолындағы ақынның шеберлігінің поэтикалық қуатын көрсету қажет.

Ақын еңбектерінде өзі өмір сүрген дәуірдің өзекті мәселелерін, яғни, оқу-ағарту жайын сөз ете отырып, заман сырын, замандас келбетін көркем кескіндей білген. С.Торайғыров – нағыз ағартушы, педагогқа тән еңбектерінің азабын тартқан жазушы. Ол шындықтың жолымен жүрді. Адам өмірінде тәрбиенің атқаратын рөлін ашып көрсетуге тырысты. Халық санасы оянуының, оның ғылым, техника жетістіктерін меңгеріп, жан-жақты тәрбие алуының зор прогрессивтік мәні бар екенін дәлелдемек болды.

Мысалы, «Оқып жүрген жастарға», «Тәліптарға», «Оқуда мақсат не?», «Шығамын тірі болсам адам болып», «Шәкірт ойы», «Жақсылық көрсем өзімнен», «Туған еліме» т.с.с. өлеңдерінде оқудың ғылыми мәнін аша отырып, тәрбиелік нысанасын қатты бағалаған.

Таусылмас ғылым теңіз шалқып жатқан  
Өмір бойы оқысаң бір таусылман.  
Қиындығы қинайды жанға батқан,  
Білімге қарсы тұрар қандай құш бар  
Бас иер талай мырза кеуде қакқан...

Оқу малды танымас, зейін тындар,  
Баста зейің, кеудеде тоқу болса...

- деп, ғылымның күшін шынайы жеткізеді. Ал «Оқып жүрген жастарға» атты өлеңінде жастарды өнер-білімге, бірлікке, басқаның адамға келтіретін қасіретінен сақ болуға шақырады. Мысалы, ақын осы өлеңінде былай дейді:

Жеткізбей кетер жүйрік жоқ,  
Қусак бәрін шаламыз.  
Іс істейік бір болып,  
Ашылмасын саламыз.  
Сұмдар салған жүректе,  
Тепкісінде басқаның  
Қор боп жүдеп барамыз.  
Көріңе көзге азапта  
Мәңгі қайтып қаламыз?  
Ойынды енді азат қыл  
Қалсын былай балалық.

Балалықты тастап, басқалармен теңдей болуға, қор болып жүрудің азабын тартпауға, дұшпан салған тепкіден, шеккен зардаптан білім арқылы айығуға шақырады. Оқудың мақсатын түсіндіре келе, жастық шақта қызығы мен қиыны мол мәңгі таусылмайтын, адам бақытын іздеуге шақырып, құлашыңды серме, өмірдегі орныңды дұрыс таңда – міне, гәп осында дейді. Байлық, өкімдік, атак, махаббат тағы сол сияқтыларды адам бақыты деп ойлайтын құбылысқа шолу-талдау жасай отырып, шын бақыт әділдікте, білімде, таза еңбекте деп өз ойын топшылайды. Сұлтанмахмұт жастарға білім бере жүріп, жастық шақта адамның ой-қасиеті, ақылы мен интеллектісі мол, дүниені танып-білуге қабілеті мен құмарлығы күшті, солай болғандықтан жас кезде білім алуға, оқуға, дұрыс тәрбиелі болуға ұмтылу қажет екенін ескертеді. Бұған ата-ана, туған-туыстар ақыл-кеңес беріп, жәрдем етуі керек дегенді аңғартады. Дегенмен, білім алу, жақсы тәрбиелі болу бәріннен бұрын адамның өзінің жеке бас қасиетіне байланысты. Ол үшін адамға ақыл-жігер, ерік, зейін, үміт, талап, ықылас, зеректік т.б. психологиялық көріністер аса қажет дегенді дәріптейді, осының бәріне көкірек ашып барар жол тек қана оқу деп біледі.

Бүгінгі жастарға оқу міндет,  
Тек қана оқумен өнер білмек.  
Өнер-білім, адалдық, ар-намысты,  
Жоқтың надандық қой емсіз індет.  
Бар қиынды тек қана ғылым жеңбек,  
Оқыса басқа елдердей қатарға еңбек.  
Білімге ел боп аңсап құмарланса,  
Жетілмек аз-ақ жылда жоғары өрлеп.

С. Торайғыров оқу-тәрбие барлық адамға бірдей берілсе, тәрбиеде алалық болмаса деп аңсады. «Білімді игеру үстем тап балаларының қолынан ғана келеді, кедей балалары мәңгі-бақи ақылсыз болмақ» деген пікірдің ел арасына тараған ұшқынына қарсы:

Кедейлік ақылы жоқ мәңгі деген,  
Растыққа бай сөзін дарытпады.  
Малға мас, бай баласы кеше деген,  
Асанның мақал сөзін анықтады,

- дегенді айтады.

Сұлтанмахмұт тәрбие мәселесінде жынысқа бөлушілікке, тәрбиеленуді тек ұлдарға тиісті үлес деп қарап, қыз тәрбиесіне мән бермеушілікке қарсы шықты. Қыздарға білім беру жөніндегі ел арасындағы қертартпа түсінік-нанымдарды:

«Қыз оқыса, хат жазса бұзылады»  
Дейтін өдет шіп-шикі надандардың, – деп бағалайды.

Сөйтіп, тәлім-тәрбиенің барлық жастарға бірдей берілуін уағыздайды.

Сұлтанмахмұт адамның үйлесімді, жан-жақты тәрбие алуын қалады. Осыған орай ол өз шығармаларында жастарға тәрбие берудің елеулі мәселелерін көтере білді. Өз заманындағы педагогика ғылымының мешеулеу қалғанына қарамастан, тәрбиенің басты-басты салалары жөнінде келелі пікірлер айтып, халық ағарту мәселесін өз шығармаларының бір өзекті тақырыбы етіп алды.

Осыған орай Сұлтанмахмұт, ең алдымен, халықтың білім алуына, оқуға ұмтылуына, яғни ақыл-ой тәрбиесіне үлкен мән берді. «Адамның жаратылғанынан осы минутке шейінгі өмір

тәжірибесімен жасалған дария болса, тамшыдай таныстығы аз жұрттың бірі – біздің қазақ», – деп басқа елдердегі ғасырлар бойы дамып келген ғылым, білім жетістіктерінен үнемі құралақан қала бермей, соларды зерттеп-біліп, игеруге, бойына сіңіріп, қажетіне жаратуға, мәдениеті, өнері өркендеген қатарлы ел болуы үшін ұмтылуға шақырды.

Сұлтанмахмұт пікірінше, адам – табиғат туындысы. Адам сырт тығыз байланыса отырып, өзінің ақыл-ойын, рухани қасиетін дамытады. Ол үшін ғылымның адам өмірінен алатын орнын ерекшелейді:

Әлемдегі ғаламат  
Игілікке арналса,  
Өнері ортақ азамат  
Еңбекке ғана арналса...

- дей келе, ол қазақтың ұлы ойшылдары Шоқан, Ыбырай, Абайдың өнегелі идеяларын ширықтыра түсіп, қоғамдық ой-пікірдің дамуына өз үлесін қосты. Педагогика, психология мәселелері жөнінде айтқан пікірлерін дәлелдей түсті.

Шындықтың аулын іздеп түстім жолға,  
Разымын не көрсем де осы жолда.  
Шаршармын, адасармын, шалдығамын,  
Бірақ бір табармын деп көңілім сонда,

– деп бастады. Өмір бойы осы сертін орындау жолында қызмет істеді. Жарғақ құлағы жастыққа тимей, өзіне, өз халқына өнер, білім, еркіндік, бақыт іздейді

Сұлтанмахмұт адам жанын түсінуге психологиялық тұрғыдан талдау жасамайды, дегенмен, қазақ тарихында алғашқы болып жан мен тәнді (психика мен денені) айырып, ара қатынасын дұрыс түсіндірді.

Деге азыққа тоядан ер жетер...  
Жан ер жетіп, дүниенің сырын табар...

- деп жан мен тәнді, ақыл мен сезімді біріктіре келе біліммен ұштастырып, адам өлгеннен кейін, яғни жан тәннен айрылған соң тіршілік жоқ деп материалистік тұрғыдан баяндайды.

Жақсылық көрсем өзімнен,  
Жамандық көрсем өзімнен.  
Тағдыр қылды дәулерді  
Шығарамын сезімнен, –

деп, адам психологиясы өскен ортаға, өзіне, іс-әрекетіне байланысты екенін дәлелдейді. Сондай-ақ ақын ерекше мән берген мәселенің бірі – тіл, ана тілін ардақтау, сүю, қадір тұтуға тәрбиелеу. Жастарды психологиялық тұрғыдан адамгершілік пен имандылыққа тәрбиелеудің басты құралы – туған халқының ана тілі екендігіне үлкен мән-мағына береді. «Дүниеде андан жақын не берді? Өз тілін қадірлеп, ерекше құрмет тұту абзал. Ана тілі – нәрестенің, жеткіншектің, тіпті бозбала мен бойжеткеннің бір-бірімен табысудағы жүрек тілі... Сондықтан қандай жағдайда да адам бойында оның рухы сақталуы тиіс, бұл жөнінде мұғалімдер, ана-аналар қатты ойлануы қажет» - дейді.

Сұлтанмахмұт тәрбиенің күшіне сенді. «Дұрыс тәрбие арқылы адамгершілік жақсы қасиеттерді қалыптастыруға болады» - деп есептейді. Ақын адамның әділ, адал болуы тәрбиеге байланысты деп қарап, «сүйекке біткен мінез, сүйекпен кетеді» дейтін көзқарасқа қарсы тұрып, өмірді өзгертуші адам, адал мінезін қалыптастырушы ұлы күш, саналы тәрбие дейді.

Ақынның өмірі өте қысқа болғанымен, оның артына қалдырған мұрасы, халқына істеген игілік істері, қазақ педагогикасына сіңірген еңбегі өте орасан дерлік. Бала оқытуда өзіндік жинақтаған тәжірибесін педагогика саласына енгізген бірден-бір жаңалығы деп айтуға мүмкіндік береді. Ол білім берудің жөні осы екен деп дүмше молдаларша оқушыларды жинап алып, қалай болса солай білім беруді қолдамай, ең алдымен балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, жас ерекшеліктеріне қарай топтарға бөліп, дидактиканың жеңілден ауырға қарай қағидасының негізін ұсынып отырғандығын көруге болады.

Сұлтанмахмұт өлеңдерінің тәрбиелік, тағылымдық мәні ерекше. Ұлтының, жұртының трагедиялық халі қаламгерді қатты тебірендеті, тығырлыққа тіреліп қалмай лирикалық кейіпкерінің жігерін жанып, алау сезімге бөлейді. Оның шығармаларынан жастарды тәрбиелеудің сендіру әдісін, тікелей үйрету, үлгі көрсету, баланың жеке бас ерекшеліктерін ескеру, т.б. әдістерін жиі кездестіруге болады.

Тәрбие жөніндегі пікірлерін қорытындылай келіп, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың айтары:

«Тумыстағы мінезді ешкім жеңбес,  
Адамды әділ қылу қолдан келмес.

Түзесе жаратылыс өзі түзер»,  
Деген сөзге, сондықтан көңлім сенбес!

Ақынның бұл сөзінен тәрбиеде үлкен күш жатыр, жас жеткіншектерді шын мағынасында жетілген, жан-жақты дамыған адам етіп шығаруға болады деген оптимистік ой сезіледі.

Қараңғы қазақ көгіне  
Өрмелеп шығып күн болам!  
Қараңғылықтың кегіне  
Күн болмағанда кім болам?!

Жарық дүниеге аз ғана жыл ғана қонақ болып, мәңгілік өмірін рухани мұраларымен жалғаған С.Торайғыров шығармашылығы өз кезеңінің шындық шежіресі ғана емес, бүгіннен болашаққа ұласқан қысқа ғұмырының ұзақ та мағыналы жолы, өнер сапарының өнегелі құбылысы деуге әбден болады.

Ойшыл да өршіл дүниеден ерте озған осынау ақынның талас тудырмас пікірлері мен идеялары дәл бүгін күн талабымен астарлас жатқаны дәлелсіз-ақ ғанибет пікір.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Торайғыров С. Адамның өмірі. Таңдамалы: поэма. Павлодар: ЭКО, 2011. – 192 б.
2. Көпжасарова М.Д. Психологиялық педагогика. Алматы, 2009. – 128 б.
3. Асау жүрек: алты томдық. 2 том (Зерттеулер, естеліктер). Павлодар: «Типография Сьти-на», 2010. – 332 б.

#### «КІМ ЖАЗЫҚТЫ?» РОМАН АУДАРМАСЫНЫҢ КЕЙБІР ТІЛ ӨЗГЕШЕЛІКТЕРІ

Е.В. ГАРКАВА

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

С. Торайғыров «Кім жазықты?» (1915) романына әуелде «Әжібай болыс» деген ат беріп, сонынан өзгерткен. «Кім жазықты?» - қазақ әдебиетінің тарихында өлеңмен жазылған тұңғыш роман. Романның басты тақырыбы – XX ғасыр басындағы қазақ аулындағы әлеуметтік, таптық қайшылықтар, қоғамдық ортаның ұсқынсыз келбеті. «Кім жазықтыда» қазақ аулындағы үш ұрпақ өкілдерінің құлдырауы межеге алынады. Жазушы Тасболат – Әжібай – Қабыш арқылы қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікті, қоршаған ортадағы асынып кеткен тәрбиесіздікті, дертке ұласқан салт-санадағы өресіздікті деп басып суреттеп, қатал сынға алған [1, 107 бет].

Баяндау тәсілінде, стилінде, сөз қолданысында өзіндік сипаттары мол өлеңмен жазылған С.Торайғыров «Кім жазықты?» атты шығармасы қазақ халқының тұрмысы, салт-дәстүрлері, оның діні, рухани өмірінің негізі болып табылатын дала елдің ділмен танысуға жол ашады. Сондықтан туындының қазақ халқына берері мол болса, өзге ұлт өкілдеріне Қазақ даласының байырғы тұрғындары туралы берілетін мәліметтердің құндылығы зор екені сөзсіз.

Мемлекетіміздің егемендікке қол жеткізгеннен кейін еліміздің қалың жұртшылық қазақ тіліне де, мәдениетіне, өз кезегінде әдебиетіне де зор назар сала бастады. Қуанарлық жайт: еліміздің байырғы халқы – қазақтармен бірге бір партада өзге ұлт балалары да мемлекеттік тілде білім ала бастады. Бірақ бұл үрдіс әлі күнге дейін бұқара арасында әдетке айналмағаны рас. Дегенмен, орыс тілді оқырманның қазақтың төл әдебиетіне деген қызығушылық күннен күнге ұлғая түсуде. Басқа әдеби шығармалары секілді орыс тілінде көрініс тапқан бұл роман қазақ тілін жетік меңгермеген оқырмандар қауымы үшін бірнеше рет баспадан шығарылды. Оның бұл романы орыс тіліне Р. Тамарина аударды. Аудармасы шеберлікпен орыдалатын болса да, оның түпнұсқасынан ерекшеліктерін кейбір белгілеріне тоқталып өткеніміз жөн:

- лексикалық бірліктерді таңдау;
- оқиғалардың суреттелу ерекшеліктері, баяндау стилі;
- өлең жазу ырғағы, т.б.

Аударма тілі түпнұсқасының тіліне дәл келмейді, өйткені орыс тілінде кейбір қазақ сөздерінің мән-мағынасына дәл келетін сөздер (баламасы) жоқ. Бұған екі мәдениетіндегі өзгешіліктері себеп. Аудармашы осыны түсініп, орыс тілді оқырманы үшін кейбір сөздерді түпнұсқасында қалдырып беруді дұрыс көрді. Мәселен, амангер, басқарма, бата, қарағым, ағузуң, қораң алақай, жайназа, апа, қалым, сыйбай, т.б. сөздер. Төл мәдениетінде жоқ

ұғымдарға сілтеме беру арқылы халық өмірімен дәлірек таныстыруға мақсат тұтты десек те болады. Мысалы: саба – кожаный мешок для квашения кумыса, торе – ханские отпрыски, знать, торсык – кожаный мешок, шильде – самое жаркое время года, т.б. Алайда кейбір сөздерге жасалған сілтемесі мән-мағыналарын толық ашпайды, мәселен: бата, агузун, қоран – поминальные молитвы. Шын мәнінде, осы әрбір сөздің өзіндік жеке мағынасы бар:

Бата (бату) – Діни. Мында: бата оқыр – өлген адамның үйіне барып, құран оқып, көңіл айту [2, 85 бет].

Агузы (агузун) – араб сөзі. Діни. «Сыйынамын» деген мағынадағы құран сөзі [3, 72 бет].

Құран (қоран) – Діни. Мында: құран оқыды – өлген адамдарға арнап немесе Аллаға ғибадат етіп Құран сурелері мен аяттарын оқу, дұға қылу [4, 386 бет].

Екі тілдегі ұғымдардың сәйкессіздігі оқырман қабылдауына теріс әсер етеді, кей жағдайда шатыстыруы да мүмкін.

Аудармасында роман желісінің анық көрсетілмеген жағдайлары бар. Соған аудармашы сөздерінің қолданылуы, олардың дәл таңдағаны да оқиғалардың түпкі мағынасын жеткізу – жеткізбейне бірден-бір себеп болып тұр. Мысалы:

Бір сөзім бар шалдуар  
Болмаса да тыңшысы,  
Бү күнде жоқ, соң туар  
Роман мен сыншысы [5, 65 бет].  
Слова заветные я в строчки превращу  
И первой ласточкой в свет их отпущу –  
Начну роман – ценители найдутся,  
Я с ними посмеюсь и погрушу... [6, 133 бет].

Осы бір-ақ шұмақтың мағынасына бар көңілімізді аударсақ, үлкен өзгешеліктерге тап боламыз. Екі тілді тең дәрежеде меңгермеген адам осы сәйкессіздікті ұсақ-түйек деп танылу мүмкін. Ал шын мәнінде, бұл сәтте лексикалық бірліктерді дұрыс таңдамағаны роман мазмұнын бұрмаланып көрсетеді. Сол себептен аудармасын оқып отырған адамның пікірі автор көзделген пікірдей қалыптаспауы әбден мүмкін.

Аудармада өлең жазу ырғағы, жолдарындағы сөз әрі қаріп саны бірдей емес. Бірдей келуі де міндетті емес. Және де кейбір шұмақтың мазмұны бір-екі жолға дейін қысқартылғандығын аңғаруға болады. Жоғарыда айтылған қасиеттері еркін аударма стиліне тән.

Мысалы:

Үйінен күндіз-түні ат кетпеген,  
Қонаққа, мырзалыққа жан жетпеген.  
Қазақ тұрсын, «начальник», «төрелер де»  
Қағысып «пожалуйте» етпеттеген.  
Саудагер жүрген-тұрған, қожа молда  
Жем үшін, тұрымтайдай қонып қолға;  
Қазақша барып тұрған жуан тұқым  
Үкімі жүріп тұрды оң мен солға [5, 68 бет].  
Тут казахи и русские – важные люди,  
Все торе, все начальники, говоря без затей.  
Все друг-другу – «пожалуйте» - говорят.  
Друг на дружку с вниманием достойным глядят,  
И хотя бескорыстие изображают,  
Поживиться хоть чем-нибудь каждый здесь рад [6, 134 бет].

Төмендегі үзінділерден авторы және аудармашының соған деген өзіндік (субъективтік) көзқарастарын аңғаруға болады:

«Кетті, - деп, -жесірімді алап қашап»,  
Сөз қылды Тасболат бай съез ашып.  
Жігітке көп мал кесіп айып салды,  
Барлық жұрт тентек қылып шуылдасып.  
Малына жігіт шылап сабыр етті,  
Сүйтсе де тым көп еді: батып кетті.  
«Қатыннан туған бала мәнікі», - деп,  
Садықтың дауласумен өмірі өтті [5, 74 бет].  
Но джигита поймали: «Вдову он украл!»  
Тасболат на совет аксакалов созвал.

Повинился джигит: «Мой ребенок у бабы».

Съезд старейшин калымом его наказал

За любовь – кабалой поплатился джигит

И в долгу с той поры, как в трясине сидит.

Жизнь его беспросветна в вечной борьбе с Салдыком,

Лишь у бедной вдовы о нем сердце болит...[6, 143 бет].

Автор болса, оқиғаны қалай болып жатқанын, оқиға қатысушысы ретінде суреттеледі, ал аудармашысы оқиға желісіне еш қатысы жоқ, сырттан жүріп жатқан кісідей баға беріп отырады деген сезім пайда болуы мүмкін. Сол себептен олардың романына, кейіпкерлеріне де беретін бағасы әрқелкі. Ал содан оқырмандардың шығарма қабылдауындағы алалдығы пайда болу ықтимал. Сондықтан егер оқырман роман мазмұнын және ар жағында не тұрғанын дәл түсінемін дейтін болса, онда ол міндетті түрде оның түпнұсқасын оқу керек.

Аудармасы оқу пайда тимейтін іс деуден аулақпыз. Дегенмен, қазақ қоғамына тән өзгешелігін сонан тауып алу кей жағдайда қиынға соғады, әсіресе, оқырман қазақ мәдениетімен, елімен таныссыз болса, тарихы, тұрмыс-тіршілігінен хабарлар болмаса, онда роман аудармасын жоғары бағала алмай, оны қатардағы әдеби туындыларға жатқызуы әбден мүмкін.

Сол себептен түпнұсқасын оқу – ең дұрыс нәрсе екеніне әр оқырман көзі жету керек.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мүтәлиева Р., Қажыбаева Г. Торайғыровтану: Дәрістер жинағы. – Павлодар, 2006.
2. Бұралқыұлы М. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мектеп, 2008.
3. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 1 том. - Алматы, 2011.
4. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 10 том. - Алматы, 2011.
5. Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. 2-т. – Алматы: Ғылым, 1993.
6. Торайғыров С. Стихи и поэмы. Перевод с казахского – Алма-Ата: Жазушы, 1989.

#### ТАБИҒАТТЫ ЖЫРЛАУДАҒЫ ДӘСТҮР РӘЛІ

О.С. ДОСАНОВ

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Табиғат құбылыстарын нақты көрсете отырып, ақын адам сезімін даму үстінде бейнелеп, табиғат көрінісін өзгеріс, әрбу үстінде суреттеген. Теніздің кеудесін тасқа соғып, арманына жете алмай өксуі, адамның іс-әрекетімен байланысты, табиғат құбылысы лирикалық қаһарманның өкініші, көңіл-күйі, жан-дүниесіндегі арпалысты ашып көрсетуге қызмет көрсетуі астарлы оймен берілген. “Табиғат лирикасын жасауда жинақтау мен даралаудың әсем гармониясы, ұсақ-түйек атаулыдан қашу, нәғұрлым заңды, мөңді құбылыстарға назар аудару тәрізді көркем өнерге тән ортақ заңдылықтар басшылық етеді” [1,110] - дейді әдебиетші ғалым Қ.Мәшһүр-Жүсіп.

XIX ғасыр әдебиетінен мысал келтірер болсақ, табиғаттың көркемдік ерекшелігін жырға қосқан – Дулат Бабатайұлы. Туған жерінің сұлу да, сырлы бейнесін ол мынадай көркемдік тұрғыда жеткізген.

Ақжайлау мен Сандықтас,  
Аққан бұлақ сай-салаң,  
Шытырман тоғай айналаң,  
Жоның жайлау кең далаң.

Табиғат тағдырын, табиғат сұлулығы мен түрлі қызықты құбылыстарын халыққа жеткізе білетін дарын иелері-ақын жазушылар

Ұлы Абайда табиғат құбылыстарын жансызға жан бітіріп-кейіптеу тәсілімен беру басты роль атқарса, осы үрдісті бұлжытпай жалғастыра, ақындар да табиғат көрінісін әркім өзінше суреттеуге тырысқан.

60-70 жылдардағы табиғаттың жырлануына назар аударсақ, ақындардың табиғатты жырға қоспай кетпегендіктерін көреміз. Әр ақын туған жер табиғат өзіндік ерекшелікпен шабыттана жырға қосқан. Табиғат құбылыстарының адам сезімін, әрекетін, қимылын, қылығын тауып ұқсатуы арқылы тілді құлпырта кейіптеуді қолдануы, ақындар шығармасының тілдік қолданысындағы тағы бір қырын танытқандай болды. Кейіптеу арқылы табиғат құбылыстарын жандандыра отырып, іс-әрекет, қозғалыс өндіру арқылы етістікті ұтымды қолданып оқырман сезіміне әсер етіп, тіл көркемдігін күшейте түскен.

**Ә.Тәжібаев**

Сырым менің, сырым менің сырласым,  
Алғам сенен Сырдай терең жыр басын.  
Ұшырғансың Алатауға мені өзін,  
Деп: «Биіктен Әбділдашым шырқасын!»  
Шырқадым ба, шырқай алмай жаттым ба,  
Таппадым ба, өз үнімді таптым ба?  
Қайтем оны қазір, достар, сөз етіп,  
Айтар өзі әділ жұртым уақытында.

Ақын Ә. Тәжібаев өзі туған елі Сырды үлкен шабытпен, құштарлықпен толғайды [55,23]. Туған жер, өскен ортасын сүйген, ақын жүрегінің бар отты бұлқынысымен құлай берілген адам бүкіл дүниеге ғашықтық көзбен қарайды. Туған жерге деген перзенттік махаббаттың балауса қалпында барынша тұнық көріне алатынында. Бұлайша ақ махаббатпен тілдесу – ақынның тұтас творчествосына тән қасиет.

Қ. Мырзалиевтің «Орман, орман сынсып тұрған, ой қалың» деген өлеңінде орман қалыңдығы «жықпыл-жықпыл», «ит тұмсығы өтпейтін», «сәуле өтпейтін түкпірі бар» деген сөздер арқылы көрінеді. Сондай-ақ, ақын өлеңінде лирикалық қаһарманның толғанысын өрнектеуі қазақ лирикасына қосқан жемісі:

Айдың көзі кеткен бе өзі қанталап?  
Үкі неге үілдейді?  
Зәнталақ?  
Қою тайға түнек түнде түнерген,  
Орман емес,-  
Тұрған ажал анталап...

Орман шытырманын суреттей келе, лирикалық қаһарман сезімі де қоса өрілген. Қ. Мырзалиев өзінің көптеген өлең-жырларын табиғат атты сұлулық әлеміне арнайды. Оның әрбір өлеңінен әрбір шумақ, әр тармағынан жерге, табиғатқа деген құштарлық сезімін байқауға болады. Ақынның “Құштарлық” атты өлеңі:

Әйтсеуір мен құмармын  
Өзен-көлге  
Әйтсеуір мен құштармын  
Көк орманға.  
Алып қашып көңілім нұрлы асуға,  
Асығамын майсаны бір басуға  
Әйтсеуір мен құштармын күбір-күбір  
Табиғаттың өзімен сырласуға. [29,354].

Көріп отырғанымыздай, Қ.Мырзалиев көңілі табиғатқа құмар, онымен сырласуға құштар жан. Ақын сұлу табиғаттың аясында жүріп оқшашан жасыл әлеммен сырласады. Оның әрбір өлең тармағынан табиғат-анаға деген өлшеусіз махаббаты көрініс беріп тұрады.

Қадыр өлеңдерінде көптеген экологиялық мәселелерді қамтыған. Соның бірі- “Ақша қар” атты өлеңде былай дейді:

Аяз сорған алқап анау боп-бозақ  
Ал шаһарда көк түтіннен жоқ мазан.  
Тиіп кетсең бұтағына қайынның,  
Мойынына сауылдайды ақ тозан. [29,350].

Бұл өлеңінде қаладағы экологиялық көріністер берілген. Көк түтін, шаң-тозаңның көптігі сонша қайынның бұтағына тиіп кетсең болды мойынына ақ тозан сауылдайды. Жалпы алғанда, Қадыр Мырзалиев өлеңдерінен табиғат экологиясы жайлы толғанысын көреміз. Осы тақырыптағы өлеңдері ізденген адамды бей-жай қалдырмайды, үлкен бір Табиғат атты тылсымға жетелейді.

**Т. Медетбек:**

Туған жерді аңсап жүрек тіліңер  
Жата алмаспын ондай кезде түнімен  
Сол бір сәтте жұлдыздары шаңғытқан  
Құс жолына түсіп алып жүгірем  
Шығамын да шырқау биік ұшып-ақ  
Жүгіремін құс жолына түсіп ап,

Лирикалық қаһарман сезімі, жұлдыздарға шомылуы, жылынуы үмітінің де жұлдыз болып жарқырап тұруы, айдың жолында шам болып жарық беру – т.б. көрінеді. Туған жерді аңсап жүрек тіліңуі, түн болса да ауылына жету үшін асығуы т.б. берілген.

М. Шахановтың табиғат лирикасына жазылған мына бір өлеңінің астарына үнілелік:

Небір асау, асығыс, шулы өзендер ақ тарлан,  
Ағып-ағып барған да, құмға сіңіп жоқ болған.  
Жолсыздық пен жөнсіздікті жалықат көз көрден,  
Құтқар анау өзендерді құмға сіңіп өлуден.

Жоғарыда берілген өлең жолдарынан ақынның өзенді асау өзен етіп суреттеуі арқылы өзендей арнасынан тасыған асқақ рухты ақын екенін танимыз. Бір жағынан алып қарасақ табиғат тал бесігін, аяласаң табиғатты аяла деген ой тастап тұрғаны да сөзсіз:

М. Шахановтың әр алуан тақырыпта жазылған шығармаларының көбі сюжетке құрылады. Ақын диалог арқылы өз бейнесімен лирикалық бейнесін ұштасырып өлеңге қандайда бір оқиғаны өзек ете отырып, өзінің ойын айтады. «Жайықпен жүздескенде» өлеңінің мысал келтірсек, ақын өзенмен сөйлесе отырып ішкі сезім иірімдерін ашып, халықтық проблемаларды көтереді.

Сәлем, ұлы Жайығым!  
Толқынына кім салмады қайығын.  
Кім шертпеді саған келіп шаттығын,  
Кім жумады саған келіп айыбын.  
Ғұмырында қозғалыстан танбадың,  
Заманалар қанатында самғадың,  
Ғасырлар мен ғасырларды жалғадың,  
Айтшы маған, бар ма сенің арманың?  
Қуат-күші сендегі ұлы дарынның  
Орталаса қайтер еді, Нарын құм?  
Жалыратып сен ашпасаң қабағың,  
Халі қалай болар еді даланың?  
Сен айнысаң мінезіңнен дағдылы,  
Солай болмақ қарт Каспийдің тағдыры?  
Жұрт көп еді атақ-даңқтан үмітті,  
Оның көбін қатал тарих ұмытты.  
Туған Отан мәңгі ұмытсын мені де,

Сендей өзен бола алмасам еліме!-деген бұл өлең жолдарынан ақын туған елін, жерін шексіз сүйетінін көреміз. Ақын өз үлесін титтей болса да, халқына бере алса ең үлкен құрметпен білген.

Ақын табиғат лирикасына жазылған мына бір өлеңінің астарына үнілелік:

Небір асау, асығыс, шулы өзендер ақ тарлан,  
Ағып-ағып барған да, құмға сіңіп жоқ болған.  
Жолсыздық пен жөнсіздікті жалықат көз көрден,  
Құтқар анау өзендерді құмға сіңіп өлуден.

Жоғарыда берілген өлең жолдарынан ақынның өзенді асау өзен етіп суреттеуі арқылы өзендей арнасынан тасыған асқақ рухты ақын екенін танимыз. Бір жағынан алып қарасақ табиғат тал бесігін, аяласаң табиғатты аяла деген ой тастап тұрғаны да сөзсіз.

К.Ахметованың шығармашылық жолына назар салсақ, ақын қаламнан туған шығармалар әр жылдары «Гүлім менің» (1975), «Сен жанымда жүрсен» (1977), «Сен менің бақытымсың» (1977), «Жапырақ жаздың жүрегі» (1979), «Мейірім» (1981), «Бұлақтағы жұлдыздар» (1982), «Жасыл жағалау» (1984) т.б. жинақтарына топтастырылған. Ақын өлеңдерінің тақырыбы әр алуан. Әр жылдары жарық көрген жинақтарының мазмұнына үнілгенде ең әуелі туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілікті, адамгершілік асқақ мұраттарды, перзенттік борыш пен парызды бөлекше нақыш, көркемдік айшықпен бейнелегенін көруге болады.

Талантты ақын Күләш Ахметова халқына деген сүйіспеншілікті, табиғат пен адам арасындағы қарым – қатынасты, махаббатты, достық пен адамгершілікті негізгі нысанға алып, қазақ поэзиясының көжкіегін кеңейтіп, ерекше еркін тыныспен, пішіндік, мазмұндық ізденістер нәтижесінде туған көптеген жыр жинақтарымен әдеби қауымның ықыласына бөленді. К. Ахметова өлеңдеріне тән ерекшеліктерді сөз еткенде, өмір мен уақыт өлшемін өзінше бағалап, өзгеше ой түйгенін айтқан жөн. Ақын өлеңдеріндегі ой тербелісі, сезімдер қақтығысы, жан-сезім тебіреністері лирикалық қаһарманның көңіл-күйі мен толғанысы арқылы суреттеледі.

Ақындық бөлекше бітім «Жасыл жағалау» жинағының кіріспесінен-ақ көзге ұрады:

Жазылған жырлар! Жанымың күйттай құстары,  
Жайлап жүрсіндер қайсы тұстарың?  
Сендерді көріп сүйсініп жүр ме достарым,  
Таңырқап жүр ме, табалап жүр ме дұшпаным?  
    Ұшырып едім ғой шартараптарға барсын деп,  
    Сендерден біреу керетін тауып алсын деп.  
    Ғимараттардың басына емес, өмірге,  
    Ғашық жандардың кеудесіне уя салсын деп...

Күйттай құстарым! Көмейлерінде жыр-ән бар,  
Жолдарың ауыр, арымай талмай шындандар.  
Күйттай құстарым құласаңдар да өтінем,  
Адамдардың тек жүргіне жетіп құландар![ 36, 3-б. ]

Осы қолтаңбадан–ақ Күләш ақынның өзгеге ұқсамайтын даралығы көрінеді. Өлеңдерін «қүйттай құстарға» балап, солардың қарапайым халық жүрегін орнықты орын алуын мақсат тұтады. Жүрегі нәзік сыршыл ақын екендігі көрінеді.

«Бұлақтағы жұлдыздар» өлеңі адам мен табиғат қатынасын, аспан асты, жер үсті көріністерін, күн мен түн байланысын, жұлдыздар сырын көңіл толқыны, жан-сезім тербелістері негізінде нанымды жеткізеді:

Жағасында шалған да, гүл де ырғалып,  
Жатқан бұлақ ақпайды тым бір қалып.  
Бүлк-бүлк қайнап толқиды, бұлтсыз түнде,  
Кұшағында жұлдыздар сынғыр қағып.  
    Тыныштықта тұнжырап тұрды ізгі аймақ,  
    Сұлу сурет мойнынды бұрғызбай-ақ.  
    Көздің жауын алады жарқ-жүрк етіп,  
    Жұмбақ толқын ішінде жұлдыз қайнап...

Тынымсыз аққан бұлақ – тынымсыз өмірдің бейнесі болып өлеңге көшкен. Ақын көңілі бұлақ пен адам өмірін үндестіре, жымдастыра бейнелейді. Өлеңнің өн бойынан алып – ұшқан көңіл, өршіл рух, риясыз тыныштықпен бірге көркемдік әдістін – реализм мен романтизмнің тоғысуының бір көрінісі. Туған дала, туған ел тақырыбы ақын шығармашылығының қунарлы бір саласы.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жүсіп Қ.П Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2007. - 440 б.
- 2 Мырза Әли Қ. Замаң-ай. -Алматы: Жазушы, - 1997. -352 б.
- 3 Ахметова К. Сен менің бақытымсың. – Алматы: Жалын, - 1977. – 80б.
- 4 Шаханов М. Мәнгүрттенбеу марсельезасы: Таңдамалы өлеңдер, балладалар, поэмалар, өлеңдер. -Алматы: Рух-дария, - 2008. -213б.
- 5 Молдағалиев Т. Шығармалары : 3 томдық. – Алматы:Жазушы, - 1990. - 432 б.

#### Ғ. МҮСІРЕПОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҚАРАПАЙЫМ СӨЗДЕР ҚОЛДАНЫСЫ

Р. О. ЖҰМАНБАЕВА  
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Ғ. Мүсіреповтің шығармаларындағы сөйлеу тілінің элементтері-қарапайым сөздер. Қазақ тілінің лексикалық қабатына бойлай келіп, қажетті тұста, олардың ұтымды пайдалана білген сөз қазынасын мол игеріп, оны айтар идеясымен ұштастырған қаламгер проза-сы тілінің бір шоғырын сөйлеу тілінің элементтері құрайды. Әр жазушының өзіне тән даралығы сөздерді белгілі бір мақсатта қолданылуынан көрінеді.

Қарапайым сөздер – ауыз екі сөйлеу тіліне тән. Ғ. Мүсіреповтің шығармаларындағы кейіпкер тіліндегі қарапайым сөздер, бірінші кезекте кейіпкер мінезін ашуға қызмет етеді.

Р. Сыздықова: «Нағыз жазушы кейіпкерін өздері беріп тұрғандай образға сай сөйлетеді. Кейіпкер сөзі оның бейнесін жасауға тікелей қызмет ететін көркемдік тәсілдің бірі болып саналады» [4, 47]. Мысалы:

- Бір пәжеден құтылдығың па десек, тұлқе сақтағаның тағы бар екен ғой! Көріңгенің көтіне кіріп көрген күнің құрысын да сенің! – Ақбала Отарбайға ұрса кірді үйге.

- Сен қатың жарық қарының не деп кеткенінді ұмытпа қалдың ба? Күлінді көкке ұшырамын демеді ме?

*Ол өз бетімен келген жоқ (25, 208).*

Кейіпкер тілінде қолданылған вульгаризмдер қаһарманның ашу ызысын ғана беріп тұрған жоқ, сонымен қатар, оның мінезінің шайпаулығын, дәрежелігін қоса аңғартады. Ауызекі сөйлеу стилін қолдану арқылы кейіпкерлерінің сөйлеу мәнерін, мінез ерекшелігін ашады.

*«Бір кезде Ақбала асығыс жүзіріп келіп:*

*- Бол ойбай, жылдам, ақын ағаңа екі ауыз сөз жазып бер... мыналар сені өлтіруге жыналып жатыр деп жаз... –деді Ақлима» (25, 207).*

*«Байеус-ай, қонағыңды жалғыз қалдырып, неге тынышқа алмай жүрсің? – деп сұрады Ақбала» (25, 205).*

*«Бұлай келе жатқандарынан әлдеқандай секем ала қойған сүнгеыла Ақбала қабағын шытып:*

*- Ақлима жұмысың болмасын... Жайыңа жүр... – деді Қайсарға» (25, 204).* «Еркебұлан баяу қозғалып, көз қырымен Ақбалаға ғана қос айтып, есікке қарай бет алғанда от басында отырған қоян жырық ашып тұрды:

*Қайда барасың?*

*Далаға шығам демедім бе?*

*Шықпайсың! Орныңа бар!*

*Жоқ, мен шығатын болармын.*

*Өй, Біржан әкеңнің аузың!...*

*Бұзау тіс қамшы құйрығын шаныш алып қайқайып барады» (25, 201).* Ақын тілінің шеберлігі, образ тудыра сөйлеуі, сол арқылы оқырманды тарта алады. *Бұзау тіс қамшы құйрығын шаныш алып қайқайып барады.* Сөйлемдегі тілдік құралдар арқылы қамшы жұмсалғандығы көрінеді. *Қамшымен бір ұрды, салып жіберді, қамшы сілтеді деген* сияқты сөздермен алмастыра болсақ, айтар ой солғын тартар еді.

*«Қоян жырық есіктен кірген бойы үйдегілерді түгендей бір қарап алды да:*

*- Аман ба, әй қатын - деді» (25, 198).*

*«Енді ол безбүйректі жанамалауды қойып, қадағалай соққысы келіп, көзін соған аудары бергенде, жиынның орта тұсы шу етіп көтеріліп кетті.*

*- Өй, арам без!*

*- Өй, бұралқы!*

*Жиын ереуілдей көтеріліп, лықсып – толқып, төмелің төбесіне қарай еңсеріліп келеді» (25, 193).*

*«Әй, сен! Тайшыбек қарақымы, не оттап отырсың? – деді әйел ірі денесімен оң жағына қарай еңсеріп бұрылып (25, 187).*

*«Тағашты азырақ қыжырттып алды, ақбөккендерге ұрысты, итеріне ұрысты, қалжыңдасты, енді өзіне ұрсары ғана қалғандай:*

*- Әй, сен көп оттап кеттің ғой, қойсайшы» (25, 147).*

*«Ойбой, сорлылар-ай – деді Айжан, сорлылар дегені ақбөкен екенін танып» (25, 146).*

Аталған мысалдарда кейіпкердің аузынан шыққан дәрекі, эмоционалды сөздер, яғни қарапайым сөздер шоғыры (**Өй, арам без!; Өй, бұралқы!; Ойбой, сорлылар-ай; көп оттап; не оттап отырсың?**), бүгінгіден, оның болмысын, адуынды, ұрысқак, көк езу, долы адам екендігін көрсетуге қызмет етіп тұр, екіншіден кейіпкердің ішкі сезімін, қатты ашу-ызысын беру мақсатында да жиі қолданылған. Автор қарапайым сөздерді қолдану арқылы сөйлемдердің экспрессивті-эмоционалды қуатын арттырып, айтар ойын оқырман көңіліне бірден нақты жеткізеді. Халықтық тілдегі фразеологизмдер де әдеби тілге жатпағанмен кейіпкер тілінде жұмсалып тұр. Тұрақты тіркес кейіпкер тілінің эмоционалды-экспрессивтік күшін арттырып тұр.

Ғ. Мүсіреповтің шығармаларында сөйлеу тілінің стильдік белгісін көрсетудің тілдік құралдардың қатарына *ғып, әкеп, дейім, боп, кеп т.б.* сөздер жатады. Бұл лексемалардың әдеби тілдегі көрінісі *қылып, келіп, деймін, болып, әкеліп, әкеліп түрінде болуы керек.*

*«Әр қашанда үркердей үйме-жүйме боп, әр ауылдың аз ғана қойы тұр да, ішінде ондаған ақ әскер жүр» (25,102).*

*«Айқала, көтер көкке дауысыңды, қызыл адам!-дейім қызыл адам» (25,77).*

*«Батыр мұңы неден болсады десен, сар қасқа ат құлағымен алысты нұсқап, жер тартып тұр екен ... Тартып көп кеттік! - дейді» (25,89).*

«Аяғым аузына тиіп кетті білем ...  
-Жесір қыздан жесір қатын жақсы деп ем, бақыр басыңды алтын табаққа салайын десем ... – деп телміріп отыр» (25,96).  
«Өзің отыршы сөзіңді тыңдағым кеп барады, - деді» [25,78].  
«Бармақтай ғып оран алаан үсті-үстіне соғып, будақтаған түтінді, әдейі көзіне қарай жсіберіп отырған сияқтамады» [25,58].  
«Борай соғып орай сітпек қалғанда, бір өнердің барлық қарын бір-ақ өкеп тастайды» [25,52].  
Автор сөзді қысқарту арқылы іске тез арада кіріскенін аңғарту үшін қолданады. Е.Жанпейісов сөйлеу тіліндегі сөз тіркесінің әдеби тіл аясындағыдан өзгешелеу, әр түрлі фонетикалық қысқартулар, синтаксистік ауытқуларға ұшырасып отырғандығын авторлық баяндаудан сырт кейіпкерлер тілі, яғни кейіпкерлердің әрқайсысының кезіне тән сөйлеу машығын сақтау қажеттілігімен түсіндіреді [5,264].

Жазушы прозасындағы стильдік мақсатта жұмсалған фонетикалық құбылыстардың қатарына дыбыстардың созылыңқы айтылуы жатады. Мысалы, «Содан кейін әндеріме асау жетер қосыла бастады».

«Күмістен құйғандай түп-тұтас ақ сақалы кеудесін жауып:

- Оқындар гдула! Ақ-ж, тфу!... – деп есіктен асыра түкіріп жібергенде, босағада отырған бала селк етіп,

- Азге ... Бесмелла рөсіре... рөсіре... рәтүрә рәрира! –деп, қоя берер едік... » (25,86).

«Ақлума қыңқ еткендей ғана дыбыс берді. Үй ішіне ыстық тер ісі бұрқ ете түсті.

- Ақлума!

- И-ң

- Ақлума деймін. Қалайсың бауырым?

- И-ң

- Қайсар, мазасын алмай бері кел!

Қайсар шымылдықтан жылап шықты. Өксіп, еңіреп, булығып жылады. Жақсы көреді екен.

Әттең, Совдеп дәуірінде кездеспегендеріңді қайтейін...  
-Ерке аға-ау, Ақлманы іздеп барайық дегеніңде қуанып кетіп өдім-ау!...

Қайсар солқылдап жылап, далаға шықты. Ақлума шың еткізіп тағы да дыбыс берді.

Шақырып жатқан сияқты, әл үстінде жатқанда әдет-ғұрыпты аттап кетсе несі бар? Еркебулан шымылдық ішіне барды.

-И-ң...

Кеудесі көтеріліп-басылып, демін тез-тез алып жатыр» (25,233).

Жалпы жазушы шығармаларында дыбыс үйлесімділігі жиі қолданылады. Негізін алитерация, ассонанс т.б дыбыстық қайталаулар поэзияға тән құбылыс. Прозада да қолданылып, айтар ойға нүқсан келтірмей, прозаның ырғақтылығын, өзгешелігін тулдрып, оқырманға әсерлілігін күшейтетін кездері болады. Ол да жазушы шеберлігіне байланысты. “ Дыбыстық анафораның үлгілері көркем прозада, көркем сөз, шешендік толғау, әссе сияқты жанрларда қолданылған кезде оларды жандандырып жібереді”[ 6, 18]. Ғалым Б.Шалабай: “Ғ. Мүсірепов – дыбыс үйлесімділігіне де айырықша көңіл бөлетін жазушы. Романда дыбыс қайталаулары да (аллитерация, ассонанс) жиі ұшырасады»[7, 68], дейді.

Мысал келтірер болсақ, «Екі көзінен жалп-жалп етіп, жсанып бара жатқан зеңгір көк жапырақтар жерге түсіп жатқанын көрді... Алишак жайласып, араласпай араз отыратын екі бай уделесіп қойғандай, Майқудың басына бүгін кешке жаақын қатар келіп құлады».

-Иә, айта беріңіз, –деп маңдайың қағып, таңдайып отырған Күреңқоз қожаса бұрғылды. Игілік ыңғайымен әруге үйреніп қалған топ, ол ежң қылмағанға елңдесіп қалғандарына ұялғандай болып...

«Дыбыстың қайталануы сөзге әсерін тигізіп, соның нәтижесінде олардың арасында тығыз байланыс орнайды. Дыбыстық қайталаманың негізгі стильдік мақсаты мәтіннің жағымды естілуімен ғана шектелмейді. Поэтикалық мәтіннің ұқсас дыбыстар арқылы берілуі оның эмоционалды бояуын әрлөңдіріп, өлең өрімінің мәнерлілігін де арттыру қызметін атқарады» [ 6, 17].

Қорыта айтқанда, көркем шығармаларында жазушы кейіпкерді сөз саптау мәнері арқылы түрлі көзқарастарды білдіреді, кейіпкер тілі арқылы оның образын жасайды, кейіпкер портреті де кейіпкер сөзі арқылы беріледі. Кейіпкер тіліндегі тілдік құралдар стильдік мәні жоғары, экспрессивтілігі, эмоционалдылығы басым тілдік тұлғалар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кәрімов Х. Қанатты тіл. Алматы 1995, 141 б.
2. Сыздықова Р. Сөз күдіреті. Алматы 1997, 224 б.
3. Сәрсекее Г.Ә. Р.Сейсенбаев шығармаларындағы кейіпкерді мінездеуші тідік-стильдік тәсілдер. Фил.ғыл.канд.дисс.автореферт. Алматы 1999.
4. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. Алматы 1994, 105 б.
5. Жанпейісов Е. Қазақ прозасының тілі. Алматы 1968, 264 б.
6. Шалабай Б. Көркем әдебиет тілін мектепте оқыту. Алматы 1984, 22-26 б.
7. А. Байтұрсынов. Әдебиет танытқыш. Шығармалар.-Алматы, 1989, 298 б.

ПРОФЕССОР М. ТОМАНОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТАРИХИ ГРАММАТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ж.Т. САРБАЛАЕВ

С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақ тіл білімінің тарихында профессор Мархабат Томанұлы Томановтың есімі ерекше құрметпен аталады. Себебі, ол бұл өміріндегі аз ғұмырында ғылымға көп еңбек сипіріп, артына мол мұра қалдырды. Әлбетте ғалымның ғалымдығы оның мұрасының молдығымен өлшеніп қана қоймайды, сонымен бірге олардың санасымен де анықталатыны белгілі. Мәселеге осы тұрғыдан келгенде профессор М. Томановтың еңбектері тіл білімінің зерттелмей тың жатқан салаларына бірінші болып негіз салуымен, тың да тосын ойларымен айрықшаланады. Бұл әрине, оның қазақ тілінің тарихына, қазақ тілінің грамматикасына, түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасына қатысты еңбектеріне тән қасиет. Қазақ тіл білімінің дамуына үлкен үлес қосқан осы бір аяулы ғалымның өмірбаяны мен ғылыми жолын осы салада ізденіс үстінде жүрген зерттеуші мамандар болмаса қалың көпшілік жақсы біле бермейді. Сондықтан да «ақырын жүріп, анық басқан», еш айғай-шусыз, атак-даңқсыз, оны өмірінің басты мұраты деп те танымаған, қарапайым ғана ғұмыр кешкен ғалымның өмір жолына қысқаша тоқталып өтудің еш сөкеттігі жоқ деп білеміз.

Профессор М. Томанов 1932 жылы ақпан айының 5-і күні Қызылорда облысының Қармақшы ауданында туған. 1954 жылы ҚазМУ-ды бітірген соң қазақ тілі кафедрасының аспирантурасына қалдырылады. Содан кейін сол кездегі Қазақ КСР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтында кіші ғылыми қызметкер болып жұмыс жасайды. Осында жүріп ол 1960 жылы «Қазақ тіліндегі мезгілдік қатынасты білдіретін сөз тіркестері» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды. Содан кейінгі өмір жолы, ғылыми-педагогикалық жұмыстары ҚазМУ-дің қабырғасында өтеді. Оған осында алғашында доцент, кейін профессор ғылыми атағы беріледі. Кезінде оның докторлық диссертация қорғауы да үлкен ғылыми айтыс негізінде өтіп еді, өйткені ол қорғаған тақырып қазақ тіл біліміндегі ең қиын да жана, тың мәселелерді қамтыған болатын. Ол қазақ тіліндегі тарихи морфологияның негізгі мәселелері. Міне, ғалым осы жайында өзіндік тың ой, келелі пікірлермен ғылым алдында өзін толығымен таныта білді.

М. Томанов өмірінің соңғы жылдарына дейін ҚазМУ-дың қазақ тілі кафедрасын басқарды. Ғалымның өмір жолын қысқаша түйіндегенде, олар осындай белестерді қамтиды.

Ғалымның артына қалдырған мол зерттеулерінің ішінде әсіресе қазақ тілінің тарихи грамматикасы мәселелеріне арналған еңбектері айрықша орын алады. Ол осы бір күрмеуі мол қиын салаға қазақ тілі мамандарының арасынан бірінші болып барды және осы тақырыпты түбегейлі игеру үшін өмірінің көп жылдарын арнады. Бір айта кетерлік жайт, тіл тарихының осы бір саласына профессор М. Томановтан кейін ешкім батыл барып қалам тартқан емес. Сондықтан отын аталған саладағы «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» деп аталған еңбегі бірегей әрі құнды еңбек болып табылады. Осы арада сөз болып отырған еңбектің кезінде тек қазақ тіл білімінде ғана емес, жалпы түркологияға қосылған сүбелі үлес деп бағаланғанын айта кеткен жөн.

Сонымен аталған еңбек қазақ тілінің тарихи фонетикасы мен тарихи морфологиясын жүйелі түрде және тұтас қарастырған бағалы ғылыми туынды болып табылады.

Тілдің белгілі бір дәуірдегі калпында талдау жасау ондағы құбылыстардың шығу тегін, өзгеру мен өркендеу заңдылықтарын жете білуді талап етеді. Тілдегі сөз таптары мен әр түрлі грамматикалық категориялар бірден қалыптаса қойған жоқ. Олар тілдің ұзақ замандар бойы дамуының нәтижесі. Сондықтан да тілдің грамматикалық құрылысының өн бойында алуан түрлі тарихи қатпарлар кездеседі, сыры жұмбақ құбылыстар жиі ұшырасады.

Әлбетте, тілдегі осы қатпарлар мен құбылыстардың сырларын оларға терең ғылыми анализ жасау негізінде, туыстас тілдердің материалдарымен салыстыру арқылы анықталады. Демек, тілдің даму

заңдылығы зерттелгенде оның қазіргі калпын қарастыру қаншалықты маңызды болса, тарихи даму тұрғысынан зерттеу де маңызды.

Зерттеу еңбек үлкен екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөліміне қазақ тілінің дыбыстық жүйесінің дамуының негізгі ерекшеліктері өзек етілсе, екінші бөлімінде тарихи морфология мәселелері байыпты әңгімеленеді.

Қазіргі қазақ тілі түркі тілдерінің қыпшақ тобына соның ішінде қарақалпақ, ноғай және өзбек қыпшақтарының тілдерімен бірігіп, қыпшақ-ноғай тобын құрайды. Сондықтан да қазақ тілі көне қыпшақ тілінің белгілі бір дәрежедегі мұрагері болып есептеледі.

Қыпшақ-ноғай тобына жататын осы тілдер түркі тілдерінің басқа топтарынан фонетикалық және морфологиялық ерекшеліктері жағынан ажыратылады. Ғалым қыпшақ тобындағы тілдердің негізгі дыбыстық ерекшеліктерін бөліп көрсетумен бірге, қыпшақ-ноғай тобындағы тілдердің фонетикалық айырмашылықтарына тоқталады.

Ғалым тіліміздегі дауысты және дауыссыз дыбыстар жүйесінің дамуындағы ерекшеліктерге жеке-жеке тоқталып, тын тұжырымдар түйеді. Түркологиядағы белгілі пікірлерді жинақтай отырып, солардың негізінде қызықты қорытындылар жасайды. Оларды жіктелудің принциптеріне тоқталады.

Ғалым дауысты дыбыстарды бір буынды түбірлерде талдай отырып, олардың сөз мағынасын айқындаудағы ерекшеліктеріне қатты көңіл бөледі. Сөздің бастапқы буынындағы дауысты дыбыс сөз мағынасын айқындайды. Мысалы: ал-әл, сал-сел, нан-нын. Бұл жағдай екі буынды сөздерде қайталанады. Таным- тыным, жарық-жырық, қатық-қытық т.б. дәл осындай жағдай дауыссыз дыбыстар жүйесінен де байқалады. Сөздің абсолют басында келген дауыссыз дыбыстар да сөз мағынасын өзгертеді: қашық-ғашық, күл-гүл. Осындай қызықты тілдік фактілер автордың екпін жайындағы пікірлерінен де кездеседі. Түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде де екпін әдетте, сөздің соңғы буынына түседі. Екпіннің соңғы буынға түсуі тіл тарихында ежелгі құбылыс емес. Көне түркі негіз тілінде екпін сөздің басқы буынына түскен. Өйткені, ондағы сөздер көбіне бір буыннан құралған. Олар қатаң дыбыстан басталып, қарқынды айтылған. Екпіннің соңғы буынға түсу сөздердің құрамы күрделеніп, жалғамалық дәуірі басталған кезеңде қалыптасқан. Бұл кезеңде соңғы буындар алдыңғы буынның сапалық ерекшеліктерін қабылдаған. Әуел баста екпіннің басқы буынға түсуі қазіргі қазақ тілінде мынадай фактілермен дәлелденеді: бұйрық рай тұлғасы қарқынмен айтылғанда немесе сын есімнің интензив формаларында екпін сөздің бірінші буынына түседі. Мысалы: қып-қызыл, сап-сары, жап-жасыл...

Тілдің дыбыстық жүйесінде болған басқа да өзгерістер мен ерекшеліктер редукция мен элизия, сингармонизм мен буын туралы жазылған тарауларда тілдік фактілер негізінде әңгімеленеді.

Енбектің екінші бөлімінде түбір сөз дамуының негізгі тәсілдері мен сөз таптарының дамуы қарастырылады. Зерттеуші белгілі бір тілдегі элементке тарихи барлау жасап, көне жазба ескерткіштері мен түркі халықтарының тілдерінен алынған материалдарды салыстыра отырып, байыпты зерттеу жүргізеді.

Ғалым түбірлердің дамуындағы синкретизм құбылысына ерекше мән береді. Өйткені оның тіл тарихына қатысты мәселелерді айқындауда ерекше маңызы бар. Зерттеуші түбірлердің дамуындағы негізгі ерекшелікті көрсете отырып көптеген көне, өлі түбірлер мен белгісіз қосымшалардың ізін табады.

Сөйтіп ғалым қазіргі тіл нормасы тұрғысынан бөліп жаруға келмейтін, жалаң түбірлер деп қаралатын сөздердің түбір мн қосымшадан тұратындығын айқындайды.

Тіл тарихындағы ерекшеліктер жалғаулар категориясының дамуынан да айқын көрінеді. Тілдің тарихи даму процесінде жалғаулар категориясының әр түрлі өзгерістерге түсіп, кейбіреулерінің қолданыстан шығып, өнді біреулерінің басқаша форма алып дамығандығы байқалады.

Мысал үшін септік жалғауларының дамуына тоқтайлаық. Қазіргі әдеби тіліміздегі септік формалары ұзақ тарихи дамудан өтіпті. Қолданыстан шығып қалған кейбір септіктердің тұлғалары тілден біржола ізсіз жоғалмай, кейбір сөздердің құрамында сақталыпты. Олар сөздің бастапқы түбірімен бірігіп «жана» түбір сөз құрапты.

Мысалы: кері, бері, сыртқары, сайын, тайлы, таяғы, ерлі-байлы, т.б.

Бұл сөздердегі –рі, қары барыс септіктің көне формалары болып табылса, –ын, –лы көмектес септігінің көне тұлғалары. Ғалымның ойынша, - лы сын есім тудыатын қосымша емес. Көне түркі жазба ескерткіштерінде көмектес септік мағынасында жұмсалып, «бірле» тұлғасымен жарыса қолданылған. Ын қосымшасы да көне дәуірде көмектес септік мәнінде жұмсалған. «Тілдің тарихи даму процесінде, - деп жазды автор, -ын қолданудан шығып, -лы азын-аулақ фразалық тіркестердің құрамында сақталған. Бұл қосымша өзінің бұрынғы грамматикалық мәнінен айырылып, лексикализацияланған».

Ғалымның түйінделулеріне қарағанда, тіліміздің көне дәуірінде сөз таптары бүгінгідей айын сараланбаған. Орхон-Енисей жазбаларында тек зат есім мен етістіктердің ара шегі айқын. Қазіргі

тіліміздегі шылаулар мен қосымшалардың арғы шығу тегі жеке сөздерге барып тіреледі. Бұдан сөз таптарының дамуы айқындала түседі.

Сын есімдердің дамуында да өзіндік ерекшеліктер байқалады. Қазіргі әдеби тілде негізгі сын есімдер тобында қаралатын сары, кіші тәріздес сын есімдердің түбір мен қосымшадан құралғандығы көрінеді. «Сары» сын есімнің ескерткіштердің тұлғасы –сарығ. Ығ онда сын есім тудыратын қосымша ретінде көзге түседі. Осы сөзді сарылу, сарғаю, сарғалдақ, сарғылт тұлғаларымен салыстырсақ, ортақ түбір «сар» екендігі шығады. «Кіші» сын есімін осы жолмен кішкентай кішкене сөздермен салыстырып бағайласақ, ортақ түбір «кіші» екені аңғарылады. Бұдан «сары», «кіші» сын есімдері негізгі сын есімдер емес, туынды сын есімдер деген қорытынды туады.

Ғалымның зерттеулеріндегі атап өтерлік тағы бір ерекшелік жергілікті диалектілерге қатысты. Зерттеуші жергілікті тіл ерекшеліктеріне үлкен мән береді. Оны тілдің тарихи дамуын айқындаудың бір жолы деп біледі. Жергілікті тіл ерекшеліктерінен тілдің тарихи дыбыстық және морфологиялық дамуының көптеген іздерін табады.

Қорыта айтқанда, зерттеуші ғалым тілдің даму жүйесіндегі заңдылықтар мен өзгерістерлі тұтас, бірегей түрде көрсете алған. Бұл енбекті ана тіліміздің тарихын зерттеуге қосылған құнды енбектердің бірі деп білеміз.

### «ҚАРАҒҒЫ ҚАЗАҚ КӨГІНЕ ӨРМЕЛЕП ШЫҒЫП КҮН БОЛАМ....»

Н. САХИТЖАНОВА

география пәні мұғалімі, №238 мектебі, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Тасарық ауылы

Мақсаты: Белгілі бір замандағы белгілі бір халықтың ақыны болғандықтан, өз халқының ұлы болған Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өмір деректерімен таныстыру, шығармаларымен өлең жинақтарын жас ұрпаққа насихаттау.

Қазақ өлеңінің тарихы қызықта ұзақ, әрі терең. Оны ойласан, көз алдына қазақ даласындай кең жайылып жатқан өлең – жыр дариясы елестейді. Суы мол, нәрлі бұлақтан бастау алған оған үлкенді – кішілі өлеңдер қосылып, арнасын үлкейтіп, кең айданға ұластырады. Асау тау өзендерінің толқыны іспетті күш халық жанының тереңнен нәр алған сол өлең жыр дариясына өлмес өмірдің күшін дарытып, буырқанта, бұрсанта көрсетеді. Толқын толастамайды, өйткені тарих сыры оң – жырға құмар халықтың сезімін, қиялымен, ойымен араласып жана бұлақтардың көзін ашады, сол арқылы дария суын молайтады. Осы жыр дарияны толтырған қазақтың халық поэзиясы ақын жырауларының есімі бүгінде айдай әлемге аян. Бұхар Жырау, Дулат, Махамбет, Шортанбай, Абай – барлығы да өз алдына бір – бір жыр дария. Олар үлкен дарияны құрап жатқан асау, арналы, сулы, нулы өзендер іспетті. Олардан кейінгі кезектегі қазақ жырының тарихымен тығыз байланысты есімінің бірі – Сұлтанмахмұт Торайғыров.

Сұлтанмахмұт өмірі, жасаған дәуірі мен шығармашылығы жайлы мәліметтер бізге жақсы таныс. Бәрінде білетін сияқтымыз. Дегенмен жалпы жұртқа беймәлім «ақын құпиясы» да аз емес-ті. Оның өмір сүрген ортасының күрделілігі мен қайшылықты сипаттары тудырған біраз туындылары жабық күйінде қалып келеді. Бүгін көне мұраларымызды түгендеп, қайта қарап жатқан заманда, Сұлтанмахмұтты қайта оқу қажеттігі де осымен байланысты.

Ақын өмір сүрген кезең – ХХ ғасырдың бас кезі – Ресей топырағындағы ең бір дүр сілкінісін азаттық үшін арпалыстың кезеңі болды. Бірімен – бірі қабаттасқан үш бірдей төңкеріс патшашылдық биліктің тас – талқанын шығарды. Отаршылдық езгінің әлсіреуе ұлттардың оянуын тездетті. Қазақ жеріндегі отаршылдыққа, әлеуметтік езгіге қарсы күрес те осындай жағдайда өрістеді. Бір жағынан патшаның отаршылдық саясаты еңсесін көтертпей, екінші жағынан феодалдық – патриархалдық мешуелік, қараңғылық шырғаған халықтың азаттыққа, рухани жаңғыруға ұмтылуы қаншалықты қажеттіктен туса, соншалықты сол кездегі тарихи жағдайдың сәттілігінен қолдау тапты. Оларды ұлт көсемдері – Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатовтар басқарды. Олар елдің дербес, тәуелсіз жолмен дамуына, мәдениет пен прогреске ұмтылуына жол салды. Сұлтанмахмұт осы идеяны жақтаушы болды. Ол туған халқың феодалдық кертартпа салт – сананың, қараңғылықтың езгі – жанышып отырғанын ашып көрсетер өткір, сыншыл өлеңдер жазы отырып, оларды ілгері ұмтылуға, өз тағдырын өзі жасауға қатысуға шақырды. Ұлттың азаттық жолындағы күресін үн қосты. Аталған ағаларының ізін еріп, қазақ халқының атар таң, келер жарық, сәле нұрды солардың есімдерімен байланыстырды. «Таныстыру» (1918) поэмасында «Дулатов, Байтұрсынов, Бөкейханов.... бірі – күң, бірі – шолпан, бірі – айым» деуінің де негізгі сыры осында болатын.

Белгілі бір замандағы белгілі бір халықтың ақыны болғандықтан, ол өз заманының, өз халқының ұлы болды.... Өз заманының дәрежесінде болды.

Сұлтанмахмұт 1893 жылы, 29 октябрь күні қазіргі Көкшетау облысының Қызылту ауданында туып, төрт – бес жасынан Павлодар облысының Баянауыл ауданында өскен. Ақынның арғы атасы – Торайғыр би ел азында аты аңызға айналған көптеген шешендік, билік сөздері халық жадында сақталған адам. Ақынның өз әкесі Әбубәкір аты ұмтылып, Шоқпыт, Шока атанған момын кедей шаруа екен.

Болашақ от ауыз, орақ тілді ақын алты жасында әкесінен оқып, хат таныды. Қара таныған баланы осыдан кейін кейде Шоқпыт өзі оқытып, кейде ауыл арасындағы моллаға беріп оқытып, баласын оқудан үзбейді. Болсада малға жарымадық, енді тек Сұлтанмахмұт білімге жарлы болма-сыншы деген тілек үстінде жүреді көзі ашық, көкірегі ояу әке. Сұлтанмахмұт 1902 – 1903 жылдары Әлгі деген моллада, 1904 – 1905 жылдары Тортай деген моллада, 1906 – 1907 жылдары Мұхан деген моллада оқиды.

Молдалардың ішінде Мұхан біраз оқыған, әдебиеттен хабардар, өзі де жядынан өлең шығаратын көңілінің желі бар жан екен. Ол араб ертегілерін казакша өлең етіп жазды; біреуді мақтап, біреуді мазақтап өлең шығарады. Оқушыларын казак халқының ауыз әдебиетімен, шығыс әдебиетінің ертедегі үлгілі әдебиеттерімен таныстырды. Ол кезде шығыс халықтарының назиралық жолмен жырланып, түрлі вариацияға ұшырап, казак даласына жеткен шығармалары мол болғаны мәлім. Ол шәкірттерін өлең жазуға қызықтырады, машықтандырады.

Дәріс беретін молдаға еліктеуші шәкірттің бірі – Сұлтанмахмұт. Ол Мұхан молдаға еліктеп он үш жасында өлең жаза бастайды. Тұңғыш жазған өлеңі – «Секілді өмір қысқа жарты тұтам» деп аталады. Тырнақ алды өлеңінде Сұлтанмахмұт өзін оқытушы молдалары, оқу туралы, ақындыққа талпынып жүргені жайында сыр айтады.

Сол кезде Баянауыл қаласында медресе ашылып, Сұлтанмахмұд 1908 – 1910 жылдары сонда оқиды. Молданың үйінде жатып оқыған Сұлтанмахмұт малай ретінде жүрді. Сабақтан босағанда су әкеліп, отын жарып, шөй қайнатады. Молданың малын күтеді. Жығылған үстіне жұдырық дегендей, өлең атаулыға жан қас өлең жазсаң теріс батамды беремін деп бала Сұлтанмахмұтты қорқытып ұстайды. Тәліміне қарай талапты бала бұл жылдары басылыңқы жүреді. Тұла бойы толған тұмар, мойнында дұғалық, аузында зікір, оқығаны намаз болады. Қари болам деп «Құранды» он үш парасына дейін жаттап алады.

1911 жылы Шоқпытқа көрші ауыл Нұрғали деген кісіні молдалыққа (бала оқытуға) жалдайды.

Нұрғали Троицк қаласында жанаша тәртіппен оқыған кісі екен. Ол қазақ, татар тілінде шығатын газет, журналдарды, әдебиет, пән кітаптарын алдырып оқып тұрады. Сұлтанмахмұт Нұрғалидан сабақ ала бастайды. Сол арқылы әдебиет, пән кітаптары мен газет, журналдарға қолы жетеді. Қазақ татар әдебиеттерімен танысады. Бала бойындағы бұла талант оянып, тіршілік анысын аңғара бастайды. Дүниенің мөнін, заман жайын барлайды. Содан кейін Сұлтанмахмұт бойдағы тұмардың жалғандығына, ескі оқудың кертартпалығына көзі жетіп, ескіден безініп, өрісіні жаналыққа - өнер – білімге шындап бет бұрады. Өлең, әңгіме жазуға ден қояды. Жанаша білім алып, қанағаттанған ақын бұл жылдары «Дін», «Сарыбас», «Соқыр сопы», «Оқу», «Кезек қашан келеді» секілді бір сыпыра өлең, «Зарландым» деген ұзақ әңгіме жазады. Творчестволық жол бастауында жазған өлеңдері мен әңгімесінде ақын секі оқу мен жаңа оқудың айырмасы, өнер – білімнің пайдасы туралы, дін байлық, кедейлік, еңбек жайында толғаған.

Жаңаталап үшін аздаған кеңестің өзі қаншалықты бағдар айқындауға жетеді десеңізші. Нұрғалидан бір жыл дәріс алған Сұлтанмахмұт еңді шетке кетіп, елдегі оқу оқығысы келеді. Үлкен қаланың біріне барып, іргелі оқу орнына білім алу, халқының қызметіне жарайтын азамат болу – Сұлтанмахмұттың бар ынта – тілегіне айналады. Асқар арман жетелеген ақын 1912 жылы ноябрь айында оқу ізден Троицк қаласына барады. Троицк медресесіне түскен, білімге ындыны келіп шөліркей жеткен ынталы шәкірті «іздегенім табылады, енді дегеніме жетем, халқыма жұлдз емес, ай емес, күн болам» деген ойға келеді. «Шәкірті ойы» атты өлеңінде.

Қаранғы қазақ көгіне  
Өрмелеп шығып күн болам.  
Қаранғылықтың көгіне  
Күн болмағанда кім болам?! –

- дейді ақын. Жапырағын жайған жас емендей, көңілін қуаныш көрнеп, толықсыған ақын ізденіп көп оқиды. Тебірең көп жазады. Оның «Оқудағы мақсаты не?», «Анау – мынау», «Қандай», «Зарлау», т.б бірсыпыра көлемді, көркем ойлы өлеңдері осы кезде жазылған.

Өкініші – Сұлтанмахмұт бұл медреседе көп оқи алмайды. Бір қыс оқыған соң, «аузың асқа тигенде мұрның қанар» дегеннің кебі келіп, көз ауруна ұшырап, медреседен шығып қалады. «Жығылғанға

жұдырық» дегендей, осы кезде жөтел пайда болады, өкпесін дерт шалғаны байқалады. Ақынның теңіздей толқыған көңілі басылып, жадап – жүлейді.

Көзі аздап жазылған соң, жазда Сұлтанмахмұт Троицк қаласының маңындағы елге бала оқытуға барады. (Ол кезде Троицк маңында қазақ қазақ ауылдары көп болған) Бұл елде жүргенде Сұлтанмахмұт көбінесе бала оқытумен, творчествоға өзіндік күшейткі кітап оқумен болады. Бірді – екілі өлеі және «Ауырмай есімнен жаңылғаным» деген әңгіме жазады. 1913 – 1914 жылдың қысында «Айкап» редакциясында қызметістейді. Сұлтанмахмұттың ойы толысып, өрісі кеңейген, әр өнерге бой ұрып, оның қасына болысын жетем деп сенген, шабыты тасқындап өлең, әңгіме, мақал дегендей әр жанрында өндіре жазған кезі – осы «Айкап» басқармасында қызмет істеп жүрген кезі. Ол «Қамар сұлуда» романын, «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан», «Өлең және айтушылары», «Қазақ ішінде оқу оқыту жолы қалай?» деген мақалаларын, көптеген өлеңдерін осы кезде жазды. Т «Қамар сұлуда» әйел теңсіздігі мәселесін көтере отырып, дөуір шындығын әлеуметтік тұрғыда талдаса, «Кім жазықты» романында ауыл өмірінің шындығын жан – жақты суреттей келе, қазақ халқының шаруашылық тұрғыдан дамымағанын талапсыздықпен шаруа қырсыздықты, жалқаулықты, алауыздықты сынайды. Т. Поэмма жанрынан жаңа арнада дамытады. Ол сюжетсіз поэмаларында өмірдегі сан түрлі мәселелерді кеңінен қамтып, ойшыл ой – түйіндерін бүкпестен, өткірде ашық насихаттауға тырысады.

1914 жылы күздігүні Сұлтанмахмұт Семейге барады. Мақсаты орысша оқу. Бірақ тағыда сөтсіздікке ұшырайды: тиісті мектепке түсуге білім жетпейді, кісі жалдап, керегін оқуға қаржысы болмайды. Қатты қысылады. Қорынады. Сонан кейін Қатонқарағай жағына оқытушы болып кетеді. Бұл сапары жөнінде Сұлтанмахмұттың өзі былай жазады: «Қатонқарағай кеткенім – ызғаға шыдамдым, ең шыны – күн көру үшін кеттім: қолымдағы қаражатым Семейде бір – ақ ай тұрға жететін болды. Семей қанша айтқанмен қалалы, сынды жер ғой, онда кем көрініп жүргенше, қазақ арасына кетейін деп ойладым».

1917 жылдың март айында, Россияда буржуазиялық – демократияшыл февраль революциясы болып, уақытша үкімет орнаған кезде, ел ішінде болу ойымен, Сұлтанмахмұт Торайғыров Семей қаласына келеді. Бір ойландыратын сауал: Сұлтанмахмұт февраль революциясын қалай түсініп, қалай қабылдады? Бірақ ұлтшыл – алашордашылар ықпалында Сұлтанмахмұт демократиялық-революциялық бағытты жақтады, саяси-әлеуметтік мәселелер жөнінде социалистік идеяға тіпті жуық, тамаша ойлар айтты. Мысалы, Сұлтанмахмұттың «Социализм» деген мақаласында оқу, мәдениет, ғылым, техника жайлы, қазақ халқының ілгері дамуы, мәдениетті ел болуы туралы сөз етеді. Ақын дүниедегі ғылым-білімді екі жікке айырып ұғалды: бірі-дәне азығы, екіншісі-ар азығы; дәне азығы техника, аразығы-әділдік деп ұғалды. Өзгеге солай ұғындыруға тырысады. Торығып жүрген кезінде, өз ауылында жатқанда Сұлтанмахмұт саяси-әлеуметтік, философиялық кітаптарды, социализм жайында соғыс, революция жайында көп нәрселер оқиды. Утопист социалистердің (Жан-Жак Руссоның, Шарль Фурьернің, тағы басқалардың), К. Маркстің, Ф. Энгельстің, Г.В. Плехановтың, Н. Г. Чернышевскийдің, В.И. Лениннің шығармаларын оқығаны байқалады. Бұл оқығандары Сұлтанмахмұтқа зор әсер етеді: білімін терендетіп, көзқарасын кеңейтеді; көп ой салады, күш береді. Бұл кезде ол Социализм деген мақала, Осы да әділдікте, неге жасамын?, Адам қанша өмір, Кедей, Өң бе, түс пе?, дауылдағы әбігер, Ғайса кім? деген шығармалар жазады.

Сұлтанмахмұт Торащыров, әлгі Шідертеді сырқаттанғанынан, ауырып жатып, 1920 жылы, 21 май күні, 27 жасында өлді, тіпті жастан көз жұмды. Қыршын кетті.

Қыршын кетуі үстіне Сұлтанмахмұттың осы қысқа өмірінің бәрі кемшілікте, мұқтаждықта, азапта, тартыс-күресте өтті. Жасынан жетім қалды, өгей ана қолына қарады. Кедей болды. Ішер асқа, киер киімге жарымады, оның шетке кетіп оқуға, кең білім беретін мектепке кетіп оқуға қаржысы болмады. Өлгі кемшілік пен мұқтаждықты, тән азығына да, жан азығына да тартуы оны ауруға шалдықтырды. Бірақ Сұлтанмахмұт мұның бірде-біріне қажып, мұнаймады.

Тұрмысқа үмітім көп женем деген,  
Женуге жігеріме сенем деген.....  
Менде жоқ, қажу деген, ашу деген,  
Тарығып болымсызға сасу деген,

- деп үнемі жарғақ құлағы жастыққа тимей, өнер, бақыт, шындық іздеумен болды. Өмір құлшыныс, күреспен өтті.

Сұлтанмахмұттың іздеген шындығы: халықтың дертіне ем табу, қаранғы қазақ көгіне өрмелеп шығып, күн болу, халықтың мұздаған жүрегін жібіту, көз жасын тыю, теңсіздікті, мұқтаждықты жою, сөйтіп халықты ерікті, мәдениетті, бақытты ету еді. Бұл шындықты ақын совет өкіметінен ғана табатын еді, де солай болды. Тек Сұлтанмахмұт өзінің бұл жолда істеген еңбегінің жемісін



өз көзімен көре алмап кетті. Өйткені Сұлтанмахмұт қазақ халқының Коммунистік партия мен совет өкіметінің, дендік ұлт саясаты негізінде, өз алдына ерікті, басқалармен дәрежесі тең ел болуынан Қазақ Автономиялы Советтік Социалистік Республикасының құрылуынан бұрын қайтыс болды.

Сұлтанмахмұт Торайғыров әдебиеттің әр жанрында жазатын қабілетті, талантты ақын-жазушы, ақыл оишы.

1926 жылы Сұлтанмахмұт Торайғырұлының сөздерін жинау науқанына ат салысыңыздар, деген ашық хатында Жүсіпбек Аймауытов: ақын елінің тілі ғой, адал туған ұлы ғой, бұлж-бұлж еткен жаны ғой, жанын жеген ары ғой, анта алмап жүрген зары ғой. Жаннан ардан безбесе, ақының қандай ел кастерлемесін деп жазған екен.

Сұлтанмахмұт шын мағнасында осы сөзге татитын ақын. Ол көп жабының бірі емес, от болып жанып кеткен, құирықты жұлдыздай ағып түскен тұлпар талант еді. Сондықтан Сұлтанмахмұт есімі қазақтың жыр-дариясын құраптын үлкең арналы өзенінің бірі болып қалмақ. Ол халық жүрегін көрметті орын алады.

Тарих жолында тағы да тезек теріп қалмадық десек, сұңғыла жыр сұлтананың тағылымдарына өлсін-өлсін оралып отырамық, қадірлі әріптестер!

### СҰЛТАНМАХМҰТТЫҢ СТИЛИ

А.Қ. ТҰРЫШЕВ

ф.ғ.д., ЖОО-ның профессоры, Мәшһүрғану ғылыми-практикалық орталығы,  
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

**Айт.** Өлең 1914 жылы жазылған. Төрт тармақты, бес шумақтан тұрады. 11 буынды өлең. Силлабикалық өлең өлшемін құрылған. Өлеңнің негізгі идеясы діни мейрам «айтты» суреттеу. Содан кейін, өлеңнің мәні мен мазмұны бай мен кедейдің тұрмысына арналған. Өлеңнің мазмұнынан бай, кедей және мұсылман өкілдерінің бейнесін көреміз. Ақын – мерекеге дайындалып жүрген: бала-шаға, жастар (жігіттер, қыздар, келіншектер), ата-ана, жоқа-мола т.б. әлеуметтік топтардың суретін жан-жақты ашқан. Мысалы: *киініп қыз, келіншектер жарқылдайды, шаттықта өңі ашыңқы бала-шаға, бұраң бел жас сөздемді есіңе ала, байлар да көрдеңдейді ашаң басып т.б.* Метонимия: *жамандық ой, дәретпен жып-жылытыр қып бетті жуып, дорба асылған, аштықтан өңі кеткен, есігі ашық т.б.* Этномәдени лексика: *бөйішек, сөздемді, сойған қой, қымыз, тиып, сөлде, он бес құлаш, сүрме, дорба, айт* кездеседі.

*Әдебиет: Сұлтанмахмұт Торайғыров. Сарыарқаның жаңбыры. Бірінші кітап. Алматы, «Жазушы» 1987 жыл –Б. 96.*

**Алғыс.** Өлең 1912 жылы жазылған. 1912 жылы ақын Троицк маңындағы қазақ аулына барып бала оқытады. Сонда қазақ ағайындарынан көрген жақсылығын өлеңге арқау етсе керек. Өлең екі шумақтан, он тармақты, 11 буынды. Бір шумағы алты тармақты да екінші шумағы төрт тармақты. Негізгі идеясы ағайынға алғыс айту. «Ағаларым» - деп отырғаны жалқының жалпысы – қазақ халқы. Өлең бата, тілек сияқты бағытта жазылған. Мысалы: *Бақ пен тақ, жақсылықтан нұр құйылып, Өмірлі болсын бала-шағаларың!, Бір құдай тілегімді қабыл етіп, Жақсылық нұр жауғызсын, жұртым, сізге – дейді ақын.* Құдай – ақын ұғымында жарылқаушы, жоғарғы ие. Алланың нұрын ақын, *нұр құйылысы, нұр жауғызсын* тіркестері арқылы берген. Сұлтанмахмұт Алланың нұры арқылы өзінің барлық берер жақсылығын, тілегін айтып салады. Ақынның жаны, төні, тілегі – жақсылық жасаған халқының үстінде, халқы үшін «жан пидә» дегенді мансұқ қылады. Халықтың ескіліктері *аға, іні, бақ, тақ* сөздерін орынды қолданған. Өлеңде: *көп тиді паналарың, төбем көкке жетті* сияқты фразеологизмдер де қолданылған. Кейде өлеңнің мотиві Адамжүсіптің «Ағайын» өлеңіне де ұқсайды.

*Әдебиет: Сұлтанмахмұт Торайғыров. Сарыарқаның жаңбыры. Бірінші кітап. Алматы, «Жазушы» 1987 жыл –Б. 70.*

**Арабшадан.** Өлең 1912 жылы жазылған. Өлең екі шумақты, сегіз тармақты, 11 буынды. Ақын ислам дінін насихаттап, «Арабшадан» *нәпсі, құдай, ашу, ақыл дәреже, қадір-құрмет* сияқты танымдық лексика таңдап алып, өлеңнің мазмұнын күшейте түскен. Адамжүсіптің: *«Нәпсіңді атқа мінгізбей бақ, Міне қалсаң, желдіртіп, жортқызбай бақ...»* - деген өлең жолындағы «нәпсі» дерексіз ұғымды деректі затқа айналдырып, *«нәпсіңді шұғылдандыр, жатпа босқа»* - деп суреттейді. Сұлтанмахмұт ұғымында «нәпсі» ол-ақыл, ашу. Ақын: *ашуды қой, серік бол ақыл – досқа – дейді.*

Егер «нәпсіні» бетімен қоя берсең (ақылды, ашуды-А.Қ.) *сені ол шұғылдандырып қылар шошқа* – деп өлтіре сынайды. Шошқа күрделі метафора. Шошқа – надан, найуан, ақылсыз адамдарға айтылатын жағымсыз сөз. Шошқа найуаннан, шошқа лексикасына айналған қазаққа сіңімді болып кеткен кірме сөз. «Нәпсісіз» адам «шошқа», шошқадан лас найуан жоқ, ит екеш ит те, қасқыр да шошқаға қарағанда анағұрлым қасиетті жақын ұғымдар. Шошқа адам *көңілі әуліккен, әуесі (С.Т.) судай толқыған, қадір-құрметі асқан, дәрежесі өскен бір құдайдан соңғы «мен»* - деген адам бейнесі. Шығарма философиялық тұрғыдан терең жазылған.

*Әдебиет: Сұлтанмахмұт Торайғыров. Сарыарқаның жаңбыры. Бірінші кітап. Алматы, «Жазушы» 1987 жыл –Б. 63.*

**Ауырмай есімнен жаңылғаным.** Өңіме. 1913 жылы жазылған. Шағын көлемді эпикалық жанр. Сюжеті әйел теңсіздігі. Қазақ аулының төңкеріске дейінгі ауыр тұрмысы. Басты кейіпкер Сұлтанмахмұттың өзі. Оқиға негізін өзін көрген білгенімен жазылған. Молдеке ол – Сұлтанмахмұт. Оқиғаның мазмұны мең, бірінші жақ арқылы өрбіп отырады. Мәнісі былай: 18 жастағы күйеуі өліп, кішкене балаларымен қалған, оның үстіне ер жетіп отырған бір ұлы қайтыс болған жас келіншек туралы. Жақын ағайындары өлті әйелді қайып атасының інісі санырау Жүсіпке бермекші. Әйелге зорлықпен әне суын іштіріп, нәкесін қиғызып әйел үстіне беруге қазақшылықпен дайындалып, шымылдық та іліп қойған. Әйел тұрмысқа шығуға қарсы болады. Әйел қайып атамның інісіне өлсем де бармаймын деп өлеңмен мұның шағады. Мұны естіп тұру Сұлтанмахмұтқа ауыр тиеді де су-муымен аяқты аспанға бірақ атып, үйден шыға қаады.

Әйел:

*Жазанды ақіретте құдай берсін,  
Жер болып жетім-жесір жылай берсін.  
Жылып бәрің бірдей мені жезген,  
Ел-жұртым, қалай ерсің, қалай ерсің?!*

– деген дауысы естіледі.

*Әдебиет: Сұлтанмахмұт Торайғыров. Сарыарқаның жаңбыры. Екінші кітап. Алматы, «Жазушы» 1987 жыл –Б. 198-202.*

**Көжеке, келдіңіз бе көңіл сұрай?** Өлең 1920 жылы жазылған. Бір шумақты сегіз тармақты, 10, 11, 12 буынды (сирек ұшырасады-А.Қ.) аралас. Айшықтаудың бір үлгісі – арнау үлгісінде жазылған. Оның ішінде сұрай арнауға жатады. Фольклор үлгісінде жазылған. Ақын бұл - өлеңінде Көжекене арнай отырып, жалпы жұртқа да мұның шағады. Олармен іштей кеңеседі. Ақынның «жаман» аурумен аурып жатқан кезі еді. *«Талапты жиырма сегіз деген жасым»* деген бір жолы талай зерттеушілерді әуре-сарсанға салды. Бұдан кейін, кейбір зерттеушілер ақынның 1893 жылы туғанына да күдікпен қарады. Өлеңнің мәні қожаның Сұлтанмахмұт аурып жатқанда көңілін сұрауынан басталады. Өлең шумағы қысқаша мынандай теориялық талдаудан тұрады:

3	4	5	
/Қөжеке/, /келдіңіз бе/ көңілім сұрай?/			-а
2	4	4	
/Менің/ адам болуым/ екі талай?/			-а
3	4	4	
/Көп болса/ бір жұмалық/ өмірім бар,/			-в
3	4	4	
/Байқашы,/ мына менің/ шамам қалай?/			-а
3	4	4	
/Дерт күшті,/ тамағымнан/ жүрмейді асым,/ -б			
3	4	4	
/Жастыққа,/ жөтел қысып,/ тимей басым/ -б			
3	4	4	
/Тағдырдың/ кездестім ғой/ кермесіне,/ -в			
3	5	4	
/Талапты/ жиырма сегіз/ деген жасым/ -б			

*Әдебиет: Сұлтанмахмұт Торайғыров. Сарыарқаның жаңбыры. Бірінші кітап. Алматы, «Жазушы» 1987 жыл –Б. 154.*

**Мұқышқа.** Мұқыш Поштайұлына арналған. Өлең 1915 жылы жазылған, 6 тармақты екі шумақты. Әр бунақты ырғақ арқылы ажыратамыз.

Мысалы:

*/Жарқыным,/ /мұның қай екпін,/ /Шыдамадың дәйекпен./*

/Отыз бес жыл/май алған,  
/Жатуға/жсайлап таянған/  
/Бір қу//мақұлық таңдапсың,  
/Шорманский паектен./

Троптын (құбылғудың) бір түрі кекесін, яки ирония (грекше *eironeia* – келемеждеу); тағы бір түрі – мысқыл, яки сарказм (грекше *sarkasmos* – маскаралау). Сұлтанмахмұттың бұл - өлеңі көбіне келемеждеуге құрылған. Мысалы: Шорманский паектен, казанский вогонге, тырнақша ішіндегі «тұлпардан», «сұңқардан» деген сөздер түгелге жуық Мұқышты ажуалауға арналған сөздер.

*Әдебиет: Сұлтанмахмұт Торайғыров. Сарыарқаның жасаңбыры. Бірінші кітап. Алматы, «Жазушы» 1987 жыл –Б. 123.*

**Сұлтанмахмұт және Төгісов. Т. Әбдірахманов мақаласы.** Мақаланың айтайын деген ойы Сұлтанмахмұт пен Көлбай Төгісов (Тоғысов-А.Қ.) «Үш жүз» партиясында болуы туралы. Оған түрткі болған Б. Кенжебаевтің «Сұлтанмахмұттың Көлбаймен бірігіп «Үш жүз» партиясын құруы»-деген сөзі еді. Жалпы, Кенжебаев Сұлтанмахмұтты алашорданың көрнекті басшысы болған жоқ дегенді де айтады. С. Сейфуллин кітабындағы «Үш жүз» партиясының тізіміндегі Сұлтанмахмұт басқа Сұлтанмахмұт Абылаев дейді. Сұлтанмахмұт Төгісовпен байланысы болмаған, Сұлтанмахмұттың «Үш жүз» партиясына ешбір қатысы жоқ деген мәліметті келтіреді. Мақалада Көлбай Төгісовтың кім екендігі жайында да қысқаша айтылып өткен. Төгісов заң қызметкері. «К. Найманский» деген бүркеншік аты болған. 1915 жылы Уфада «Надандық құрбаны» деген тұңғыш пьеса жазған. Ақтамберді мен Көкей ақынның айтысын жазып алған. Біздің ойымызша, Сұлтанмахмұт 1917 жылы 21 қарашада Ә.Бөкейхановты қарсы алып, құрметтеп сөз сөйлеген. «Алаш» партиясының ісіне белсене араласқан. Оған дәлел «Таныстыру», «Айтыс» (Қала ақыны мен дала ақының айтысы) поэмалары мен өлеңдері. Ал «Үш жүз» партиясына келетін болсақ, «Қазақ» газетінің 1917 жылы 26 қараша, 252 нөмірінде Міржақып (лақап аты «Мадияр») Дулаттың «Үш жүздің қулары» деген мақала басылады сондағы тізімде «Үш жүздің» атынан деп тоғыз адамның ішінде Сұлтанмахмұттың аты да бар екені рас. Бірақ, осы – Сұлтанмахмұт Сұлтанмахмұт Абылаев екендігіне күмәніміз бар. Мүмкін қазіргідей тізімге сыртынан іліндіріп жіберуі де ғажап емес. Не болмаса, «Алаштан» бойын аулақ салып, қызыл кенес дәуірінің алдауына түсіп қалуы да мүмкін. Сондықтан да Сұлтанмахмұт пен Төгісов жайындағы зерттеуді әлі де толықтыра түссе деген ойдамыз.

*Әдебиеттер: Төкен Әбдірахманов. // Сұлтанмахмұт және К.Төгісов. Жаңа ғасыр көзінде. Жазушы, -Алматы, 1969. -Б. 142-151. Б. Кенжебаев. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары. Қазақ мемлекет баспасы, 1958 жыл –Б. 115-119. С. Сейфуллин. Тар жол тайғақ кешу. Қызылорда. 1926 жыл –Б. 85-102.*

**Хадим**, ескі оқу. («Анау-мынау»). Өлең 1912 жылы жазылған. 13 шумақтан тұрады. Оның біреуі – бес, екіншісі – жеті, үшіншісі – екі шумағы алты, төртіншісі – он тармақпен жазылған. Көбіне жеті, сегіз буынды. Араб-парсы кірме сөздері: *хадим* (ескі оқу), *жадит* (жанаша, төте оқу) А. Байтұрсынов негізін салған жазу-А.Қ. *жадиттер* (жанаша оқитын балалар-А.Қ.), *ая* (ей) одағайы, *талип* (шәкірттер-А.Қ.), *милдет*, *несие* т.б. Гипербола: *ат-тоныңмен жұтады, аузына егер сыйсаңдар, арқаларында ызғар тұр*, Литота: *Көрген күнің болар тар, метонимиялық литота: қойындарында тастар тұр, мұңайып солып қыздар тұр*. Өлеңнің идеясы қазақтарды ояту, ұлттық намысын қайрау. Бұл – идеяның күні – бүгінге дейін маңызды жоймағанын айтуға тиістіміз. Қазақты басқа ұлттармен салыстыру арқылы бастарындағы азабын, бейнетін ашып көрсету. Негізін бұл – идея Абайдың «Қара сөзінен», Адамжүсіптен бастау алады. Жастарды оқуға шақырады. Дерексіз ұғымдарды: *көңілі соқыр, қойындарында тастар, жасты шіртікен иал сияқты сөз тіркестерін қолданады*. Сұлтанмахмұт **-түр** етістігі арқылы шумақтарды аяқтап, өлеңге өзгеше ренкі қосады. Өлеңнің соңғы тармағын: *«Ұйқысын аш, көңілін аш, Алға қарай барып қал!»* - деп ұранмен аяқтайды.

*Әдебиет: Сұлтанмахмұт Торайғыров. Сарыарқаның жасаңбыры. Бірінші кітап. Алматы, «Жазушы» 1987 жыл –Б. 59-60.*

**Халима**, кейіпкер («Жан қайда әділетті іздейтұғын»). Өлең 1909 жылы жазылған. 69 тармақтан тұрады. 11 буынды өлең ұйқасы бір қарағанда дамыту, градация (латынша *gradatio* – бірден – бірге күшейте беру) сияқты әсер бергенімен, оқи келе Е. Ысмайылов үлгісіндегі түйдектену мен баяулату үлгісі де ұшырасып қалады. Мысалы өлеңнің алғашқы 16 жолы -тұғын етістіктің көне формасы арқылы, алдыңғы сөзден соңғы сөзді, алдыңғы ойдан соңғы ойды, алдыңғы құбылыстан соңғы құбылысты асыра, асқақтата түсетін үдерістер, екпін мен ырғақ бар. Айталық, *іздейтұғын, көздейтұғын, үзбейтұғын, сезбейтұғын, кезбейтұғын, безбейтұғын, езбейтұғын, жүзбейтұғын,*

*дейтұғын етістіктері.* Өлеңнің сюжеті өлеңнің аты айтып тұрғанындай «әділетті іздеген адам». Такырып мәңгілік сұрақты мәселе қылып көтерген. Сол әділеттілікті іздеу жолында ақын, түрлі мағыналы қазақтың не бір әсем, маңызды, ойлы сөздері арқылы беруге тырысқан. Ақынның тіл шеберлігі осындай көрінеді. Антонимдер: *тірлік-өлген (С.Т.), әділет-арамдық*, тұрақты тіркес: *күдеріңді үзбе, арам ойдың, шайтан азғырса, арамдық теңіз, мылжың сөзді, ақтық жол тең басқан төрт аяғын, теңіздей өлем, бата сөз, суша ағызып, соқыр сезім, албырт көңіл ішінде ит өлігі, жүрек сыры, кім тіптіңі оның ішін, мал жанды, пұшақты ұқалаған, көзін жұмып, түнде жортқан, сырты сенде т.б.* Мәні мен мазмұны мынада: Басқы шумағы әділеттілікті іздеген жанның мұны айтылып келеді де, әділетсіз молдаға ойысады. Молда кедей мен момын түсетін тор болар дейді ақын. Жалпы, ел ішіндегі «молданың айтқанын істеме, істегенін істе», «дүмше молда ел бұзар» - дегенді мансұқ қылады. Одан кейінгі ой-мазмұны қызға ауысады.

Сұлтанмахмұт қыздың суретін:

*Соның бірі Халима молда қызы,  
Бетке шықпай көмілген жүрек сызы.  
Бай таңдамай, мал таңдап, неке бұзған,  
Бұйырмай баталығы, дәмі-тұзы*

– деп, қыздың дертін, жолы болмаған махаббатын ашы болса да нақты ашады. Сайқал Жақып ебін тауып, қыздың басын дуалап, айналдырып, бетін ашқан. Балалығын бұзған Жақып сияқты жігіттер қазір де қаншама қыздың сорына, обалына қалып, зарлатты десеңізші. Содан Халима қыздық белгісінен бар абыройынан айрылып, іші бос қалған. Мінекей, ақын осы – тетікті дәл тауып, дөп басып **«бетке шықпай көмілген жүрек сызы»** – деп өлтіре сынады. Бұл – қасірет жалғыз Халиманың басындағы қасірет емес, мыңдағын қазақ қыздарының да жазылмас жарасы еді. Қазақ қыздарының кейбірі осы себепті де опық жеп, алданып, ашынып, барар жер, басар тау жоқ **«тесік моншақ жерде қалмас»** кара нәсілді зенгілерге, шүршіттерге тұрмысқа шығып кетіп жатқаны да өкінішті-ақ. Және де беті ашылған қызды алған жігіттің де өмірі өкінішпен өтер еді. Ақын **Халима** қыз арқылы, бай таңдамай, мал байлық таңдаған Халиоладан артық көріп, малды, өңсіз, сұр Жақыпқа тұрмысқа шыққан қыздың бейнесін суреттейді. Халима ел ішінде қанқу сөзге іліккен, ойнасты тәуір көретін қыз. Оны ақын: **«Қыз гөй деп оялаушы едік көріп сырттан, Шықты гөй қатып болып елді құртқан»** – деп суретін келтіреді.

Осындайда Абайдың:

*Шу дегенде көрінер сулу артың,  
Көбі көпшіл келеді ондай қаныық,  
Бетім барда бетіме кім шығар деп,  
Кімі паңдау келеді, кімі тантиқ*

– деген ойымен үндеседі. Сұлтанмахмұттың бұл – өлеңі әлі де болса құндылығын жойған жоқ. Қазіргі ел ішіндегі келеңсіз көріністерді аямай өшкере етеді. Бұл – ақынның көрегендігі. Елің, қазақ халқың жаман әдеттен сақтандыратын шығарма болып табылады. Ең соңында ақын пәк махаббатты жақтайды, ту қылып көтереді. Мысалы: **«Сүйскен махаббаты одан жақын»** - дейді.

*Әдебиет: Сұлтанмахмұт Торайғыров. Сарыарқаның жасаңбыры. Бірінші кітап. Алматы, «Жазушы» 1987 жыл –Б. 37-38.*

**Байбол**, әдеби кейіпкер. «Кім жазықты» романынан. 1914-1915 жылдары өлеңмен жазылған роман. Өлеңмен жазылған романның қысқаша мазмұны мынандай. Тасболат жұрттан асқан бай, он бес жыл болмыс болған, Меккеге барған. Тасболаттың ағасы Жақып мырза онша дәулетті емес орташа бай. Тасболат орыс тілін білмейді, не баласы да оқымаған, сондықтан тіл білмесе болыс сайламайтын заң шығады. Тасболат Жақып ағасының баласы Жақанды болыс қояды. Жақан жағынып, болыстыққа кандидатты әрең алады. Тасболат не өзі орысша білмейді, не баласы орысша білмейді болыстық басқа біреуге кететін болған соң амалсыздан Байболды болыстыққа қоюға, сайлауға мәжбүр болады. Болыс болған Байбол орысша сауатты екі тілді де жүйірік біледі, оқыған адам.

Ақын оны:

*Оқуды іздеп еді Байбол жаста,  
Мөз болмай, Жақанға еріп, ішер асқа;  
Жасы жас, семинарияға былтыр кірген,  
Өтірік «приговормен» толды жасқа*

– деп суреттейді. Байбол Тасболаттан да оның ұлы Жақаннан да асып кетеді. Ел ішінде беделі өседі. Байбол шу дегенде болыстықты жақсы көрмеді. Оқуды аңсады. Тасболат жай сөз арасында ғана жаны ашпағаны: **«Қонақ кут, оқып не бар саған!»** дейтін. Жақан өліп, Тасболат бір баласы Әжібайды орыс оқуына оқытып еді. Сол баласын Байболдың орнына болыс қылмақшы болып, әрекет іздейді. Ел ішінде

катыны көп бір бай өліп, ол Қарт деген баймен араз болған. Араздық малдан басталған, өлген байдың ағайындары Қартқа азуын басып жүрген. Өсектеп, күн мал даулаған. Бұл үлкен дауға айналған, басқа елдің жақсылары осы істі басамыз деп қолға алған, тек қана болыс Байбол ғана араласпаған. Осы істен кейін болыс сайлауында Әжібай жеңіп, болыс болады. Байбол ағайындарын тындаймын деп достан да, жақыннан да айрылады. С. Сейфуллиннің: «Шырқайшалар шіркін тауық қолыңдағы жеміңе» – деген сөзі еске түседі. Байбол шөбін жинап, малына қарап, жүре береді. Ел ішінде ұры-қара көбейеді, дау-дамай өседі. Байбол ізденіп, Омбыға барады. Әжібай Құлтай деген қызын Керейлерге беріп, және үш қызын оңды-солды тұрмысқа беріп ауқаттанды, малды болды. Болыстықты қайыра алды. Бірақ та Әжібайдың өзінің істегенін баласы Қабыш жалғастырды.

*Әдебиет: Сұлтанмахмұт Торайғыров. Сарыарқаның жаңбыры. Екінші кітап. Алматы, «Жазушы» 1987 жыл –Б. 129-182.*

**Жақып**, кейіпкер («Жан қайда әділетті іздейтұғын»). Өлең 1909 жылы жазылған. 69 тармақтан тұрады. 11 буынды өлең ұйқасы бір қарағанда дамыту, градиация (латынша gradatio – бірден – бірге күшейте беру) сияқты әсер бергенімен, оқи келе Е. Ысмайылов үлгісіндегі түйдекеу мен баяулату үлгісі де ұшырасып қалады. Мысалы өлеңнің алғашқы 16 жолы –тұғын етістіктің көне формасы арқылы, алдыңғы сөзден соңғы сөзді, алдыңғы ойдан соңғы ойды, алдыңғы құбылыстан соңғы құбылысты асыра, асқатқата түсетін үдерістер, екпін мен ырғақ бар. Айталық, *іздейтұғын, көздейтұғын, үзбейтұғын, сезбейтұғын, кезбейтұғын, безбейтұғын, езбейтұғын, жузбейтұғын, дейтұғын* етістіктері. Өлеңнің сюжеті өлеңнің аты айтып тұрғанындай «әділетті іздеген адам». Тақырып мәңгілік сұрақты мәселе қылып көтерген. Сол әділеттілікті іздеу жолында ақын түрлі мағыналы қазақтың не бір әсем, маңызды, ойлы сөздері арқылы беруге тырысқан. Ақынның тіл шеберлігі осындайда көрінеді. Антонимдер: *тірлік-өлген, әділет-арамдық, тұрақты тіркес: күдеріңді үзбе, арам ойдың, шайтан азғырса, арамдық теңізі, мылжың сөзді, ақтық жол тең басқан төрт аяғын, теңіздей өлем, бата сөз, суша ағызын, соқыр сезім, албырт көңіл, ішінде ит өлігі, жүрек сырлы, кім тіпті тіпті оның ішін, мал жанды, пұшақтық ұқалаған, көзін жұмып, түнде жортқан, сырты сенде т.б.* Халима өзін сүйген жігіт Халиолланы менсінбей Жақыпты тандайды. Жақыпты Сұлтанмахмұт малды, қара сұр, тапал бойлы, баққа құмар, арам ойлы адам бейнесінде суреттейді. Халиманы Жақып алдап, өзінің арам ойын жүзеге асырған. Екі жүзді, М.Өзезовтің қызды зорлаған жағымсыз бейне – Ақан болыс сияқты зұлым.

Сұлтанмахмұт:

*Халиоладан Жақыпты артық көріп,  
Сүйгені таң қаламын қандай пішім.  
Қара сұр адам еді, тапал бойлы,  
Мал жанды, баққа құмар, арам ойлы*

– деп Жақыптың суретін өлеңмен келтіреді. Бұл арада ақын, Жақып сияқты қыздың абыройын аяқ асты қылып, екі қабат етіп, алдап тастап кететін алаяқтарды ашына жазады. Қазақ елі осындай қулардан «қызығын қулар көріп, шыжығын адалдар көретін» жауапкершілігі жоқ, жігітсиямақтарды өлтіре сынайды. Бұрынғы заманда қойнына қыз салып, тұқым алып қаламыз десе де жөйтпен қолымен бір тартып «асыла пышағымды, б... былғамаймын» дейтін Олжабай батырлар қайдан тұсын. Сұлтанмахмұт Жақып сияқты жігіттерден аулақ болуға, ұлттық намысқа кір келтіретін, санасыздарға қатты соққы береді. Қазақтың дала занында ойнас жасаған қызға да, жігітке де жаза қолданып, өлтіріп те жіберген. Қодар мен Қамқаның өлімі т.б. еске түсіріңіз. Сұлтанмахмұт та дала занының бір көрінісін былай суреттейді:

*Қаладан ойнас байын білу керек,  
Басына, қолға түссе, міну керек.  
Өгізге теріс міңгізіп, ел қыдыртып,  
Мойынына құрым киіз ілу керек*

– деп жазды ақын «Кім жазықты?» романында. Осындай ұлтты азғындықтан сақтайтын, келер ұрпақтың «ұмайды» таза пәк болуын қазақ заңы қатал қадағалаған. Ерекше заң шығарған. «Күн» ар алдында кешірілмес, ауыр қылмыс болып саналған. Өйткені, «күннәнің» жүгін кейінгі ұрпақ көтерген. Ата-анаға, қала берді күллі руға намыс әкелетін жаман әдетті ақын-жазушылар үнемі жырға қосып, жазып отырған. М.Өзезов «Кім кіналі?»– деген әңгімесінде Жақыптың Ғазизаға айтқан: «Бұл күнге шейін алам десем, сені қыз деп жүрген шығармын. Бүгін қатын екеніңді білген соң, маған да қара тиынға керектің жоқ!» – деп, қатты ұрып, сабайды да Ғазизаны үйден іш көйлегімен ғана қалдырып қуып шығады. Сұлтанмахмұт Жақыптың іс-әрекетін суреттей отырып, «жақсылықты үйрен, жаманшылықтан жирен» – дегенді баса айтады.

*Әдебиет: Сұлтанмахмұт Торайғыров. Сарыарқаның жаңбыры. Бірінші кітап. Алматы, «Жазушы» 1987 жыл –Б. 37-38.*

**Жаңыл**, әдеби кейіпкер. «Кім жазықты» романынан. Жаңабылдың қызы Жаңыл Әжібайдан жасы үлкен. Тасболат Әжібайды бес жасында, он бірдегі Жұмағұл байдың қызы Жәмиләге айтырып қойған. Әжібай Жаңылды Жәмиләдан бұрын алады.

Ақын Жаңылды:

*Ақылы аз Жаңылдың да оңып тұрған,  
Мінезі құстай ұшып, қонып тұрған.  
Сүйегі тым бос емес, іске тәуір,  
Парықсыз дарақылау, бойы бұлғаң*

– деп суреттейді. Жаңылдың үстіне Жәмиләны да Әжібай әкеп кіргізеді. Үш-төрт жылдан соң Жаңыл бір бала табады. Жаңылдың бетінде жасында шешектен қалған дақ бар, ұсқынсыз болады:

*Жаңылдың түскен жылы шешек шығып,  
Бет-аузын кетіп еді бұжыр қылып.  
Фельдиер әкеп жасында ектірмейді,  
Демеді: «Бақса өмір қармалайын».*

Әжібай қалада қылдырып үйіне келсе, Жаңыл бесіктегі баласын тастап төркініне қашып кетіпті, Бірақ, кейіннен төркіні «өз еркің ұрса, ұрысса» деп қайыра әкеп тастайды. Әжібай Жаңылды күнде сабайды. Әйелдің қызығына тоймаған Әжібай тағы бір қызды екі қабат қылып тастап кетеді. Жаңыл қыз тауып, оның атын Құлтай қояды. Оған Керей елінің жігіті қарғыбау (қарғыбау-«Ұлбике» өлгенде күйеуін басыбайлы құл ретінде құнына беріп жібереді-А.Қ.) беріп, құда түсіп, басын байлайды. Жаңылды шешем дейтін жалғыз Құлтай ғана. Әжібай Керей елі көп мал берген соң қызы Құлтайды ұзатып салды. Одан кейін тағы үш қызын тұрмысқа беріп, қатты байып кетті. Үш қатын күнде төбелесіп, бірінің бірі шашын жұлып, басын жаралды. Әжібайдың мұны көріп еті өліп кетеді. Жаңыл мен Зықыш өле-өлгенше өш болады. Зықыш пен Әжібайды татуластырған Әнуар мен Құлтай еді, оны Жаңыл көре алмай, іш күсамен жүреді. Олардың балаларына да алаңдайды. Қабыш сияқты тағы бір Әжібайдың өсіп келе жатқанына налыды. Сұлтанмахмұт қазақтың әйел үстіне, әйел алған күндес заманды суреттейді.

*Әдебиет: Сұлтанмахмұт Торайғыров. Сарыарқаның жаңбыры. Екінші кітап. Алматы, «Жазушы» 1987 жыл –Б. 129-182.*

Зылиха (Зықыш), әдеби кейіпкер. «Кім жазықты» романынан. Әжібай Жаңыл Жәмиләдан соң бір қызды екі қабат қып тастап кетіп, бай жердің қызы Зылиха (Зықышты) алады:

*Қыздың аты Зылиха (Зықыш) еді,  
Әжібай шат, таптым деп, өзі теңді.  
Өткір, тысық, айыбы - оте надан,  
«Әжібайды билер-ақ» деп халқы сенді.*

Басында Әжібай мен Зықыш тату-тәтті өмір сүрді. Әжібай, Жәмиләға да, Жаңылға да бармады. Зықыш ол екеуін күндеп жүрді. Күндестің күлі де күндес деген шыңға айналды. Әжібай сол баяғы желбастығын қоймады. Үйге келгенде қатындарына әңгір таяқ ойнатты. Әжібай жоқта Зылиха жігіттермен көңіл қосып ойнас жасады, оның бұл ісін Жаңыл көріп қояды. Зықыштың содан былай құты қашып кетті. Ұрының арты қуыс деген осы болды. Зықыштың іші білінген сайын, Жаңылдың жаны кірді. Бір күні Зықыш босанып, жана туған баласын ішімен басып, жатып алып тұншықтырып өлтіреді. Оны көрген кемпір баланы алып, далаға апарып қарға көміп тастайды. Зықыш қотыр бұзау, арық-тұрақ жататын, сасық жерде жатады. Есіне баяғы Әжібайдың күйдім, сүйдім деген сөзі түседі. Қателікке өкінеді. Әжібайдың босағасында ит құрлы жоқ, берген жуындыны ішіп, күнін көреді. Әжібай қатты сабап, аузын қан қылып, күрек тісін түсіреді. Жәмилә Тасболатты күткіп, уақыт өткізеді. Жаңылға Әжібай мүлдем қарамайды. Зықыш бір баласымен әуре болады. Кейіннен Әнуар мен Құлтай Әжібай мен Зықышты татуластырады. Зықыштың ішкен-жеткені бойына жұғып қайта онала бастайды. Бұл – Жаңылға ұнамайды. Мінекей, осылай күндес әйелдердің өмірі жалғаса береді. Бұл оқиға әлі де құндылығын жойған жоқ, әсіресе, аяғы ауыр болып қалып, баласын тастап кететін «көкек» қыздарға да қатысы бар.

*Әдебиет: Сұлтанмахмұт Торайғыров. Сарыарқаның жаңбыры. Екінші кітап. Алматы, «Жазушы» 1987 жыл –Б. 129-182.*

**Қошу**, (1914) өлең. 10 шумақ, бір шумақ екі жолдан тұрады, екі жолы жоқ. Өлең 1914 жылы жазылған, 11, 12 буынды, аралас ұйқас. Өлеңнің айтайын деген ойы. Қыстайғы қыстауда отырған кедейлердің бейнесі. Мал қораларының маңы күрелмеген сасып жатыр. Көшуге дұрыс арбалары, жіптері де жоқ. Арбасының дөңгелектерін қоранын ішін бөлу үшін қойған. Көшпеске амалдары жоқ, өйткені келесі жылға шабындық керек. Манайдағы құл-қоқысын көшуге асығып, жеңіл болу үшін, жұмыс істемей, жерге көмбей-ақ, жеңіл көнмен жаба салған. Снырларын арбаға жегіп, қайбір оңған арба оның өзі қираландап, жолшыбай сынып, бейнет көруде. Байлар қатындарын сабап, бала

шулап, ит ұлып, сиыр мөңіреп, бота боздап ауыл азан – қазан. Кедей ауылдың байы да оңды емес, шаруға қыры жоқ. Қазақ ауылдарының сыйқы осы. Мына 3 бунақтар бір – бірімен ырғақ тауып, ұйқас арқылы үндесіп, жымдасып жатыр.

3 5 4  
Елжіреп/ қардың көңілі/ өкпек желге/ -а  
3 4 4  
Жер жібіп/ және тойып/ аққан селге./ -а  
3 4 4  
Күн сайып/ күн күркіреп./ көк дүркіреп./ -б  
3 4 4  
«Көш» дейді/ қыстай сасып/ жатқан елге./ -б

Өлеңде дерексіз ұғымдар эпитеттің орына қолданылады: *елжіреп қардың көңілі өкпек желге; күн күкіреп, көк дүркіреп;* Метонимия: *нашарлар көлік үшін жүріп қойған;* Өлеңде сөз тіркестері: *коштің қамы, шықса да ұлан қыстай, бел жіп, кош жүре келе түзелер.*

*Әдебиет: Сұлтанмахмұт Торайғыров. Сарыарқаның жаңбыры. Бірінші кітап. Алматы, «Жазушы» 1987 жыл –Б. 39-100.*

**Қазақ халқының діни наным-сенімдері** (С.Торайғыров шығармаларында келтірілгендері бойынша). «Қамар сұлу» романында Қамардың Бәйтек молда боқшасынан «Құласатіл масалін» алып: *«- Қана! Дастархан, теке... су, күміс салу керек... куә, - деп белсеніп, сыбанып жұмыла бастады»* - деген жолда қазақтың ескі шариятының өздері қолдан, ойдан қосқан лебі сезіледі. Айталық, неке суына күміс салу дәстүрі жолшыбай қосылған, молданың өзі алу үшін ойлап табылғаны көпе көрнеу көрініп тұр, дәстүрге ешбір қатысы жоғы байқалады.

Тағы да:

Бұл алдаушылар жауыздардың қайсы бірі басында дуа бар деп, қайсысы қызылды-жасылды тіл-сұқтай бірдене жабысқан, басын айналдырып тұратын сол деп, қайсысы тіпті дөңене де емес, жастық-мастық деп, Ахметпен желігіп, аруақты қорлағандай болды ғой, кешегі қара шаңырақтағы жарықтық бабан Құттымбеттің аруағы тегін дейсін бе? Сол аруақ мұны тауып жатқан. Өне, Омарды соқты ма? Тағы қарап тұр, Ахметті соғады. Зиратқа түнетіп, шырақ жағып, құрмалдық союға керек... деп, жүзі жүз түрлі ем айтып жатушы еді.

Міне, бұлардың қайсысына болса да Нұрым мырза сүттей ұйып:

– Пәле, пәле. Тіпті жөні бар; аруақ асыға ма, саса ма? Біз ұмытсақ та, жарықтықтар жеп-желеп жүреді ғой, – деп арқасы шымырлап кетіп, тез мола басына түнетіп, талай ай мүйізді, аша тұяқтыларын құрмалдық қылып, жамбасы мен терісін емделушінің өзіне ұстатса да жазыла алады...

Онан соң үшкіру, түкіру деген нәрсе күнде нөпір. Қолында сандықтай құраны, алхам мен күлқуалла білетіндердің аузында дамылы жоқ. Емделуші мұндай көп болар ма, үйге сыймай лық-лық етеді. Көбіне тиын түспесе де, «Бір тойған шала байлық» деп, өңмендей беруші еді... Тағы қорықтық күй ма, қара малдың өкпесімен қағып көшіру ме, жыңға орау, «қырық аяқ сумен ұшықтау», «бозбұға, сарбұға», жеті түрлі дәрі-дәрмектің басын қосып емдеу ме, не керек, әйтпей, осылар секілді «қасиетті» қазақ емдерінен оллау ағлам қалғаны бар ма екен? Осы алынған мысалда қазақтың ежелгі ескілігі орын алған. Мысалы: неке суын іштіру, ішіне күміс салу, зиратқа түнету, аруақ шақыру, шырақ жағу, құрмалдық сою, құрмалдық сойып, жамбасы мен терісін емделушіге ұстату, үшкіру, түкіру, қорықтық күй, қара малдың өкпесімен қағу, жыңға орау, қырық аяқ сумен ұшықтау, «бозбұға», «сарбұға» жеті түрлі дәрі-дәрмектің басын қосып емдеу, тамыр ұстау, тұмар алып үшкіру, жеті жылғы ту қойдың өкпесімен қағу, сары ешкінің қарнын құшақтату, жеті күн ұдайы зікір салу, басындағы дұғасын алу, қырық-елу жылның арасына отырғызып қою, төбесін шапқымен тесу, шаша, тырнақ, жібек т.б жіпке тізіп, қанға бояп ішінен алып шыққандай әсер қалтыру, жеті қуыршақ, жеті қара тікен тұз, үш жылғы қара ту ешкінің сүйегімен көшіру, т.б. Әрине, Сұлтанмахмұт шығармаларында қазақ-ескіліктері туралы жалғызғаттар өте көп, соның ішінен кейбірін ғана теріп алып, ұсындық.

*Әдебиет: Сұлтанмахмұт Торайғыров. Сарыарқаның жаңбыры. Бірінші кітап. Екінші кітап, Алматы, «Жазушы» 1987 жыл*

**Қалтан**, әдеби кейіпкер. «Қамар сұлу» романынан. Жорға Нұрым Қамарды тоқалдыққа сұрап, кісі салады. Омарға Қамардың әкесіне екі ағасы Қалтан, Оспан бас-көз жоқ қайырлы айта келеді. Омарға Қасенді орысша шоқындырсаң шоқындыр, бірақ, Қамарды оқытып қоя алмаймыз, Нұрымның қай жерінен кемшілік іздеп отырсын деп, екі ағасы ақыл айтып ұрсады. Көбіне сөйлеп отырған ағасы Оспан, ал Қалтан онша үндемейді. Қалтан үндемегенмен дымы ішінде жүрген ку, залым Қамарды Нұрымға беруге қарсы емес.

Сұлтанмахмұт:

*Көрі ағаң – Оспан, Қалтан құдай атқан!  
Қамарды зар жылатып ұстап сатқан.  
Болмасқа кетті Қамар газзи баурын,  
Үміт жоқ, қайта шығар күні батқан*

– деп, Оспанды да, Қалтанды да сатқын, Қамар қыздарын мал үшін айырбастап жіберген сұмдар, Омарды да сыртынан билеп, төстеген екі жүзді сайқалдар қатарына жатқызады. Нұрым Оспанның досы, бәрін істеп жүрген Оспан. Тіпті, Оспанның қатыны да Қамардың Нұрымға барғанына қарсы емес. Қалтан сол оқиғаның басында көрінгенмен, Оспан ағасы екеуі бір адам. Оспан кім, Қалтан кім бәрібір. Бірақ та, ең қауіпті үндемей істейтін адам ол – Қалтан. Оқиғаның нақты ішіне араласпаса да басы қасында жүрген, тығылып істейтін жаман жау. Ондай ашық іске көшпей тығылып, сыртынан пышағын қайрайтын жаман адамдар қоғамда қазір де бар. Сұлтанмахмұт осындай ішкі пікірі өзінде, беймәлім адамдардан қорқу керек, олардан сырт айналып жүру керек деген қорытындыға келеді. Сондықтан да Қалтан образы беймәлім күрделі бейне болып табылады.

*Әдебиет: Сұлтанмахмұт Торайғыров. Сарыарқаның жаңбыры. Бірінші кітап. Алматы, «Жазушы» 1987 жыл –Б. 69 - 127.*

**Аппақай**, әдеби кейіпкер. «Кім жазықты» романынан. Тасболат байдың Әжібай деген сотқар ұлы болады. Жұмағұл Жәмилаңның әкесі. Тасболатпен құда болған. Әжібай – 5-те, Жәмиляны 11-де айттырған. Әжібайдың ағасынан қалған қайынысы Жаңғабыл бидің қызы Жаңылды 18-ге толар толмастан алады. Жаңылдан Әжібайдың бір баласы бар. Әжібай арақ ішкіш, қызға барғыш, жүргіш. Екі әйелі тірі жесір болып үйде отырады. Әжібай «Қызыл су» деген қалада тұратын Бейсен деген шалдың Аппақай деген бір қызы бар еді, енді соны айналдыра бастайды. Бейсен шалдың және екі ұлы бар: оның бірі оқыған – учитель. Екінші ұлы ішкіш аты – Жүсіп. Бейсеннің оқыған ұлы Аппақайды өзі сияқты оқыған қазақтың фельдшеріне берем деп жүрген. Қазақтың ғұрпымен Аппақайды да бір жігітке айттырған, бірақ, Аппақай ол жігітті көңілі сүймеген. Сұлтанмахмұт Аппақай мен фельдшер жігіттің махаббатын:

*Таныс боп фельдшер жүрген келіп-кетіп,  
Ішкі ойы Аппақайды көңіл етіп;  
Жүрегі Аппақаймен құп жарасқан,  
Бірақ, сөз байланбаған уәде бекіп...*

– деп өлеңге қосады.

Аппақай сұлу, хат таниды, сауатты ақылына көркі сай қыз. Оның суретін ақын:

*Аппақай хат біледі, мінезі ашық,  
Әнге ұста, домбыраға кеткен асып.  
Азырақ орысуа да сойгесе алады,  
Жасынан жүргендіктен араласып.  
Жұрт аузы Аппақайды мақтаушы еді,  
Қырынан бозбалалар жақтаушы еді.  
Қолдары жеттесе де қоразданып,  
«Басы бос емес... өтпен... қап!» дейші еді*

– деп ақын Аппақайдың суретін тамаша етіп, өлеңмен өріп келтіреді. Әжібай Аппақайдың арақ ішкіш Жүсіп деген ағасын дос қылып алып, өзінің сөзін өткізбекші болады. Бірақ, ақылды Аппақай Әжібайды маңайына да жуытпайды. Өзінің сүйген жігітті фельдшерді ансаумен болады.

*Аппақай фельдшер келсе, бек қуанар,  
Бір-бірін көздерімен қабыл алар.  
Әжібай ішпен тынып, іші күйіп,  
Аңысын екеуінің байқап қалар.*

Әжібай өзінің алған бетінен қайтпайтын, айтқанын істеп, талай қыздың басына су құйған болатын. Енді келіп, Аппақайға келгенде мысы құрыды, шын сүйетінін білді, басын тасқа ұрды бірақ, Аппақай алған бетінен қайтпады. Жүз шақырым қалаға фельдшер жігітпен қол ұстасып көшіп кетеді.

Ақын, көп асқанға, бір тосқан дегенді айтқысы келді. Әжібай да етпен, сүйектен жаратылған жаң, оның да жүрегі бар, сондықтан да ол да қыз сүю бақытына ие болуы керек еді. Бірақ, ол бақтан өзінің қылығымен айрылды. Өмір бойы опық жеді. Ондай жігіт сымақтар әлі де болса, ішімізде бар, мінекей, шығарма соларға үлкен соққы бола алады. Сондықтан да шығарманың тәрбиелік мәні зор.

*Әдебиет: Сұлтанмахмұт Торайғыров. Сарыарқаның жаңбыры. Екінші кітап. Алматы, «Жазушы» 1987. – Б. 129-181.*

**Ахмет**, зиялы қауым бейнесін алғашқы болып суреттеген де С. Торайғыров. Ахмет-деген Мұхаммет пайғамбардың қысқарған есімі. Ахмет, Ахмат, Махмет, Махамбет, Могомет т.б. айтылады. Араб тілінде

мақтаулы, қалаулы, жақсы деген мағынада. Сұлтанмахмұттың әдеби кейіпкері. Қамардың әкесі Омарға үш-төрт атадан қосылады. Сарбас аулының Жәуке деген кісінің 21 жастағы ұлы. Жәуке өзі нашар өмір сүрсе де бар таянғанын жалғыз балам оқысын деп соның аузына салды. Жәуке жалғыз баласының арқасында аузы аққа тиіп, есіктегі басы төрге жетті. Ахмет Қамардың ағасы Қасыммен құрдас. Ахмет пен Қасым рушті сыныфтары одан кейін игдали сыныфтары бітірді. **Рушті** – 5-7 кластар көлемінде. **Игдали** – 10 класс көлеміндегі оқу. Ахмет пен оқуы жағынан тең ол – Қамар. Қамарды Ахмет сүйеді. Бірақ, Қасыммен бірге жүрген соң бірі аға, бірі қарындас есебінде сыйласты. Ахмет Қамарды алаламайды себебі кедей жігіт малы жоқ. Қамар бара алмайды себебі байдың қызы. Қазақта махаббатпен үйлену салты әлі сіңіспеген салт. Ахмет пен Қамар келе – келе бірінсіз бірі бір минут көрмесе тұра алмайтын халге де жетті. Ахмет Қамарға өлеңмен хат жазады:

*Қалам қас, мамық тамақ, уыз қойын,  
Мөлір көз, тілің бұлбұл алма мойын.  
Көңілімді көкке ұшырмай дауалатын:  
Алып-ұшып барады тұла бойым.*

Қамар хатты ақырына дейін оқи алмайды, шыдамы жетпейді. Ішкі ойы Ахметпен бірге болғысы келсе де оған Қамар жол бермейді. Ахметке көңілін суыттырлықтай хат жазады. Қысқасы екеуі біріне бірі араздасу, қоштасу хаттарын өлеңмен жеткізеді. Ескілік көленкесінде қалған Қасым, Омар, Ахмет ұрда, жық үстем тап өкілдеріне ештеңе істей алмайды. Ақыры Ахмет сол – үстем тап өкілдерінің қолынан қаза табады. Шығарма 1914 жылы жазылған ол – уақытта ел-ішінде бір толқынды күткен жай бар еді. Сұлтанмахмұт сол лепті толқынды жастардың бұлқынысы арқылы көрсеткісі келді. Жалпы Ахмет, ақынның прототипі екендігі байқалады. Ахмет дәрменсіз, Қанша оқыса да әлсіз. Жігерсіз. Қамарды алып қашуға дегі жетпеді. Жетпеген себебі ата - анасын, туыстарын ойлады. Ахметті бір жағынан жазыруға да болмайды, заман солай болды. Күллі іріп-шіріген қоғам солай құрылды. Әйел теңсіздігі деген болған жоқ. Қаншама әйел сорлы жылап өніреп, сүйгеніне жете алмай бұл дүниеден өтті. Қамар мен Ахмет, Еңлік пен Кебек, тіпті қала берді Қозы мен Баян, Қыз Жібек пен Төлеген махаббаттары баңызсыз болды. Қамқа мен Қодар ескіліктің құрбанына ұшырады. Ақ махаббат, пәк махаббат бар ма? Неге жастар өліп-өшіп, күйлім, сүйдім деп қосылады да бір күн болмай жатып ажырасады. Оның себебі, тамыры неде? Алғашқы махаббат деген не? Жалпы, махаббат атаулының түбіне жететін алғашқы махаббат болар бәлкім. Сұлтанмахмұттың шығармасы осындай сұрауы бар да, жауабы жоқ күрделі мәселелерге жауап іздейді. Сондықтан да бұл – мәңгілік шығарма қатарына жатады. Себебі, ақ махаббатқа патшалық уақытта ескіліктің, үстем тап өкілдерінің кесірі тисе, кеңес өкіметі кезеңінде кейбір жастардың обалына қызыл жатахананың кесірі де тиді.

*Әдебиет: Сұлтанмахмұт Торайғыров. Сарыарқаның жаңбыры. Екінші кітап. Алматы, «Жазушы» 1987. – Б. 69-127.*

**Иманшарт**, діни сауатын ашу, оқу түрі. «Кім жазықты» романында келтірілген.

Сұлтанмахмұт:

*Оқытқан «әліпсін-ә» надан молда,  
«Иман шарт», «Әштегіні» беріп қолға.  
Онда да тумыстағы зеректікпен  
Үш жылда хат таныған шала-зорға*

– дейді. Иманшарт араб сөзі. Екі компоненттен тұрады. Біріншісі – иман: вера – вера в бога, верование; доверие, честность. Екіншісі – шарт – шәрт араб сөзі. Условие, уговор, договор, кондиция, обязанность, обязательство, долг, исполнение, условия, обязанности долга. Сыныптарда арабша оқылатын әліппе.

*Әдебиеттер: Рустемов.Л.З. Казахско-русский толковый словарь арабско-иранских заимствованных слов. Алма – Ата «Мектеп», 1989. – Б. 127-128.*

Сұлтанмахмұт Торайғыров. Сарыарқаның жаңбыры. Екінші кітап. Алматы, «Жазушы» 1987. – Б.129-181.

**Намаз**, дін сөзі (ақын «Кедей» поэмасында қолданған). Намаз сөзінен намаздігер туынды сөз пайда болған. Би (биресми, бисаясат) араб-парсы тілінен енген буын үндестігіне қайшы келген сөздің алдынан келетін қосымша. Би араб-парсы тілінде өз алдына белгілі бір ұғымды білдіруі де мүмкін. *Бесінің сол мезгілде уақыты кірді, Орынпан намаз үшін Расул тұрды (Мөшһүр Жүсіп); Намаздігер өткенше, Намазшамға жеткенше («Қобыланды батыр» жыр); Намазын оқып шам жасап, Бұрынғы қылды әдетті («Алпамыс батыр» жыр); Бесінде жаумен алысып, Намаздігер болғанша, Алдырмай кетіп барады (ҚЖ);*

Сұлтанмахмұт:

*Ораза, намазыңды, әсте қойма,  
Құрбан шал, ақыреттің қамын ойла.*

*Пітір бер мезгілінен қалдырмастан,*

*Оразаның сауабын, жаным, жойма!*

В. Радлов: **намаз:** 1) сабаһ намазы (танертенгі намаз); 2) үйлі (өлі намаз), бесін намазы; 3) екінді намазы (намезі дегір); 4) ақшам намазы (намазы шам); 5) пасық, кутпан намазы деп беске бөледі. **Намазлік** - 1) обучение; 2) назначение на должность. Л.Будалов: **намазлық** - шаурка оти дикой козы, или небольшой коврич, для совершения молитвы. **Намаздігер** - вечерняя молитва (Будалов, 292); Третья из обязательных пятикратных молитв, творимая мусульманами на закате солнца, когда до захода солнца оставалось расстояние в два копя (287). **Намаздігер**-третья из обязательных молитв, творимая мусульманами на закате солнца, когда до захода солнца оставалось расстояние в два копя (Қыз Жібек, 287); (қараңыз: Е.Жанпейсов, 139-141). Қосымшалар арқылы намаз (намаздігер) болып түрленіп мезгіл мөлшерін білдіреді. **Намаз // нмаз п. намазъ** (слова пехлевийске и зендске, означющее собственно служение, поклонение): мусылмандардың 5 уақыт намазы. Таңғы намаз–күннің шығуына 45 мин. қалғанда; кыр. бесін намазы. Түскі мезгіл 1-ге таман; кешкі намаз – кеш бату мен күннің ұясына кірер мезгілі; ақшам намазы – (күннің ұясына кіргеннен кейін 20 мин); куптънъ (қутпан – А.Қ.) ұйқыға жатар мезгіл – 2 сағаттан соң (Будалов, 292); **Құтпан да уақыт метрологиясына жатады: Түні ортасы Намаздігер, намазшам, құтпан, сәске** ауғанда, Күні – түнін бір етіп, Ұйқыға көзін үйретіп (ҚЖ. 1887. 31); Естеміспен екеуі Қоһып жатса бір тауда, Намазшамнан өткенде, **Құтпан** мезгіл жеткенде («Қобыланды батыр» жыр); **Намазшам** еді күн батты. **Құтпанның** болды уақыты (Мөшһүр Жүсіп).

**Түйін.** Сұлтанмахмұт намаз сөзін діни мағынада қолданған. Намаз сөзінен намаздігер (түбір мен қосымшадан тұрады) пайда болған. Намазлық-деп тері жайнамазды да айтқан. **Намаз** бен **нама** (шығарма) түбірлес сөздер болуы мүмкін. **Намаз**-пехлевин тіліне жатады. **Екінтіге** байланысты намаздігер нумеративі де ұшырасады. М.Қашқари **ікінді** – намазшам. **Екінді намаздың** уақыты – дейді (1997: 170).

*Әдебиет: Сұлтанмахмұт Торайғыров. Сарыарқаның жаңбыры. Екінші кітап. Алматы, «Жазушы» 1987. – Б. 35-66.*

**Көк өгіз**, (1912) өлең. Сұлтанмахмұттың мысал жанрымен жазылған өлеңі. 24 жолдан тұрады, 1912 жылы жазылған. Сұлтанмахмұт Тоқайдан екі мысалды ғана аударған. Негізінен Қрылов мысалдарын үлгі еткен. Байтұрсынов, Алтынсарин, Көбеев, Адамжүсіп, С.Дөнентаев мысалдары сияқты, ақын мысалдары да екі әлеуметтік теңсіздікті суреттеген. Көк өгіз – ол адам. Сұлтанмахмұт көк өгізді суреттей отырып, сол арқылы адам бойындағы мін, әлеуметтік ортадағы кемшілікті күлкіге, келекеге, мазаққа, сықаққа айналдырып көрсетеді. Мазмұны бүкпелі, идеясы ашы, тілі мірдің оғындай өткір келеді. Көзге торлық, деңесі мол өгіз өзін өзі зор санап, ежелгі табыны сиырларды тастап, жылқыларға қосылады. Жылқыларды көп қасқыр қамайды. Жылқылар үркіп қашып кетеді де, өгіз көп қасқырдың қамауында қалып қояды. Көк өгізді өзінің тумалары сиырлары «мөшке» көмекке келіп, құтқарып қалады. Сұлтанмахмұт мысалының негізгі идеясы бірлік, татулық. Әсіресе, ер жігітерге «беркі бірдің намысы бір» дегенді айтқысы келді.

Сұлтанмахмұт:

*Әпендім, ой жіберсең бұл бір ақыл  
Бұрынғы көриелерден қалған нақыл  
Жынысы басқа жылқылар тастап кетіп,  
Болден өз жынысы құтқарды ақыл.  
Көкке жетсе, өз жынысын қорламақша,  
Бек нықтап тәубе қылған өгіз батыр*

– деп, достықты, ынтымақтастықты мансұқ етеді. Әсіресе, жігіттердің достықты бағалауға, аю сыбырлағандай «жаманмен дос болма» дегенді баса көрсетеді. Қазіргі уақыттағы таққа отырса достық деген ұлы сезімді ұмытып кететін, төкөппар пенделерге ескерту жасайды. «Басыңа іс түссе достарды сағала» - деген сөзді тағы да қайталап айтады. «Жүз сомың болғанша, жүз досың болсын» - деген мақалдың өлі де әжетке жарайтынын аңғартады. Мысал осы идеясымен де өзекті.

*Әдебиет: Сұлтанмахмұт Торайғыров. Сарыарқаның жаңбыры. Екінші кітап. Алматы, «Жазушы» 1987. – Б. 65.*

**Жаланаңш баба / Құрбан қажы** аузынан, қазақ елімен қырғыз елінің арасындағы жауершілік кезеңнің аңыз өңгіме. Жыныстырушы Сұлтанмахмұт (1916). Оқиға қазақ, қалмақ соғысын қамтыған. Абылай ханның Жаланаңш баба деген диуанасы болады. Абылай жорыққа аттанарда осы – Жаланаңш бабадан ақыл сұрап отырады. Бір қатты соғыс болып қырғыздар қазақтарды қырып басын шауып, бір бас, бір шым салып келдімүнара тұрғызады. Абылай жорыққа атануға, қырғыздан ош алуға аттануға бата алу үшін Жаланаңш бабаны іздейді. Жаланаңш баба Абылайдың бата сұрауын біліп қашып кетіпті. Абылай бабаны Ертістің бойынан тауып алып бата сұрапты.

Жаланапш баба:

– Көпірге атағын бір оғым бар. Мұсылманға атпайын деп қашып едім дейді. Абылай: – мұсылман мұсылманның етін итке жегізіп, басын кесіп, шым салып келдімұнара тұрғызды. Жүрмесек, күдай алдында достық хақымыд кешпеймін дейді. «Достық хақымыд кешпеймін» деген сөзді ауыр көрген Жаланапш баба бірге жорыққа аттанады. Қатты соғыс болып, қалмақтың Нәдір бала, Сәдір бала, Өтекең бастаған сегіз ұлды Жайылхан Абылай ғаскеріне шыдас бермейді.

Абылай:

– Жаланапш бабадан көмек сұрайды. – Енді қайттім дейді.

Жаланапш баба:

– Сәске көтерілгенше ол атса да сен атпа, ол шапса да сен шаппа; сенің оғың оларға сәске көтерілген соң дариды. Осы күні сағат оларға ауып тұр; қырылғаның қырыл да, қалғаның орнында тұра бер! – дейді Жаланапш баба. Қалмақтар осылай иіріліп тұра береміз бе деп шабуылға шыға бергенде бір батырының аты тулап, ол батырдың ортан жілігі үзіліпті, оның үстіне Өтеке батыры Абылайдың сыйынып тұрған пірі күшті екен деп екі мыңдай әскерімен бөлініп, соғыспай еліне кетіпті. Сол арада сәске болып қалып, Жаланапш баба жерден бір уыс топырақты алып, жауға қарай шашып, «ал, енді шабындар!» – дейді. Абылай әскері «қу адасқан тұман, құлан адасқан шоң болып» ат бауырынан қара қан аққан соғыс болады. Ақырында Абылай қалмақтың Сексен сегіздегі Жайылхан бастаған сегіз ұлымен қолға түсіреді. Расында да батырлардың өздері сыйынатын пірі болған. Абылайдың бір де Сары бұрасы болған. Бұра қайда басын қаратып шөксе Абылай сонда жорыққа аттанған. Осы оқиға Ұлы Отын соғысы уақытында да қайталанған. Мысалы, Лұқпан хакім мың жыл өмір сүрген. Сталин Ақсақ Темірдің сүйегін соғыс болып жатқан жерге алып ұшып сыйынған. Кейіннен мовзольеге миллион сом бөлген. Ақсақ Темірді арулап қайта жерлестен. Шығыс хан Қытай емшісі Чан Чунь арқылы өмірін ұзартқан. Гитлер Тибет ламаларына дұға жасатқан т.б.

*Әдебиет:* Сұлтанмахмұт Торайғыров. Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы, Ғылым. 1993. – Б. 147-150.

Ақ Найман Ойсынбай, Сұлтанмахмұт жиыстырған билер сөзі (1918). Әңгіме 1918 жылы жазылған. Негізгі кейіпкері Найман Ойсынбай шешеннің шешендігі туралы. Ақ Найман Ойсынбай шешенді заманында Қамбар деген төре шешендігі үшін жанынан тастамайды екен. Ойсынбайдың туыстары Қамбар төремен жақындығын арқа тұтып ұрлық қылады. Ойсынбай «кой» деп туыстарына айта алмапты. Туыстары қуып келген, теңдік сұрағандарға зорлық қылып жібереді екен. Ойсынбайдың бауырларының қылған ісі асқынып кеткен соң, Қамбар Ойсынбайды бір шақырады, екі шақырады оған Ойсынбай бармайды. Қамбар үшінші шақырғанда барады, себебі Қамбар оны зорлап байлап, матап әкететінін біледі.

Төре ашуланып:

– Әй, сен шынырақ көз! Екі шақырттым келмейсің. Керігейін деген екенсің деп ұрсады.

Сонда Ойсынбай:

– Мен келмейін дедім бе, таксыр! Есік алды ұры болды, үйдің арты жыра болды, бай берке (көне сөз-А.К.) қонды, кедей шетке қонды, етек-женім боқ болды, кісем, киер тonym жоқ болды, боқ қылпыммен қалай сізге көріне аламын деп ұялып келмеп едім – деп жауап береді.

Төре сонда ойланып отырып – отырып: «Рас айтады-ау құрғырын!». Ашуын тарқатып, тағы да қайран қылып жүрген екен деседі. Бұдан кейін де Ойсынбай талай билік төрелікке қатысып, шешімін берген екен.

*Әдебиет:* Сұлтанмахмұт Торайғыров. Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы, Ғылым. 1993. – Б. 164.

**Маса,** А. Байтұрсынның шығармасы (ақын «Айтыста», тағы арнайы шығарма атымен сол жинақ туралы жырлаған). Сұлтанмахмұт «Айтыс» (Қала ақыны мен дала ақынының айтысқаны) поэмасында:

*«Маса» тұсы елдігін қазақ жойған,*

*Ұмытқан, елдік деген сөзді қойған,*

*Мал секілді ұрқу мен қорқу болған,*

*Кезінде жат пышағы жанын сойған*

– деп А. Байтұрсынұлының 1911 жылы Орынборда басылған «Маса» атты өлеңдер және аударма мысалдар жинағының атын атап өтеді. Және де өзі де осы - өлеге ұқсас жыр нөсерін төгеді. Е. Өтебаев Сұлтанмахмұттың 1914 жылы жазылған Тұтқындағы Байтұрсынның «Масасына» деген төрт шумақ өлеңін жариялады. Жүсіпбектің айтуынша өлеңнің шығу тарихы жазылған.

*Әдебиеттер:* «Айтыс» (Қала ақыны мен дала ақынының айтысқаны) // «Сарыарқа самалы» Павлодар облыстық газеті. №15 (12052) 6 ақпан, 1993. Е. Өтебаев. Жасасын алаш жасасын! // «Ана тілі» газеті, сәуірдің 25-і, қой жылы. Тұтқындағы Байтұрсынның «Масасына» // «Сарыарқа

самалы» газеті, №144 (12027) желтоқсан, 1992. А. Байтұрсын. Шығармалары. Алматы, «Жазушы» 1989. – Б. 23.

**Есекқырған,** астрономиялық атау («Кеше түндегі түс, бүгінгі іс» көркемдеу құралына айналған).

Сұлтанмахмұт:

*Шолпансың ерте туып Есекқырған,*

*(Сартты да соған сеніп құдай ұрған).*

*«Таң жақын, адаспастыз жүрейік!»-деп,*

*Талайдың басы айналып дымы құрған.*

Сұлтанмахмұт ескілік атауы есекқырғанды өте жақсы білген. Осы космонимикалық түсінікті өлеңіне арқау еткен. Сарттар есекқырған планетасына сеніп, таң жақын екен деп құдай ұрып адасқан. **Есекқырған** астр. Юпитер планетасының қазақша аты (ҚТТС, 2008: 235). **Есекқырған** Юпитер букв. истребитель олов, нар. в-ты: Сары жұлдыз желтая звезда; Жарық жұлдыз яркая звезда; Шабансары рыжки (Т. Жанұзақ, 2006: 387). Юпитер м. 1. астр. (планета) Юпитер (Күн жүйесіндегі планеталардың бірі) (Ор-Қаз. сөз. 1981: 552).

**Итаршыға.** Жеті жолды өлең. 1913 жылы жазылған. Қара шекпен лексикасы Абай, Адамжүсіп шығармаларында кездеседі. Патшалық ресей империясы қазақ елін жаулап, жерің, суын алғаннан кейін қара шекпенділерді (орыс мұжықтарын) ішкі ресей жерінен жаппай көшіре бастады. Олар әкесінің жерінде иемденіп, егін егіп, бау-бақша салып, қала салды. Шекпен – бұл метонимия. Сұлтанмахмұт шекпен деп орыс мұжығын жазып отыр. Өлеңде ашы сарказмда жоқ емес. Қазақты сынап маймылға теңейді. Жаны ашнды. Біреудің айтқанын істеген адамды, ит сияқты айтқанына көніп, айдауына жүретін жағымпаз, құйыршық адамды итаршыға балайды.

Мысалы:

*Көрсетсін қара шекпен еккен ісін,*

*Қиналып жсан аймай жеккен күшін.*

*Шекпенге жұрт айтқан қандай алғыс,*

*Көрсетіп көз алдыма ашсын түсін.*

*Сонан соң маймыл тұрсын кім десе де,*

*Ықтаыр, итаршының өзі білсін.*

**Итаршы 1.** көне Кішкәе, шәуілдек қанден ит. 2. Ауысп. Біреудің сойылын соғушы; жағымпаз, жарамсақ, құйыршық. Итаршы болды – жағымпазданды, жарамсақтанды (ҚТТС, 2008: 360). Қазақтың осы – жағымпаз қылығын қатты сынға алады. Итаршылар өмірде қазір де бар. Қоғамның аса бір жаман кеселі. Қазақ психологиясына итаршылық сіңіп алған. Сондықтан да өлеңнің мәні мен мазмұны, идеясы өлі де болса өлмейді.

**Зарқұм,** қисса. Сұлтанмахмұт өз мақаласында қиссаның қазақ әдебиетінде алатын орнына тоқталған. С. Торайғыровтың «Айқап» жураналының 1913 жылғы 19-20., 22-24 сандарында басылған «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайында» деген сын мақаланың орны ерекше. Мақалада «Зарқұм», «Салсал» сияқты қисса-хикаяттары туралы батыл пікір айтумен қатар, сол кезде басылған өлеңдерден үзінділер келтіріп, олардың тілінің нашарлығын сынайды: «Нағыз шынын айтқанда қазақ тілінде деп бастырылған кітаптардың көбінде қазақтың иісі де жоқ. Неге десен тілдері бытбырық, бытбырық болмағандарының ағыны теріс, рухын тексерсек баяғы айтылған «қатын ойбай». Ал енді қазақтың сіріге жамаған былғарыдай қай жеріне апарып жапсырамыз? Мен тілімізге шала тілдердің шатасуына, тілдің ағыны теріске бейімделіп, өріс алып кетіп бара жатқанынан қорқамын. Біз бұралқы сөз кірмей ұйысқан сөз болса ойбай мынау қазақша екен дейміз. Екі сөздің қыспағына жаңа сөздің қаймағын апарып қатарластырып қарасаң, ол ағын мен бұл ағынның арасы алты айшылық алысқа кеткендігі көрінеді» - деп жазды. Осы мақалада С. Торайғыров «Алпамыс» жырындағы қазақ халқының санасында ертеден бекіген қиял-ғажайып ертегілеріндегі мифтік элементтерді дұрыс байқай отырып. «... Міне, бұған қазақ отағасылары көздерін жұмып, наным, мейірлері қанып, кеңілдей түсіп, шүлғысып, мүлгісіп отырғаны еді» деп жырдағы кездесіп отыратын жетібас айдаһар, пері қызы, жалмауыз кемпір, дәу сияқты ертегілерге тән сөздерге назар аударды.

*Әдебиет:* «Айқап» Құрастырушылар: Ү.Субханбердина, С. Дәуітов. «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, Алматы, 1995. –Б. 27-28.

СҰЛТАНМАХМҰТ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ  
КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

А.Қ. ТҰРЫШЕВ

ф.ғ.д., ЖОО-ның профессоры, Мәшһүржану ғылыми-практикалық орталығы,  
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақ халқының діни наным-сәнімдері (С.Торайғыров шығармаларында келтірілгендері бойынша). «Қамар сұлу» романында Қамардың Бәйтек молда боқшасынан «Жұласатіл масаилін» алып: «- Қана! Дастархан, неке... су, күміс салу керек... күз, - деп белсеніп, сыбанып жұмыла бастады» - деген жолда қазақтың ескі шариғатының өздері қолдан ойдан қосқан лебі сезіледі. Айталық, неке суына күміс салу дәстүрі жолшыбай қосылған, молданың өзі алу үшін ойлап табылғаны көпе көрнеу көрініп тұр, дәстүрге ешбір қатысы жоғы байқалады.

Тағы да:

Бұл алдаушылар жауыздардың қайсы бірі басында дуа бар деп, қайсысы қызылды-жасылды тіл-сүктай бірдене жабысқан, басын айналдырып тұратын сол деп, қайсысы тіпті дөңеңе де емес, жастық-мастық деп, Ахметпен желігіп, аруақты қорлағандай болды ғой, кешегі кара шаңырақтағы жарықтық бабан Құттымбеттің аруағы тегін дейсін бе? Сол аруақ мұны тауып жатқан. Әне, Омарды соқты ма? Тағы қарап тұр, Ахметті соғады. Зиратқа түнетіп, шырақ жағып, құрмалдық соғоға керек... деп, жүзі жүз түрлі ем айтып жатушы еді.

Міне, бұлардың қайсысына болса да Нұрым мырза сүттей ұйып:

– Пәле,пәле. Тіпті жөні бар; аруақ асыға ма, саса ма? Біз ұмытсақ та, жарықтықтар жебеп-желеп жүреді ғой, – деп арқасы шымырлап кетіп, тез мола басына түнетіп, талай ай мүйізді, аша тұяқтыларын құрмалдық қылып, жамбасы мен терісін емделушінің өзіне ұстатса да жазыла алады...

Онан соң үшкіру, түкіру деген нәрсе күнде нөпір. Қолында сандықтай құраны, алхам мен құлқуалла білетіндердің аузында дамылы жоқ. Емделуші мұндай көп болар ма, үйге сыймай лық-лық етеді. Көбіне тиын түспесе де, «Бір тойған шала байлық» деп, өңмендей беруші еді... Тағы қорықтық құю ма, кара малдың өкпесімен қағу, жыңға орау, «қырық аяқ сумен ұшықтау», «бозбұға», «сарбұға», жеті түрлі дәрі-дәрмектің басын қосып емдеу ме, не керек, әйтпей, осылар секілді «қасиетті» қазақ емдерінің оллау ағлам қалғаны бар ма екен? Осы алынған мысалда қазақтың ежелгі ескілігі орын алған. Мысалы: неке суын іштіру, ішіне күміс салу, зиратқа түнету, аруақ шақыру, шырақ жағу, құрмалдық сою, құрмалдық сойып, жамбасы мен терісін емделушіге ұстату, үшкіру, түкіру, қорықтық құю, кара малдың өкпесімен қағу, жыңға орау, қырық аяқ сумен ұшықтау, «бозбұға», «сарбұға» жеті түрлі дәрі-дәрмектің басын қосып емдеу, тамыр ұстау, тұмар алып үшкіру, жеті жылғы ту қойдың өкпесімен қағу, сары ешкінің қарнын құшақтату, жеті күн ұдайы зікір салу, басындағы дұғасын алу, қырық-елу жының арасына отырғызып қою, төбесін шапқымен тесу, шаша, тырнақ, жібек т.б жіпке тізіп, қанға бояп ішінен алып шыққандай әсер қалтыру, жеті қуыршақ, жеті кара тікен тұз, үш жылғы кара ту ешкінің сүйегімен көшіру, т.б. Әрине, Сұлтанмахмұт шығармаларында қазақ-ескіліктері туралы жалдығаттар өте көп, соның ішінен кейбірін ғана теріп алып, ұсындық.

*Әдебиет: Сұлтанмахмұт Торайғыров. Сарыарқаның жаңбыры. Бірінші кітап. Екінші кітап, Алматы, «Жазушы» 1987 жыл.*

**Қалтан**, әдеби кейіпкер. «Қамар сұлу» романынан. Жорға Нұрым Қамарды тоқалдыққа сұрап, кісі салады. Омарға Қамардың әкесіне екі ағасы Қалтан, Оспан бас-көз жоқ қайырлы айта келеді. Омарға Қасенді орысша шоқындырсаң шоқындыр, бірақ, Қамарды оқытып қоя алмаймыз, Нұрымның қай жерінен кемшілік іздеп отырсың деп, екі ағасы ақыл айтып ұрсады. Көбіне сөйлеп отырған ағасы Оспан, ал Қалтан онша үндемейді. Қалтан үндемегенмен дымы ішінде жүрген ку, залым Қамарды Нұрымға беруге қарсы емес.

Сұлтанмахмұт:

*Көрі ағаң – Оспан, Қалтан құдай атқан!**Қамарды зар жылаттып ұстап сатқан.**Болмасқа кетті Қамар газзи баурың,**Үміт жоқ, қайта шығар күні батқан*

– деп, Оспанды да, Қалтанды да сатқын, Қамар қыздарын мал үшін айырбастап жіберген сұмдар, Омарды да сыртынан билеп, төстеген екі жүзді сайқалдар қатарына жатқызды. Нұрым Оспанның досы, бөріні істеп жүрген Оспан. Тіпті, Оспанның қатыны да Қамардың Нұрымға барғанына қарсы емес. Қалтан сол оқиғаның басында көрінгенмен, Оспан ағасы екеуі бір адам. Оспан кім, Қалтан кім бөрібір. Бірақ та, ең қауіпті үндемей істейтін адам ол – Қалтан. Оқиғаның нақты ішіне араласпаса да

басы қасында жүрген, тығылып істейтін жаман жау. Ондай ашық іске көшпей тығылып, сыртынан пышағын қайрайтын жаман адамдар қоғамда қазір де бар. Сұлтанмахмұт осындай ішкі пікірі өзінде, беймәлім адамдардан қорқу керек, олардан сырт айналып жүру керек деген қорытындыға келеді. Сондықтан да Қалтан образы беймәлім күрделі бейне болып табылады.

*Әдебиет: Сұлтанмахмұт Торайғыров. Сарыарқаның жаңбыры. Бірінші кітап. Алматы, «Жазушы» 1987 жыл – Б. 69 - 127.*

**Аппақай**, әдеби кейіпкер. «Кім жазықты» романынан. Тасболат байдан Әжібай деген сотқар ұлы болады. Жұмағұл Жәмиланың әкесі. Тасболатпен құда болған. Әжібай – 5-те, Жәмиланы 11-де айттырған. Әжібайдың ағасынан қалған қайыны Жанғабал билің қызы Жанылды 18-ге толар толмастан алады. Жаңылдан Әжібайдың бір баласы бар. Әжібай арақ ішкіш, қызға барғыш, жүргіш. Екі әйелі тірі жесір болып үйде отырады. Әжібай «Қызыл су» деген қалада тұратын Бейсен деген шалдың Аппақай деген бір қызы бар еді, енді соны айналдыра бастайды. Бейсен шалдың жөне екі ұлы бар: оның бірі оқыған – учитель. Екінші ұлы ішкіш аты – Жүсіп. Бейсеннің оқыған ұлы Аппақайды өзі сияқты оқыған қазақтың фельдшеріне берем деп жүрген. Қазақтың ғұрпымен Аппақайды да бір жігітке айттырған, бірақ, Аппақай ол жігітті көңілі сүймеген. Сұлтанмахмұт Аппақай мен фельдшер жігіттің махаббатын:

*Тапыс боп фельдшер жүрген келін-көтің,**Ішкі ойы Аппақайды қоңіл етің;**Жүрегі Аппақаймен құп жарасқан,**Бірақ, сөз байлабаған уәде бекіп...**– деп өлеңге қосады.*

Аппақай сұлу, хат таниды, сауатты ақылына көркі сай қыз. Оның суретін ақын:

*Аппақай хат біледі, мінезі ашық,**Әнге ұста, домбыраға кеткен асып.**Азырақ орысша да сөйлесе алады,**Жасынан жүргендіктен араласып.**Жұрт аузы Аппақайды мақтаушы еді,**Қырынан бозбалалар жақтаушы еді.**Қолдары жетпесе де қоразанып,**«Басы бос емес... өттең... қап!» деуші еді*

– деп ақын Аппақайдың суретін тамаша етіп, өлеңмен өріп келтіреді. Әжібай Аппақайдың арақ ішкіш Жүсіп деген ағасын дос қылып алып, өзінің сөзін өткізбекші болады. Бірақ, ақылды Аппақай Әжібайды маңайына да жуытпайды. Өзінің сүйген жігіті фельдшерді аңсаумен болады.

*Аппақай фельдшер келсе, бек қуанар,**Бір-бірін көздерімен қабыл алар.**Әжібай іштен тынып, іші күйіп,**Аңысын екеуінің байқап қалар.*

Әжібай өзінің алған бетінен қайтпайтын, айтқанын істеп, талай қыздың басына су құйған болатын. Енді келіп, Аппақайға келгенде мысы құрыды, шын сүйетінін білді, басын тасқа ұрды бірақ, Аппақай алған бетінен қайтпады. Жүз шақырым қалаға фельдшер жігітпен қол ұстасып көшіп кетеді.

Ақын, көп асқанға, бір тосқан дегенді айтқысы келді. Әжібай да етпен, сүйектен жаратылған жан, оның да жүрегі бар, сондықтан да ол да қыз сүю бақытына не болуы керек еді. Бірақ, ол бақтан өзінің қылғығымен айрылды. Өмір бойы опық жеді. Ондай жігіт сымақтар әлі де болса, ішімізде бар, міңкей, шығарма соларға үлкен соққы бола алады. Сондықтан да шығарманың тәрбиелік мәні зор.

*Әдебиет: Сұлтанмахмұт Торайғыров. Сарыарқаның жаңбыры. Екінші кітап. Алматы, «Жазушы» 1987. – Б. 129-181.*

Ахмет, зиялы қауым бейнесін алғашқы болып суреттеген де С. Торайғыров. Ахмет-деген Мұхаммет пайғамбардың қысқарған есімі. Ахмет, Ахмат, Махмет, Махамбет, Моғомет т.б. айтылады. Араб тілінде мақтаулы, қалаулы, жақсы деген мағынада. Сұлтанмахмұттың әдеби кейіпкері. Қамардың әкесі Омарға үш-төрт атадан қосылады. Сарбас аулының Жәуке деген кісінің 21 жастағы ұлы. Жәуке өзі нашар өмір сүрсе де бар таянғанын жалғыз балам оқысын деп соның аузына салды. Жәукең жалғыз баласының арқасында аузы аққа тиіп, есіктегі басы төрге жетті. Ахмет Қамардың ағасы Қасенмен құрдас. Ахмет пен Қасен рушті сыныфтарын одан кейін игедади сыныфтарын бітірді. *Ғуһми* – 5-7 кластар көлемінде. *Иғдади* – 10 класс көлеміндегі оқу. Ахмет пен оқуы жағынан тең ол – Қамар. Қамарды Ахмет сүйеді. Бірақ, Қасенмен бірге жүрген соң бірі аға, бірі қарындас есебінде сыйласты. Ахмет Қамарды алаламайды себебі кедей жігіт малы жоқ. Қамар бара алмайды себебі байдың қызы. Қазақта махаббатпен үйлену салты әлі сініспеген салт.

Ахмет пен Қамар келе – келе бірінсіз бірі бір минут көрмесе тұра алмайтын халге де жетті. Ахмет Қамарға өлеңмен хат жазады:

*Қалам қас, мамық тамақ, уыз қойын,  
Молдир көз, тілің бұлбұл алма мойын.  
Көңілімді көкке ұшырмай дауалатым:  
Алып-ұшып барады тұла бойым.*

Қамар хатты ақырына дейін оқи алмайды, шыдамы жетпейді. Ішкі ойы Ахметпен бірге болғысы келсе де оған Қамар жол бермейді. Ахметке көңілін суытарлықтай хат жазады. Қысқасы екеуі біріне бірі араздасу, қоштасу хаттарын өлеңмен жеткізеді. Ескілік көленкесінде қалған Қасең, Омар, Ахмет ұрда, жық үстем тап өкілдеріне ештенке істей алмайды. Ақыры Ахмет сол – үстем тап өкілдерінің қолынан қаза табады. Шығарма 1914 жылы жазылған ол – уақытта ел-ішінде бір толқынды күткен жай бар еді. Сұлтанмахмұт сол лепті толқынды жастардың бұлқынысы арқылы көрсеткісі келді. Жалпы Ахмет, ақынның прототипі екендігі байқалады. Ахмет дәрменсіз. Қанша оқыса да әлсіз. Жігерсіз. Қамарды алып қашуға дегі жетпеді. Жетпеген себебі ата - анасын, туыстарын ойлады. Ахметті бір жағынан жазғыруға да болмайды, заман солай болды. Күллі іріп-шіріген қоғам солай құрылды. Әйел теңсіздігі деген болған жоқ. Қаншама әйел сорлы жылап еніреп, сүйгеніне жете алмай бұл дүниеден өтті. Қамар мен Ахмет, Еңлік пен Кебек, тіпті қала берді Қозы мен Баян, Қыз Жібек пен Төлеген махаббаттары баянсыз болды. Қамқа мен Қодар ескіліктің құрбанына ұшырады. Ақ махаббат, пәк махаббат бар ма? Неге жастар өліп-өшіп, күйлім, сүйдім деп қосылады да бір күн болмай жатып ажырасады. Оның себебі, тамыры неге? Алғашқы махаббат деген не? Жалпы, махаббат атаулының түбіне жететін алғашқы махаббат болар бәлкім. Сұлтанмахмұттың шығармасы осындай сұрауы бар да, жауабы жоқ күрделі мәселелерге жауап іздейді. Сондықтан да бұл – мәңгілік шығарма қатарына жатады. Себебі, ақ махаббатқа патшалық уақытта ескіліктің, үстем тап өкілдерінің кесірі тисе, кеңес өкіметі кезеңінде кейбір жастардың обалына қызыл жатахананың кесірі де тиді.

*Әдебиет: Сұлтанмахмұт Торайғыров. Сарыарқаның жаңбыры. Екінші кітап. Алматы, «Жазушы» 1987. – Б. 69-127.*

**Иманшарт**, діни сауатын ашу, оқу түрі. «Кім жазықты» романында келтірілген.

Сұлтанмахмұт:

*Оқытқан «әліпсін-ө» надан молда,  
«Иман шарт», «Әпитегін» беріп қолға.  
Онда да тумыстағы зеректікпен  
Үш жылда хат таныған шала-зорға*

– дейді. Иманшарт араб сөзі. Екі компоненттен тұрады. Біріншісі – иман: вера – вера в бога, верование; доверие, честность. Екіншісі – шарт – шөрт араб сөзі. Условие, уговор, договор, кондиция, обязанность, обязательство, долг, исполнение, условия, обязанности долга. Сыныптарда арабша оқылатын әліппе.

*Әдебиеттер: Рустемов.Л.З. Казахско-русский толковый словарь арабско-иранских заимствованных слов. Алма – Ата «Мектеп», 1989. – Б. 127-128.*

*Сұлтанмахмұт Торайғыров. Сарыарқаның жаңбыры. Екінші кітап. Алматы, «Жазушы» 1987. – Б.129-181.*

**Намаз**, дін сөзі (ақын «Кедей» поэмасында қолданған). Намаз сөзінен намаздігер туынды сөз пайда болған. Би (биресми, бисасат) араб-парсы тілінен өңген буын үндестігіне қайшы келген сөздің алдынан келетін қосымша. Би араб-парсы тілінде өз алдына белгілі бір ұғымды білдіруі де мүмкін. *Бесіннің сол мезгілде уақыты кірді, Орыннан намаз үшін Расул түрді* (Мөшһүр Жүсіп); *Намаздігер өткенше, Намазшимаа жеткенше* («Қобыланды батыр» жыры); *Намазын оқпап шиама жасып, Бұрынғы қылды әдетті* («Алпамыс батыр» жыры); *Бесінде жасумен алысып, Намаздігер болғаша, Алдырмай кетіп барады* (ҚЖ);

Сұлтанмахмұт:

*Ораза, намазыңды, әсте қойма,  
Құрбан шад, ақыреттің қамын ойла.  
Пітір бер мезгілінен қалдырмастан,  
Оразаның сауабын, жаным, жейіма!*

Для воспитания у учащихся правил культурного поведения мы по четвергам проводим «час культуры». Воспитатели учат ребят правильно себя вести. Проводят беседы и сюжетно – ролевые игры по правилам культурного поведения; учат рассматривать картины, слушать музыку, любоваться природой. Организовывают экскурсии на природу, в картинную галерею, на выставки творческих работ.

В пятницу воспитатели проводят «творческий час», где мастерят с ребятами всевозможные поделки из разных материалов: бумаги, ниток, бисера, стекляруса, теста и природного материала, шьют и вяжут, а также рисуют и выжигают.

У нас в школе есть свои традиции. С 1999 года каждый класс в течение учебного года готовит мини-театр, небольшую театральную постановку. Дети сами выбирают направление – это может быть сказка, кукольный театр, мюзикл, басня и многое другое. Еще ни один спектакль не оставил равнодушным зрителя. Дети раскрываются на сцене, перестают ее бояться. Не менее доброй традицией

стал проект «Школа зажигает звезды» (прототип конкурса «Две звезды»), где учащиеся, в том числе и дети, обучающиеся на дому, в дуэте со взрослыми раскрывают свои способности.

В год 50-летия юбилея школы был открыт школьный музей, работа которого набирает силу. Главным направлением музея является этнография – изучение быта казахского народа, а также развития нашей школы. Ребята принимают активное участие в работе музея. В этом учебном году впервые была организована встреча выпускников школы, которая показала необходимость проведения таких мероприятий. Так как наши воспитанники еще долгое время после окончания нуждаются в поддержке и участии своих учителей и воспитателей.

Наши воспитанники являются победителями международных соревнований «Special Olympics» (США, штат Айдахо, 2009год), обладатели гран-при республиканского фестиваля «Жұлдызай» (2012г.), победители областных и городских конкурсов детского творчества и многие другие умеют ребята, несмотря на свои ограниченные возможности. Наши дети особенные и самые лучшие. Именно такое воспитание, охватывающее развитие ребенка всесторонне, может способствовать умению адаптироваться в обществе, трудоустроиться, создать свою семью и вести достойный образ жизни.

Большую часть времени дети проводят, взаимодействуя с педагогом-воспитателем (от 8 до 10 часов в сутки). Отношение воспитателя, умение его взаимодействовать с особым ребенком полностью отражаются на состоянии, поведении, личностных проявлениях детей не только в период пребывания их в интернате, но и в последующие годы. Воспитатель, в этой ситуации, находится в процессе непрерывного поиска индивидуальных методов, форм и средств взаимодействия для эффективной помощи ребёнку с ограниченными возможностями. Понимая целостность процесса развития ребёнка, значимость разумного сотрудничества (взаимодействия) с ним, воспитатель должен уметь создавать условия «семейных» доверительных отношений. Многоплановость профессиональной деятельности воспитателя и её специфика предьявляет определённые требования к умениям взаимодействия с детьми с ограниченными возможностями. Воспитатель, работающий с детьми с особыми образовательными потребностями – это человек с особым складом души, обладающий любовью к профессии, толерантностью, любви к детям, верой в себя и справедливостью.

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ СӨЙЛЕУ ТІЛІН МӘТІНДЕР АРҚЫЛЫ ДАМУ

А.З. АЙГУЖИНОВА

оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ колледжі, Павлодар қ.

Колледждерде оқушыларға кәсіби қазақ тілінен сабақ берудегі басты мақсат тілді үйрету, оны ауызекі сөйлеуде пайдалану, оқушылардың сөздік қорын дамыту, оқу техникасын қалыптастыру, дұрыс сөйлеуге, сауатты жазуға үйрету. Оқушыларды күнделікті қарым-қатынас түрлеріне еркін араласып, өз мамандығы бойынша сұхбаттар жүргізе алуға үйрету.

Сондықтан кәсіби қазақ тілі сабағында ауызекі сөйлеуге үйрете отырып, оқушының назарын аударатын әрбір сөйлем, әрбір жаттығу алдын ала ойластырылып, оны түрлендіре отырып орындату оқытушы шеберлігін танытады.

Қазіргі таңдағы тіл саясатының басым бағыттарының бірі – мемлекеттік тілді дамыту мен оның қолданылу аясын кеңейту болса, оның кешенді тармағы – тәуелсіз мемлекетіміздің болашағына адал қызмет ететін, өнердегі сұлулықты көре, түсіне, бағалай білетін, мемлекеттік тілді жетік меңгерген кәсіби мамандар даярлау болып табылады. Оқушылар қазақ тілін кәсіби қатынас құралы ретінде қолдана алады; кәсібіне байланысты жинаған сөздік қорды келешекте жұмыс орнында пайдаланып, өз мамандығына қатысты ой-пікірлерін нақты, анық жеткізу дағдысы қалыптасады.

Колледжді оқу орындарында мемлекеттік тілді оқыту - колледжді оқушыларының тілді болашақ кәсіптік қызмет бабында және жеке қарым-қатынасында қолдана алатындай іскерліктер мен дағдыларды игерту мақсатын көздейді. Оқушылар күнделікті қарым-қатынас түрлеріне еркін араласып, өз мамандығы бойынша сұхбаттар жүргізе алуға үйретіледі. Осы орайда мемлекеттік тілдің қолданылу аясының кеңейіп, іс қағаздары, бұйрықтар, өзге де құжаттардың мемлекеттік тілде жүргізілуіне байланысты атқарылып жатқан кешенді іс-шаралардың оң нәтижелерін бүгінде іс жүзінде көруге болады.

Колледжді оқушыларының кәсіби сөйлеу тілін мәтіндер арқылы дамытуға жүзеге асыру нәтижесінде олардың мамандық бойынша білімдері толықтырылып, мәтінмен жұмыс істеу

дағдылары жетілдіріледі. Мәтіндермен жұмыс барысында оқушылар болашақ мамандықтары туралы қосымша мәліметтер мен атқарылатын іс-әрекеттеріне байланысты ақпаратпен қамтамасыз етіледі. Мәтінмен жұмыс істеуде сөз мағынасы түсіндіріліп, оны оқушылардың тіліне енгізу белгілі бір тақырып төңірегінде беріледі. Мәтінмен жұмыс жүргізу нәтижесінде оқушылардың кәсіби сөздік қоры байып, сөйлеу мүмкіндіктері дами түседі. Осы тұрғыда мәтіннің кәсіби сөйлеу тілін дамытуға алатын орны орасан зор.

Әдіскер-ғалымдардың еңбектеріне сүйенсек, профессор Ф. Оразбаева өзінің «Тілдік қатынас теориясы және әдістемесі» атты зерттеу еңбегінде: «Мәтін – адамдар арасындағы тілдесімдік қатынастың жемісі. Адам өз ойын екінші біреуге жеткізген кезде қалай болса солай айтылған сөйлемдер тізбегін құрамайды. Керісінше, жинақталған пікірдің көзқарасын бір-бірімен ой жағынан да, қалпы тарапынан да бірлескен сөйлемдер жүйесімен, яғни мәтін арқылы жеткізеді, баяндайды. Адам тілдік қатынаста үлкенді-кішілі, ірілі-усақты мәтіндерді сөйлесім әрекетінің кез-келген кезеңінде ойдан құрап, қолдана береді» [1,28]- деп тұжырымдайды.

Колледжді оқушыларының кәсіби сөйлеу тілін мәтін арқылы дамыту жұмыстары сабақтардың бастапқы кезеңінен бастап жүзеге асырылады. Тәжірибеміздегі кәсіби қазақ тілін оқыту барысында ең алдымен, оқушылардың мамандықтары ескеріліп, сол мамандыққа қатысты сөздер, сөз тіркестері, негізгі ұғымдар мен терминдерге, олардың лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне баса назар аударылады. Мәтінде қамтылатын материалдар жүйесі мамандыққа қатысты оқытылатын арнайы пәндермен тығыз байланысты болып келеді. Бұл орайда құрылымы, мазмұны жағынан қарапайым мәтіндерді өз бетімен оқытуға жетілдіру, сұрақ қою, сұраққа жауап беру, жана тақырыптық лексикамен жұмыс істеу, яғни сөз, сөз тіркестерімен сөйлем құрау, талдау сияқты жаттығу түрлерімен қатар, мәтіннен қажетті ақпаратты тауып, қорытындылау, жинақтау, диалог, монолог құру көзделді. Осыған сай мен кәсіби қазақ тілін оқытатын «Дизайн» бөліміндегі оқушыларға кәсіби қазақ тілін меңгертудегі алдыма қойған мақсатым, өнердегі сұлулықты көре, түсіне, бағалай білетін, мемлекеттік тілді жетік меңгерген кәсіби мамандарды даярлау. Дизайн өнері өзінің бай тарихы, терең мазмұнды алуан түрлі ерекшеліктерімен жас ұрпаққа рухани, эстетикалық тұрғыда әсер етіп, оқушылардың саналы қасиеттерін дамытатыны анық. Сондықтан әрбір оқушының бойында жалпы және арнайы дарын көзін тауып оны дамыту, мақсатында дизайн өнеріне байланысты мәтіндермен қатар суретшілердің өмірі туралы мәліметтермен таныса отырып, осы өгілгі суретшілеріміздің туындыларына тоқталып өтеміз. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін мен оқушылардың мамандығына сәйкес оқытудың және тәрбиелеудің мазмұны мен әдістерін құрастырамын. Атап айтқанда, әрбір модуль мазмұны жағынан бірін-бірі толықтыратын бірнеше мәтін жиынтығынан тұрады. Мәселен, «Дизайн дегеніміз не?» модуліне «Өнерді білу пайда», «Дизайн тарихынан», «Дизайн түрлері», сияқты т.б. тақырыптағы мәтіндер жиынтығы кіреді. Ал «Бейнелеу өнері» модуліне «Бейнелеу өнерінің тарихы», «Қазақстанның атакты суретшілері», «Суретші тағлымы», «Натюрморт» мәтіндер жиынтығы кіреді. Бұл тақырыптарды оқытудағы мақсат – оқушылардың тілді жетік меңгерген, сурет салуды, өмірді, табиғатты, айнала қоршаған ортаны сүйетін, ақыл ой парасаты өскен, танымы кең, ізгілікке, әсемдікке бейім кәсіби тұлғаны қалыптастыру. Аталған тақырыптар бойынша іріктелген оқу материалдары кәсіби сөйлеу тілін дамытумен қатар, төмендегі дағдыларын да жетілдіреді.

Атап айтқанда:

- мәтіндегі ойды, оқиғаны өз өмір тәжірибесімен ұштастыру;
- оқылған мәтінге өз көзқарасын білдіру;
- мәтінге әлеуметтік, тарихи, адамгершілік, кәсіби маңыздылығы жөнінен баға беру.

Мәтіндер арқылы кәсіби лексиканы, терминдерді меңгерте отырып, оқушылардың сөздік қорларын байыту нәтижесінде өз ойларын қазақ тілінде сауатты жеткізе білуге үйретуге болады. Таңдап алынған мәтіндер оқушылардың болашақ мамандықтарына деген қызығушылықтарын арттырып, сабақ маңыздылығын арттырады сөзсіз. Мәтін таңдауда мәтіндегі ойдың нақты, дәл берілуі, тілінің түсінікті болуы - негізгі шарттардың бірі болып табылады. Осы таңдап алынған мәтіндермен жүргізілетін жұмыс оқушылардың анықтамалық әдебиет, сөздікпен жұмыс істеу, салыстыру, талдау жасау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Мысалы, қазақ кескіндемешісі, график – суретші, қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушы - Әбілхан Қастеев туралы, табиғат суреттерін салуды ұнататын Жанатай Шарденовтердің өмірі туралы естеліктер, реалистік бағытта тарихи тұлғалардың образын жасауда еңбек сіңірген суретші Ағымсалы Дүзелханов жайлы мәтіндер.

Сонымен қатар, «Пейзаж», «Портрет» «Суретші тағлымы» «Қазақтың ұлттық ою-өрнектері» атты мәтіндер оқушылардың кәсіби ойлау қабілеттерін, сөздік қорларын дамытуға, кәсіби тілде сөйлеу дағдыларын дамытуға үлкен үлес қосады. Бұл мәтіндерден оқушылар бейнелеу өнерінің,



дизайн өнерінің қыр-сырымен таныса отырып, ойлау, есте сақтау, тыңдау, қазақ тілінде нақ және дұрыс сөйлеу дағдысын қалыптастырады.

Бейнелеу өнері модулінің оқыту барысында оқушылардың кәсіби сөйлеу тілдерін дамытудың бірден-бір жолы болып табылатын оқушылардың сөздік қорын кәсіби лексикамен, бейнелеу өнері, дизайн терминдерімен толықтырып, байыту жұмыстарын жүйелі түрде жүзеге асыру. Бейнелеу өнері терминдерін оқытуда олардың жасалу жолдарын анықтап, ерекшеліктеріне кеңінен тоқталамыз. Мұндағы басты мақсатымыз - болашақ мамандыққа байланысты сөздерді қазақ тілінде үйретіп, кәсіби сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Кәсіби лексиканы мәтіннен таба білу, оны мәтіннен тыс жағдайда орынды қолдану – олардың іскер, жан-жақты дамыған, өз мамандығын жетік менгерген терең білімді маман болып тәрбиеленуі болып табылады. Қазақ тілінен берілетін әрбір сабақтың тәрбиелік, танымдық жағына баса мән беріп, оның болашақ мамандығының өмірдегі қажеттілігін саналы түрде түсінуіне мүмкіндік туғызу қажет.

Кәсіби қазақ тілі сабақтарының бастапқы кезеңдерінде мәтіндердің берілу қағидағтары қарапайымнан күрделіге қарай алмасу заңдылықтарына негізделеді. Өз оқыту тәжірибеміздегі кәсіби бағдар барысында оқыту мәселелеріндегі мәтін таңдау ерекшеліктеріне тоқталатын болсақ, мұнда ең алдымен оқушылардың кәсіби мамандығы ескеріле отырып, сол мамандыққа қатысты сөздер, сөз тіркестері, тұрақты тіркестер, негізгі ұғымдар мен терминдерге көңіл аударылып, олардың лексикалық-грамматикалық ерекшеліктеріне баса назар аударту жұмыстары жүргізіледі. Бұдан кейінгі кезекте, әдетте оқушылар берілген сөздер мен сөз тіркестерін пайдалана отырып, кәсіби бағытта мәтін құрастырады. Мәтінде қамтылатын материалдар жүйесі мамандыққа байланысты оқытылатын арнайы пәндермен тікелей ұштастыра алынады. Себебі кез-келген мамандық иесі өзі таңдаған кәсібінің қыр-сырын жетік менгеруге мүдделі және өз ойын кәсіби сөйлеу тілінде жеткізуге ұмтылуы оның мамандыққа деген сүйіспеншілігін арттыру мәселесіне келіп тіреледі.

Оқыту барысында аталған мақсаттарды жүзеге асыру үшін бірінші кезекте оқушыларға кәсіби танымдық мазмұндағы құрылымы, мазмұны жағынан қарапайым мәтіндерді өз бетімен оқып, жетілдіру, сурет бойынша сұрақ қою, сұраққа жауап беру, жана тақырыптық лексикамен жұмыс істеу, яғни сөз тіркестері мен сөйлем құрастыру, таңдау сияқты жағдай түрлерін орындаумен бірге, мәтіннен қажетті нақты ақпаратты табу көзделеді. Берілген сұрақтар төңірегінде, оқушылардың қазақ тілін білу дәрежесіне қарай, яғни олардың қазақша байланыстырып сөйлей білуіне қарай, диалог түрінде сөйлесу, сұрақтарға жауап беру жұмысы өткізіледі. Әрбір сабақта мәтін, мәтінге қатысты сөздер, грамматикалық тұлғаларға түсініктеме, ой-түркі сұрақтар, лексикалық түсініктеме, мәтінге дейінгі, мәтіннен кейінгі тапсырмалар, диалог, мәтінге қатысты түсініктерді тексеруге арналған сұрақтар, мәтіндегі грамматикалық тұлғаларды табу жұмыстары, лексика-грамматикалық тест, тапсырмалар, сөзжұмбақтар, афоризм, нақыл сөздер, салыстыру тапсырмалары, өз бетінше жұмыс істеуге арналған тапсырмалар жүйелі түрде қарастырылады.

Мысалы, «Суретші Қ. Телжанов» тақырыбын оқыту барысында оқушыларға суретші туралы қысқа мәлімет беріледі. Қанапия Телжанов 1927 жылы туған.

Ол – қазақ кескіндемешісі, Қазақстан республикасының халық суретшісі. Суретшінің «Көкпар», «Домбыра әуендері», «Ата мекен», «Бүркіт салу», «Әжесі мен немересі», т.б. туындыларымен жұртшылық таныс...

Сабақтың келесі кезеңінде суретшінің «Көкпар» атты суреті пайдаланылады. «Көкпар» суреті 1960 жылы салынған. Көкпар (көк бөрі) – қазақтың ұлттық ойыны. Мал баққан халық үшін қауіпті аң – қасқыр. Оны соғып алған жұрт қуанып, өлігін ат үстінде сүйрелеген, бір – бірін алып қашып, тартып тамашалаған.

Кейін бұл халық ойынына айналған. Бірақ жиындарда қасқыр үнемі табыла бермегендіктен, көкпарға қой, ешкі де тартылатын болған. Көкпар жігіттердің күш-жігерін, төзімділігін, батылдығы мен ептілігін, ат үстіне беріктігін қалыптастырады. Көкпар аттын қалай бапталып үйретілгенін, жүйріктігін де сынайтын ойын.

Бұл арада қазақтың белгілі суретшісінің туындысымен таныстыру арқылы, оқушылармен әрі білімдік, әрі тәрбиелік жұмыс жүргізіп, әрі байланыстырып сөйлеуге жаттықтырамыз.

Сабақтың келесі кезеңінде сурет бойынша төмендегідей сұрақтар қойылады:

1. Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген?
2. Алыстан не көрініп тұр?
3. Суретте неше адам бейнеленген?
4. Олардың әрқайсысын сипаттап шық. (үстіндегі киімі, атқа отырысы, т.б.)
5. Әр жылқының суреттегі көрінісін бейнелеп шық.
6. Суреттегі адамдар қандай ойын ойнап жүр?

Сурет бойынша қойылған сұрақтармен қазақ тілінде дұрыс әңгіме өткізу үшін, мәтін

құрастыруға дейінгі тапсырмалар беріледі. Яғни, оқушыларға «ұлттық» сөзімен тіркестіріп сөздерді үйретуге назар аудартылады. Бұл сөздер қатары: ұлттық ойын, ұлттық бейне, ұлттық сана, ұлттық киім, ұлттық игіліктер, ұлттық мәдениет, ұлттық мұра т.б. сөздер құрайды. Олар ұлттық ойын өткізу, ұлттық бейнені суреттеу, ұлттық киімді әшекейлеу, ұлттық сананы қалыптастыру, т.б. тіркестермен толықтырылып, оқушылардың сөздік қорына байып, толығына жағдай жасайды. Мұндай тақырыптық сөз тіркестерін тез қабылдап, грамматикалық тұрғыдан дұрыс менгерген оқушыларға мәтін құрастыруда қиын болмайды. Берілген сұрақтарға жауап даярлай отырып, ауызша әңгіме құрастырылып, жазбаша жұмысқа айналады. Ең соңында суретші Қ. Телжановтың «Көкпар» суреті бойынша жана мәтін құрастырылып шығады. Сонымен қатар, оқушыларға сурет бойынша мазмұндама жазғызуға болады. Жұмыстың бұл түрін жұмыс барысында қылқалам туындысын пайдалан отырып, мазмұндама жазу оқушылардың сурет мазмұнын түсінуге, шығармада бейнелеген зат, не құбылыстарды бейнелі де көркем сөзбен өрнектеуді үйретеді. Берілген жана лексикамен сөз тіркестерін құрастыруды дұрыс менгеріп, сөйлемдердің арасындағы өзара мағыналық байланыс орнату мәселелерін игеруге дағдыланады. Ал күнделікті кәсіби тақырыптық сөздік қорды жетілдіру жұмыстары оқушылардың мәтіндерді толық менгеруіне жағдай жасайды.

Бабаларымыздан шыққан әрбір сөздің терең мағынасын оқушылардың санасына мәңгілік жеткізуді сабақ сайын жүргізсек деп ойлаймын. Сонда ғана оқушы оқытушыдан терең мағыналы сөз күтіп, оның мәнін жете менгеруге асығады. Қызығарлық сөздермен таза нақ сөйлеуге оқушыларымызды үйретсек, оқытушының еңбегі жанғаны деп білемін.

«Дизайн» бөліміндегі оқушыларға кәсіби қазақ тілін менгертудегі тәжірибемізде бейнелеу өнері терминдерін жақсы игеруге мүмкіндік беретін жұмыс түрлерінің бірі ретінде белгілі адамдардан қалған сурет пен бейнелеу өнері туралы нақыл сөздер мен афоризмдерге, көңіл бөліп, қарастырамыз. Мысалы:

1. Әдебиет, музыка, живопись – барлық ұлы да тамаша нәрселерді нақты бейнелейді, ол ата-бабаларымыздың даналық сөздері мен олардың еңбектері – өмірді таңудағы нақты, күшті, мықты құралы, күрестің күшті қаруы болып табылады. *Бауыржан Момышұлы.*

2. Көркем өнердің міндеті табиғатқа еліктеу емес, оның сырын ашу. Көркем өнер біздің ішкі дүниеміз бен жан-жүйемізге әсер етіп, адамдық қалпымызды тәрбиелейді. *М.Әуезов*

3. Өнерде жетістіктен гөрі ниеттің мәні зор, суретші ең алдымен шебер емес, қиялшыл. Сол қиялшылықты мен ниеті суретшінің қатардағы ізбасарлар мен еліктеушілерден оқшау дараландырып тұрады. *Сергей Калмыков*

Кәсіби тілде қарым-қатынас жасау сөйлесім әрекетінің барлық түрлері тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім әрекеттерінің негізінде жүзеге асырылады. Әр оқушының мамандығына қатысты лексиканы менгеруіндегі негізгі шарт – сөздік қорының мол болуы. Өйткені, сөздік қоры жеткілікті оқушы тілде жана туынды сөздер мен жана мағыналы сөздерді жасап, тілдесуде кеңінен қолдана алады. Тілдесімнің кәсіби бағдарлық, тақырыптық, шығармашылық түрлері оқушылардың сөз байлығын арттырып, толықтырады. Тақырыптық лексиканы үйретуде оны оқушылардың күнделікті өмірде қолданылуының жеңіл болуын, мамандыққа қатысты оқушының ұғымына мағынасының сай келуін, оқытылатын тақырыптармен байланысты таңдап алуының, мағыналық ерекшеліктерінің ескерілуін, сөздердің тәрбиелік ұғымға сәйкестілігін ескерген жөн. Осындай ерекшеліктерді ескерген жағдайда жана оқушының мамандық саласына байланысты тілдесуі өз дәрежесінде дамиды.

Мәтіндермен жұмыс барысында оқушылардың өз бетінше ақпарат алып, онымен жұмыс істеу дағдылары дамытылып, мамандықтары бойынша білімдері толығырақ түсесі сөзсіз. Оқушылардың білімін қорытындылау мақсатымен сабақ соңында сөзжұмбақ, пікірталас сұрақтары оларды толғандыратын мәселелер төңірегінде ой толғау жүргізіледі.

Колледж оқушылары – әрі болашақ маман, әрі ҚР өндірісін ілгері дамытатын кәсіпкер. Оның алдындағы қатарлы маман болуы өз елінің тілін жоғары деңгейде білуімен де терең сабақтасалды. Оқушыларды шығармашылыққа, өз бетімен іс-әрекет етуге бағытталған тапсырмалар орындата отырып, өз пікірін айта алатын, оны дәлелдей білетін, өмірге деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан, үнемі ізденіс үстінде болатын, қоғам дамуына үлес қоса алатын, жан-жақты жетілген жас ұрпақ өкілдерін дайындай аламыз.

Қорыта айтқанда, оқытудың қазіргі уақыт талаптарына сай әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, оқушылардың сөздік қорларын байытып, кәсіби сөйлеу тілдері дамыған, эстетикалық талғамға бай, қазіргі заман талабына сай мемлекеттік тілді жетік менгерген кәсіби білікті маман даярлап шығару.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кусайынов А.К., Асылыов Ү.Ә. Оқулықтанудың өзекті мәселелері. Алматы. – 2000.
2. Жақсылықова К. Мәтінмен жұмысты ұйымдастыру // Қазақ тілі мен әдебиеті. N5-1999.

### СТИМУЛИРОВАНИЕ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СТУДЕНТОВ КАК ВАЖНОЕ УСЛОВИЕ АКТИВИЗАЦИИ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ ОБУЧАЮЩИХСЯ

А.А. АКИМХАНОВА  
магистрант, ПГУ имени С.Торайгырова, г. Павлодар  
Б.Х. ГАЛИЕВА  
к.п.н., научный руководитель

Очень важным в современном образовательном пространстве является повышение активности студентов по всем направлениям самостоятельной работы во внеаудиторное время. Основная задача организации самостоятельной работы студентов (СРС) заключается в создании психолого-педагогических условий активизации интеллектуальной инициативы и мышления на занятиях любой формы.

Аналитики Российского научно-исследовательского института высшего образования (НИИ-ВО) выделяют как основную характеристику СРС психологические условия успешности СРС [1]. Прежде всего, это формирование устойчивого интереса к избранной профессии и методам овладения ее особенностями, которые зависят от следующих параметров:

- взаимоотношения между преподавателями и студентами в образовательном процессе;
- уровень сложности заданий для самостоятельной работы;
- включенность студентов в формируемую деятельность будущей профессии.

Эффективная реализация самостоятельной работы зависит от заинтересованности в достижении результата, т. е. от устойчивой мотивации [2]. Необходимо убедительно показать студенту, что результаты СРС помогут ему лучше понять лекционный материал, лабораторные работы и т. д. Большой эффект дает включение заданий на СРС составной частью в курсовой, а тем более в дипломный проект или работу, причем это можно сделать достаточно рано – на одном из младших курсов.

Проанализировав психолого-педагогическую литературу, мы выделили основные способы повышения мотивации студентов к активной самостоятельной работе, то есть способы её стимулирования. Рассмотрим их подробнее.

Контроль в СРС не должен быть самоцелью для преподавателя, а прежде всего – стать мотивирующим фактором образовательной деятельности студента. Следует включать результаты выполнения СРС в показатели текущей успеваемости, в билеты и вопросы на экзамене, от оценок которых зависит рейтинг студента, окончательная оценка, а, следовательно, стипендия или ее размер. Многим студентам важен моральный интерес в форме общественного признания. При этом важно стремиться к тому, чтобы на младших курсах СРС ставила целью расширение и закрепление знаний и умений, приобретаемых студентом на традиционных формах занятий.

На старших курсах СРС должна способствовать развитию творческого потенциала студента. Задания могут носить индивидуальный, бригадный или комплексный характер. Однако контроль выполнения СРС, отчет по СРС должны быть сугубо индивидуальными. Критерий здесь один – индивидуальные склонности и, главное, способности конкретного студента, но тем не менее, в тенденции выше приведенное суждение по поводу места и роли СРС вполне правомерно.

Для стимулирования СРС необходимо выполнить ряд условий [3]:

- обеспечение правильного сочетания объемной аудиторной и самостоятельной работы;
- методически правильная организация работы студента в аудитории и вне ее;
- обеспечение студента необходимыми методическими материалами с целью превращения

процесса самостоятельной работы в процесс творческий;

- контроль за организацией и ходом самостоятельной работы и мер, поощряющих студента за ее качественное выполнение.

Первое условие состоит в необходимости оптимального структурирования учебного плана не только в смысле последовательности изучения отдельных курсов, но и разумного соотношения аудиторной и самостоятельной работы. Большую роль здесь играет правильное определение трудоемкости различных видов самостоятельных работ, таких как курсовые проекты и работы, расчетно-графические работы, других заданий. Составлению такого плана должно предшествовать серьезное

изучение бюджета времени студента, оснащенности методической литературой и учет национальных традиций в системе образования.

Второе условие – это методически рациональная организация работы. Важно постепенно изменять отношения между студентом и преподавателем. Если на первых курсах преподавателю принадлежит активная воспитательная позиция, а студент чаще всего ведомый, то по мере продвижения к старшим курсам эта последовательность должна деформироваться в сторону побуждения студента работать самостоятельно, активно стремиться к самообразованию. Выполнение заданий самостоятельной работы должны учить мыслить, анализировать, учитывать условия, ставить задачи, решать возникающие проблемы, т. е. процесс самостоятельной работы постепенно должен превращаться в творческий.

Третье условие – это обеспечение студента соответствующей учебно-методической литературой. Сложившаяся ситуация в высшей школе не позволяет обеспечить студента необходимой литературой, изданной в центральных издательствах.

Интенсификация образовательного процесса предполагает ритмичность СРС за счет уменьшения рутинной работы студента в семестрах. Индивидуализация СРС может включать [1]:

- увеличение удельного веса интенсивной работы с более подготовленными студентами;
- деление занятия на обязательную и творческую части (для всех, пытающихся самостоятельно справиться с более трудными и, главное, – нестандартными задачами, дополнительными вопросами, учебно-проблемными ситуациями и т. д.)
- регулярность консультаций с обучаемыми;
- исчерпывающее и своевременное информирование о тематическом содержании самостоятельной работы, сроках выполнения, потребности во вспомогательных средствах, формах, способах контроля и оценке итоговых результатов с обязательным сравнением с ожидаемыми.

Организация самостоятельной работы студентов под руководством преподавателя является одним из наиболее эффективных направлений в учебном процессе, развивающим самостоятельную творческую деятельность, исключительно сильно стимулирующую приобретение и закрепление знаний. СРС приобретает особую актуальность при изучении специальных дисциплин, поскольку стимулирует студентов к работе с необходимой литературой, вырабатывает навыки принятия решений [4].

С этой точки зрения, весьма перспективным представляется разработка одного большого задания коллективом из нескольких студентов, поскольку такой подход прививает навыки коллективного творчества. Это особенно важно при подготовке специалистов для современного сложного производства, проектированием и внедрением которого занято большее количество интеллектуалов, как теоретиков, так и практиков.

Такой вид учебных занятий подразумевает распределение ролей и оценку трудоемкости отдельных работ, что требует от преподавателя дополнительных педагогических знаний в области деловых игр. В последнее время деловые игры получили большее распространение по самым различным учебным дисциплинам.

Имитируемый при такой форме проведения занятий реальный жизненный (производственный, социальный, культурный) процесс увлекает студентов, становится для них своеобразным проектированием деятельности. Они легче приобретают знания, лучше понимают те процессы, в которых участвуют. Студенты учатся отстаивать свою точку зрения, участвовать в общих дискуссиях.

Организуя процесс обучения, в том числе и СРС, используя работу студентов в парах, мы должны помнить, что сангвинику проще общаться с холериком, флегматику и холерику ужиться друг с другом очень трудно. С холериком лучше вести занятия в быстром темпе, оперировать крупными блоками, быстро переключаться с одного вида работы на другой. При этом необходимо помнить о разумно распределенном повторении, так как быстро усвоенное так же легко уходит из памяти.

Лицам с выраженными тормозными процессами лучше вводить материал неторопливо, основательно, на глубину. У таких людей однажды усвоенный материал, как правило, не забывается или же процесс забывания идет медленно. Медленность возникновения и прекращения нервных процессов, свойственная флегматикам, является основой прочности запоминания. Зная типы нервной системы, преподаватель имеет возможность учитывать особенности личности студента при опросе, особенно во время экзаменов.

Преподавателям хорошо известны факты неожиданных срывов студентов на экзаменах. Анализ подобных срывов, проведенный специалистами-психологами, показал, что в большинстве случаев причиной срывов является экзаменационный стресс (экзамен – всегда стресс). В генезисе этого срыва значительную роль играет экзаменатор (как утверждают психологи), если он не учитывает особенностей нервной системы экзаменуемого

Стрессовые обстоятельства усиливают те или иные типологические проявления, т. е. холерик может стать еще более безудержным, флегматик еще более заторможенным. Резкое противодействие экзаменатора не вызывает их коррекцию, а наоборот, усиливает стрессовое проявление характера. Лучше в подобных случаях, чтобы преподаватель как бы не замечал избыточных проявлений темперамента, а доброджелательно и спокойно помогал студенту прийти в себя.

Отвлечь студента, переключить внимание, пошутить или просто поощрительно улыбнуться – вот простые приемы, позволяющие студенту спокойно воспринимать вопросы экзаменатора и отвечать на них. Таким образом, на восприятие, усвоение и запоминание в значительной степени влияют тип центральной нервной системы и учет ее особенностей преподавателем.

В организационном плане с целью стимулирования СРС необходимо [4]:

- сформировать достаточную степень подготовленности студентов к самостоятельному труду, определенный уровень самодисциплины студентов;
- разработать нормативы по определению объемов внеаудиторной СРС для преподавателя и для студента, осуществлять календарное планирование хода и контроля выполнения СРС;
- наличие специальной учебно-методической литературы, причем наряду с концептами лекций, сборниками задач и другими традиционными материалами, необходимы их электронные версии, тем более, что многие студенты сегодня имеют домашние компьютеры;
- необходимы новые поколения тренажеров, автоматизированных обучающих и контролирующих систем, которые позволяли бы студенту в удобное время и в привычном для него темпе самостоятельно приобретать знания, умения, навыки;
- высокая обеспеченность компьютерной и множительной техникой, доступной для преподавателей и студентов;
- усиление консультационно-методической роли преподавателя;
- возможность свободного общения между студентами, между студентами и преподавателем;
- перестройка традиционных форм учебных занятий, освободив их от школярских приемов обучения.

Особо следует выделить возможности обеспечения учебной и методической литературой дистанционное обучение (ДО) с использованием информационных компьютерных технологий (ИКТ), в частности, компьютерных образовательных сред (КОС), специально построенных и организованных для размещения учебных материалов с учетом педагогических и дидактических требований [4].

Под ДО следует понимать любое удаленное обучение как определенный способ организации образовательного процесса (учебно-коммуникационное взаимодействие опосредовано), которое может быть использовано во всех формах обучения (очная, заочная, экстернат, обучение с использованием средств телекоммуникации, почтовой переписки и др.).

Именно ДО призвано сократить аудиторную нагрузку и увеличить долю самостоятельной работы студента. В этой связи для эффективности СРС необходимо всемерно разрабатывать и приобретать электронные учебники и обучающие программы.

По существу – это компьютеризация образовательного процесса, которая в условиях многоуровневой структуры образования является активизирующим фактором СРС, когда студент вырабатывает умение самостоятельно выбирать источники информации, приобщается к этике международного общения с навыками экономии времени, овладевает искусством объективной и целевой оценки собственного потенциала, своих деловых и личностных качеств [5].

Основные факторы успешной учебной деятельности в высшей школе все больше перемещаются из сферы репродуктивного обучения в сферу психических состояний и активного сознания, не доступных ни прямому, ни опосредованному внешнему контролю. В соответствии с этим решающее значение в процессе обучения должно принадлежать контролю со стороны студента за собственными действиями, полному осознанию им целей и следствий своей деятельности. По мере развития готовности к самостоятельной работе (развития мотивации) функция контроля со стороны преподавателя заменяется различными формами самоконтроля.

Для развития у студентов мотивации к самостоятельной работе нужны современные, научно-обоснованные учебные и методические пособия как средство, с помощью которых студент может выстроить индивидуальную траекторию самообучения в процессе самостоятельной деятельности.

Самостоятельная работа перестанет быть формальным звеном целостного педагогического процесса только в том случае, если будет осознаться студентом как существенно необходимой элемент собственного развития. Для этого необходимо выстраивать систему заданий так, чтобы в конечном счете привести студента к самоуправлению познавательной деятельностью в системе «информация – знание – информация» [7].

Активная самостоятельная работа студентов возможна только при наличии серьезной и устойчивой мотивации. Самый сильный мотивирующий фактор – подготовка к дальнейшей эффективной профессиональной деятельности. Среди внутренних факторов, способствующих активизации самостоятельной работы можно выделить следующие [3]:

- полезность выполняемой работы. Если студент знает, что результаты его работы будут использованы в лекционном курсе, в методическом пособии, в лабораторном практикуме, при подготовке публикации или иным образом, то отношение к выполнению задания существенно меняется в лучшую сторону и качество выполняемой работы возрастает. При этом важно психологически настроить студента, показать ему, как необходима выполняемая работа.
- участие в олимпиадах по учебным дисциплинам, конкурсах научно-исследовательских или прикладных работ и т.д.;
- использование мотивирующих факторов контроля знаний (накопительные оценки, рейтинг, тесты, нестандартные экзаменационные процедуры). Эти факторы при определенных условиях могут вызвать стремление к состоятельности, что само по себе является сильным мотивационным фактором самосовершенствования студента;
- поощрение студентов за успехи в учебе и творческой деятельности (стипендии, премирование, поощрительные баллы) и санкции за плохую учебу. Например, за работу, сданную раньше срока, можно проставлять повышенную оценку, а в противном случае ее снижать;
- индивидуализация заданий, выполняемых как в аудитории, так и вне ее, постоянные их обновления;
- мотивационным фактором в интенсивной учебной работе и, в первую очередь, самостоятельной является личность преподавателя. Преподаватель может быть примером для студента как профессионал, как творческая личность. Преподаватель может и должен помочь студенту раскрыть свой творческий потенциал, определить перспективы своего внутреннего роста.

Таким образом, существует множество способов организации СРС, способствующих стимулированию и активизации самостоятельной работы, заключающихся в психологическом воздействии на личность обучающегося. Реализация данных способов способствует повышению уровня учебной мотивации и рефлексивности у студентов. Эти психологические особенности являются неотъемлемой частью процесса активизации СРС в условиях кредитной технологии обучения в ВУЗе.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Калининкова Н. Я. Составляющие системы управления учебной деятельностью студентов в вузе. // Вестник Бурятского университета. – Улан-Удэ: Изд-во БГУ, 2006. – С. 73-80.
2. Психология развития. Словарь / Под. ред. А. Л. Венгера // Психологический лексикон. Энциклопедический словарь в шести томах / Ред.-сост. Л.А. Карпенко Под общ. ред. А.В. Петровского. — М.: ПЕР СЭ, 2005. — 176 с.
3. Ильин Е. П. Мотивация и мотивы. – СПб.: Питер, 2004.
4. Загвязинский В. И. Теория обучения : современная интерпретация : Учебное пособие для студентов вузов. – М. : Академия, 2001. – 192 с.
5. Коджаспирова Г. М., Коджаспиров А. Ю. Словарь по педагогике. – М. : ИКЦ «МарТ», 2005. – 448 с.
6. Феофанов В. Н. Синдром выгорания у учителей специальных (коррекционных) школ и его влияние на межличностную привлекательность учителя со стороны учащихся. – М., 2009. – 124 с.

#### БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БІЛІМ, БІЛІК ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУЫТАДАҒЫ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ ӘДІСТЕРІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Р. АҚНИЯЗОВА

бастауыш сынып мұғалімі, Жанкожа батыр атындағы №70 мектебі,  
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің негізгі міндеті – баланың даралығын дамыту, тәрбиелеу және оқыту үшін жағдайлар жасау арқылы интеллектісін байыту, бала тұлғасының рухани және дене мүмкіндіктерін ашу екендігі баса айтылады. Қоғам алдында қойылған міндетке сәйкес білім беру жүйесі оқушы тұлғасын үйлесімді дамытуға бағытталған жалпы білім беретін мектептің жана үлгісін таңдауға бағытталып отыр.

Бүгінгі таңда білім саласындағы ең негізгі мақсат – оқушыларға тек білім беріп қана қоймай, олардың өздерін ізденуге үйрету, үйренгенін өмірде қолдануға, оқушыны өз ойын еркін жеткізуге, өз алдына шешім қабылдауға үйрету. Ал бұл мақсаттардың орындалуы үшін мұғалім тек қалыптасқан әдістерге, кітап пен тақтаға ғана жүгінбей, сабаққа көрнекіліктерді, қосымша анықтама әдебиеттерді пайдалану керек, сондай-ақ техникалық жабдықтарды (мультимедиялық тақта, компьютер, фламторды) пайдалануды білуі қажет.

Бастауыш білім берудің негізгі мақсаты да – оқушының жас ерекшелік және жеке дара мүмкіндіктерін ескере отырып, оқушы тұлғасын дамыту, оқу іс-әрекетінің негізгі компоненттерін игеру. Сонымен бірге бастауыш мектептегі оқу әрекетін ұйымдастыру, оқу, жазу, санау бойынша қажетті білім, білік және дағдылар жүйесін игеруін, осы сатыдағы негізгі құзыреттіліктердің қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Болашақ ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында білім беру жүйесін ізгілендіру – уақыт талабы. Қазіргі заманда білім сапасын арттырудың бірден-бір жолы – білім беру технологиялары мен оқу үрдісін ұйымдастырудың жаңа түрлерін қолдануға өңізу. Осындай талапқа сай қызмет істеу үшін мұғалім өзінің теориялық және әдістемелік білімін ұдайы толықтырып, үздіксіз ізденуі, мамандығын барынша жетілдіру және осы саладағы жаңалықтар мен озық тәжірибелерді үнемі пайдалануы тиіс. Шәкірттің жеке тұлға ретінде дамуына ұстаздың өткізген әрбір сабағы шешуші рөл атқарады. Оқушы білімінің сапалы болуы ұстаздың дәріс беру шеберлігі мен жаңа технологияны тиімді пайдалана білуіне, яғни кәсіби құзыреттілігіне тікелей байланысты. Оқушы үшін мектепте оқылатын әрбір пәннің орны ерекше. Шәкірт әрбір пәннің бастауынан нәр алып, келешек өміріне пайдаланады.

Мұндай жаңа технологияларды пайдаланып оқыту барысында оқытушыға қойылатын негізгі талап, оқушының берген жауабын түзету, берілген тапсырманы орындау жолдарын көрсету, оқушыға өз ойын рет-ретімен толық жеткізуді үйрету болып табылады. Балаға өз ойын қысылмастан айтуға мүмкіндік беру, оған пікір еркіндігін сездіру оқушының сол сабаққа деген қызығушылығын арттырады. Мұндай сабақтарда, сабақты театр сахнасы деп қарасак бас рөлге оқушы, оның білімі, өзіндік жұмысы алынып, оқытушыға тек бақылаушы рөлі қалады. Демек, мұғалімге өз жұмысының жемісті болуы үшін әрбір сабаққа қатысты тапсырмаларды терең ойлап тұзу қажет, себебі логикалық ойды талап ететін тапсырма оқушы ойын өзіне аудару қасиетіне ие бола алады.

Оқушылардың пөнге қызығуын арттыру үшін әр сабақты дұрыс ұйымдастыру, педагогикалық шеберлікті үнемі ізденістермен жанартып отыру әр мұғалімнің өз ұстанымы, мақсат, міндеті болуы керек. Осыған орай, менің өз ұстанымым:

- күнделікті сабақты таңқаларлықтай өткізу (бұрын-соңды болмаған ойын түрлерін, тест түрлерін пайдаланып);
  - қиынның қисынын келтіру, күрделіні тартымды, аса сезімталдықпен айту;
  - қысқа, нұсқа, негізділікке үйрету;
  - Ал оқыту сапасын білім сапасына арттыру үшін мыналар қажет:
  - Жаңа дидактикалық әдістерді қолдану;
  - Сабақтың әдістемелері мен түрлерін өзгертіп отыру;
  - Оқушының білімін, іскерлігін, дағдысының жетістігін дамыту;
  - Оқушының олимпиадаларға, сайыстарға, ғылыми жобаларға қатысуына белсендіру.
- Сабақ барысында оқу-тәрбие үрдісінде қолданып, айтарлықтай нәтиже беріп жүрген жаңа педагогикалық технологиялар деп төмендегілер әдістерді атар едім:
- дамыта отырып оқыту әдістемесі;
  - сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы оқыту;
  - саралап оқыту;
  - деңгейлік тапсырмалар арқылы оқыту технологиялары, соның бірі қазіргі кезде кеңінен қолданылып жүрген М. Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясы» Төменде жіктелетін барлық технологияларды мұғалім дұрыс орынды шеберлікпен қолдана білсе, үлкен нәтижеге жете алады және жоғары дидактикалық жетістіктерді байқай алады. Таратып айтар болсақ:

#### 1. Дамыта оқыту технологиясы.

Дамыта оқыту технологиясы шығармашылық ойлауға, сапалы дамуға, қиялдауға, есте сақтауға, тіл дамытуға бағытталған. Бұл технологияның ерекшелігі – оқығанын пікірсайысқа салу, сабақ құрылымының онтайлығы, дидактикалық ойындар, өзіндік іс-әрекеттің қарқындылығы, сабақта әр оқушыға өзін-өзі көрсетуге мүмкіндік беретін педагогикалық ситуация құру.

#### 2. Коммуникативті оқыту технологиясы.

Коммуникативті оқыту технологиясы – сабақта диалогтық және монологтық оқытуға жағдай жасайды. Коммуникативтік әдіс- оқушылардың танымдық оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың

негізгі құралы болып табылады. Коммуникативтік әдісті қолдану кезінде қарым-қатынас дағдысы, тұлғаның адамгершілік қасиеті, өзінің ортақ мақсатты тілегіне бағына білуін қалыптасады.

#### 3. Ойын әдісі.

Ойын бұл жерде оқыту әдісі ретінде жүреді. Бастауыш жастағы балалардың ойынға қызығушылығы басым, мінез-құлқында еріктілік жеткіліксіз, алдында кездескен мысалдарды шешуге практикалық тұрғыдан қарайды және ойлау мінезі көрнекі-бейне түрде болады. Олардың зейіні іс-әрекеттің түріне емес, нәтижесіне бағытталған. Сондықтан да мұғалімдер ойын әдістерін жиі қолдануы қажет.

Оқу үрдістерінде ойын түрлерін балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес түрлендіріп, жаңа тақырыпты өткенде, өтілген материалды қайталағанда, білімді тиянақтау және тексеру кезінде, яғни сабақтың кез келген сәтінде оқыту әдісінің құралы ретінде пайдаланамын. Бала тек ойын ойнап қана қоймай, осы ойын арқылы білім алып, жан-жақты тұлға дамиды.

Ойын баланың даму құралы, таным көзі, білімдік, тәрбиелік, дамытушылық мәнге ие бола отырып, адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Бастауыш мектептің педагогикалық арсеналында:

- балардың сөйлеуіне байланысты тұрмыстық сөздігін бекітетін және дамытатын ойындар;
- есепке үйрететін сандық елестерін дамытуға бағытталған ойындар;
- есті, назарда, зейінді, бақылағыштықты дамытатын, ерікті бекітетін ойындар;
- коммуникативті өрісті дамытатын ойындар т.б. бар.

#### 4. Модульдік оқыту әдістемесі.

Модульдік технология дегеніміз-білім алушының ішкі мүмкіншілігіне, қабілетіне қарай өз бетімен ізденуіне, әрекет етуіне лайықталған дидактикалық құрылым, адамның өзін-өзі дамуының амалы, жолы.

Модульдік оқытудың құрылымы:

1. Оқу модулінің кіріспе бөлімі
2. Оқу модулінің сөйлесу бөлімі
3. Сөйлесу бөлімін құру қағидалары
4. Оқу модулінің қорытынды бақылау бөлімі.
5. Сын тұрғысынан ойлау әдісі

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы оқушының шығармашылық қабілетін дамытуға өте қолайлы. Мысалы, ой қозғау стратегиясы арқылы «бұл туралы не білетін едік, есімізге түсірейікші» деп оқушыларды 2-3 минут ойландыру арқылы бұрынғы білетінін ой елегінен өткізіп, ойлана білуге бағыттаймын. Венн диаграммасы арқылы берілген тапсырмаларды салыстырады.

«СТО» технологиясындағы «Қызығушылықты ояту» кезеңі белгілі ғалым Выготскийдің «Ең алдымен бір әрекетке тарту үшін сен оны қызықтыр, оның бұл әрекетке дайын екенін білу үшін қамқорлық жаса» деген көзқарасын нақтылап тұр.

Бұл айтылған педагогикалық технологияларды пайдалану оқу үрдісінің құрылымын өзгертіп ғана қоймай, оқытудағы пәнаралық байланысты күшейтуге, оқушылардың дүниетанымдарын кеңейтуге және олардың жеке қабілеттерін көре білуге, дамытуға толық жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Қазақ тілі сабақтарында оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдана отырып тұлға қалыптастыру тәжірибесін сабақтарда қолданудамын. Сын тұрғысынан ойлауда оқушы болжайды, зерттеп, қорытып, өз ойын жеткізеді, негізін ашады, сұрыптайды, талқылайды, сын көзбен қарайды, пікірін дәлелдейді, пікір алмасалы, ортақ пікірге келеді, мақсатқа жетеді, өзін – өзі басқарады, топпен жұмыс істеуге үйренеді, жан дүниесін өзгертеді, ойлауды дамытады, қызығушылықты дамытады, қызығушылықты арттырады, кез – келген сабақты менгертеді, оқушы өзін – өзі тәрбиелейді.

Мен өз сабақтарымда стратегияларды оқу бағдарламасына сәйкес бірізді жүйелі түрде қолданып келдім. Сабақта қолданып жүрген әдістерім мынадай:

I – қызығушылықты ояту фазасында ой қозғау (шақыру).

II – мағынаны ажыратуда түртіп алу жүйесі, 5 жолды өлең.

III-ой толғанғыс фазасында Венн диаграммасы, еркін жазу т.б. стратегиялар арқылы баланың дамуына, оның бойындағы жеке қабілеттердің ашылуына, шығармашылықпен ізденуіне жол саламыз. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту сабақтарының негізінде менің сабағымда оқушылар арасында:

- белсенді шығармашылықты ойлауға негіз қаланды;
- мұғаліммен еркін сөйлесіп, пікір алмастыруға;
- бір-біріне құрметпен қарауға;
- бір-бірінің пікірін тыңдау;
- сыйлауға ынтымақты қарым-қатынастың негізі қаланды.

Сын тұрғысынан ойлау жобасының әдіс-тәсілдері оқушыларды тынымсыз ізденімпаздыққа баулиды. Баланың еркін де терең ойлауына, үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады. Оқушының ізденісі жеміссіз болмақ емес. Дәстүрлі білім беру кезіндегі оқушыны сын тұрғысынан ойлайтын оқушымен салыстырғанда нәтижесі жақсы болды.

Жоғарыда аталған стратегияларды қолдана отырып өткізген бірнеше сабақтарымнан мысалдар келтірейін. 4 сыныптағы ана тілі сабағында

Қ. Мырза Әлидің «Күз» өлеңін оқыған соң торлы талқылау стратегиясын пайдаландым. Максатым өз пікірін дәлелдеуге үйрету.

- Саған күз мезгілі ұнай ма?

- Иә

- Жок

- Маған күз мезгілі өте ұнайды. Айналаңнан бояудың барлық түсін көре аласың. Ағаштан үзіліп түсіп жатқан жапырақтар көбелек сияқты. Барлық жеміс, көкөніс пісіп, тоятын мезгіл (оқушы)

- Маған күз мезгілі ұнамайды. Жазғы каникул бітіп қалады. Жиі ауа райы бұзылып, батпақ болады. Ойнағанда киімнің былғанса, анаң ұрсады. Бақшада да жұмыс көп. Ойнауға уақыт аз қалады (оқушы жауабы)

Қаншалықты нақты дәлел келтіретіндіктеріне назар аударып, бағаладым.

4 сынып ана тілі сабағында «Аяулы Жақан» тақырыбынан кейін оқушыларға Міржақыпқа 5 жолды өлең арқылы мінәздеме беру тапсырылды:

Міржақып

Білімді шапшаң

Армандады, талпынды, оқыды

Міржақып қазақты білімге шақырды

Ойлы.

Міржақып

Ақын, оқымысты

Шақырды, оқыды, жазды

Халқын өнер, білімге шақырды

Қайраткер

Синквейн құруда балалар зат есімге қандай мәнделес сөз таңдайтындығына назар аудардым.

Уақыт өткен сайын балалар қуантқа бастады. Мұндай жұмыстар баланың сөздік қорын молайтуға көп көмек етеді.

4 сынып ана тілі сабағында «Ғажайып бақ» ертегісін оқи отырып, Асан мен Қасеннің дала қарияға келген жерінен мәтінді үзіп, оқушыларға қарияның шәкірті рөлін ұсындым. «Сендер қандай билік айтар едіңдер?» дей отырып пікірлері тыңдалды. Олар билік айтып, өз білігінің дұрыстығын дәлелдеуге тырысты.

4 сынып ана тілі «Ағаштар неге ашуланды» тақырыбы. Жаңа сабақты бастамас бұрын «Орманда жүрміз деп елестетіндер» деген тапсырма бердім. Жерімізде орман болмағандықтан оқушылар естіген, оқыған, теледидардан көргендерін пайдаланып, сезімдерін жеткізді.

- «Мен орман ішінде келемін. Айналамда әр түрлі әсем ағаштар өсіп тұр. Ағаш жапырақтары желмен жайқалады. Сылдырап бұлақ ағып жатыр. Құлағыма құстардың сайраған даусы келеді. Мен орман ішінен тоқтамай жүре бергім келеді».

Міне, осы сияқты жұмыстар оқушыларды ойлануға, дәлелдер айта білуге жетеледі. Ойлауды үйрене бастаған балалардың тілі де дами бастады. Белгілі тақырыптағы ойды сын тұрғысынан қарай отырып, ой-толғау, суреттей алу, еске түсіру, болжау оқушыны да, жаңа бір өлемнің жаңалығын ашқандай қалыпқа жеткізеді. Әрі қарай ойын айтуға ынталандырады. Бұрынғы қолданылған оқыту әдістерінде мұғалім басты орын алып оқушы тек тыңдаушы ғана болса, қазіргі сын тұрғысынан шыңдалған ойлаудың арқасында оқушы білім негіздерімен толығып, болашақты ойлауға құлшыныс алады. Сондықтан сын тұрғысынан ойлау - өте күрделі маңызды құбылыс.

Әрине ешбір әдіс педагогикалық үрдісте өздігінен жеке дара болып қолданылмайды. Сондықтан да мазмұнға, жас ерекшелікке сай оқыту түрлерін әрқилы нұсқадағы әдістерді құрамап отырып, қолдану керек.

Қазіргі заманғы технология аясында жаңашыл оқу үрдісі, оның құрылуы мен жүргізілуі педагогтан жаңа кәсіби білімді, біліктер мен дағдыларды меңгеруді талап етеді. Білім беру жүйесі ғылыми заңдылықтарға толы, оқытудың жаңа технологиялары күн өткен сайын көбейіп келе жатқан мемлекеттің саяси экономикалық, әлеуметтік жағдайға тәуелді күрделі жүйелерінің бірі екенін уақыттың өзі дәлелдеп отыр.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тұрғынбаева Б.А. Дамыта оқыту технологиялары. – Алматы, 2000. – 5-44 бет.
2. Аймағамбетова К.А. Бастауыш сыныптарда ана тілін оқытудың теориялық негіздері. – Алматы: Балауса, 2003. – 111-118 бет.
3. Қабылқайырлы Қ. Оқытудың педагогикалық жаңа технологиясы: Оқу құралы. – Алматы: РБК, 1999. – 30-39 бет.
4. Мұқанов М.М. Бақылау және ойлау. Алматы, 1959 – 120 б.
5. З.Қабдешова Ә. Сын тұрғысынан ойлау // Қазақ тілі мен әдебиеті.- №10.35-45б
6. Ташенова А. Сын тұрғысынан ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту // Білім-Образование.-2006. -№2.15-18 б.

## MULTIPLE INTELLIGENCES IN EFL CLASSROOM

Sh.Zh. ALIMOVA, G.S. MULLAGAYANOVA  
Pavlodar State Pedagogical Institute, Pavlodar s.

A lesson is a building block of well thought-out system of a teacher's work. A good lesson planning provides the basis of an effective teaching and that is why it is very significant to take into account students' learning styles. Furthermore, a lesson planning is an index of teachers' competence in the usage of different approaches. A discussion of these points will demonstrate the diversity of methods in teaching and learning foreign languages through multiple intelligences in the classroom.

Teachers cannot divide their students as strongly visual or verbal, because there is a great range of human abilities and skills. To identify the activities which develop linguistic or logical, musical or kinesthetic intelligence is a very crucial task for an EFL teacher.

Multiple Intelligence Theory was developed by Howard Gardner in 1983 and published in his book "Frames of Minds" [1]. The author considers intelligence as a computational capacity, i.e. the ability to process a certain kind of information that originates in human biology and psychology. Intelligence entails the ability to solve problems or fashion products that are of consequence in a particular cultural setting or community [2, 6]. Thus, Dr. H. Gardner defined major types of intelligences, which display that all individuals have different minds and their profiles cannot be the same. According to the theory, a person may belong to one or several of the seven types of intelligences (Verbal/Linguistic, Logical/Mathematical, Visual/Spatial, Bodily/Kinesthetic, Musical, Interpersonal and Intrapersonal). Further on the author added the eighth – Naturalistic and quite recently H. Gardner produced the ninth intelligence type at Harvard University which he called "Existential". The latter was much disputed and the scientist still doubts whether to add it to the above mentioned list. Here are the 8 primary intelligences:

1) **Verbal/linguistic intelligence.** *Effective usage of words both orally and in written form.* The students can easily recall what they hear and prefer oral instructions. This intelligence includes choral speaking, declarizing, storytelling, speaking, retelling, debating, presenting, reading aloud, dramatizing, book making, nonfiction reading, researching, listening, process writing, writing journals, note taking and listening to lectures or audio books;

2) **Logical/mathematical intelligence.** *Effective usage of numbers and understanding basic formulas and ability of prediction.* The students focus on details. It contains problem solving, measuring, coding, sequencing, critical thinking, predicting, playing logic games, collecting data, solving puzzles, experimenting, classifying, using geometry, learning the scientific model, solving problems with numbers, sequential presentation of subject matter.

3) **Visual/spatial intelligence.** *Ability to work with graphics, forms and space, visually comprehend them.* The students prefer written instructions and like to read silently. This intelligence comprises graphing, photographing, making visual metaphors, mapping stories, making 3D projects, making visual analogues, painting, illustrating, using charts, visualizing, using organizers, sketching, patterning, visual puzzles, videos, slides, diagrams, posters, texts with many pictures and using grids.

4) **Bodily/kinesthetic intelligence.** *Functional usage of a body to show the feelings and ideas.* The students remember a new material best if they act it out. For example: TPR activities, creative movement, physical education activities, crafts, using cooperative groups, dancing, hands-on activities, field trips and role plays.

5) **Musical intelligence.** *Having a good rhythm and ear to music, recognizing a song or a melody.* It includes rapping, humming, playing background music, playing from music, knowing notes, playing musical instruments, tapping out poetic rhythms, rhyming and singing.

6) **Interpersonal intelligence.** *Ability of being sensitive to other people's attitudes, mood, problems; helping to solve some conflicts and misunderstandings.* This approach contains classroom parties, peer editing,

working in pairs, cooperative learning, sharing, group work, forming clubs, peer teaching, social awareness, conflict mediation, discussing, cross age tutoring, study group, brainstorming, board games, group problem solving and project work.

7) **Intrapersonal intelligence.** *Understanding self and the inside world, strong and weak points, desires and fears.* It comes with personal response, individual study, personal goal setting, individual projects, journal log keeping, personal choice in projects, independent reading, activities with self-evaluation, interest centers, and options for homework.

8) **Naturalistic intelligence.** *Being smart in understanding natural phenomena.* The students prefer working in the open air, like the world of plants and animals. The tasks that can be more efficient for those belonging to this type of intelligence include observing, making experiments, keeping logs and analyzing natural world.

In order to design a learner centered activity in EFL classroom teachers should follow the following points:

- a lesson is interesting and engaging;
- it is relevant to students' lives;
- it promotes learners' autonomy;
- a lesson is tailored to different styles and multiple intelligences.

So, a considered activity as a **Picasso dictation** will meet expectations of both students and teachers.

Further we exemplify a lesson plan aimed at motivating students with diverse types of intelligences. It is tailored to multiple intelligences like verbal-linguistic (listening to a teacher's description and retelling information after surfing the Internet); visual-spatial (painting or sketching, illustrating a picture); interpersonal (discussing and furnishing interesting facts about the actors, focusing on the opinion to share, communication between students) and intrapersonal (independent reading of the articles on the Internet).

**OBJECTIVES**

- vocabulary acquisition, learn the adjectives describing people;
- practice listening, writing, speaking, reading;
- share information and practice fluency;
- use the learning styles
- promote learner autonomy

**STUDENT PROFILE**

17 -19 years old

**LEVEL**

Pre-intermediate, intermediate

**TIME**

Fluid

**PREPARATION**

Bring a picture of the main characters of *the Twilight* movie

**PROCEDURE**

- 1) Students use a blank piece of paper and pencils or crayons.
- 2) Teacher describes the main characters and a background using the adjectives (for example, a man has fare complexion, hazel eyes and mysterious gaze etc.) without showing the picture to students.
- 3) Teacher says aloud slowly and accurately with pauses. Teacher can stop occasionally to explain a new adjective.
- 3) Students draw what they hear. They listen and follow the description. Teacher gives the time to complete the picture.
- 4) Students present their pictures to the class and stand next to the original picture, they see if their description is correct.
- 5) The group chooses the closest description to the original or the most interesting interpretation.
- 6) To conclude the task, students surf the Internet and find personal and professional information about Robert Pattinson and Kristen Stuart. They share it with each other by reading or retelling.

This activity is interesting and engaging for teenage learners because most teenagers watched *the Twilight* movie based on the best-seller by Stephanie Meyer. They read the novel and discuss it with each other. Now they are waiting for the next part of the movie "Breaking Dawn. Part II". The picture of the main characters to describe is taken from that movie. After drawing a picture and before comparing it with the original students will be surprised to see their favorite actors there.

The activity promotes students' autonomy because of the ability to choose materials in websites themselves. After drawing a picture of a girl and a boy and recognizing them as Edward and Bella teacher should encourage students to continue learning the material on the Internet, so teenagers will be responsible for their further acquisition.

Furthermore, a teacher can ask students to help identify the classroom activities for the week using a checklist and the types of multiple intelligences they are focused on. It will show the learners the degree of understanding of how intelligences relate to daily and academic lives.

EFL Multiple Intelligences Weekly Checklist						
	Monday	Tuesday	Wednesday	Thursday	Friday	Saturday
Verbal/Linguistic						
Musical						
Logical/Mathematical						
Spatial/Visual						
Bodily/Kinesthetic						
Interpersonal						
Intrapersonal						
Naturalistic						

So, talking about the way to teach and reach the goal of understanding we need to combine different approaches and use various tools. For this purpose we suggest to take an online test which helps to find out your and your students' intelligence nature [3].

Knowing to what type a person belongs may also be helpful when choosing a life-long profession. Thus, if school leavers were tested on brain affiliation, probably there could be more professionals in all the spheres. Awareness of psychological abilities and inclinations can serve the purpose of making the right choice. For example, there are some students for whom it is evidently difficult to learn the languages, but they enroll for the specialty that we teach – future foreign language teachers. Doing their best to study and trying to understand how the languages work they usually do not make much progress. In most cases such students were forced to choose this profession by parents or came to the institute just to accompany their friends. So, knowing your brain dominance may comfort you because obtaining the right profession will bring success into life.

Next we would like to enumerate the best suited professions according to the intelligence types people belong to. Students with Verbal/Linguistic intelligence will make good journalists, teachers, lawyers, politicians and writers. Those who are strong in Logical/Mathematical intelligence may become qualified scientists, engineers, computer programmers, accountants or mathematicians. Interpersonal intelligence forms valuable chancellors, sales assistants, politicians and managers. Intrapersonal – researchers, theorists and philosophers. Visual/Spatial type will better suit designers, architects, mechanics or engineers. Individuals with outstanding Bodily/Kinesthetic abilities contribute to the sphere of artists, athletes and dancers. Those included in the group of Musical intelligence will excel as musicians or song writers. Scientists, chemists, biologists and gardeners mostly belong to Naturalistic type.

Summing up we can state that understanding multiple intelligence theory teachers can discover the ways how individuals can learn best. As a result educators and parents will be able to assist students in acquiring proper knowledge and choosing a well-suited profession.

REFERENCES

1. Gardner H.E. *Frames of Mind. The Theory of Multiple Intelligences.* New York: Basic Books, 1993, 480 p.
2. Gardner H.E. *Multiple Intelligences: New Horizons in Theory and Practice.* New York: Basic Books, 1993, 320 p.
3. [http://www.bgfl.org/bgfl/custom/resources\\_ftp/client\\_ftp/ks3/ict/multiple\\_int/questions/questions.cfm](http://www.bgfl.org/bgfl/custom/resources_ftp/client_ftp/ks3/ict/multiple_int/questions/questions.cfm)

## ПОСЛОВИЦЫ - СИМВОЛ НАРОДНОЙ МУДРОСТИ

Н. АНАФИНА  
ПГУ имени С. Торайғырова

Пословицы и поговорки и в русском, и в казахском языках имеют народное происхождение. В них проявляется ум народа, отображается национальная история, общественный строй и мировоззрение.

В этой статье я хочу проанализировать пословицы и поговорки казахского народа. Сбором казахских пословиц занимались многие. Здесь и Машхур-Жусуп Копеев, и Бауржан Момышулы, и Кайып Айнабеков и другие. Русские же пословицы и поговорки полностью представлены В.И. Далем.

Их тысячи. Перелетают они из века в век. Из бездны времени дошли до нас в этих слухах разума радость и страдания, смех и слёзы, любовь и гнев, вера и безверие, красота истины и неприглядность предрассудков.

Пословицы и поговорки придают языку красочную образность. Пословицы и поговорки, фразеологизмы не только украшают речь, они позволяют кратко и точно донести свою мысль. При всей своей краткости крылатые изречения несут огромный заряд мысли. Ведь недаром говорится «Краткость - сестра таланта». С одной стороны глубокое суждение. С другой обобщают факты действительности, учат жизни. Это невидимые нити, связывающие эпохи и народы. Великие правители, знаменитые философы, ораторы древности охотно использовали народную мудрость в своих трудах и выступлениях. Известно, что египетские фараоны при наставлениях наследников часто прибегали к афоризмам фольклорного стиля, которые иногда выполняли роль закона.

Люди, наверняка, со дня сотворения мира задумывались над сутью явлений, давали им точную оценку, размышляли о борьбе добра и зла. Это объективно обусловило появление многих назидательных изречений юридического характера, которые отражают правовые отношения.

Вовремя, к месту вводя в свою речь пословицы, вы прослывете человеком умным, образованным, станете интересным собеседником.

Приведу несколько пословиц, собранных Машхур-Жусупом Копеевым.

Күндестің күлі күндес, У врага даже зола враждебна (постр.пер.)

Көзін ауырса, қолын тый, Глаза болят, руки прочь.

Қыс –қысыд жаз –жазыд, Зимой сожмись, летом раскинись.

Батырлық – жолдасқа пайда, жанға қас.

Разылық – қонаққа пайда, малға қас.

Өткір пышақ – қолға пайда, қанға қас.

Өтірік сөз – дауға пайда, жанға қас.

По пословицам можно понять, чем дышит народ, какие у него чаяния. Казахи всегда стремились к знаниям, об этом свидетельствуют следующие образцы устного народного творчества.

1. Білімді мыңды жығады, білекті бірді жығады,

Образованный тысячу людей покорит, а сильный - только одного.

(Знания – сила).

2. Ғалым – ғылымға тоймайды.

Учёному всегда мало знаний.

(Я знаю, что я ничего не знаю. Платон).

3. Кеңесті азбайды, кең тозбайды.

Советчик не поглупеет, шедрый не оскудеет.

4. Ақылды ойланғанша, ақымақ ісін бітірер.

Пока умный думает, глупый уже дело закончит. (Поспешись – людей насмешись).

Но нельзя все пословицы принимать за символ народной мудрости.

Машхур-Жусупом пословицы не только собирались, но и анализировались. К примеру такая:

«Өзің білме. Білгеннің тілін алма!»

Машхур-Жусуп называет её не пословицей, а проклятием, и разъясняет: «Бывают люди, которые, признавая своё незнание, слушают и подчиняются знающим. Это не невежество, а образование. Невежами же считаются те, которые ничего не зная, не хотят это признать. («Машхур-Жусуп» т.9).

Также и Абай предостерегал от слепого следования всем пословицам, утверждая, что есть пословицы, рождённые невежеством. Позволю себе привести высказывание Абая, слово 29.

« Есть много казахских пословиц, годных для жизни, есть много и непригодных, которые не соответствуют ни религиозным, ни нравственным постулатам.

Прежде говорили «Жарлы болсан, арлы болма» (Перевод «Если ты беден, не будь совестливым»). Если человек, нанявшись в работники, своим трудом зарабатывает скот, это не противоречит совести. Живя спокойно, напрягая здоровье, поддерживая душу, честным трудом зарабатывать скот – это дело совестливого человека.

«Қалауын тапса қар жаналды», «Сұрауын тапса адам баласының бермесі жоқ» (Перевод «При умелом складывании можно и снег разжечь», «За нужное человек может отдать всё»). Чем тратить время зря, нужно скот просить у земли, или же у пролитого пота.

«Ата-анадан мал тәтті, алтын үйден жер тәтті». «Богатая казна милее отца с матерью, собственная жизнь дороже золотого дворца». Какую цену можно дать за жизнь того негодяя, которому казна кажется милее отца с матерью? Только человек, лишённый ума и чести, может променять отца с матерью на золото. Родители наживают добро, заботясь о благе детей, и тот, кто равняет родителей с казной, совершает богопротивное дело.

Нужно быть осторожными, повторяя пословицы, порождённые ханжеством и недомыслием».

## ДАҒДЫ МЕН ІСКЕРЛІККЕ ҮЙРЕТУДЕ ЖАТТЫҒУ ӘДІСІНІҢ РӨЛІ

Қ.Т. АХМЕТОВА

М. Әуезов атындағы №42 жалпы білім беру мектебі, Павлодар қ.  
М.Ы. ОҚАПОВА

№ 18 жалпы орта білім беру мектебі, Павлодар қ.

Қазақстан халқына да әлемнің дамыған елдерімен тең дәрежеде білім беру қажеттігі туып отыр. Еліміздің экономикалық әлеуметтік мәдени өмірі өскен сайын қоғам дамуының барлық саласындағы болып жатқан өзгерістерге сай білім беру хүйесі де өзгеріп жаңару үстінде. Қоғам шығармашылық қабілеті жоғары, өз ойын жүйелі де ашық айта алатын, қоғамға еркін сінетін, өндіріске белсене араласатын азаматтарды тәрбиелеуді міндет етіп отыр. Кез келген елдің болашағы білім беру жүйесіне байланысты болмақ.

«Жеке тұлғаның білім алу және рухани қажеттіліктерін оның жеке қа-білеттері мен мүмкіндіктерін ескере отырып қанағаттандыру: адам білім үшін емес, білім адам үшін деген оқу-тәрбие процесін ізгілендіру, ізгілік принциптерінің қайта түлеуі арқылы жүзеге асырылуы тиісті. Сонда ғана білімнің беделін арттыруға, білім беру саласының мемлекет пен қоғам өміріндегі басым мәртебесін нақты орнықтыруға болады.

Мектептегі білім мен тәрбие берудің бірден-бір жолы оқыту әдістері арқылы жүзеге асады. Оқыту әдістері жайлы ғалымдар арасында әр түрлі пікірлер бар. «Оқушыларға білім беру және оларды дамыту мақсатында мұғалім мен оқушылардың бірлесіп жасайтын қызметі мен қарым-қатынасының тәсілі, амалдары», - десе Т.А. Илина, С.И. Зиновьев. «Оқыту әдістері-оқытушы мен оқушылардың дүниетанымдылығы мен қабілеттілігі артады»-деген болатын.

Олай болса дағды мен іскерлік деп отырғанымыз не?

«Дағды мен іскерлік оқыту процесінің бөлігі. Оқыту процесі-тұтас педагогикалық процесінің бір бөлігі.

Оқыту процесінде оқушылардың ақыл - ойы дамиды, таным, практикалық іскерлігі және дағдысы қалыптасады.

Іскерлік-алған негізінде оқушылардың практикалық әрекеті іске асырылады. Білімсіз қандай болса да іскерлік мүмкін емес. Мысалы, сауатты жазу үшін грамматикалық ережелерді білу керек.

Дағды-бұл қайта-қайта орындалатын практикалық әрекетке машықтандыру.

Мысалы, - тез оқу дағдысы –жүйелі түрде жаттығу нәтижесі.

Сонымен, оқу процесінде іскерліктің және дағдының өзара байланысы, бірлігі оқушылардың таным қабілетінің дамуына мүмкіндік туғызады»,-дейді Ж.Б. Қоянбаев.

Ғалым, Т.А. Илина әрбір пәнді оқыған кезде оқушылар білімнің кейбір жиын тығын менгеруі және сол саламен байланысты белгілі іскерлік пен дағдыға ие болады.

Іскерлік дегенді іс жүзіндегі қимыл-шәкірт алған білімнің негізінде жүзеге асыра алатын және жаңа білім алуға алдыға уақытта ықпал жасай алатын әрекет деп түсінеміз.

Дағдыға автоматтандырылған әрекет жатқызылып жүр.

Қазіргі уақытта «іскерлік» пен «дағды» деген түсінік проблемасы кейбір таластарды туғызып жүр: дәстүрлі анықтаулар қайта қарауға жатқызылып кейбір психологтар іскерлікті әрекетті менгерудің жоғарырақ формасы деп санау керек дегенді ұсынады.

Педагог Е. Сағындықұлы мен Ж.Б. Қоянбаевтың дағды мен іскерлікке берілген анықтамалары ұқсас. Іскерлік - алған білімді тәжірибеде іске асыра білу. Білімсіз іскерлік болмайды.

Дағды-бір нәрсені тәжірибеде қайталау арқылы іске асады.

Педагогикалық психологияда: Жаттығу нәтижесінде әрекеттер үйреншікті іске айналып, оны орындау жеңіл келеді. Міне, осы қасиетті дағды деп атайды.

Көпшілік дағдының жаттығу машықтану нәтижесінде қалыптасатынын жақсы біледі. Дегенмен дағдының пайда болуы, негізінен, сананың, ойдың қатысы мен менгеріп, әрекеттерді қайталаудан пайда болады деп түсіну керек. Оқушы кейбір істерді әуелгі кезде ойланып - толғанып, санасымен менгеретін болса, жаттығудың нәтижесінде оларды дағдыға айналдырады. Үйреншікті болып, дағдылану нәтижесінде менгерілетін істердің нәтижелерімен салыстырғанда, әлдеқайда өнімді және сапалы болып келеді.

Оқушының оқу үстінде пайда болған дағдылары алдағы міндеттерді орындауға жағдай туғызып, істі тез менгеруде негізгі рөл атқарады.

Дағды адамның әр түрлі әрекеттері үстінде қалыптасатын қимыл-қозғалыстар. Мысалы, сөйлеу, жазу, оқу т.б. Демек, адамның күнделікті әрекетінің басым көпшілігі қозғалыс дағдыларының негізінде іске асады.

Жүргізілген зерттеулерге қарағанда дағдының қалыптасу жолы белгілі үш кезеңнен тұрады.

- а) талдау кезені
- ә) біріктіру кезені
- б) автоматты кезен

Дағдыландырудың бұл кезеңдері тек дыбыстарды сөйлеуде емес, өзге қимыл-қозғалыс дағдыларын менгеруде де кездеседі.

Дағдының қалай қалыптасатынын түсіну үшін тағы да мыналарды ескере кетейік.

Жаттығу деп дағдыларды менгеру үшін оқушының алдына әдейі мақсат қойып, белгілі оқу мазмұнын жоспар бойынша жүргізу процесін айтады. Жаттығу тек өткен материалды бекіту емес, негізінде ол дағдыны терең менгеру жолы болып табылады. Жаттығуды «қайталау» деген ұғыммен бір деуге болмайды. Мысалы қолы нашар оқушы күн сайын жазумен шұғылданатын болса да, осыдан оның каллиграфиясы түзелмейді. Себебі оның бұл әрекеті қайталау болып табылады. Егер сол оқушы алдына әдейі мақсат қойып каллиграфиясын түзету үшін әрекеттенетін болса, ол қолын түзете алады. Бірақ бұл жаттығу деп аталынады. Осыдан шығатын қорытынды жаттығу-күрделі процесс және оқу мазмұнын терең есте қалдырудың шарты.

«Жаттығу тілді оқыту процесінің қажетті, құрамды бөлігі болып табылады.

Жаттығу-менгеру мақсатында қимылды қайталап орындау. Оқытып үйренудің әртүрлі жағдайда жаттығу-үйрену процесінің барлық құрауыштары –қимылдық мазмұнын анықтау, оны пысықтау, қорытындылау және автоматтандыру-соның шеңберінде жүзеге асырылатын бірден-бір амал болып табылады. Енді бір жағдайда ол түсіндіру мен үйрену жаттығудың алдынан жүріп, қимылдың мазмұнын бастапқы ұғынылуын қамтамасыз етеді. Бұл жағдайда жаттығу ұғыну мен пысықтаудың аяқталуын қамтамасыз етеді. Осының нәтижесінде қимыл жеткен шамасына орай білікке не дағдыға айналуына жеткізеді. Жаттығу алдын-ала үйренуісіз – ақ түсіндігінен кейін бірден жүзеге асырылуы мүмкін; бұл орайда пысықтау түгелдей жаттығу процесінде болады.

Жаттығу процесі - оқушының білімін пысықтап, іскерлігі мен дағдысын қалыптастыруға бағытталған оқыту әдісі. Жаттығу әдісі арқылы оқушының білімі тереңдетіліп, шығармашылық қабілеті дамытылады. Жаттығу әдісі арқылы іскерлік пен дағдыны қалыптастыру мынадай кезеңдерден тұрады, бірінші кезеңде мұғалім оқушының қабылдап түсінген білімнің негізінде оларға жаттығудың мақсатын, міндетін түсіндіреді, екінші кезеңде мұғалім жаттығудың орындалу жолын көрсетеді, үшінші кезеңде оқушы игерген білімін тәжірибеде пайдаланады, төртінші кезеңде оқушылардың алған дағдысын тәжірибеде өз бетімен қолдана білу іске асады. - деп көрсетілген сөздікте.

Жазбаша жаттығу әдісі-оқушылардың оқу жұмысын өздігінен орындау белсенділігін арттырады. Өзіндік жұмыстарына оқушылардың шығармашылықпен атқаратын мәнжазба, шығарма жұмыстары жатады.

Сонымен қатар, И.Т. Огородников зерттеу әдістерін бөлгенде жаттығу әдісін жеке қарастырады. Яғни мұнда ауызша және жазбаша жаттығу әдісімен қатар үшінші түрі арнайы жаттығу деп бөледі. Жаттығулар білімді бекітудің іскерлік пен дағдыны игерудің және оқушылардың ой-өрісін дамытудың негізгі әдісі. Бұл әдісті тиімді қолдану үшін, біріншіден, жаңа материалды саналықпен менгеру, есте сақтау, екіншіден, алған білімге сүйеніп тапсырмаларды орындау керек.

Тағы бір айта кетер жайт, мұғалімнің сабақта жаттығу әдісін жемісті жүргізуге бірнеше талаптар қойылады. Бұл талаптардың негізгісі мыналар: а) жаттығу жұмысын нәтижелі болып, оқушы ойдағыдай табысқа жету үшін ең алдымен негізін жаттауды, оны қалай жаттауды және осы материалын өзінше қашан сұрайтынын білу керек; ә) оқушының жаттығуы өріс алуы үшін, ол өз жұмысының қалай орындалғанын үнемі тексеріп отыру қажет; б) жаттығу жұмысының мазмұны тек ауызша қайталау болмауы, көбінесе әрекет арқылы жүргізілуі керек. Себебі ауызша қайталауға қарағанда машықтанып, әр түрлі әрекет жасау мазмұнының есте терең қалуына себеп болады; в) жаттығу жұмысы белгілі бір жүйелілікпен жүргізілуі тиіс. Егер жаттығу жұмыстарының арасындағы үзіліс ұзақ болса, онда бұрынғы өткендер ұмытылып, келесі мазмұндарға төселу қиындайды.

Жаттығу арқылы оқушы білімі беки түседі, жаттығу әдісі көп жағдайда қайталаумен байланысты. Жаттығу арқылы теориялық білім қайталананды.

Жаттығу үстінде қашан белгілі бір дағды қалыптасқанша, оқушының ойлау жұмысы тоқтамайды. Жаттығу зейінді, есті және ерікті белгілі дәрежеде тәрбиелікте көмектеседі, - ейді ғалым К. Жолымбетов.

Бағдарламада жаттығу материалдарына қойылатын басты талаптарға мыналар енді. Олар: оқушылардың жас ерекшеліктеріне, түсіну қабілетіне сай, балаларға қызықты, тартымды, оқушыға ой салатындай болуға тиіс. Сондай-ақ оқушылардың ой-өрісін кеңейту тіл байлығын молайту, сапалы білім, берік машықтануды көздеу керек. Осы талаптарды орындауға дағды мен іскерлікке үйретудің бірден-бір көзі жаттығу әдісінің маңызын білу керек.

Білім беру мен дағдыға төселдіріп, іскерлікке үйретудің бірден бір көзі болып табылатын оқулық пен оқу құралдары оқыту процесінде де, оқушының бағдармалық материалды менгеру процесінде де, оның сыныптағы және үйдегі жұмысында да шешуші орын алады. Мұғалім оқулық пен оқу құралдарын, жаңа материалды, ережелер мен материалдарды түсіндіргенде де, жаттығу мен тапсырмаларды орындаған кезінде де, келесі сабаққа берілген үй тапсырмасына түсінік бергенде де қолданады.

Жаттығу әдісіне үйретуде тіл сабақтарында жаттығу жұмыстарының маңызы зор. Жүргізілетін жаттығулар оқушылардың алған білімдерін әр түрлі жағдайда қолдана білуге үйретеді. Ұсынылатын жаттығулардың мақсаты: оқушылардың білімі мен іскерлігін дағдыға айналдыру және күнделікті өмірде пайдалана білуге мүмкіндік жасау. Жаттығулар оқушылардың ойлау қабілетін арттырып, өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыратындай таңдалады. Бұл жаттығуларда сурет бойынша сөйлем, мәтін құрастыру; аяқталмаған мәтіндер мен сөйлемдерді аяқтап толықтыру; сөздерді басқа сөздермен алмастыру; сөздердің мағынасын түсіндіру, орны ауысқан сөйлемдер мен мәтіндерді дұрыстап, жүйелеп жазу немесе ауызша құру; газет журналдардан қажетті сөйлемдер мен мәтіндерді іздеп табу, өз сезімін баяндап беру; түрлі стильдік жанрда мәтін құрастыру т.б. тапсырмалар қамтылады. Мысалы, барлық сыныптарда материалдарды күрделендіре отырып, төмендегідей жаттығу түрлерін жүргізуге болады.

1-жаттығу. Берілген сөздерді қатыстырып, сөйлемдер құрап жаз.

Өлке, жайлау, табиғат, өзек, көл, тау, орман.

2-жаттығу. Мына аяқталмаған мәтінді аяқтап жаз.

Бакытжан мен қазыбек әңгімелесіп отыр еді. Бір кезде түтіннің иісін сезді. орындарынан тұрып, жан-жағына қарады. Көрші үйдің қорасы өрттен бастағанын көрді. екеуі солай қарай жүгірді...

3-жаттығу. Қоян туралы әр түрлі мәтін құра. Ол үшін берілген мәтіннің бастамасын пайдалан.

Мәтін. Қоянның жүні жұмсақ, қыста ақ, жазда қоңыр болады...

Мәтін. Жаз мезгілі. Көк шөптің арасымен келе жатырмыз. Бір кезде шөп арасынан қоян шыға келді...

Жаттығу. Орны ауысқан сөйлемдерді жүйелеп, мәтін құрастырып жаз.

Адамдар сияқты бірлесе еңбек етеді. Үйінің төбесі судан шығы, астыңғы жағы суда тұрады. Қысқа қорек жинайды. Олар суды бөгеіп, тоғандар жасап, өздеріне жылы үй салады. Құндыз-ақылды жануар. Кейде өзара үндеседі.

Жаттығулар орындалу сипатына қарай: 1) көру сезімі арқылы; 2) есту сезімі арқылы орындалатын жаттығулар деп бөлінеді. Көру сезімі арқылы орындалатын жаттығуларға негізінде дикутантарды жатқызуға болады.

Сөз соңында айтармыз-мұғалім күнделікті сабақтарға нақты мақсат қойып, оны орындау үшін ұтымды әдістерді таңдауы керек. Әдіс-балаға берілетін түрлі ұғымдар мен тұжырымдарды көкірегіне қондырудың оңтайлы жолы.



## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбілқасымова Ә. Мектеп реформасы: 12 жылдық білім беруге көшу қажет пе? / 12 жылдық білім / ,2004 . №1. 12-15 б.
2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. – Астана , 2006 .-68 б.
3. Илина Т.А.Педагогика.-Алматы,1977.-488 б.
4. Ж.Б. Қоянбаев , Р.М. Қоянбаев .Педагогика.-Алматы, 2002.-369 б.
5. Педагогикалық психология.-Алматы,1995.-350б.
6. Ж.Әбиев,С.Бабаев , А.Құдиярова . Педагогика.-Алматы,-2004.-460 б.
7. Педагогика және психология сөздігі. – Алматы, 2002,-254 б.
8. Әбілқасым,А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі.-Алматы,1995,-256 б.
9. К.Жолымбетов. Қазақ тілін оқыту методикасы.-Алматы ,1988.

## БЕЙІНДІК БІЛІМ БЕРУ – БОЛАШАҚҚА НЫҚ ҚАДАМ

Р. О. АЯПБЕРГЕНОВА

№ 225 орта мектебі, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Кәукей ауылы

Бүгінгі таңда озық ойлы пікірмен қалыптасқан, өркениетті дамыған елімізді елең еткізер шәкірттер тәрбиелеу басты назарда. Олардың қабілетін ерте бастан танып, танымды ой айтқызып, өзіндік пікір қалыптастыруға жетелеу әрбір ұстаздың міндеті.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың: «Қазақстан білім қоғамы жолында» атты интерактивті дәрісінде «Білікті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деген қағидасын негізге ала отырып, жас өрендерді әлемдік стандартқа сай білімге, ғылымға үміттылуға шақырды. «Мемлекетімізді әлемнің білім орталығына айналдыру үшін бізге күш-қуат, қажыр-қайраты моң ақылды да ойлы, дарынды жастар керек» дегендей бүгінгі жастарымыз – ертенгі еліміздің болашағы. Оларды қазірден бастап жан-жақты толысқан адам ретінде тәрбиелеу керек. [1]

Осыған байланысты ұстаздардың алдында болашақ заман тұлғаларын қалыптастыру, жан-жақты дамыған тәрбиелі азамат даярлау, білім деңгейін көтеру талабы тұр.

Елбасының «Орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың Мемлекеттік бағдарламасы» құжаты мектеп информатикасының мазмұнына үлкен өзгеріс әкелді. Бағдарлама оқушының әлемдік – ақпараттық білімдік кеңістікке ену дағдысын қалыптастыруға негізделген. Ал оны жүзеге асырудың негізгі көзі - мектеп информатикасы. [2]

Еліміздің қазіргі әлеуметтік-экономиканың даму жағдайы да қалыптасқан техниканы жаппай пайдаланушы сипатта. Информатиканы оқытудың негізгі мақсаты - оқушылардың шығармашылық, зерттеушілік қасиетін қалыптастырып, оларды белсенді, әрі толыққанды өмірге және ақпараттық қоғам ортасындағы жұмысқа дайындау болып табылады. Бұл маңызды проблемаларының бірі - бұл құбылмалы әлеуметтік және экономикалық жағдайда өмір сүріп қана қоймай, болып жатқан құбылысқа белсенді әсер ете отырып, оны жақсартуға бейім тұлғаны қалыптастыру болып отыр. Мұндай тұлғаны қалыптастыру үшін шығармашыл, белсенді, әлеуметтік жауапты, жақсы дамыған интеллект несі, жоғары білімді, кәсіби сауатты маман керек.

Осыған орай, баланың дамуындағы маңызды ролді мектеп атқарады. Нақты осы жерде бала жан-жақты дамитын, өз сезімі мен ойын ашық жеткізуге үйрететін, адам бойында табиғат берген шығармашылық қабілетін жүзеге асыра алатын, балаға қажетті психологиялық тұрғыдағы көмек көрсете алатын жетекші тұлға - мұғалім.

Жалпы орта білім беретін оқу орындарындағы саралап оқыту сипатын анықтайтын оқу пәні - бағдарлы пән. Бейіндік білім беру – оқушының тұлғалық және өмірлік өзін-өзі анықтауын қамтамасыз ететін, оқытудың даралануы мен саралануын жүзеге асырады. Бұл оқыту әрекетінің ұйымдастыру жүйесінде жоғарғы сынып оқушыларының қызығушылығы мен талабы, қабілеттері ескерілген жағдайда оқушының танымдық, болашақ кәсіби бағдарына сәйкес дербес дамуына жағдай жасалады. [3]

Осы негізде оқушыларға кәсіптік бағдар беруге информатика пәнінің маңызы зор. Информатика пәні үш құрамдас бөлімнен тұрады.

1. Компьютерлік сауаттылық;
2. Ақпараттық мәдениет;
3. Логикалық ойлау;

Логикалық ойлау информатика пәні бойынша есептерге бағдарламалау жасаған кезде математикалық элементтерді оқып-үйрену, тікелей тәжірибе жүргізу керек.

Оқушылар бағдарламалау тілін үйрену үшін мынадай бағыттарды білуі керек:

Теориялық бағыт – оқушыларға бағдарламалау негіздерін үйрету арқылы, олардың информатикадан білім негізін қалайды.

Технологиялық бағыт – теориялық білім негізінде оқушыларға әртүрлі қолданбалы бағдарламаларды құрастыруды үйретеді.

Қолданбалы бағыт – Дайын бағдарламалармен жұмыс жасауды үйретеді. [4]

Информатика пәні бойынша оқушының бейіндік қабілетін анықтау үшін оның танымдық құзырлығын қалыптастыру керек. Оқушының танымдық құзырлығын қалыптасу үшін мынадай негізгі мақсаттарды қарастырдым:

- Ғылыми дүниетанымдық негіз қалыптастыру
- Ойлау қабілетін дамыту
- Ақпараттандыру құралдарын, ақпараттық технологияларды меңгерту
- Өмірге, еңбекке және білімдерін жалғастыруға даярлау [5]

Бұл мақсатқа жету үшін әрбір оқушы бойында

- Теориялық білімі
- Программаны құрастыру білуі
- Компьютерлік сауаттылығы
- Шығармашылық қабілеті болуы керек.

Олай болса заман талабына сай білім беру әр ұстаздан шығармашылықпен жұмыс істеуді, үлкен ізденісті талап етеді.

«Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес 10,11- сыныптарға арналып жасалған типтік оқу жоспарларынан жаратылыстану-математика бағыты бойынша информатика пәнінен «Информатика және программалау» таңдау курсы оқытатын. 10 сыныпқа «Паскаль программалау тілінен практикум» және 11 сыныпқа «Visual Basic қосымшасымен жұмыс» тақырыптары оқушылардың бағдарламалаудан тереңірек білім алуына негізделген.

Курстың мақсаты: «Visual Basic қосымшасымен жұмыс» бағдарламасын оқыту арқылы практикалық есептерді шешуге, оқушыларды олимпиадаға дайындауға, шығармашылық қабілеттерін шыңдап электронды оқулықтар жасауға, ғылыми жобаларға қатысуға, осы мамандық негізінде жоғары оқу орындарына түсуге, өмірде қолдана білуге үйрету.

Кәсіпке бағдарлау: инженер-информатик, информатика мұғалімдігі, оператор, инженер-технолог, программист, статистика, банк қызметкері және т.б. мамандықтарға бейімдеу [6]

Осының дәлелі ретінде өзіміздің қол жеткізген жетістіктерімізді айта кетейін Аудандық білім сайысының жүлдегерлері Мешітбаев Асхат, Тұрғанбаева Әсел, Ерліхан Дінмұхаммед, Әнуарбекқызы Әсия, Ерліхан Шерхан. Оқушы Мешітбаев Асхат “Жазықтықтағы фигуралар аудандарын Visual Basic тілінде программалау” тақырыбы бойынша облыстық ғылыми жобалар байқауының жүлдегері, Тұрғанбаева Әсел “Электронды Әліппе оқулығын жасау технологиясы” тақырыбы бойынша аудандық ғылыми жобалар байқауына қатысушы, шығармашылықпен жұмыс жасайды.

Оқушының өз бетімен ізденіп жұмыс жасауына, өз бетінше алған білімдерін тәжірибеде, өмірде пайдалануға үйретуіміз керек. Сондықтан оқушының өзіне сенімін арттыру, шығармашылығын дамыту мақсатында мұғалімнің әр сабағы әр түрлі, жан-жақты болуы керек.

Сабақ мазмұнының теориялық-практикалық құндылықтары жоғары болған сайын оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу өте тиімді жүргізіледі. Оны тандап алу мұғалімнің шеберлігіне байланысты.

Сабақтың тақырыбы: TextBox, Lable, CommandButton компоненттерінен қосымшалар жасау. Сабақтың мақсаты:

Білімділік: TextBox, Lable, CommandButton компоненттерін меңгерту, TextBox, Lable, CommandButton компоненттерінен қосымшалар жасау арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін, ғылыми көзқарасын қалыптастыру.

Дамытушылығы: ой-өрісін, машығын, қиялын шарықтатып, ғылыми көзқарасын қалыптастыру.

Тәрбиелік мәні: шапшаңдыққа, жүйелілікке, ізденімпаздыққа, жауапкершілікке, ұжымдыққа, ұстамдылыққа, бірінділікке баулу. Оқыту процесі барысында оқушыларды теориялық білімдер жүйесімен қаруландырып, жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастырып дамыту.

Кәсіби тәрбие: Болашақта кәсіби мамандығында программаны дұрыс құра білуге, электронды оқулықтар жасауға баулу

Сабақтың түрі: Интегралды сабақ  
 Сабақтың типі: Теорияны практикамен ұштастыру  
 Сабақта қолданылатын технология, әдіс-тәсілдері: компьютерлік оқыту технологиясы, түсіндірме иллюстративті, оқыту танымдық іс әрекетін ұйымдастыру және іске асыру әдісі.  
 Көрнекілігі: компьютер, таратпа, оқу құралы, бағалау парағы  
 Сабақтың ғылымилығы: Оқушыларды шығармашылық ізденіске баулиды, электронды оқулықтар жасауға ықпал етеді;

Панаралық байланыс: математика, өлке тану, халықтық педагогика, сурет т.б.  
 Пайдаланатын әдебиеті:

1. С.Т. Мухамеджанова «Мектептегі информатиканы оқыту әдістемесі»
2. Н. Халықова «Информатиканы оқыту әдістемесі»
3. Ж.Динисламов «Visual Basic ортасын программалау»

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру. Оқушыларды түгелдеу, әр компьютерге бір оқушыдан отырғызу, компьютерлерді іске қосу. (2 мин)

II. Үйге берілген тапсырманы сұрау. «Кім білімді?» тест. (10 мин)

Visual Basic ортасы. Қасиеттер, оқиғалар, әдістер. Айнымалылар, өрнектер амалдар және стандартты функциялар.

Оқушылардан үйге берілген тапсырма бойынша сынақ жұмысы алынады, берілген сұрақтарға компьютер арқылы жауап береді.

1. Visual Basic дегеніміз не?
2. Visual Basic программасының терезе элементтерін көрсет
3. Visual Basic программасын қалай іске қосамыз?
4. Visual Basic программасының компоненттерін көрсет
5. Қасиеттер терезесін қалай ашамыз?
6. Прокет дегеніміз не?
7. Оқиғалар, қасиеттер, әдістер дегеніміз не?
8. Айнымалылар дегеніміз не?
9. Өрнектер дегеніміз не?
10. Стандартты функциялар дегеніміз не?
11. Амалдар дегеніміз не?
12. Форманы қалай ашамыз?
13. Программалық код терезесін қалай ашамыз?
14. Visual Basic терезесі неше парақтан тұрады?
15. Visual Basic терезесін қалай сақтаймыз?

III. Жаңа сабақты түсіндіру. (10 мин)

TextBox, Label, CommandButton компоненттерінен қосымшалар жасау. Оқушыларды қатыстыра отырып, TextBox, Label, CommandButton компоненттері туралы анықтама алу, оларды толықтыру, компьютер арқылы көрсетіп, көз жеткізу. Сабақты TextBox, Label, CommandButton компоненттеріне мысалдар келтіру арқылы түсіндіру.

1. Қосымшаға әртүрлі информация енгізу және шығару үшін қолданылатын компонент – TextBox
2. Информацияны шығару үшін қолданылатын компонент – Label
3. Батырма жасау үшін қолданылатын компонент - CommandButton
4. Мысалдар:



Көзге жаттығу. (1 мин)

IV. Шығармашылық жұмыс. «Бағынды сынап көр» (12 мин) теорияны практикамен ұштастыру. Тапсырма: *TextBox, Label, CommandButton* компоненттерін пайдаланып «Ребус» жасау.



Y. Жаңа сабақты бекіту. “Кім епті” ойыны. (3 мин)

апсырма № 1

1. TextBox қандай компонент ?

2. TextBox объектісін салып көрсет

Тапсырма № 2

1. Label қандай компонент ?

2. Label объектісін салып көрсет.

Тапсырма № 3

1. CommandButton қандай компонент ?

2. CommandButton батырмасын салып көрсет.

YI. Үйге тапсырма беру. (2 мин)

Ж. Динисламовтың «Visual Basic ортасында программалау» кітабында 43-бет тапсырма.  $Y=5*X^3$  өрнегін есептейтін қосымша құру. [4]

YII. Бағалау. (2 мин)

YIII. Қорытынды: (3 мин). Сабақтың оқушылар үшін қаншалықты маңызды болғанын анықтау үшін рефлексия кезеңін жүргізу.

Мені қызықтырған	Мен үшін керек	Мен істей аламын

Оқушы құзырлығының қалыптасуы.



Сөзімді қорытындылай келе Елбасы жастарға «Біздің білімнен басқа жолымыз жоқ» деп, болашақ үшін еңбек етіп, білім шынына талмай өрледі өсиет етті. Олай болса бүгінгі ақпараттық мәдениет ғасырында әрбір ұстаз өз шәкіртінің бейіндік қабілетін анықтап, өмірде өз орнын таба алатын тұлға қалыптастыру керек. [1]

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан білім қоғамы жолында» атты « Назарбаев Университетінде» оқыған интерактивті дәрісі
2. «Орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың Мемлекттік бағдарламасы» Н.Ә. Назарбаев
3. Бағдарлы оқытудың тұжырымдамасын

4. «Visual Basic ортасында программалау». Ж. Динисламов  
5. 2010-2011 оқу жылында Қазақстан Республикасы жалпы білім беру ұйымдарында ғылым негіздерін оқыту ерекшеліктері туралы Әдістемелік нұсқау хаты. Астана-2010  
6. «Қолданбалы және таңдау курстары бағдарламалары» Ж.К. Серікбаева Қызылорда-2009

### «АҚЖЕЛЕҢ» КҮЙЛЕРІНІҢ САРЫНЫ

Қ.М. БАЛАЖАНОВА  
аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Өткен замандарды тануда оның екі қаппардан тұратынын ескеру керек, яғни, объективті және субъективті тарих. Объективті тарихқа қоғам тарихын жатқызамыз. Оған экономикалық, әлеуметтік және саяси процестердің алмасуын сипаттау жатады. Ал субъективті тарихқа осы процестерді тану, қабылдау, демек, оған деген өз пікірінді білдіру, сөйтіп, келер ұрпаққа азық болар ойсалы: адам өзін қоршаған ортаға деген көз қарастарын түрліше әдіс – тәсілдермен сыртқа шығарып бейнелей алады. Осындай ішкі ойды бекем бекеті алатын тәсілдердің бірі – өнер.

Сан – салалы өнер түрлерінің ішіндегі ең қомақтыларының бірі – Күй. Ұлы Абаддың: «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл», – дегендей, күй – ақпар таратудың тілсіз түрі. Сондықтан бұл құбылысты түсініп, қабылдау, ұғу – оны шығарып немесе ойнаудан бөлек, өзінше бір төбе дүние. Күй шығаруының жан дүниесін түсіну үшін: «Күй дегеніміз не? Оның өз тарихы бар ма, жоқ па?» – деп саул қоя білуіміз – өте маңызды мәселе. Өйткені біз өте ерекше дүниемен – психо – физиологиялық әсерлер дүниесімен бетпе – бет келіп отырмыз. Адам дыбыстар дүниесін қалай қабылдайды, түсінеді, өз пайдасына жарата алады? Күй, шығарушыдан, аспаптан және тыңдаушыдан тұратын ерекше жүйе. Күйді ойша тарту, аспапта тарту, тыңдарманға орындап беру бар. Күйдің техникалық орындалу ерекшеліктері, домбырашының актерлік қасиеттері, тыңдаушының музыкалық мәдениеті, әрқайсысы өз алдына үлкен маңызға ие болып, күйді түсінуде соқталы рөл атқарады [3;90].

Демек, күй тарихы дегеніміз оның орындалған уақытын немесе несібін анықтау ғана емес, ондағы түрлі образдар жүйесінің тарихын ашу болып табылады. Күй – тарихи категория ретінде мифологиялық ойлау жүйесінің жемісі. Ал, мифтік ойлау дегеніміз – негізінен образды ойлау, яғни, күйдің дыбысты емес, бейнені іс – әрекетті көре білу.

Ал, «Күй адамша сөйлейді», – деген бейнелі сөзді қалай түсінуіміз керек? Біріншіден, күйдің тілі кісінің тілі емес. Екіншіден, ол сөйлей алмайды, өйткені жансыз аспаптың үні. Сондықтан, күйдің міндетті түрде аңыз айтылып барып тартылады. Егер күйдің шын мәнінде сөйлейтіні рас болса, онда аңыздың керегі жоқ еді. Үшіншіден табиғи дыбыстарға еліктеу, табиғи іс – әрекеттерді қайталауға тырысу «ол сөйлейді» деген тура мағынасындағы ұғым тудырғаны хақ.

Мысалы: «Жезкиік» күйін алайық. Мұнда қол жетпес арман, сұлулық туралы тылсым түсінікпен қатар киіктің шабысы да бар, яғни, идеалды және реалды дүниелер өзара қабысып, бүтін дүниеге айналып кеткен. Бірақ көдімгі сөз бұл жерде жоқ.

Жапан далада жолаушы жүріп келе екі аңшы жігіт көктемгі құралай салқыны мезгілінде төлдеп, төлін қорғаған киіктерге тап болып, оларды жыртқыш аңдардан аман алып қалады. Себебі, жана төлдеген киік ешкілері лағын тастап, кете алмай, сол лақтаған сайларында ұйлығып қалады, яғни, байланып қалған сияқты. Мұны түсінген даланың тағы жыртқыштары да сол манды қорып, айналшықтап кете алмайды. Көне көздер баулы ешкі сөзін ұрпақты ешкі деп түсіндіреді. Міне, осындай аңдар дүниесіндегі өмір үшін тартыс, арпалыс, оған адамның араласуы, адам санасында сол кезде пайда болған ассоциациялар тізбегі күйде жарқын көрініс тапқан. Бұл жерде өңгілі «хайуанаттар мәнері» деп аталатын көне көшпелілер мәдениеті көрініс беріп, сол өнерді шынайы мән – мағынасы ашылған. Күй тарихы, оның образдық тілі бір – екі ғасырдың емес, ондаған жүздеген ғасырлардың жемісі болып жинақталған.

Қазіргі домбыраның құрылысы қай замандарда қалыптасқан? Бұл тұрғыдан археологиялық қазба жұмыстардан мәлім болып отырғаны: екі шекті немесе қос шекті аспаптардың Қушан мемлекеті тұсында (б.д.д. 1-2 ғасыр және б.д. 3 ғасыр) кең тарағаны белгілі. Он тоғызшы ғасыр «Қазақ өнерінің алтын ғасыра» деп дәріптеледі. Осы ғасырда өнер атаулы адам танымастай биік өреге көтерілді дейміз. Бұдан «қазақ өнері бұған дейін дамыған емес, көркем ән мен күйдің үлгілері болған жоқ, бұл биік өре бірінші де соңғы биігі, өнер осыған дейін ылғи қарабайыр еді» деген ұғымды өрбімеуі керек. Демек, он тоғызшы ғасырдағы биіктік, даму, шарықтау – қазақ өнерінің кезекті

бір даму кезеңі ғана. Дәстүрлі өнердің жиырма бірінші ғасыр табалдырығында тұрғандағы бүгінгі аруыр ахуалы сияқты өнер бұған дейін де талай құлдыраған, талай шарықтаған.

Өнерде бір қалыпты даму болмайды. Өнер кейде дамиды, кейде тоқырайды. Ылғи дамып отыру немесе бірыңғай құлдырап кету жаратылыс заңдарына қайшы. Мұндай ахуалдардың ақыры апатқа әкеп соқтырады. Сондықтан, өмірдің өзі сияқты табиғи тепе – теңдікті бір қалыпта сақтау үшін мәдениеттің дамып, кейде тоқырап отыруы – заңды құбылыс. Ең алдымен күй өнері үлкен екі мектепке бөлінеді. Батыстың төкпе күйі ескі терминологияда «болат күйлер» деп аталған екен. Шертпе күй «нақысы күй» деп аталған. Күйді былай бөлу баяғыдан бар, әйткенмен, термин соны.

Ал енді қазақ музыкасына келетін болсақ, мұнда ахуал мүлдем басқа. Әрине, туған мәдениетінің темірдей берік жүйесін жасау – арман. Қаттап, шоттап, белгілерін бекітіп сөздерін қойып қойған теріс болмас еді. Бірақ қазақтың дара туған бұла мәдениеті әлі бірталай уақытқа дейін жүйеге көнбейді. Ал еріксіз көндіру – қылмысты қиянат. Бір кездері біз де күйлерді атына қарап жүйелемек болып біраз әурелендік. Бірақ өкінішке орай ол әрекетімізден ештеңе шықпады. Күйлерді аттарына қарап жанрларға топтау жеміссіз жол болып шықты. Мысалы, «Балбырауын» аттас күйлерді алайық. Бұл күйлердің бізге көптеген нұсқалары жетті. Осы әлдежәне нұсқа сіздің қолыңызға «Міне, мынау жанрдың ортақ сипаты» деп айтатындай ешбір ұшық бермейді. Құрманғазының «Балбырауыны» мен Тәттімбеттің «Балбырауыны», Сүгірдің «Балбырауыны» мен Жалдыбайдың «Балбырауын» күйі – андағайлап тұрған, бір – біріне еш ұқсамайтын шығармалар. «Ақжелең» күйлері туралы осыны айтуға болады [4;28].

Соңғы жылдары күй өнерін саз – сарындары бойынша айрып тану үшін «төкпе күй» және «шертпе күй» деген атаулар жиі – жиі ауызға алынып, мұның өзі күйшілік мектептердің анықтаушы сияқты қолданылып жүр.

Қазақ елі, жері, өнері десек, алдымен ауызға алып, ойға келетіні шегі жоқ сары дала, көшкен ел, аттың жалында, түйенің қомында туып, дүниеге келген ән мен күй.

Сан ғасыр бойы заманның талай зобалаңын бастан кешірсе де, қазақ халқының еңсесін елден ерекше сағмап, бйікте ұстап тұрған күдірет – оның өнері. Музыка өнері, саз өнері, қол өнері. Жеке алып қарайтын болсақ, домбыра, оның күй өнері - тамыры тереңдегі тұңғыш ғылым. Олардың ішінде тармақты күйлерінің бірі «Ақжелеңді» қарастырайық.

Халық ұғымында тармақты күйлер деп бір тақырып төңірегінде топтасқан, бір атаумен аталатын күйлер тізбегін атайды. Ал, күй туралы жазылған зерттеулер еңбектерде тармақты күйлер «тізбекті күйлер», «аттас күйлер», «тамырлас күйлер», «топтама күйлер», «аттас күйлер», «тамырлас күйлер», «топтама күйлер» деп өр түрлі аталып жүр. Осылардың ішінде мағыналық сәйкестігімен де, жақындығымен де ұрымталы – «тармақты күйлер» деген атау. Себебі, қазақтың күйшілік дәстүрінде «Алпыс екі тармақты Ақжелең», «Қырық тармақты Қосбасар», «Тоғыз тарау» деп келетін күйге қатысты тұрақты сөз тіркестері бар. Бұлардың қай – қайсысында да «тармақ», «тарау» сөздері күйшілік өнердің өз алдына бір оқшау дәстүрлі сияқты, сол дәстүрдің анықтаушы ретінде қолданылады.

Бір шындықтың басы ашық. Әрісі түркі тектес халықтардың, берісі қазақ халқының күйшілік дәстүрінде болған, қазір де бар тармақты күйлердің пайда болуы кездейсоқ құбылыс емес. Немесе, белгілі бір сәтті атауға күйшілердің қызығуынан туған, сөйтіп аттас күйлер тізбегі пайда болған деп түйіндей салудың да қисыны жоқ. Себебі, тармақты күйлердің тақырыбы ғана аттас емес, ең алдымен күйдің сарын сазындағы, тартылу мәнеріндегі текстік бұл дәстүрдің кездейсоқ құбылыс емес екенін аңғартады. Мәселен, «Тоғыз тарау» деп аталатын тармақты күйлер бірыңғай теріс бұраумен тартылса, «Қосбасар» деп аталатын күйлер көбінесе домбыраның бел тұсындағы пернелерді баса отырып, қос ішектің асты – үстің кезек шерту арқылы тартылатын қоңыр күйлер болып келеді. Ал, «Ақжелең» атауымен белгілі тармақты күйлер болса, өзінің қайталап тартылатын буынды үлгісімен, сұлу суреттерге толы тартымды саздарымен, әсіресе жүрдек тартылатын тегеурінді шалымымен ерекшеленеді. Осы мысалдардың өзін – ақ тармақты күйлердің пайда болуында, дәстүрге айналып орнығуында белгілі бір заңдылықтың бар екені байқалады.

Әрине, тармақты күйлердің пайда болу, дәстүрге айналу заңдылықтарын қазақ халқының дәстүрлі өмір салтынан, дүниетанымын, жалпы көшпелілер мәдениетінен бөлек қарастыруға болмайды. Бұл орайда, көшпелі салттағы қазақтардың бертін келгенше төңірлік наным – сенімнің ықпалында болғаны, ондай наным – сенімнің діни мистикалық қасиетінен гөрі қоғамдық өмірді реттегіштік ықпалының басымдығы, Тәңір тектес қағандық билікті орнықтырған рухани дәстүрлер, Тәңірмен тілдес бақсылардың қобызды өзіне ажырамас серік етуі, ең соңында музыканың көшпелілер өмірінде тек қана эстетикалық мәнге ие болып қоймай, сонымен бірге әлеуметтік-идеологиялық міндет атқару, сөз жоқ, тармақты күйлер дәстүрінің ертеден – ақ пайда болып, дәстүрге айналып,

орнықканын аңғартады. Кез келген бақсы ауру адамға ем- дом колданарда немесе алыстың хабарын, алдағы күндердің не боларын болжап сөйлерде, міндетті түрде қыл қобызда небір қиял- ғажайып сарындарды шалқыта шалып алатын болған. Мұның өзі «бақсы сарындары» деп аталып кеткен тұтас бір тармақты күйлер тізбегін құрайды. Сол сияқты, Төңір тектес қаған ордасында күн сайын атар таңды жана бір күймен қарсы алып, ал Ұлыстың ұлы күні қағанаттың үміт- тілеген Төңірге жеткізетін тоғыз күйдің қатар тартылуы – тармақты күйлер дәстүрінің байырғы заманнан бастау алатынына жарқын айғақ. Бертін келе тармақты күйлердің өбден орнығып, дәстүрге айналғаны сонша, енді әрбір күйшінің өнерпаздық өресі тармақты күйлерді қаншалықты меңгергенімен, тармақты күйлерді байытуға қаншалықты үлес қосқанымен өлшенетін болған. Боғда, Құрманғазы, Мүсірәлі, Есбай, Дәулеткерей, Тәттімбет, Тоқа, Ықылас, Сүгір сияқты дәулескер күйшілердің «Ақжеленінің», өз «Байжұмасының», өз «Қосбасарының», өз «Аққуының» болуы, ең алдымен осынау тармақты күйлер дәстүріне бейтарап қарамағандықтан, оның қадірін білгендіктен болса керек.

Қолдағы бар деректі саралай отырып, қазақтың тармақты күйлерін былайша жіктеуге болатын сияқты: 1. «Бақсы сарының»; 2. «Тоғыз тарау»; 3. «Кеңес күйі»; 4. «Аққу»; 5. «Ақжелен»; 6. «Қосбасар»; 7. «Ақсақ құлан»; 8. «Ноғайлы сарының»; 9. «Байжұма»; 10. «Кертөлғау» т.б. тармақты күйлер тізбегі [5;84].

«Ақжелен» атауымен белгілі тармақты күйлер де жалпы күй өнеріміздің еңсесін биіктетуге айрықша ықпал еткенін атап өту қажет. Әу басты өз күйлерін «Ақжелен» деген атпен тартқан Ақжелен есімді ару қыз Жайық бойында ғұмыр кешіпті-міс деген аңыз - әңгіменің қисыны бар. Өйткені, күні бүгінге дейін айтылатын сол аңыз - әңгімелерде Ақжелен арудың ақ боз ат мініп, ақ үні тағының шығатыны бір ауыздан суреттеліп отырады. Ақжелен ақыл - көркінің, арқалы өнерінің арқасында елдің еркесі болыпты дейді. Әсіресе, ол тартқан күйді өркім-ақ жалықпай тыңдайтын болса керек. Сонда, құймақұлақ тыңдаушы жұрт Ақжеленнің тартқан күйлеріне ат қойып, айдар тақпай – ақ, «Мынау Ақжеленнің шолпысының сылдыры», «Мынау Ақжеленнің келін болып түсуі», «ал - мынау Ақжеленнің ат үстінде отырып тартқан қоштасу күйі» деп айырып отырады. Кейін келе Ақжелен күйлерінің ел ішінде әйгілі болғаны соншалық, нағыз күйші Ақжеленнің сұлу күйлерін тартуды үйренбей тұрып өзін күйші - домбырашы деп атауға қымсынатын болған. Сөйтіп, Ақжеленнің күйлері күйшіліктің, домбырашылықтың өлшеміне айналған. Тіптен, әйгілі күйші - домбырашыларға ең биік баға берілгенде «Ол алпыс екі тармақты «Ақжеленді» тартады» деп келетін сөз бар. Мәселен, бір ғана Арал төңірегінде алпыс екі тармақты «Ақжеленді» тартумен данқы шыққан Үсентөре, Қазанғап, тобынан шыққан Рақ, Айша қыз, Балжан қатын сияқты дәулескер күйші - домбырашылар болған. Бара- бара «Ақжелен» атты күй шығарып, осынау тармақты күй дәстүрінің салтанатын арттыру нағыз күйші үшін мәртебе саналған. Мұны, әсіресе, Қазақстанның Батыс өңіріндегі күйшілік дәстүрден айқын аңғарамыз. Бұл өңірде Боғда, Дәулеткерей, Қазанғап, Абыл Ұзақ, Мүсірәлі, Есбай сияқты әйгілі күйшілердің «Ақжелен» тармағын ұзартпағаны кімде-кім. Олардың қай-қайсысы да өз өмірлерінің ең бір сұлу сырға толы сәттің «Ақжелен» атты әсем күймен көмкеріп отырған. Мәселен, Беріш ішіндегі Боғда Қараұлы өзінің болашақ қалыңдығы Үштаппен алғаш кездескенде оның кербездігіне тәнтгі болып «Кербез Ақжелен» күйін шығарған. Ал тай – құлындай тебісіп бірге өскен құрдасы Рахат құдашасын алып қашып келгенде, Боғда «Кербез Керік» деген күйін тартқан екен. Сол сияқты сұлулықты төңірі тұтқан Дәулеткерей де «Ақжелен» деп тартылатын үш күй болған. Бұлардың ішінде «Қыз Ақжелен» күйі өзінің сұлу сазымен, сезімтал лебімен баурайды. Әйгілі Қазанғапта «Тентек Ақжелен», «Домалатпай Ақжелен», Есентемір Ебайда (Тазбала) «Ілме Ақжелен», «Түйдек Ақжелен» деп аталатын қос –қостан күй бар. Осылайша Ұзақтың «Ақжелені», Мүсірәлінің «Ақжелені» деп те жалғай беруге болады. Мұның бәрі жинақталып кіші жүздің күйшілік дәстүрінде «Алпыс екі тармақты Ақжелен» деп аталады. Әрине, дәл алпыс екіден «Ақжелендердің» саны әлдеқайда көп болуы мүмкін. Қазақта «Алпыс екі тамырым иіді» деп келетін тұрақты сөз тіркесі бар. Яғни, «Ақжелендерді» алпыс екі деп қайыруда ең сезімді иітетін күйшілік дәстүр деген мағынамен астасып жатуы өбден мүмкін. «Ақжелен» деп аталатын күйлердің саны алпыс екі болуының түсіндірмесін, алпыс екі тармақ қан тамырымен байланысты дейді кей деректемелерде. «Алпыс екі күйді түгел тарту – алпыс екі тамырды иітумен пара- пар», деп түсіндіріледі.

Түсініктеме басқаша беруге де болады. Алпыс екі саны ежелгі мүшелік жыл санауға да тығыз байланысты болуы мүмкін. Алпыс бір жаста бесінші мүшел. Оның үстіне әрбір мүшелдің өз түр – түсі болады. Мысалы: ақ, қара, сары, қызыл, көк. Мүшел алпыс бірге келгенде осы бес түр бір шеңбер жасап, қай түрден басталған болса, сол түріне қайтіп оралады, яғни, бір цикл аяқталады. Ежелгі ұғымда осы бес түр толық бір шеңбер жасағанда ғана – бір жас деп есептеген. Алпысқа толмай өлген адамды «екі жастың біріне келмей өлген адам» дейтін содан болса керек. Демек, алпыс бір жас – бесінші мүшел, яғни, бір жас. Бір күйді «Табалдырық күйі» немесе «Құлақ күйі» деп қосады. Сонда күйдің саны алпыс екі болып түгелденеді.

Ертедегі домбырашылар бір –бірімен сайысқа түсу үшін, осы алпыс бір күйге өзінің құлақ күйін қосып ойнап, күй санын алпыс екі санымен түгелдеуге тиіс болған. Күйден құлақ шығару – жана күй шығару деген мағынада. Демек, әрбір күйші бір циклды толық аяқтауға міндетті деген сөз.

Халықтың өткені, тұрмыс-тіршілігі, болмыс-бітімі мен ой-арманы туралы небір сүбелі деректерді көне аңыз-күйлерден таңып білуге болады. Олар аққудың сұңқылы, нардың боздауы, құланның дүбірі, жорғаның жүрісі сияқты небір суреттерді көз алдына әкеледі.

Бұл күйлердің күмбірлеген сырлы сазымен бірге егіздің сынарындай болып ауызша айтылатын терең мағыналы аңыз-әңгімелері бар. Олар музыкадан бөлібейтін біртұтас синкретикалық форманы құрайды. Ал күй сарындары болса аңызда айтылған оқиғаны бейнелейтін шағын эпизодтардан немесе формасы жағынан кіші-гірім күйлер тобынан құралады. Күй формасы шағын әуендік формуланы қайталап орындау арқылы қалыптасқан. Күйлер теріс бұрауда орындалып, көбінесе бурдонды екі дауыс болып келеді.

Аңыз-күйлердің ең көне үлгілеріне аң-құстардың, атымен аталатын, сонымен қатар, аң аулауда болған сөзсіздіктер мен жан-жануарлар туралы күйлерді жатқызуға болады. Мәселен, «Аққу», «Қаз», «Нар» сияқты күйлер халқымыздың жан-жануарларды киелі санаған тотемдік ой-сенімдеріне байланысты туған. Сол сияқты «Ақсақ қыз», «Ақсақ құлан», «Ақсақ аю», «Ақсақ қаз», «Ақсақ киік», «Ақсақ қой» атты күйлер халық ұғымындағы ақсақ аруақтар культімен тығыз байланысты екенін байқауға болады. «Қос келіншектің зары», «Жетім қыз», «Арбиян қоныр», «Ботасы суға кеткен інгеннің зары» сияқты жоқтау күйлерде халықтың өзен суларының екі дүниені бөліп тұратындығы жайындағы ескі діни ұғым-түсінігі сақталған. «Аншының зары», «Бөкен жарғақ» атты күйлерге де төтемдік наным-сенім арқау болған. Бұл шығармаларда аң аулаудың қасиетті заңдылығын бұзғаны үшін бақытсыздыққа ұшыраған мергендер туралы баяндалады [6;79].

Жоғарыда аталған күйлердің шығу тегі өнердің әлеуметтік функцияларының бірі тұрмыстық магия болған тарихи кезеңдерді қамтиды. Бізге жеткен көне күйлердің сырлы саздарында магиялық қасиеттердің кейбір жұрнақтары сақталған.

Уақыт өткен сайын ескі діни наным-сенімдер де ұмыт бола бастады. Қазіргі уақытта аңыз-күйлердің көпшілігі ертегі-әңгіме тәрізді болып қалды. Алайда, уақыт сағымның құрдымына кеткен өткен ғасырлардың сырлы үнін біздің заманымызға сақтап жеткізген осы аңыз-күйлер екенін ешқашан естен шығармағанымыз жөн.

Халық арасында жас бозбалаларды – «ақжелен», «жігіт-ақжелен» деп жатады. Ақжелен сөзі «ұшқалақ болма ақжелен» деген сөз қолданысында бар. Демек, Ақжелен сөзі жастықтың символы болуы да ғажап емес. Жігіт – желен сөзі ер адамға, Ақжелен сөзі әйел адамға байланысты қолданылады. Ақжелен деп аталатын күйлердің әйел адамның бүкіл болмысы мен бітімін суреттеуі де содан болса керек. Ақжелен – желен астындағы толысу деген мағынаны ишаралайды. Демек, ақжелендер – көбіне әйел адамның, яғни, нәзіктіктің жанды бейнесін сомдайтын шығармалар.

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ахмедияров Қ. Күй – ұран. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 336 б.
2. Жүсіпов Б. Жиделі Байсын күйлері: Оқу құралы. – Алматы: «Ғылым», 2000. – 288 б.
3. «Құрманғазы. Күйлер»./А.Тоқтаған, М.Әбуғазы. – Алматы: «Білім», 2005 ж., –216 б.
4. Райымбергенов А., Аманова С. «Күй қайнары», Алматы – «Өнер»-1990.-288 б.

## РЕЗУЛЬТАТЫ ЛЕЧЕНИЯ БОЛЬНЫХ ТУБЕРКУЛЕЗОМ ЛЕГКИХ И САХАРНЫМ ДИАБЕТОМ

Р.К. БЕКЕНОВА

заведующая 2 терапевтическим отделением, областной  
противотуберкулезный диспансер, г. Павлодар

Ж.К. КАРТБАГАНБЕТОВА

заместитель главного врача, служба контроля качества медицинской помощи, областной  
противотуберкулезный диспансер, г. Павлодар

Р.Ш. АСАНБАЕВА

врач эксперт, служба контроля качества медицинской помощи, областной  
противотуберкулезный диспансер, г. Павлодар

Одним из самых распространенных заболеваний в мире считается сахарный диабет, которым страдает около 160 миллионов человек. Стоит отметить, что это не только сложнейший недуг, но и причина осложнений, зачастую в непростых формах, многих серьезных заболеваний.

Одновременное страдание сахарным диабетом и туберкулезом было известно еще со времен Авиценны, жившего в 980-1037 гг. До инсулиновой эры диабет сопутствовал туберкулезу очень часто и прогноз обоих заболеваний считался крайне неблагоприятным.

После внедрения лечения сахарного диабета инсулином, заболеваемость туберкулезом среди диабетиков заметно снизилась, в то же время туберкулез у них встречается в 3-4 раза чаще, чем у остального населения.

Ежегодно количество вновь диагностируемых случаев сахарного диабета составляет 6-10% по отношению к общему числу больных, что ведет к удвоению их количества каждые 10 лет. Поэтому следует ожидать увеличения числа больных с сочетанной патологией - сахарный диабет и туберкулез.

На фоне эпидемии туберкулеза актуальным стало изучение характерных особенностей клинического течения двух сочетанных заболеваний, оценка эффективности лечения, как туберкулеза, так и диабета. С этой целью было исследовано 65 больных туберкулезом и диабетом, получающих интенсивную фазу лечения в стационаре областного противотуберкулезного диспансера г. Павлодара.

Распределение больных по возрастному-половому признаку показало: мужчины болели несколько чаще, чем женщины (55% и 45%, соответственно). Наиболее высокий в 75% случаев сочетанных заболеваний у мужчин приходился на возраст 30-39 лет, а у женщин - 62%, на более поздний возрастной период 50-55 лет. Таким образом, в нашем случае заболеваемость у мужчин приходилась на самый цветущий и трудоспособный период их жизни.

У подавляющего большинства обследованных туберкулезных больных диабет был предшествующим заболеванием, на фоне которого происходило развитие туберкулезного процесса. Более чем у половины больных (38) туберкулез развивался первые 1-3 года болезни диабетом.

Выявлено, что заболевание туберкулезом больных с сахарным диабетом зависит от формы диабета, тяжести течения и проводимого лечения. Не получающие лечение и не соблюдающие элементарные гигиенические правила больные диабетом, заболевают туберкулезом гораздо чаще и зачастую у них выявляются запущенные формы туберкулеза легких. Так например, у исследованных 65 туберкулезных больных, в 43% случаях был зарегистрирована фаза распада легочной ткани, в 55% случаев выявлено бактериовыделение и только в 5% случаев -ограниченные формы туберкулеза легких выявленные при плановой флюорографии.

По клиническим формам больные были распределены следующим образом: инфильтративный туберкулез легких - 38 случаев (58,4%) фиброзно-кавернозный туберкулез легких-19 случаев (29,2%) диссеминированный туберкулез легких-6 случаев (9,2%) очаговый туберкулез легких- 2 случаев (3%)

В ходе клинических наблюдений было отмечено абсолютное преобладание инфильтративного туберкулеза легких с обширными инфильтратами, склонными к быстрому кавернозному некрозу и чем значительнее было нарушение обмена веществ при диабете, тем тяжелее протекал туберкулез. При отсутствии систематического лечения у больных диабетом происходил быстрый распад легочной ткани с образованием каверн и обсеменением здоровых участков легких.

Одной из актуальнейших проблем диабета являются его осложнения, приводящие к временной и стойкой нетрудоспособности, инвалидизации больных в результате изменения сердечно -сосудистой системы (различные проявления миокардиодистрофии, атеросклероза, кардиосклероза, облитерирующего эндартериита, гипертонической болезни), поражения сосудов: глазной сетчатки (ретинопатия), клубочков почек (нефропатия).

Из обследованных нами 65 больных были обнаружены: у 5 пациентов (7,6%) - ампутация одной или двух конечностей, у 22 (33,8%) - атеросклеротический кардиосклероз, у 38 (58,4%) -поражения почек, у 10 (15,3%) - ретинопатия. Как видно из статистических показателей, поражения почек (ангиофрепатия) отмечалось у половины обследованных больных.

Осложнения сахарного диабета остаются основной причиной летального исхода данной категории больных. В нашем случае, из 65 больных умерло 3 от хронической почечной недостаточности на фоне декомпенсации сахарного диабета.

Среди заболевших туберкулезом были установлены обострения «старого заглохшего туберкулеза» в 70,7% случаев от общего количество больных. Наблюдения показали, что диабет заметно влияет на противотуберкулезный иммунитет и способен оживить старые туберкулезные очаги, рубцы, петрификаты, фиброзные изменения, в которых в латентном состоянии находились живые туберкулезные палочки.

При выборе схем химиотерапии для лечения туберкулеза у больных сахарным диабетом учитывалось, что репаративные процессы заживления у них происходят медленнее, поэтому интенсивный курс лечения должен быть более длительным, а лекарственная устойчивость микобактерий туберкулеза наступает быстрее, чем у больных туберкулезом без диабета (у 38,4% исследованных больных установлена множественно- лекарственно устойчивая форма туберкулеза и они были переведены на лечение препаратами резервного ряда).

Наблюдения показали, что противотуберкулезная химиотерапия эффективна только при наличии компенсации обменных процессов. Лечение диабета у больных туберкулезом направлено прежде всего на компенсацию нарушения обмена веществ с помощью физиологической диеты и применением оптимальных доз инсулина. Признаком компенсации является нормальный уровень сахара в крови в любое время суток и отсутствие глюкозурии (отсутствие сахара в моче).

Рациональная диета - обязательный компонент терапии диабета. Важнейшие принципы диетотерапии: систематический контроль энергетической ценности суточного рациона, с соблюдением соотношения между белками, жирами и углеводами. Туберкулез, ухудшая углеводный обмен, почти всегда требует лечения инсулином. Точно рассчитанная доза инсулина зависит от содержания сахара в крови и его потери с мочой.

Таким образом, больные туберкулезом и диабетом нуждаются в комплексном лечении, направленном одновременно на оба заболевания.

### Выводы:

1. Больные туберкулезом и диабетом представляют тяжелый контингент, требующий постоянного наблюдения и лечения, как у эндокринолога, так и у фтизиатра.
2. Для раннего выявления туберкулеза легких у больных, состоящих на диспансерном учете с сахарным диабетом, необходимо проводить 2 раза в году флюорографическое обследование.
3. При появлении симптомов туберкулезной интоксикации и других легочных жалоб направлять больных на рентгенологическое обследование и микроскопию мокроты на микобактерий туберкулеза.

### ЛИТЕРАТУРА

1. Иванова З.А., Кошечкин В.А., Арсентьева Н.В. Течение туберкулеза легких у больных с сахарным диабетом. М., Мед. издат, 2009 г., с. 456.
2. Мустафина С. Сахарный диабет в Казахстане. КАЗИНФОРМ, № 6 (87), 2010, с. 56-61.
3. Калиева Г. Диабет – время действовать! Научно –практический журнал «Туберкулез и болезни легких», Издательство дом «Нью терра», с. 12-13.

### МОДУЛЬДІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА

Ш.Б. БЕРМАХАНОВА

биология пәнінің мұғалімі, №225 орта мектебі,  
Қазалы ауданы, Кәукей ауылы

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2030 жылға жасалған жоспарында өскелең ұрпақты сауатты етіп шығару бағыты көзделген. Мектеп өмірі балаларға жаңа әлемді ашып берді. Ұлы Абай атамыз «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл,ғылым,ар, мінез деген нәрселерімен озады. Одан басқа нәрсемен озым ғой демектің бәрі де ақымақтықке деп айтқан. Біздің жастарымыз басқа елдердегі өз замандастарынан тек білім арқала оза алады.Білімді ұрпақ егемен еліміздің тірегі,ертеміздің кепілі.

Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы, дамуын қойып отыр.

Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі- баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы.

«Педагогикалық технологиялар – бұл білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің: оқу – тәрбие процессін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әр позиция басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында оқушының дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды»

Бүгінгі таңда П.М. Эрдниевтің дидактикалық бірліктері шоғырландыру технологиясы, Д.Б. Эльконин мен В.В. Давыдовтың дамыта оқыту технологиясы, В.Ф. Шаталовтың оқу материалдарының белгі және сызба үлгілері негізінде қарқынды оқыту технологиясы, М. Чошановтың проблемалық модульді оқыту технологиясы, П.И. Третьяковтың, К. Вазинаның модульді оқыту технологиясы, В.М. Монаховтың, В.П. Беспальконың, В.К. Дьяченконың «ұжымдық оқыту технологиясы және проблемалық оқыту ойын элементтерін пайдалану» сияқты және басқа көптеген ғалымдардың технологиялары, Қазақстанда Ж.А. Караевтің, Ә. Жүнісбектің және т.б. ғалымдардың оқыту технологиялары кеңінен танымал. Дей отырып, мен өзім сабақта пайдаланып жүген педагогикалық технология – М. Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясы». «Модульдік технология бойынша оқыту», В.Ф. Шаталовтың оқыту материалын тірек-сызбалар, тірек-конспекті арқылы қарқынды оқыту әдістері. В.К. Дьяченконың «ұжымдық оқыту технологиясы және проблемалық оқыту ойын элементтерін пайдалану» сияқты тәсілдері негіз болады.

Тәжірибеде қолданып келген модульдік оқыту технологиясының ерекшелігі - тек білімді менгерту емес, оқушының танымдық қабілетін және танымдық процестерді жадының алуан түрлерін есту, көру, қимыл ойлауды, ынтаны, қабылдау қабілетін дамытып, оны бекіту, шығармашылық деңгейін арттыруға бағытталуы.

Сабақтың қызықты, сапалы өтуі тікелей мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Осы орайда белгілі ғалым Ахмет Байтұрсынұлы «Шеберліктің белгісі – түрлі әдісті білу», - деп өткен ғасырда айтылған сөздері ойға оралады. Бір сабақтың әр кезеңдерін түрлі әдістерін орнымен пайдалану арқылы көп нәтижеге жетуге болады.

Оқушы санасына білімді жүйелі түрде менгеруіне және қабілет деңгейлерін дамытуға және дарынды балалармен жүйелі түрде жұмыс жасауда М.Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясының» маңызы ерекше екені мәлім. Себебі аталмыш технология әдістері оқушыларды өз бетімен жұмыс істеуге, қорытындылар жасауға, жүйелі білім алуға жетелейді, өзін-өзі өзгені де бағалай білуге үйретеді.

Оқу модулі қайта жанғыртушы оқу циклі ретінде үш құрылымды бөліктен тұрады: кіріспеден, сөйлесу бөлімінен және қорытынды бөлімнен тұрады. Әр оқушы оқу модулінде сағат саны әр түрлі болады. Бұл оқу бағдарламасы бойынша сол тақырыпқа, тақырыптар тобына немесе тарауға бөлінген сағат санына байланысты.

Оқу модулінің ерекшелігі – жылп сағат санына қарамастан, кіріспе және қорытынды бөлімдерге 1-2 сағат беріледі. Барлық қалған уақыт сөйлесу бөлімінің мәншігінде болады.

Кіріспе бөлімінде мұғалім оқушыларды оқу модулінің жалпы құрылымымен, оның мақсат-міндеттерімен таныстырады. Сонан соң мұғалім осы модулінің барлық уақытында есептелген оқу материалын қысқаша (10-20 минут ішінде), сызба, кесте және т.б. белгілік үлгілерге сүйене отырып түсіндіреді. Тақырып мазмұнына (тұтас тақырып немесе тарау бойынша) «өсу» бағытымен – қарапайымнан күрделіге, репродуктивтік тапсырмалардан шығармашылық сипаттағы тапсырмаларға, зерттеушілік қызмет элементтеріне қарай бірнеше мәрте қайта оралып отыру әр оқушыға оқу материалымен жұмыс істей отырып, өз қабілеттерін, жадысын, ынтасын, ойлауын, ауызша және жазбаша тілін дамытады. Психологтардың пайымдауынша, әрбір дербес тарауды оқып-үйрену үш негізгі кезеңнен тұрады: кіріспе – қызықтырушылық, операциялық-танымдық және рефлексиялық-бағалау кезеңдерінен тұрады.

Психологтар дәлелгедей, білімді неғұрлым тиянақты менгеру үшін оқушылардың мақсатын түсінуі аса маңызды. Ол үшін психологтардың пікірінше, мақсаты оның мағынасы нақты айқын белгіленіп, мақсатқа жету тәсілдері көрсетілуі керек. Оқушы бұл бөлімде «Нені менгеріп, нені білу керек екенін, Мұның маған керекі не?, Жеке басыма қажеті қандай? Болашақта маған қажет пе?» деген сұрақтарға жауап алатындай болуы керек. Сондықтан оқушының тақырыпты жете түсіну үшін лекцияға көп көңіл болған жөн. Оқушының жас ерекшелігіне және дайындалу мүмкіндігіне қарай лекцияның түрлі тәсілдерін пайдалануға болады. Лекция нақты және қисынды ойлармен

ұштастырылып, мәтінді нақты мысалдармен түсінікті етіп түсіндірілсе нәтижелі болады. Лекциядан соң, берілген мәтін жайлы білімді қалыптастыруға, әрі қарай түсінуге тірек-сызба және белгілік үлгілер, жоба қорғау, өз бетінше тірек-сызба құрастыру түрінде өткізу тиімдірек екенін эксперимент көрсетіп отыр. Өз тәжірибеде лекциядан кейін топпен жұмыс жасаған кезде бірінің түсінбегенін бірі түсіндіріп, толықтырып, бірін-бірі оқыту нәтижесінде әр оқушының ой-пікірлері жатталып қалатынын байқадым. Өйткені, ол оқушының өз шығармашылығының нәтижесі, менгергендіктің жемісі.

Сөйлесу бөлімін педагогика және психология ғалымдарының жетістіктерін басшылыққа ала отырып, оқушылардың қабылдау деңгейлері мен қабілеттеріне қарай ұйымдастырамын. М. Жанпейісованың сөйлесу бөлімін құру қағидаларына сүйене отырып, жеке тұлғаны дамытатын кез-келген әрекет емес орындау әрекеті екенін ескере отырып, оқушының танымдық қызметпен айналысуына, ақыл-ой жұмысына қанағаттануына жағдай жасаймын. Міндетті түрде, сабақ барысында, оқушының іс-әрекетінің төрт түрін: тыңдау, оқу, жазу және өңімелесуді қолданамын. Модульдердің нәтижелі болуын көздеп, сөйлесу сабағының түрін өзгерте отырып, әртүрлі белсенді формаларды пайдалану арқылы іске асырамын. Олар: топтық, жұптық, жеке топтық, ұжымдық-диспуттар, дискуссиялар.

Бұл бөлімнің сабақтарын жоспарлағанда мұғалім оқушылардың өзара сөйлесуін қамтамасыз етуге баса көңіл аударады. Өйткені сөйлесу – жеке тұлғаның белсенділігін арттырумен қатар оның дамуын қамтамасыз ететін негізгі фактор.

Мұғалімнің сөйлесу бөлімін дайындаудағы 5 әрекет – қаданнан тұратын даярлық құрылымы қалыптасады.

1. Модульдің сөйлесу бөліміндегі материалдың негізгі мазмұнын белгілеу.
2. Оқу материалын біртұтас, жинақы, «өсу» бағытымен беру.
3. Тақырып бойынша жеңілдететін деңгейдегі және білім стандартының талаптарын қамтамасыз ететін деңгейдегі тапсырмалар дайындау.
4. Осы бөліктің сабақтарында өзара сөйлесуді қамтамасыз ету.
5. Оқушылардың пәнге қызығушылығын және креативтігін дамытуға арналған шығармашылық сипаттағы материал дайындау.

Сыныпты 2-7 оқушыдан шағын топтарға бөлуімізге болады. Оқушылардың танымдық қызметі әр сабақта әрбір оқушының үш күрделілік деңгейде берілген оқу материалын тыңдау, жазу, көру және айту мүмкіндігі болатындай етіп құрылған. Оқу материалын қорытындылап, бекіту үшін Б. Булумын таксономиясын басшылыққа ала отырып, үш деңгейлік тапсырмалар дайындалады. III (жеңілдетілген) деңгей тапсырмасы – қарапайым білім мен түсінік деңгейінде игеруді білдіреді.

II (стардартқа сай) деңгей тапсырмасы – алған білімдерін қолдана білу және тарауды деңгейінде игере білу.

I деңгей тапсырмасы – алған білімін топтау және бағалау. Бұл шығармашылықпен айналысатын топтең, дарынды балалардың орындайтын күрделі тапсырмасы. Деңгейлік тапсырмаларды оқушы өзінің мүмкіндігіне қарай таңдайды. Сөйлесу бөлімінің бір ерекшелігі – оқытуды ойын түрінде ұйымдастыру және әр түрлі белсенді формаларды қолдану оқушылардың оқу материалын қайта жанғырту және қарапайым білік пен дағды қалыптастыру, білімді талдау, жинақтау және бағалауға мүмкіндік береді. Оқу модулінің сөйлесу бөлімі тарауды тұтас оқып үйренудің екінші-операционалдық- танымдық кезеңін іске асыру болып табылады.

Бұл бөлімді қарастырғанда біз Л. Фридрихтің төмендегідей ережелерге негізделген тұжырымдамасына сүйенсек:

1. Оқу оқушының жеке, топтық, ұжымдық жұмыс барысындағы түрлі қызмет жүйесі ретінде қаралады. Олар оқушының қисынды ойлауы, қабілеттерін көзге елестету қабілетін, жадын, шығармашылығын және тағы да басқа дамытуға, яғни білім берудің мақсаттары болып табылатын тұлғалық қасиеттерін дамытуға бағытталған.
2. Оқытуды басқару психологиялық сенімді түрі – ең алдымен оқушының қажеттіліктерін, қызығушылығын және қызмет мақсаттарын дамытуға жағдай жасау.
3. Оқытуды басқару икемді болуы тиіс. Бұл тек оқушылардың іштей өсуі жүргенде ғана, балалардың білім дәрежесінің артуына қарай мүмкіндік болады.
4. Оқушылар нақты оқу қызметінің мақсаттарын анықтауға тікелей қатысуы керек, яғни басқару тұлғалық бағытталған болуы тиіс.
5. Оқу процесін басқару балалардың ішкі қуатына және мүмкіндіктеріне негізделіп жүруі тиіс.

Қорытынды бөлім. Бұл бөлім тарауды немесе тақырыпты оқытудың тұтас циклін анықтайтын соңғы бөлімі. Ол оқушылардың сөйлесу бөліміндегі танымдық қызметі барысында қалыптасқан білім, білік, дағдыларын бақылауға, тексеруге және бағалауға арналған. Осы бөлімде оқушылар өз

қызметін талдайды – яғни, баға алады, бұл сонында әр оқушының танымдық қызметінің жалпы оқу нәтижесін анықтайды. Оқу модулінің қорытынды бөлімі - бақылау. Қорытынды бөлімінде бақылаудың бірнеше түрі бар.

Біріншісі, міндетті – тестілеу. Екіншісі, мұғалімнің өз таңдауы бойынша сынақ , бақылау жұмысы, диктант.

Біз екі немесе одан да көп бақылау түрлерін қолдану қажет деп есептейміз, өйткені оқу материалын игеру дәрежесін бір ғана тестілеу арқылы анықтау мүмкін емес.

Білім деңгейін тексеру және бақылау тәсілі ретінде тестілеу оқыту нәтижесінің мөлшерлік көрсеткіші болып табылады, бұл аса маңызды. Сонымен қатар тестілеу тұлғаның психологиялық қорғауын қамтамасыз етеді, ішкі кедергілерін жоюды , өйткені бақылаушымен қатынас жанама түрде жүреді. Бұл осындай бақылау түрінің жағымды жағы. Алайда мұнда дұрыс жауаптың кездейсоқ берілу мүмкіндігі бар . Қорыта келе біз тестілеу бақылаудың қажетті түрі, бірақ ол бақылаудың басқа түрін қайталап қолдануды керек етеді деп есептейміз. Оның мақсаты:

а) білім деңгейін әділ бағалау;

б) бағасын жақсартуға мүмкіндік беру;

Қалай айтқанмен егер бақылаудың бір түрінен нашар баға алынса, бақылаудың басқа түрі оны жөндеуге мүмкіндік береді.

Егер сөйлесу бөлімінің барлық сабақтарында оқушылардың бір-біріне көмегі, бірін –бірін оқытуы, түрлі ғылыми көздерді пайдалануы құпталып келсе, енді қорытынды бөлімінде оқушы өзінің сөйлесу бөлімінде алған білімін ,білігі мен дағдыларын ешкімнің көмегінен тыс көрсетуі тиіс. Оқушы білімін бақылаудың формалары ретінде тестілік тапсырмалар, бақылау жұмыстары, сынақ , шығарма немесе биологиялық диктантты пайдалана отырып нақтылай алады.

Сабақта оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуін, қорытындылар жасауын, қисынды ойлауын, қиялын дамытуға сөздік қорын молайтуға, өзінің ой-пікірін, ашық айтып, шығармашылық жұмыстармен айналысуына көп көңіл бөлемін. Мысалы, жаратылыстану-математикалық бағытының 10- сыныбында « Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштіктің заңдылықтары» тарауына арналған сабағымды модульдік оқыту технологиясының әдіс-тәсілдерін, («қарлы кесек», «брейн-ринг», «бақытты сәт», «өрмекші», «алгоритм» т.б.) ойындарын пайдаланып төмендегіше өткіздім.

**Сабақ тақырыбы:** Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштіктің негізгі заңдылықтары. тарауын қортындылау

**Мақсаты :** оқушыларға генетиканың мақсаты міндеттерімен таныстыра отырып тарау бойынша алған білімдерін оқыта үйрету ойындарын қолданып қорытындылау.

**Сабақтың типі:** Қорытындылау

**Сабақтың түрі:** «Бақытты сәт» оқыта үйрету ойыны

**Сабақтың әдісі:** Оқыта үйрету ойыны, топтық жұмыс, интерактивті әдіс

**Сабақтың технологиясы:** Модульдік оқыту технологиясы

- Сабақтың көрнекілігі:**
- 1) Сандықша
  - 2) Секундомер
  - 3) Ортақ бағалау парағы
  - 4) Фишкалар(қызыл,көк, сары)
  - 5) Үй тапсырмасы
  - 6) Конкурс тапсырмалары
  - 7) Жауап үлгілері

«Бақытты сәт» оқыта үйрету ойыны

**Мақсаты:** Оқушылардың алған білімдерін пысықтап, танымдық қабілеттерін тексеру, есептер шығара білуді үйрету, оқу материалдарының қаншалықты мөңгергендігін тапсырмалар арқылы бақылау, үйрету.

**Ұйымдастыру 5мин**

**I –Гейм I- топ тапсырмалары**

- 1) Генетика ғылымы нені зерттейді?
- 2) Тұқым қуалаушылық дегеніміз не?
- 3) Тұқым қуалаушылықтың заңдылықтарын зерттеген ғалым.
- 4) Моногибридті будандастыру дегеніміз не?
- 5) Аллельді гендер дегеніміз не?
- 6) Доминанттылық дегеніміз не?
- 7) Генотип дегеніміз не?

8) Біркелкілік заңы дегеніміз не?

9) Тольмсыз доминанттылық дегеніміз не?

10) Гомозиготалы дегеніміз не?

**I-Гейм I-топ жауаптары.**

- 1) Тірі организмдерге тән тұқым қуалаушылық пен өзгергіштікті зерттейтін ғылым саласы
- 2) Ата-анасындағы белгілермен қасиеттердің ұрпақтан ұрпаққа берілуі.
- 3) Г. Мендель
- 4) Ата-аналары бір-бірінен бір жұп белгісі бойынша ажыратылатын дараларды будандастыру.
- 5) Қарама-қарсы белгілерді анықтайтын жұп гендер (мысалы: тұқымның сары түсімен жасыл түсі)
- 6) Бірінші ұрпақта басымдық қасиет көрсетіп, бірден жарыққа шығатын белгі.
- 7) Ата – аналардан алынатын гендердің толық жиынтығын айтады.
- 8) Бірінші будандық ұрпақтың белгілерінің біркелкі болуы
- 9) Кей жағдайларда F - дегі гетерозиготалы ұрпақтан толық доминанттылық байқалмай, аралық сипатта болуы.
- 10) Бірыңғай доминантты (AA) аллельдерден тұратын организм.

**I гейм II – топ тапсырмалары**

- 1) Өзгергіштік дегеніміз не ?
- 2) Генетика терминін өңізген ғалым?
- 3) Рecessivті дегеніміз не ?
- 4) Гетерозиготалы дегеніміз не ?
- 5) Фенотип дегеніміз не ?
- 6) Ажырау заңы дегеніміз не ?
- 7) Дигибридті будандастыру дегеніміз не ?
- 8) Белгілердің ажырау заңы дегеніміз не ?
- 9) Полигибридті будандастыру дегеніміз не ?
- 10) Тұқым қуалаушылықтың хромосомалық теориясын ұсынған ғалым?

**I гейм II – топ жауаптары**

- 1) Организмнің жаңа белгілерге ие болу қасиеті
- 2) 1906 жылы ағылшын биологі У. Бэтсон
- 3) Көрінбей қалған белгі.
- 4) Организмнің әр түрлі аллельдерден тұруы
- 5) Организмге тән ішкі және сыртқы белгілердің жиынтығы.
- 6) Екінші ұрпақта ата – аналарының екеуіне де тән белгілердің көрініс беруі.
- 7) Екі жұп белгісі бойынша будандастыру
- 8) Бір –бірінен екі жұп белгі бойынша ажыратылатын гомозиготалы дараларда будандастырған жағдайда екінші ұрпақта белгілер жұбының тәуелсіз тұқым қуалауы және олардың ата – аналарына ұқсамайтын жаңа үйлесімдер түзуі байқалады.
- 9) Көп белгілері арқылы будандастыру.
- 10) Америкалық генетик Т. Морган.

**II – гейм «Сандықтан шыққан басқатырғылар»**

Топ басшылары сандықтан номер алып, сол бойынша есептер алады да тақтаға орындайды.

№1 Теріс жүнді қоянмен сабалақ жүнді қоянды шағылыстырғанда олардың ұрпақтарының генотипі қандай болады ?

№2 Томаттың алмұрт пішінді формасы мен шар тәрізді формасын шағылыстырғанда қандай ұрпақ алынады ?

№3 Дигетерозиготалы өсімдіктерді будандастырсақ тұқымның түсі мен пішіні бойынша қандай ұрпақ алынады ?

№4 Мыны төмендегідей жолдармен будандастыру нәтижесінде алынған буданның фенотиптерін анықтау керек

А) АaBb x AaBb Ә) AaBb x aaBb Б) AaBb x AaBB

№5 Қаны III топ қыз қаны IV топ жігітке тұрмысқа шықса олардың балаларының қан тобы қандай болады?

№6 Дальтоник жігіт көзі дұрыс көретін қызбен үйлесуден дүниеге келген қызы баласы дальтоник болады. Ата – ана генотипі қандай ? Ұрпақ генотипі қандай ?

**III – гейм «Жұмбақтас»**

Мұнда жүгізудің сұрағына жылдам жауап берген топ ұтады. Егер жауап дайын болса, команда қолын көтереді.

1 – топ тапсырмасы

- 1) Кроссинговер дегеніміз не ? (хромосодалардың айқасуы)
- 2) Цитоплазмалық тұқым қуалаудың негізін қалаған ғалым (К. Корренс пен Э. Баур)
- 3) Гөндердің әрекеттесуінің түрлері (аллельді, аллельді емес)
- 4) Екі немесе бірнеше аллельді емес доминантты гөндердің бірін – бірі толықтырып, жана белгіні жарыққа шығаруы (Комплементарлық)
- 5) Бір ген екінші гөнді басып, оның белгісін жойып жіберуі (Эпистаз)
- 6) Аналық пен аталық жыныс хромосомалары (X,Y)
- 7) Жыныстық хромосомаларда орналасқан гөндер арқылы тұқым қуалау (жыныспен тіркесіп тұқым қуалау).
- 8) Адамда болатын түрлі белгілермен қасиеттердің немесе аурулардың тұқым қуалауын, оның шыққан тегіне қарай зерттеу (Генетикалық әдіс)
- 9) Сау немесе ауру адамның хромосома жиынтығына цитогенетикалық талдау жасау (Цитогенетикалық әдіс)
- 10) Егіздердің бір – біріне ұқсас болумен ұқсамау себебі ? (бір жұмыртқалық, екі жұмыртқалық)

**III – гейм II – топ тапсырмасы**

- 1) Цитоплазмада және оның органоидтерінде шоғырланған тұқым қуалайтын фактор (плазмон)
- 2) Жүгері өсімдігінде болатын цитоплазмалық аталық ұрықсыздықты ашқан ғалым (М: Родс)
- 3) Бір белгінің дамуын қуаттайтын бірнеше аллельді емес гөндердің бірігіп қызмет атқару құбылысын не деп атайды ? (полимерия)
- 4) Аллельдер бірнеше ген тұруы хромосоманың ген орналасқан бөлігі бірнеше рет мутацияға ұшырауы (көп аллельділік)
- 5) Тауықтарда жібек құрты, көбелектердегі жыныс хромосомалары (аталық XY, аналық XX)
- 6) Аса қауіпті тұқым қуалайтын ауру (Гемофилия)
- 7) Жеке даму барысында тұқым қуалайтын өзгерістерді анықтау әдісі (Онтогенетикалық)
- 8) Түрлі тұқым қуалайтын өзгерістердің арасында популяциясына таралу жиілігін зерттейтін әдіс (популяциялық)
- 9) Хромосомалардың өзгеруіне байланысты болатын тұқым қуалайтын аурулар (хромосомалық аурулар)
- 10) Бұл аурумен тек ер адамдар ауырады. Хромосомасының диплоидты жиынтығы 47 (Клайнфельтер)

**IV-гейм Сен маған - мен саған.**

**Үй тапсырмасы:** Үйден орындап келген ребустарын бір-біріне жасырады. Ертегі құрастырып келу тапсырылады.

**Ү-гейм. Көсемдікке ұмтылу.**

**Шарты:** Сұрақтарға барлық ойыншалар жауап береді. Ең дұрыс жауап берген топ ұтады. Ал ең көп дұрыс жауап берген оқушылар өздері бағаланады.

1. Бұршақтың қанша іріктемесі бар?
2. Аллельді емес гөндердің өзара әрекеттесуінің неше типі бар?
3. Г. Мендельдің үшінші заңы қалай аталады?  
Намазшамгүл өсімдігіне жасалған тәжірибенің бірінші будандық ұрпағы қандай доминанттылыққа жатады?
4. Жүп гөндер қалай аталады?
5. Гөндердің хромосомадағы орнын қалай атайды?
6. Генетикалық зерттеулер жүргізуге қолайлы жөндік?
7. Генетика ғылымы негізін зерттейді?
8. Бұршақ қандай қасиеттерімен ерекшеленеді?  
Аллельді жүп гөнің біреуінің доминантты қасиет көрсетіп, рецессивті гөнің әсерінің байқалмауы қалай аталады?
9. Г. Мендельдің бірінші заңы қалай аталады?  
Г. Мендель моногибридті будардастыруға тәжірибе жасау үшін қанша бұршақ алды?  
Сабак қорытындыланып, оқушы білімін бағалау балл жүйесімен анықталады..  
Үйге тарауды қайталай отырып, тақырыптарға сәйкес сөзжұмбақтар құрастырып келу тапсырылады.

Қорыта айтқанда: жұмыс барысында мынадай жетістіктерге қол жеткізуге болады.

- 1) Оқушылар өткенді еске түсіріп, жана ұғыммен байланыстыра алатын дәрежеге жетеді.
  - 2) Оқушылар топтық жұмыс арқылы ұжымдық жұмысқа тәрбиелуге мүмкіндік туады.
  - 3) Проблемалық жағдайларды шешіп, пікір айтуға шешендікке, ойлауға тапқырлыққа дағдыланады.
  - 4) Тірек-сызбалар құру, кестелер толтыру, диаграммалар сызу арқылы әр оқушы өзінің шығармашылық қабілетін көрсетіп, өз біліміне өзі баға бере алатындай деңгейге жете бастайды.
- Жана педагогикалық технологияларды тек сабақтарда ғана емес қосымша факультативт ерде, курстарда, оқушыларды олимпиадаға, ғылыми жобаларға және ҰБТ-ге дайындаған кездері пайдаланып келеміз. Осының нәтижесі мұғалімге де, оқушыға да өз әсерін беріп отыр. Мұғалімнің ізденісі артып, әдіскер ретінде қалыптасады. Ал оқушылар жан-жақты дамып, іздену нәтижесінде шығармашылық жұмыс жасай отырып, көптеген жетістіктерге жетіп отыр. Атап айтсақ: ҰБТ-ге қатысушылар мен грант иегерлерінің саны жылдан-жылға артып отыр. Жана технологияларды пайдаланып, биология пәнін түрлендіріп оқыту оқушының пәнге қызығушылығын арттырып, ынтық және жігерінің қалыптасуына және ой-қабілетін жетілдіруіне көп көмегін тигізеп сөзсіз.

**ӘДЕБИЕТТЕР**

1. М.М. Жанпейсова. Модулдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. Алматы, 2006 ж.
2. Қ.Ә. Жұмағұлова, Р. Сәтімбеков, Қ.Ә. Жанбердиева. Жаратылыстану-математикалық бағытындағы 10-11 сыныптарына арналған бағдарламалар. Алматы, 2006 ж.
3. С.Әбішқызы. Қазақстан мектебі журналы, №12 2010 ж.
4. С.Әбішқызы. Қазақстан мектебі журналы, №4 2009 ж.
5. Б. Қалкенова, Р. Сәтімбекұр. Биология және салауаттылық негізі, №2, 2008 ж.
6. Интернет материалдары.

**БАЛА ДАМУЫНДАҒЫ ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

Қ.Ж. БОЗҒҰЛБАЕВА

**№28 «Ақбота» балабақшасының тәрбиешісі,  
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті**

Қазіргі заманғы технология аясында жаңашыл оқу үрдісі, оның құрылуы мен жүргізілуі педагогтан жана кәсіби білімді, біліктер мен дағдыларды меңгеруді талап етеді. Білім беру жүйесі ғылыми заңдылықтарға толы, оқытудың жаңа технологиялары күн өткен сайын көбейіп келе жатқан, мемлекеттің саяси экономикалық, әлеуметтік жағдайға тәуелді күрделі жүйелерінің бірі екенін уақыттың өзі дәлелдеп отыр.

Бала тәрбиесі отбасынан басталып, балабақшада жалғасын табады. Балабақша — тәрбие мен алғашқы сауат ашуға мүмкіндік ашар бастаудың негізі. Балабақшадағы тәрбиенің негізгі мақсаты-дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбеккер, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу. Адамның қалыптасуы бала кезден басталатындығы бесенеден белгілі жөйт. Сондықтан заман талабына сай әр тәрбиеші өз сабағын жанаша ұйымдастырып, шығармашылық ізденіспен өткізеді. Білім беру субъектісі ретінде баланы қалай дамытамын? Не арқылы дамытамын? деген сұрақ туындайды. Әрі білім беру құрлымында жана технологиялар өмірге келді. Сол технологиялардың бірі - ойын технологияларын сабақтарда тиімді пайдалана бастадым.

Оқу үрдістерінде ойын түрлерін балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес түрлендіріп, жана тақырыпты өткенде, өтілген материалды қайталағанда, білімді тиянақтау және тексеру кезінде, яғни сабақтың кез келген сәтінде оқыту әдісінің құралы ретінде пайдаланамын. Бала тек ойын ойнап қана қоймай, осы ойын арқылы білім алып, жан-жақты тұлға дамиды.

Балалар ойындарының тәрбиелік маңызын жоғары бағалай келіп, А.С. Макаренко былай деп жазды: «Бала өмірінде ойынның маңызы зор, ересек адам үшін еңбектің, жұмыстың, қызметтің қандай маңызы болса, нақ сондай маңызы бар. Бала ойында қандай болса, өскен соң жұмыста да көп жағынан сондай болады. Сондықтан келешек қайраткерді тәрбиелеу алдымен ойында басталады».

Бала белгілі әлеуметтік ортада өсіп, айналасындағы заттар мен құбылыстарды танып біледі, олармен тікелей қарым-қатынастарда әсерленіп, бойындағы табиғи қасиеттерін жетілдіріп, ақыл-



ой сезімін таным әрекетімен байланыстырады. 5-6 жастағылар үшін қабылдаудың нақтылығы мен мүмкіндігі, бейнеге кірудің оңайлығы тән. Балалар кез-келген әрекетке оңай еліктейді. Ерекше өз еркімен топтық ойындарға ұжымдасады, ойыншықтармен, заттармен ойнаумен жалғастырады.

Ойын балалардың негізгі іс-әрекеті ретінде психологиялық, анатомиялық-физиологиялық, педагогикалық маңызы зор қызметтер атқарады. Ойын баланың даму куралы, таным көзі, білімдік, тәрбиелік, дамытушылық мәнге ие бола отырып, адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Ойынды әрбір адам ойнап өседі, ойынды көп ойнаған адамның дүниетанымы кең, жаны таза, жүрегі нәзік, нағыз сезімтал тұлға болмақ. Әрине, ойын адамның дамуына, қалыптасуына әртүрлі әсер береді. Кей бала ойында шынайы өмірді бейнелесе, кей бала ішкі сезімін білдіреді. Ойынның дамуына және баланың ойынға араласуына әсер ететін факторлар өте көп. Мысалы, үлкендердің ойынға басшылық жасауы, ойыншықтар, баланың өсетін ортасы, балалар ұжымы, баланың тәрбиесі т.б. Дегенмен де ойын тек әрекет емес, балалардың да, үлкендердің де қызығушылық ермегі, адамды рахат және қанағат сезіміне бөлейтін іс-әреке.

Балалар ойын арқылы бір-бірімен тез тіл табысып, жақсы қарым-қатынас жасайды, сол қарым-қатынас барысында:

1. жанындағы адамдарды ұнатып, жақсы көре біледі, оларды қуантуға асығады;
2. адамдар іс-әрекетінің жақсы жақтарын аңғарады, жағымды ойлауды үйренеді;
3. бір-біріне көмектесе біледі, жанашырлық сезімі оянып, қамқорлық жасауды үйренеді, кешірімді болуға өзгені ренжітпегуте тырысады;
4. балалардың танымдық үрдістері жас ерекшелігіне сай дамып, оқыту мен тәрбиелеуге үлкен үлес қосады.

Балалар ойын тәртібі арқылы жүріп отырады. Оқу үрдісіндегі ойында балалардың таным аңғаруға болады. Ойынға басшылық жасау кезінде балаларға мұғалімнің бұйырып сөйлеуіне болмайды. Егер мұғалім баланың эмоциясына, қиялына әсер ету арқылы олардың қызығушылығын арттыра түссе, онда баланың құштарлығы өсіп, ойынға құмарта түседі.

Ойын екі түрлі уақыттық кезеңінде әсер етеді: қазіргі уақыт және болашақта. Бала осы мезетте қуанышқа бөленсе, ойын әрқашан болашаққа бағытталған, өйткені онда, ойын барысында келешек өміріне ықпал ететін рухани адамгершілік қасиеттер мен дағдылар, икем қалыптасады.

Балабақшаның педагогикалық арсеналында:

- балардың сөйлеуіне байланысты тұрмыстық сөздігін бекітетін және дамытатын ойындар;
- есепке үйрететін сандық елестерін дамытуға бағытталған ойындар;
- есті, назарда, зейінді, бақылағыштықты дамытатын, ерікті бекітетін ойындар;
- коммуникативті өрісті дамытатын ойындар т.б. бар.

Оқушылардың қызығушылықтарын туғызытын, ойын әрекетінің ең негізгі түрінің бірі- дидактикалық ойындар. Дидактикалық ойын тәрбиеленушінің жас ерекшелігіне сай, бағдарламадағы материалдарға, оның ішінде нақты сабақтың мазмұнына сай болып, тапсырманың мәнін ашады.

Дидактикалық ойын барысында баланың есте сақтау, көру, сезіну, қабылдау, ойлау сөйлеу, процестері дамып, заттарды пішініне, түсіне, көлеміне қарай іріктеуге, әр түрлі қимылдарды орындауға үйретемін.

Балалардың қызығушылықпен ойнайтын ойындарының бірі – рөлдік ойындар. Тілдік қарым-қатынастағы жаттығуларды одан әрі қалыптастыруда рөлдік ойындардың қосар үлесі қомақты. Рөлдік ойындар белгілі бір мақсатта, тілді менгеруге деген ынтызарлықты оята отырып, орындаушылық қабілетке де жетелейді. Әсіресе мектеп алды дәйірлік тобында қолданылатын рөлдік ойындар: «Телефон арқылы сөйлесу», «Дәрігердің қабылдауында», «Танысу», «Кітапханада», «Қонақта», «Сымсыз телефон», тағы да балалардың сүйіп ойнайтын ойыны- мұғалімнің рөлі. Ойынның құрылымдық ерекшелігі мен түйіні - бала атқаратын рөл. Ойын процесінде рөлге берілген маңызына қарай көптеген ойындар рөлді немесе рөлді-сюжетті ойындар деп аталады. Рөл әрқашан адамға немесе жануарға, ол қиялдағы қылықтарға, іс-әрекеттерге, қарым-қатынастарға қатысты болады. Солардың бейнесіне енген бала сол өзі қалап алған нәрсеге айналады, яғни белгілі бір рөлді ойнайды.

Ойын процесінде балалардың өздері (ал кейбір ойындарда - ересектер) ойнаушылардың мінез-құлқы мен өзара қарым-қатынасын анықтайтын және реттейтін ереже белгілейді. Ереже ойынға ұйымшылдық, тұрақтылық сипат береді, оның мазмұнын баянды етеді және қарым-қатынас пен өзара қарым-қатынастардың одан арғы дамуын, күрделіне түсуін айқындайды. Сонымен бірге ойын ережесі жасқаншақ, ұялшақ балалардың ойынға белсендірек қатысуына көмектеседі.

Сондай -ақ қазақ халқының балаларға арналған ұлттық ойындарын тіл дамыту сабақтарында, ойын шарттарын өзгертіп қолданамын. Мысалы: «Айгөлек», «Түйілген орамал», «Оқтау тартыс», «Жүзік салмақ», «Ақ сандық, Көк сандық». Бұл ойындар баланың тілге деген қызығушылығын арттырады.

Ойын баланың көңілін өсіріп, ойын сергітіп қана қоймай, сонымен қатар оның таным түсінігін арттырады. Балалар ойын арқылы бір -бірімен тез тіл табысып, жақсы ұғысады, бір бірінен ептілікті, тапқырлықты үйренеді.

#### Танымдық ойындар

Психологтардың дәлелдеулері бойынша 4-6 жастағы балалардың негізгі әрекеті ойын болып саналады.

«Балық, құс, аң,...» ойыны

Топта жүргізуші «балық, құс, аң...» деген сөздерді айтып өтеді. Көзге бір сөзде тоқтап баланы көрсетеді. Бала не балықты, не құсты, не аңды атайды (ол жүргізушінің қай сөзде тоқтағанына байланысты). Ойынның мақсаты:

- балалар өздеріне таныс жануарларды атауға үйренеді;
- таныс емес жануарларды таниды;
- сыныптастарын зейін қойып тындауға үйренеді;
- дұрыс жауапты тез таңуға үйренеді;
- сыныптастардың жауабын дұрыс бағалауға үйренеді.

Бұл ойынды өзгертуге де болады. «Гүлдер, ағаштар, көкөністер, жемістер...» және тағы басқа.

«Қатарды жалғастыр» ойыны

Жүргізуші балаларға бір топтағы заттардың қатарын атайды (4-5 түрін).

Балалар бұл заттардың жалпы атауларын атап, қатарды жалғастырулары қажет. Мысалы, жүргізуші мынадай қатарды ұсынады: қаз, үйрек, торғай, қарға,... немесе Астана, Алматы, Қызылорда,...

«Күн-түн» ойыны

Балалар көзін жұмып, шынтақтарын үстел үстіне қояды. Жүргізуші он саны аясындағы сандарды алу және қосуға байланысты есептер айтады. Балалар көздерін ашпай саусақтарымен жауаптарын көрсету керек. Жүргізуші топта жүріп балалардың қолдарын түртіп, жауаптын дұрыс не бұрыстығын айтады.

Ойынның мақсаты - балалардың көру аппаратын қоспай, есепті ауызша шығара білуге үйрету. Тәжірибе көрсеткендей, кейбір үлкен адамдар да саусақпен жауапты көрсетуге қиналады.

Оқытып тәрбиелеудегі негізгі мақсат – оларды мектептегі оқуға, ұйымшылдыққа, еңбек етуге даярлау, олардың бойына адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, ойлау, сөйлеу қабілетін дамыту. Сабақ үстінде жүргізілетін жұмыс түрлері, тақырыпқа сай алынған тәрбиелік мәні бар ойын түрлері оқушының ойлау белсенділігін қажет етеді. Әр сабақтарда ойын түрлері орнымен қолданып оны қызықты ету арқылы жас бүлдіршіндердің білімге ынтызарлығын, пәнге сүйіспеншілігін қалыптастыруын көздейді. Ойында балалардың сабақ үстінде шаршамауы үшін, әр берілген негізгі ұғым түсініктерін беріп менгерту мақсатында жүргіземін. Ойын арқылы оқушы өз бетімен жұмыс істеуге, өздігінен қорытынды жасауға үйренеді.

Қорытындылай келе, сабақта ойын түрлерін тиімді пайдалану сабақ түрлері мен әдістерін жетілдіру жолындағы ізденістердің маңызды бір буыны. Ойынмен ұйымдастырылған сабақ балаларға көңілді жеңіл келеді. Баланың ойын жетілдіріп, сабаққа қызығушылығы арта түседі. Демек, ойын деген аты ғана, ал шынында да ол-сабақтың, тәрбиеші еңбегінің жиынтығы.

#### ВЛИЯНИЕ УРОВНЯ ТРЕВОЖНОСТИ НА ВЫБОР ПРОФЕССИИ СТАРШЕКЛАСНИКОВ

Р.Н. ДЕМИДЕНКО

профессор, доцент, ПГПИ, г. Павлодар

А.С. ПОПАНДОПУЛО

старший преподаватель, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Среди многообразных видов социальной деятельности личности особое место занимает профессиональная деятельность. Человек как субъект деятельности большую часть своей жизни посвящает профессиональному виду труда, как главному направлению становления человеческой сущности.

В жизни каждого человека профессиональная деятельность занимает важное место. В период отрочества, на завершающем этапе обучения в школе, вопросы выбора профессии приобретают особую остроту.

Психологи заметили, что обучение всегда сопровождается повышением тревожности у обучающихся. Более того, некоторый оптимальный уровень тревоги активизирует обучение, делает его эффективнее. Здесь тревога - фактор мобилизации внимания, памяти, интеллектуальных способностей. Но когда уровень тревожности превышает этот оптимальный предел, человека охватывает паника.

Профессиональное самоопределение и выбор профессии для такого человека основан на стремлении предохранить себя от неудачи любого вида. Влияние уровня тревожности на профессиональное самоопределение очевидно, так как тревожность влияет на интеллектуальное развитие школьника, не развиваются творческие способности, оригинальность мышления, любознательность. Старшеклассники с высоким уровнем тревожности стараются и в жизни, и в профессии пойти по проторенной дорожке, там, где вероятность неудачи, ошибки и критики очень мала.

Целью нашей работы является выяснение степени влияния уровня тревожности на профессиональное самоопределение юношей. Исследовательскую группу составили 30 старшеклассников в возрасте 15-16 лет. Для достижения поставленных нами целей мы использовали методику исследования тревожности Ч.Д. Спилберга – Ю.Л. Ханина.

Для исследования профессионального самоопределения старшеклассников мы воспользовались дифференциально-диагностическим опросником «Я предпочитаю» (Е.А. Климов). Результаты, полученные в процессе исследования, мы представили на рисунке 1 и вывели процентное соотношение уровней тревожности в группе (рис.1)




Рисунок 1. Уровень тревожности у старшеклассников

Высокий уровень тревожности имеют 26 % исследуемых нами старшеклассников. Они склонны видеть окружающий мир как заключающий в себе угрозу и опасность, высокий уровень тревожности создаёт угрозу психическому здоровью личности, отрицательно влияет на результаты деятельности.

Тревожность ведет к отсутствию у человека уверенности в своих возможностях в общении, связана с отрицательным социальным статусом, формулирует конфликтные отношения. Эти дети постоянно не уверены в себе и своих решениях, все время ждут неприятностей, эмоционально неустойчивы, мнительны, недоверчивы. Общение у них становится избирательным, эмоционально нервным и, как правило, ограничивается старым кругом привязанностей. Причиной непопулярности является их безынициативность из-за своей неуверенности в себе, следовательно, эти дети не всегда могут быть лидерами в межличностных взаимоотношениях. После проведенного нами исследования выяснилось, что 29 % старшеклассников с нормальным уровнем тревожности выбрали профессии типа «Человек – техника», 14 % - тип «человек – природа» и 14 % - «человек – художественный образ», 7 % - «человек – знаковая система» и тип «человек – человек» выбрали 36 % старшеклассников с нормальным уровнем тревожности.

В группе старшеклассников с низким уровнем тревожности тип «человек – знаковая система» выбрали 12 %, «человек – техника» и «человек – художественный образ» по 25 %, и тип «человек – человек» выбрали 38 %.

В группе, где были объединены старшеклассники с высоким уровнем тревожности, были выявлены следующие результаты: тип «человек – техника» 14 %; тип «человек – природа» - 86 %. Типы профессий «человек – человек», «человек – художественный образ» и «человек – знаковая система» не были выбраны.

Мы объединили полученные результаты и представили в рисунке 2.




Рисунок 2. Результаты исследования профессионального самоопределения

Старшеклассники с высоким уровнем тревожности выбрали всего два типа профессий – «человек – природа» и «человек – техника».

Проанализировав особенности личностных качеств этих типов профессий и сопоставив с психологической характеристикой людей с высоким уровнем тревожности мы приходим к выводу: старшеклассники с высоким уровнем тревожности выбирают тип профессий «человек – природа» и «человек-техника».

Тревожность имеет выражение субъективного неблагополучия личности, создающего специфический фон её жизнедеятельности, угнетающий психику. В процессе профессиональной деятельности у молодых тревожных людей отмечается двигательное возбуждение, непоследовательность в поступках, нередко чрезмерное любопытство и стремление занять себя любой, даже ненужной деятельностью. Новое отрицается, риск исключается, поведение приобретает консервативный характер, поскольку все новое воспринимается как неизвестное. Подобное отношение способно вызвать при соответствующих условиях еще больше прилив тревоги, формируется отрицательное отношение к людям, мстительность, враждебность, стремление к уединению.

В зависимости от всех этих особенностей тревожные старшеклассники выбирают те профессии, которые по их мнению «безопасны» и физически, и психологически. Они могут не осознавать по какой причине они выбрали ту или эту профессию, считая что эта специальность действительно интересна для них, что именно в этой специальности они реализуются как личности.

На самом деле, выбирая «безопасную» профессию тревожные молодые люди стараются максимально оградить свое раннее «Я» от негативного влияния окружающего мира.

В группе профессий типа «Человек – Природа» и «Человек – Техника» нет жестких требований к эмоциональной устойчивости, психическим процессам, нет постоянного взаимодействия с людьми (знакомыми или незнакомыми), которые постоянно оценивают и которые очень часто жестоко и непредсказуемы. Природа и техника требуют усидчивости и внимательности, добросовестности и ответственности, т.е. тех качеств личности, которых у тревожных молодых людей с избытком. Общаясь с природой, работая с ней, человек может не задумываться о своем поведении, действиях, об их оценке. Ощущение тревоги постепенно уходит, молодой человек начинает чувствовать себя более или менее комфортно и расслабленно. Поэтому молодые люди с высоким уровнем тревожности преимущественно выбирают профессии типа «Человек – Природа».

После проведения эмпирического исследования уровня тревожности нами была выявлена группа старшеклассников, имеющая высокий уровень тревожности. Нами была сделана попытка составления коррекционно-развивающей программы, цель которой была снижение уровня тревожности у детей старшего школьного возраста, входивших в эту группу.

По целевой направленности программа является учебно-развивающей, т.к. в процессе изучения психологических закономерностей, механизмов и способов межличностного взаимодействия, обучения основам эффективного общения создаются условия формирования самосознания и само исследования личности для коррекции и развития тех или иных качеств.

На занятиях используются различные методы работы:

- Ролевые игры;
- Упражнения на развитие тех или иных качеств;
- Элементы арт – терапии и музыкальной терапии.

Занятия включают в себя индивидуальные, групповые и коллективные задания. С целью проверки эффективности коррекционно-развивающей работы, направленной на снижение тревожности у детей старшего школьного возраста, была проведена повторная диагностика, которая позволила проследить динамику снижения тревожности у детей старшего школьного возраста экспериментальной группы.

Сравнение результатов диагностики при первичной и вторичной диагностики уровня тревожности мы представили в таблице 1.

Таблица 1

Результаты диагностики до и после коррекции

	Первичная диагностика уровня тревожности	Вторичная диагностика уровня тревожности
	Процент учащихся	Процент учащихся
Норма	47 %	64 %
Высокий уровень тревожности	26 %	10 %
Низкий уровень тревожности	27 %	26 %

Для исследования профессиональных выборов после проведения психокоррекционной работы мы использовали дифференциально-диагностический опросник «Я предпочту» (Е.А.Климов) и профориентационную анкету (Е.А.Климов).



Рисунок 3 - Результаты исследования профессиональных выборов после проведения психокоррекционной работы

Для легкости анализа и составления выводов все полученные данные мы представили в виде диаграммы (рис.4).




Рисунок 4. Сравнительные результаты исследования профессионального самоопределения

Из диаграммы видно, что после проведения коррекционно-развивающей работы с группой высоко тревожных старшеклассников, произошло снижение уровня тревожности у части старшеклассников, что привело к увеличению процентного показателя группы с нормальным уровнем тревожности. В данной группе изменился процентный показатель и выбираемых типов профессий.

У 60 % высоко тревожных старшеклассников уровень тревожности был приведен к показателю «норма» и типы профессий, выбираемые ими при повторном исследовании стали более адекватными, т.е. старшеклассники больше не выбирали тот тип профессии, в котором можно «спрятаться», а их выбор зависел от истинного интереса к данному виду профессиональной деятельности.

Старшеклассников больше стали интересовать возможности самореализации в данном виде профессии, не было стремления уйти от тех видов профессиональной деятельности, которые предполагают высокий уровень ответственности, наличие интенсивного общения с людьми, активной деятельности, творческого подхода в выполнении профессиональных обязанностей.

Таким образом, у старшеклассников, с которыми была проведена коррекционно-развивающая работа, перестала проявляться боязнь общественного мнения, применения нестандартного решения поставленной задачи.

ЛИТЕРАТУРА

1. Айзенк Х. Психологические теории тревожности/Х.Айзенк //Тревога и тревожность: Хрестоматия. — СПб., 2001.
2. Астапов В. М. Тревожность у детей / В.М.Астапов. — СПб., 2004.
3. Истратова О.Н., Эксакусто Т.В. Психодиагностика. Коллекция лучших тестов. Издание второе. Ростов – на – Дону. «Феникс» 200.
4. Климов Е.А. Реплика о структуре профессионализма и профессионала // Психология профессионала. М. , 1996.

ЭКОНОМИКАНЫҢ ЖӘНЕ КӘСІПОРЫННЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ


Д.С. ДОСАНОВА  
 магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.  
 С. А. РАХИМОВА  
 э.ғ.к., доцент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Тұрақты даму (ағылшынша sustainable development) – дұрыс, үйлесімді (бір қалыпты, баланстық) даму дегенді білдіреді. Үйлесімді даму – бұл табиғи ресурстарды қолдану, инвестициялардың бағытталуы, ғылыми-техникалық дамудың бағдарлануы, тұлғаның дамуы және институционалды өзгерістер бір-бірімен келісілген және адамның қажеттіліктері мен максаттарын қанағаттандыру үшін қазіргі кезгі және болашақтағы әлеуетті бекітетін үдеріс болып табылады.

Қоршаған ортаны қорғау және даму бойынша халықаралық комиссия тұрақты дамуды – болашақ ұрпақтың өзінің қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндіктеріне қауіп төндірмейтін, қазіргі кезгі қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған даму ретінде анықтайды.

Тұрақты даму үлгісі өзіне негізгі үш көзқарасты қосады: экономикалық (economic), әлеуметтік (social) және экологиялық (environment). Осы негізгі облыстардың үлгіде қиылысуы төрт жана құраушыларды қалыптастырады:

- төзімділік (bearable) – қоғамның және қоршаған ортаның үйлесімді дамуы;
- әділдік (equitable) – қоғамның және экономиканың үйлесімді дамуы;
- өмірге бейімділік (viable) – қоршаған ортаның және экономиканың үйлесімді дамуы;
- үш элементтің бір уақытта дамуы тұрақты даму болып табылады (sustainable development) (1-сурет).



1 сурет – Тұрақты дамудың үш элементті үлгісі

Тұрақты дамудың келесі қағидалары көпшілікпен мақұлданған болып табылады: экономикалық тұрақтылық (economic stability); әлеуметтік саулық (social well-being); экологиялық теңдік (ecological equilibrium) және халықаралық ынтымақтастық (the international solidarity).

Кәсіпорынның тұрақты дамуы – бұл ресурстарды қолдану, инвестициялардың бағытталуы, ғылыми-техникалық даму, инновацияларды енгізу, персоналды жетілдіру және институционалды өзгерістер бір-бірімен келісілген және кәсіпорынның қазіргі және болашақтағы әлеуетін арттыруға, оның қажеттіліктерін қанағаттандыруға және стратегиялық мақсаттарына жетуге бағытталған әрдайым өзгеріп отыру үдерісі болып табылады.

Экономикалық тұрақсыздық жағдайында ең маңызды міндеттердің бірі тұрақты дамуды тиімді басқару және кәсіпорынның әрекеттегі менеджменті жүйесіне оны интеграциялау бола бастады.

Тұрақты даму – қандай да болмасын кәсіпорын үшін лайықты мақсат болып табылады. Экономика, қоршаған орта және экология өзара тығыз байланысты. Біз қолданатын экономикалық әдістер қоршаған ортаға қалай әсер ететініне назар аудару қажет. Қоғамдағы әрбір адам қауіпсіз денсаулыққа және ыңғайлы тұру орнына ие болуға, сонымен қатар, жалпылай алғанда, өмірдің лайықты сапасына ие болуға құқылы.

Тұрақты дамудың мақсаты болашақ ұрпақтың қажеттіліктерін есепке ала отырып, ағымдағы қажеттіліктерді қанағаттандыру барысында қалпына келетін ресурстарды пайдалануда, сонымен қатар атмосфераға зиянды газдардың төгілуін минимизациялауда, жылу эффектісін төмендетуде, экологиялық ресурстарды сақтауда және адамдарға өзінің максималды әлеуетін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін шарттарды қалыптастыруда қамтылады. Тұрақты дамудың негізі экологиялық ресурстарды сақтауға бағытталған. Алайда, тұрақты даму ұғымын көптеген жағдайларда адами ресурстарды қорғау және дамыту деп түсінеді. Тұрақты даму қағидаларына негізделген ұйымдар мен бірлестіктер кең білім беру ресурстарын, персонал мансабының даму мүмкіндіктерін және әлеуметтік қамтамасыз етуді қалыптастыруға тырысуы мүмкін. Кәсіпорындар тұрақты даму қағидаларына сәйкес болу үшін шешімдерді қабылдау және өзінің қызметін жүзеге асыру барысында, жоғарыда аталып кеткендей экономикалық, әлеуметтік факторларды және қоршаған орта факторларын есепке алу қажет (2-сурет).



2 сурет – Кәсіпорынның тұрақты даму қағидаларын қолдану деңгейлері

Нарықтық бәсекелестік жағдайында кәсіпорындар әр түрлі ұйымдастырушылық-құқықтық формаларда жұмыс істейді және өзінің қызметтерін тәуекел және белгісіздік шарттарында жүзеге асырады. Мұндай жағдайларда өндірістік бірліктер ғана іс жүзінде толық өзіндік экономикалық дербестікке ие, олар өзінің өндірістік-шаруашылық саясатын анықтайды, тапсырыстар портфелін қалыптастырады, өнімді шығаруды және өткізуді ұйымдастырады, сонымен қатар өзінің қызметінің нәтижесі үшін өздері толық жауапкершілікке ие болады. Бұдан басқа кәсіпорын қызмет етуіне, оның тұрақтылық жағдайына және дамуына сыртта және іште қалыптасатын факторлар үлкен ықпал етеді. Олар оң және сол сияқты теріс әсер етуі де өлден мүмкін. Осында жоғарыда аталып кеткеннің барлығы кәсіпорынның тұрақты дамуының негізі болып табылады және кәсіпорын қызмет етуінің тұрақты өсімінің мүмкіндіктерін зерттеу қажеттілігін айқындайды.

Тұрақты даму әрбір шаруашылық жүргізуші субъектінің тұрақты қызмет етуі және өзінің қызметін жақсартуы үшін негіз болады. Қазіргі уақытта тұрақты дамуды қамтамасыз ету мәселесі өте өзекті болып барады, және бұл тек әлемдегі болып жатқан ахуал жағдайына ғана байланысты емес. Экономикалық тұрақтылық жағдайында да кәсіпорынның тұрақтылығы және дамуы мәселелері аса маңызды болып табылады, осылар бойынша шешім қабылдау кәсіпорын қызметін жоспарлаумен және тандалған стратегияны айқындаумен тікелей байланысты.

Кәсіпорын қызмет етуінің заманауи шарттары тұрақсыздықтың үлкен дәрежесімен сипатталады. Кәсіпорынның қызмет етуі төмен рентабельділікті, қаржылық тұрақсыздықты, төлем қабілетсіздігін және оның өнімінің бәсекеге қабілеттілігінің төмен дәрежесін көрсетеді. Осының барлығы кәсіпорынның жалпы экономикалық қауіпсіздік дәрежесінің төмендеуіне, және кәсіпорын дамуының тұрақтылығын қамтамасыз ету мүмкіндіктерінің тежелуіне өкеледі. Жоғарыда аталған факторлардың барлығы кәсіпорын қызмет етуінің экономикалық қауіпсіздігін арттыру механизмін іздеу қажеттілігін айқындайды. Осы арқылы кәсіпорындардың тұрақты дамуын қамтамасыз етуге болады.

Жалпы тұрғыдан алғанда экономика – бұл күрделі және динамикалық мүше болып табылады. Экономиканың негізгі буыны – кәсіпорын. Нарықтық экономика шарттарында кәсіпорын негізгі шаруашылық жүргізуші бірлік болып келеді, және әрбір елдің ұлттық экономикасында үлкен рөлді ойнайды. Кәсіпорын тауарлар мен қызмет көрсетулерді шығаратын нарықтық субъект болып табылады, ол басқа шаруашылық жүргізуші субъектілермен әр түрлі шаруашылық қарым-қатынастарға түседі. Сондықтан кәсіпорындардың тұрақты дамуына көп көңіл бөлу қажеттілігі туындайды. Нарықтық экономика шарттарында кәсіпорындардың тұрақты дамуына қол жеткізу, ол жалпы ұлттық экономиканың әлеуетін арттыру, жалпы экономиканың тұрақты дамуына үлкен әсер етеді. Кәсіпорындардың тұрақты дамуын қамтамасыз ету жалпы экономиканың макро және микро деңгейдегі негізгі мәселелерін шешуге мүмкіндік береді: жұмысбастылық, ЖІӨ өсуі, ЖҮӨ өсуі, экономикалық өсу және т.б.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбдікерімова Г. И. Кәсіпорын экономикасы: оқу құралы – Алматы: Экономика, 2008 – 367б.
2. Ниязбекова Р. Қ. Кәсіпорын экономикасы: оқу құралы – Алматы: Экономика, 2008 – 791б.
3. Рахимова С. А. Тұрақты даму стратегиясы: "Экономика" және "Менеджмент" мамандықтарының магистранттарына арналған пәннің оқу-әдістемелік кешенінің жинағы/ С. А. Рахимова. – Павлодар: Кереку, 2011 – 109б.

## ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА АҚПАРАТТЫҚ – КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ

Ж.А. ДОСАНОВА

ұстаз, №3 Ертіс жалпы орта білім беру мектебі, Павлодар облысы, Ертіс ауданы

Қазақстан Республикасының «Тіл туралы», «Білім беру туралы» Заңдары мен Қазақстанда тілдерді дамытудың «2001 – 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» белгіленген міндеттер еліміздің білім беру жүйесінде көптілді менгерген дара тұлға қалыптастыру мақсатын жүзеге асырудың ұтымды жолдарын анықтауды талап етіп отыр.

Оқу үдерісінде түрлі үн, бейнетаспаларды, мультимедиялық бағдарламаларды, бейнероликтерді, интернет материалдарын, электронды оқулықтарды, компьютер мен линфондық аппараттарды қолдану оқушылардың пөнге деген қызығушылықтарын оятып, пәнаралық байланыс мүмкіндіктерін арттыруға септігін тигізеді.

«Мұғалім – өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім. Оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады», - деп К.Д.Ушинский атап көрсеткендей, қазіргі заман мұғалімнен үнемі ізденіс пен шығармашылықты талап етеді.

Біздің елімізде оқу барысын ақпараттық – коммуникациялық технологиямен қамту бұл күнде білім жүйесіндегі жұмыстардың біріне айналды.

Компьютерлер, интернет, электрондық оқулықтарды пайдалану оқытуды қызықты етеді. Көрнекілік – оқу нәтижесінің сапасына оң әсер ететіні сөзсіз. Қазіргі кезде компьютер адам өмірінің барлық саласына толық енгізілді. Сондықтан ұстаздардың алдында ең негізгі ортақ міндет – өмірге икемді, заман ағымына ілесе алатын жаңа тұлғаны тәрбиелеу. Оның бір жолы – компьютер тілін үйрену болып табылады. Қазіргі мектеп жағдайында білім беруді жаңашаландырудың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы көрініс табатын алғы шарттары қалыптасқан. Соның бірі – интерактивті тақтаның мүмкіндіктерін пайдалану. Интерактивті тақта – оқушылардың қызығушылығын, танымдық қабілеттерін арттыруда құнды құрал.

Интерактивті тақтаның мүмкіндіктері:

- Веб – сайттар және басқа да ресурстар қолдану есебінен материалды түсінікті, әсерлі етіп жеткізуді қамтамасыз етеді, көп уақыт шығындамай бейне көріністерді, сабақ барысында жасалған жазуларды сақтауға, басып шығаруға болады.
- Түрлі тартымды ресурстарды қолданудың арқасында оқушылардың қызығушылығын арттырады.
- Сабақтың қарқынды өтуін қамтамасыз етеді.
- Өтілген материалдарды қайталау үшін мектеп желісінде пайдаланылған файлдарды сақтауға мүмкіндік береді.
- Шығармашылық жұмыс үшін уақыт үнемделеді.
- Презентация, баяндамашының өз баяндамасын толық жеткізуіне мүмкіндік береді.
- Оқушылар белсенді жұмыс істейді, деректерді естерінде жақсы сақтайды.
- Оқыту үрдісін жаңа сапалы деңгейге шығарады.
- Мұғалімдерді кәсіби тұрғыдан өсуге ынталандырады, компьютерді жетік менгеру деңгейі жоғарылайды.

- Интерактивті тақтаның артықшылықтарына тоқталатын болсақ:
- Арнайы бейнекамераларды пайдалана аламыз.
- Elluminate live бағдарламасы бойынша әлемнің әр мемлекеттеріндегі серіктестерге тұсауымен өткізіп, өз жұмысымызға оңай және тез пікірлер ала аламыз.

- Activate көмегімен тест өткізіп, нәтижесін экранға шығарып оқушылар назарына ұсына аламыз.
- ACTIVSTUDIO бағдарламасы арқылы кез келген сабақтарға флипчарт дайындауға болады.
- PowerPoint бағдарламасында жасаған слайдтарын флипчарт бетіне ауыстырып, аспап панеліндегі құралдармен әр түрлі жұмыс жүргізуге болады.
- PowerPoint бағдарламасы немесе интернет жүйесі арқылы қажетті сурет, көріністерді алып, тақтадағы фотоаппаратты пайдалана флипчарт кітапханасын толықтыруға болады.

- АКТ арқылы оқыту - заман талабына, уақыт ағымына қарай туындап отырған мәселе. АКТ жеке тұлғаның өзін – өзі дамытуға, өздігінен шығармашылықпен жұмыс істей білу қабілетін және қызмет барысындағы іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған, қазақ тілі мен әдебиетін оқып үйренуде алға қойған мақсатқа жетудің тиімділігін, нәтижелілігін қамтамасыз етуді көздейтін, берілген тілдік материалды жедел әрі сапалы менгертуге бағытталады.

Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында ақпараттық - коммуникациялық технологиялар мүмкіндіктерін қолдану барысында :

1. тілді белсенді оқытудың түрлері мен әдіс – тәсілдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді;
2. оқушылардың интеллектуалдық потенциалын дамытуға, өз бетімен білім алу біліктіліктерін қалыптастыруға жағдай жасайды;
3. оқушының оқуға деген қызығушылығын кешенді ұсынатын және көру, есту негізінде қабылданатын ақпаратты құбылттып өзгертетін құралдар арқылы арттырады.

Қазіргі талапқа сай оқыту бағытында ақпараттық коммуникативтік технологиясын қолдануда өте көп бағдарламалары бар екені сіздерге мәлім. Оның бірі «PowerPoint» бағдарламасы.

«PowerPoint» бағдарламасында көптеген мүмкіншіліктері бар, оның ішіндегі ең маңыздысы гиперсілтеме жасау. Бұл гиперсілтеменің ыңғалығы бір слайттан екінші слайтқа кез келген батырма арқылы өтуге болады. Бұл мүмкіншіліктер балалардың пөнге деген қызығушылықтарын арттырады. Өйткені олар өздері осы батырмаларды шертіп, қойылған сұрақтардың жауаптарын тексере алады.

Сабақ өткізу барысында оқушылардың танымдық қызығушылығын ояту үшін, белсенділіктерін арттыруда тиімді бағдарламаларды қолдануға болады. Мысалы: үй тапсырмасын тексеру мақсатында «activob» , «Power Point» бағдарламасы немесе интрнет жүйесі арқылы қажетті суреттерді алып «Нысанды өзгерту», «анимация» мүмкіндіктері қолданылды.

Жаңа сөздерді, синоним қатарын еске сақтап, пайдалануда «перде», «нысанды өңдеу» сынды мүмкіншіліктері өте қолайлы.

Грамматикалық тапсырмаларын қайталау үшін «сөйкестендіру» мүмкіндігін қолдануға өте тиімді.

Мәтіннен жұмыс істеген кезеңде «Activ slat» құралы қолданылды. Оқушылар тақтаға шықпай өз орындарынан аспап панеліндегі құралдарын қолдана отырып, керекті тапсырмаларды орындайды.

Ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың барлық мүмкіндіктерін пайдалану оқушылардың шығармашылық талабын, танымын арттыруға ықпал етеді. Сонымен интерактивті тақтаның да мүмкіншіліктерін кенінен пайдалану оқушыларға шабыт береді, жаңа білім алуға ынталандырады.

Оқыту үрдісінде ақпараттық технологияны пайдаланып білім берудің әр түрлі аспектілерін дамытуға болады. Олар: ақпаратты өңдеу, оқытудың мотивациялық, коммуникациялық және танымдық аспектілері.

Ақпараттық технологиялардың оқыту үрдісіндегі ақпараттық-коммуникативтік қызметін төмендегі сызбадан көруге болады.



Ақпараттық технологияны оқыту үрдісіне екіпінді түрде енгізу бағытында және қолданылатын жаңа құралдардың бірі- бағдарламалық-техникалық кешен болып саналатын «Белсенді экран» болып табылады. Бұл кешен білім үрдісінде қолданылатын ақпаратты көрсетуге және оны компьютермен басқаруға арналған әмбебап интерактивтік жүйе болып табылады.

Мектебімізде 4 интерактивті тақта, 1 мультимедиялық кабинет және екі информатика кабинеті жұмыс істейді. Оны мектепте қолдану тәжірибесі бізге оның білім беру үрдісінде қолданудың жаңа

дидактикалық төсілерін ашуға мүмкіндік береді. Интерактивті тақтаны дидактикалық максатта пайдалану барысында, бұл құралдың оқушылардың, ойлау және ойын қысқа және түсінікті түрде жеткізе білу қабілетін арттырып, өз ойларын жана технология құралдары көмегімен жүзеге асыруын қалыптастыруды қамтамасыз ете алатыны белгілі болды. Интерактивті тақтаны қызықты және мультимедиялық құралдар көмегімен оқушылардың қызығушылықтарын тудыратындай оқуға мүмкіндік беретін визуалды қор деп те атауға болады.

Сабақты түсіндіру барысында мұғалім тақтаның алдында тұрып жасырулы ақпаратты және объектілерді көрсете алады және өзгертеді. Тапсырманы орындау бойынша ауызша түсіндіру жүргізіледі, интерактивті тақтаны пайдалану арқылы теориялық материал қайталанатын. Қажетті жағдайда, мұғалім тақта арқылы есеп шығаруды, құрал саймандарды қолдануды көрсетіп, түсіндіреді. Сабақтың соңында қолданылған материалды есте сақтап, қажет жағдайда қайталап қолдана алады. Сонымен, интерактивті тақта оқушылардың ойын бір ортаға жинақтап, қажет ақпаратты өңдеу арқылы жалпыланған ақпараттық біліктілікті қалыптастыратын тиімді құрал болып табылады. Күнделікті сабақта интернет желісі арқылы www.sabak.kz. сайтында арнайы сайысқа дайындалған флипчарттарды қолдануға болады. Тестілеуді сабақта ұйымдастырғанда тестер құралын пайдаланып, оқушылардың білімін оңай тексеруге болады.

Осылайша ақпараттық технологияларды пайдаланып оқыту мынадай нәтижелерге қол жеткізеді:

- оқу материалын терең түсінуге;
- оқу мотивациясының артуына;
- алған білімнің ұзақ уақыт есте сақталуына;
- білім беруге жұмсалатын шығынның азаюына т.б.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы орта білім беру жүйесінің дамуымен тығыз байланысты. Қай халықтың, қай ұлттың болсын толығып өсуіне, рухани өрі мәдени дамуына ықпал жасайтын тірегі де, түп қазығыда – мектеп.

Мектептердің білім деңгейін көтеру және онда ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқу - тәрбие үрдісін тиісті деңгейге көтеру, мектеп ұстаздарының, педагогикалық ұжымның жүйелі басшылыққа алған бағыты деп есептеймін.

Жоғарыда айтылған ой-пікірлерді тұжырымдай келе, компьютерді қолдану негізінде оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, білім беруді ақпараттандыру жүйелі түрде іске асады дегуге болады.

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жана білім беру өте қажет» деп, Елбасы атап көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде онтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы өте зор.

Алайда, оқу үдерісін қарқындылығын арттыруда мұғалімнің ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану құзыреттіліктері қалыптасқан ба және оқу, тұрмыстық, кәсіби міндеттерін ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы шешу қабілеті бар ма деген сұрақ туындайды. Әр білім беру мекемелеріне жан беріп, оны қозғалысқа келтіретін, әр оқушыны келешекке жетелейтін – мұғалім. Сондықтан бүгінгі күні білім беру ісінде оқытудың тиімді де жана технологияларын кенінен таратып, күнделікті қолданысқа ендіретін ұстаздарымыздың шеберлігі ең маңызды мәселе болып табылады.

Мұғалімнің ақпараттық – коммуникациялық технологияларды меңгеруі – білім беру саласын ақпараттандырудағы артықшылық және анықтаушы бағыт болып саналады. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану құзыреттіліктерін қалыптастыру деңгейінің өлшемдері қандай?

Бұл ұстаздарымыздың:

- Ақпараттық кеңістік туралы толық хабардар болуы;
- Ақпараттық (компьютерлік) сауаттылығы;
- Өз қызметін АКТ-ні пайдалана отырып ұйымдастыра білуі.

АКТ құзыреттілігі дегеніміз не? Бұл ақпараттарды іздеу, ақпараттарды тұтыну, ақпараттарды құру, ақпараттарды сұрыптау, таңдау, пайдалану, жіберу, яғни, кез келген ұстаздың аталған үдерістерді меңгере алуы, өз қызметінде пайдалана алуы.

Ұстаздың АКТ құзыреттілігін қалыптастыруда төмендегідей педагогикалық мүмкіндіктерді жүзеге асыру қажеттілігі туындайтыны белгілі. Ал бұл қажеттілігі іске асыруда ұстаздардың Біліктілігін көтеру институттарында төмендегідей мәселелер міндетті түрде ескерілуі қажет:

Тәжірибеде АКТ-ні пайдалану мүмкіндігін меңгеруде және жана материалды игеруде мұғалімнің дайындық деңгейін ескере отырып оқытуды ұйымдастыру;

Оқытудың жеке әдістері мен формаларын, сонымен қатар, оқытудың прогрессивтік әдістерін пайдалану проблемасын шешуде қазіргі заманғы оқу әдістерін пайдалана отырып, оқытудың классикалық әдістерін жетілдіру;

АКТ құралдарын, интерактивті технологияларды қарқынды пайдалану арқылы оқу үдерісін материалдық – техникалық базасын жетілдіру.

Яғни, педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды меңгеруін қамтамасыз ету – бүгінгі күннің ең басты талабы болып саналады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы «Білім туралы заңы».
2. Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты.
3. Қазақ әдебиеті. Оқу бағдарламасы. Астана 2010.
4. Көтенбаева Б.Ш. «Тіл ұстару жұмыстары бойынша әдістемелік нұсқаулар». Алматы, 1998.
5. Селевко Г. Современные образовательные технологии. Москва, 1998.
6. Нағымжанова Қ. Инновациялық – креативті технологиялар. Өскемен, 2005.
7. Мұқанова Қ. Компьютерлік оқыту әдістемесінің ғылыми негіздері. Алматы, 2008.
8. Сұлтанова Ш. Интерактивті технологиялар – білім беру саласында. Алматы, 2010..

#### СОБСТВЕННЫЕ КОЛЕБАНИЯ ПЛАСТИН ПРИ РАЗЛИЧНЫХ ГРАНИЧНЫХ УСЛОВИЯХ

С.К. ЕЛЬМУРАТОВ

д.т.н., профессор, ПГУ имени С. Торайғырова, г. Павлодар

А.Ф. ЕЛЬМУРАТОВА

к.т.н., профессор, ПГУ имени С. Торайғырова, г. Павлодар

Исследуется влияние граничных условий жесткого защемления и свободного опирания на частоту собственных колебаний пластин.

Дифференциальное уравнение собственных поперечных колебаний пластин имеет вид:

$$W_{,xxxx} + 2W_{,ddyy} + W_{,yy\ddot{y}y} - \beta^2 W = 0 \quad (1)$$

Здесь частотный параметр  $\beta$  определяется по формуле

$$\beta^2 = \frac{\rho h}{D} \omega^2, \quad (2)$$

где  $\rho$  – плотность материала,

$h$  – толщина пластины,

$\omega$  – круговая частота собственных колебаний.

$D$  – цилиндрическая жесткость пластины.

Для решения задачи применим метод конечных разностей. Аппроксимируем пластину регулярной сеткой. Дифференциальное уравнение (1) заменим системой алгебраических уравнений в конечных разностях, для решения которых составлена программа на ЭВМ. Решение выполнялось в матричной форме

$$(A - \beta E)W = 0, \quad (3)$$

где  $A$  – матрица, составленная из коэффициентов при прогибах  $W_i$ ,

$E$  – единичная матрица,

$\bar{W}$  – вектор прогибов.

Результаты расчетов сравнивались с результатами, полученными точными методами и методом конечных элементов. Расхождение лежит в пределах (3%÷5%) при числе шагов сетки  $S=8$ , что говорит о хорошей сходимости метода конечных разностей при решении задач о собственных колебаниях пластин.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Варвак П.М., Рябов А.Ф. Справочник по теории упругости. – Киев: Будивельник, 1971. – 419 с.

**ВЫНУЖДЕННЫЕ КОЛЕБАНИЯ ТОНКИХ ПЛАСТИН  
ПРИ КОМБИНИРОВАННЫХ ГРАНИЧНЫХ УСЛОВИЯХ**

С.К. ЕЛЬМУРАТОВ  
д.т.н., профессор, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар  
А.Ф. ЕЛЬМУРАТОВА  
к.т.н., профессор, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Рассмотрим пластину при действии поперечной динамической нагрузки, приложенной различным образом по поверхности патины. Граничные условия свободного опирания и жесткого защемления варьируются по любой стороне пластины. Дифференциальные уравнения вынужденных колебаний тонкой упругой пластины имеют вид [1]:

$$D \nabla^2 W = -\rho h W_{,tt} + P(x, y, t), \quad (1)$$

где  $W$  – поперечный прогиб,  
 $h$  – толщина пластины,  
 $\rho$  – плотность материала.

Возмущающая сила в уравнении (1) задается в виде:

$$P(x, y, t) = R \cos(\Theta t), \quad (2)$$

где  $R$  – амплитудное значение возмущающей силы,  
 $\Theta$  – частота вынужденных колебаний.

Будем искать решение уравнения (1) в виде:

$$W(x, y, t) = W(x, y) \cos(\Theta t) \quad (3)$$

Тогда уравнение (1) с учетом уравнения (3) примет вид:

$$D \nabla^2 W - \rho h W = R \quad (4)$$

Для решения задачи о вынужденных колебаниях пластины применим метод конечных разностей [2]. Уравнение (4) в конечных разностях имеет вид:

$$\left( \varphi_1 - \frac{\rho h}{D} \lambda_1^2 \lambda_2^2 \right) W_i + \varphi_2 (W_i + W_j) + \varphi_3 (W_m + W_n) + \varphi_4 (W_p + W_q + W_o + W_r) + \varphi_5 (W_s + W_t) + \varphi_6 (W_u + W_v) = \frac{R \lambda_1^2 \lambda_2^2}{D}, \quad (5)$$

где  $\varphi_1 = 6/\mu^2 + 8 + 6\mu^2$ ,  $\varphi_2 = -4/\mu^2 - 4$ ,  $\varphi_3 = -4/\mu^2 - 4$ ,  $\varphi_4 = 2$ ,

$\varphi_5 = 1/\mu^2$ ,  $\varphi_6 = \mu^2$ .

Здесь  $\mu = a/b$

Решение системы конечно-разностных уравнений выполним на ЭВМ. Граничные условия по любому участку каждой стороны пластины могут меняться. Решались задачи о вынужденных колебаниях плиты, нагруженной распределенной нагрузкой на участке, шириной  $a/2$  по центру плиты. Граничные условия комбинированные, две противоположные стороны защемлены, а две другие свободно оперты. Наибольшие прогибы наблюдаются в том случае, когда полоса нагрузки совпадает по направлению со свободно опертыми противоположными сторонами, а не в случае защемления этих сторон. С увеличением частоты возмущающей силы  $\Theta$  разница в прогибах при различных схемах возрастает.

**ЛИТЕРАТУРА**

1. Ельмуратов С.К. Вынужденные колебания прямоугольных пластин при различных схемах нагружения. // Строительная механика: научно-методический сборник. Караганда, 1978. - с.143-146  
2. Варвак П.М., Рябов А.Ф. Справочник по теории упругости. – Киев: Будивельник, 1971. – 419 с.

**УСТОЙЧИВОСТЬ ТОНКИХ ПЛАСТИН ПЕРЕМЕННОЙ ТОЛЩИНЫ  
ПРИ ДВУОСНОМ СЖАТИИ**

С.К. ЕЛЬМУРАТОВ  
д.т.н., профессор, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар  
А.Ф. ЕЛЬМУРАТОВА  
к.т.н., профессор, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Для решения задач устойчивости пластины воспользуемся методом конечных разностей. Рассмотрим прямоугольную пластину, свободно опертую по всему контуру. На пластину переменной толщины действуют сжимающие в двух направлениях силы, причем, внешняя нагрузка в направлении осей  $OX$  и  $OY$  принимается в различных соотношениях между собой по интенсивности. Уравнения устойчивости в конечных разностях при использовании метода Леви имеют вид [1]:

$$\varphi_1 W_i + \varphi_2 W_m + \varphi_3 W_n + \varphi_4 W_o + \varphi_5 W_p = 0 \quad (1)$$

где

$$\varphi_1 = \alpha_i (6 + 4r + r^2) - B_i (2 + r) + (2\varphi + \beta r) K$$

$$\varphi_2 = -\alpha_i (4 + 2r) + A_i (2 + r) + B_i - \varphi K$$

$$\varphi_3 = -\alpha_i (4 + 2r) - A_i (2 + r) + B_i - \varphi K$$

$$\varphi_4 = \alpha_i - A_i$$

$$\varphi_5 = \alpha_i + A_i \quad (2)$$

Коэффициенты  $r$ ,  $K$ ,  $\alpha_i$ ,  $A_i$ ,  $B_i$  определяются по формулам:

$$r = \frac{m^2 \pi^2}{S^2 \gamma^2}; \quad K = \frac{2E_1 A_1^2}{D_1 S^2} \quad (3)$$

$$\alpha_i = (1 + m \lambda_i^2)^2; \quad A_i = 3m \lambda_i + m \lambda_i^3; \quad B_i = 4m^2 \lambda_i^2 + m \lambda_i^4; \quad (4)$$

Критический параметр  $K_{кр}$  вычисляем по формуле:

$$K_{кр} = K S^2. \quad (5)$$

Поверхность пластины аппроксимируем сеткой. Число шагов сетки зададим  $S = 12$ . Для решения системы конечно разностных уравнений составлена программа расчетов на ЭВМ на алгоритмическом языке Turbo Pascal. На основании составленной программы решено большое количество задач. Приведем некоторые из них.

Для прямоугольной пластины с соотношением сторон  $\gamma = \alpha / \hat{a}$ , равно 0,5, при двусосном сжатии критический параметр  $K_{кр} = 4,931$ . Для сравнения эта же пластина при одноосном сжатии в направлении оси  $OY$  критический параметр  $K_{кр} = 15,524$ . Для квадратной пластины при  $\gamma = \alpha / \hat{a} = 1,0$  и двусосном сжатии критический параметр равен  $K_{кр} = 2,046$ , а при одноосном  $K_{кр} = 4,073$ . Для прямоугольной пластины при  $\gamma = \alpha / \hat{a} = 2,0$  при двусосном сжатии  $K_{кр} = 1,345$ , а при одноосном сжатии  $K_{кр} = 1,682$ . В приведенных задачах соотношение конечных толщин пластины приняты  $Z=1,2$

Все задачи решались в безразмерных параметрах, что дает возможность использовать полученные результаты для широкого круга задач в размерных величинах. Некоторые результаты были сравнены с имеющимися в литературе [2]. Расхождение не превышает 1,5%.

**ЛИТЕРАТУРА**

1. Ельмуратов С.К. Устойчивость прямоугольных пластин линейно-переменной толщины // Строительная механика: науч.методич.сб.- Караганда, 1977. – с.69-72  
2. Смирнов А.Ф. Численный метод расчета на устойчивость пластинок переменной толщины. – М: Труды МИИТ, 1963.







## СТЕРЕОТИПТЕРДІҢ ҚАЗІРГІ КҮНДЕГІ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ, ОЛАРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ПОТЕНЦИАЛЫ

Б.Х. ГАЛИЕВА

п.ғ.к., доцент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Б.К. ЕРДЕНОВ

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Стереотип – шаблон, штамп ретінде өзгермейтін, жалпы қабылданған үлгі, сараптау жүйелерінде стереотип – пәндік саладағы абстрактыланған, жалпыланған объект түсінігі. Қазіргі заманғы әлеуметтік теорияда және психологияда стереотип ұғымының ғылыми мектептің жіктелуіне қарай түрлі анықтамалары бар. Жалпы алғанда, стереотип бұл болып жатқан оқиғалар, істер, әрекеттерге қатынас, қалыптасқан тұрақты реакция. Стереотип ұғымының өзі уақыт өте келе қоғам ішінде сінсіп стереотипті ұғымға айналды, яғни, рекурсияның жарқын мысалы бола алады. Осындай көпқырлы жан – жақтылық, қоғамның рухани, материалдық, ғылыми, ағартушылық сұраныстарын, қажеттіліктерін өтеуге ықпалдастығы және қолдануда жеңіл әрі ыңғайлы болуы, көптеп таралуы стереотиптерге психология ғана емес, өмірдің қай саласын алмасақ та, ол білім алу, демография, балаларды тәрбиелеу, жұмыс, отбасы, спорт, саяхаттар, қызығушылықтар, хобби, бизнес, қоғамдағы коммуникативтілік, көшбасшылық, саясат, әрбір адамның өзін – өзі дамытуы арқылы әлемді өзгертуі болсын, стереотиптер қолданысы берік және терең тамыр жайды. Бұл осындай ғаламдық дәрежеде өте оң құбылыс!

В.В Красных стереотипті екі түрге бөледі – стереотип-бейнелеу және стереотип-жағдай. Стереотип-бейнелеу мысалдары: ара-енбеккер, қой-момын; стереотип-жағдайлар: билет-компостер.

Стереотиптер әрдайым ұлттық, егер басқа мәдениеттерде ұқсастары кездессе, онда ол-квазистереотиптер, өйкені жалпы сәйкес келгенімен айтарлықтай мөнге не айырмашылықтары болады. Мысалы, түрлі мәдениеттерде кезек феномендері мен жағдайы түрліше, демек стереотиптік мінез-құлық та әртүрлі: Ресейде „Кто последний?“-, „Соңғы кім?“- деп сұрайды, бірақтар европалық елдерде арнайы аппаратта түбіртек жырттып алып, содан соң терезенің үстінде жапыл тұратын цифрларды қарап отырады немесе кезекке жай тұра салады, ал кезектің тізбегі қатаң сақталады.

Сөйтіп, стереотип – концептуальды әлем суретінің кейбір үзіндісі, ментальды, „сурет“, зат немесе жағдай туралы тұрақты мәдени ұлттық түсінік. Ол зат, құбылыс, жағдай туралы кейбір мәдени –детерминделген түсінікті білдіреді. Бірақ бұл ментальды бейне ғана емес, оның вербальды қабықшасы да. Нақты мәдениетке қатыстылығы сол қоғамда тұлғаны әлеуметтендіру үрдісінде қайталанатын білімнің базалық стереотиптік ядросының болуымен анықталады, стереотиптер мәдениетте прецедентті (маңызды, өкілетті) атаулар болып саналады. Стереотип – бір жағынан сол мәдениеттің кейбір доминантты құрамаларын сақтауға және трансформациялауға, екінші жағынан „өзіміздікін“ тануға мүмкіндік беретін тұрақтандарушы фактор, тіл мен сөз құбылысы.

Стереотиптерді құрастырудың аумағы қиял –ғажайыпты ойлардан ғалымдармен есептеулердің нақтыланған нәтижелерін қолдануға дейін жалғасып жатыр. Барлық адамзат мәдениеті – бұл, Липпман интерпретациясы бойынша, негізінен, ортаның түрлі модельдерін, яғни, құрылымды ойша «қаңқаларын» іріктеу, қайта құру, бақылау жүргізу. Ал, менің ойымша, дүниеге көзқарасы, діни ұстанымдары, нәсілдік, тілдік, ұлттық, өзіндік өмірлік көзқарастары әр түрлі болатын адамдардың, яғни, кез – келген адамның тағдыры, өмірі, өмірлік жолы – бір үлкен стереотип, сол адамның ойы бойынша ешкімге ұқсамайтын, ерекше болатын, алайда, шындығында барлығына бірдей стереотип. Бұл кешенді «өмір – стереотип» психологиялық ұғымындағы әрбір адамға өзіндік жіктелетін және әрбір адамға жеке қатысты құрамды бөліктер бар, олар адамдардың өмірлік тәжірибесі, қаншалықты өмірге дайын екендігін көрсететін белгілер, жан – жақтылығы, жаңа нәрсені білуге құштарлығы.

Стереотиптердің қалыптасуы – бұл адамның өз қуатын үнемдеу, өйткені барлық заттарды типтер және жалпылаулар секілді емес, қайтадан және барлық нақтылаулармен көру мүмкіндігі өте қиын, ал іскер адамға, тіпті, мүмкін емес. Қосымша ескеру керектігі, типтендіруден бас тарту жағдайлары: жақын ортада индивидуализацияланған түсінікті басқа бірдеңемен алмастыру немесе онда үнемдеу амалы жоқ. Біздің сүйіспеншілігімізге оранған және біздің құрметімізге бөленген адамдар, бұл көп жағдайда бізді жіктеуге тұрарлық классификацияны емес, бізді өзімізді жақсы білетін адамдар.

Қуатты үнемдеуден басқа, стереотиптер тағы бір функцияны атқарады: стереотиптер жүйесі біздің өзіміздің жеке дәстүрлеріміздің орталығы бола алады, біздің жай – күйіміздің қоғамдағы қорғанысы бола алады. Олар әлемнің рухани жан – дүниесінің қарсыластығы және рухани, моральдік

күрделі қатығыстары жоқ болатын көзқарасын немесе суретін көрсетеді. Онда өте ыңғайлы түрде біздің әдеттеріміз, талғамдарымыз, қабілеттеріміз, ләззатарымыз және үміттеріміз орналасады. Әлемнің стереотипті бейнесі немесе суреті толық болмауы мүмкін, алайда, бұл біз үйренген әлемнің мүмкін бейнесі бола алады.

Сөндүктан, кез – келген стереотиптерді өзгертуге бағытталған ұмтылыс бізбен дүниетаным негізіне шабуыл болып қабылданады. Бұл біздің әлеміміздің негізіне шабуыл, және егер де, әңгіме маңызды заттар туралы қозғалса, онда бізге біздің өзіміздің әлемімізбен жалпы әлеммен айырмашылығы бар екендігін мойындау өте қиын.

Стереотиптер жүйесі – бұл тек алуантүрлілікті және сансыз шынайылықты ол туралы реттелген көрінісіне алмастыру тәсілі ғана емес, тек дүниетанымды қабылдаудың қысқарған және қарапайым жолы. Стереотиптер біздің өз – өзімізді құрметтеуіміздің кепілі болып табылады, олар біздің қоғамдағы орнымызды қорғайды, құқықтарымызды ерекшелейді, сондықтан, стереотиптер сезімдерге, қалауларға, қабылдау және қабылдамауларға толы, қорқыныштармен, армандармен, намыспен, үмітпен, сеніммен ұқсас қарастырылады. Стереотипті белсендіретін объект біздің сәйкесіне эмоцияларымызбен бағаланады.

Күнделікті өмірде сәйкесінше болатын мәліметтердің алынуынан бұрын келетін (априорлы) пайымдау өз ішінде бұл мәліметтерді растайтын нақты дәлелдерге ие болады. Әділеттілік, кешірім жасау, адалдық, шындық бұл пайымдауға еңбейді, өйткені бұл пайымдау нақты дәйектердің алдында жүреді. Жалған наным, әріне, анықталып, есептеліп, түзетілуі мүмкін. Бірақ та, адамның өмірі шектеулі болғандықтан, оған өркениеттегі барлық белгілі білім мен тәжірибеге қол жеткізу үшін жалған нанымдарға да арқа сүйеу керек.

Күнделікті сана – сезімде және бұқаралық ақпарат құралдарында стереотиптер жайлы теріс пікір қалыптасқан. Бұның көпшілігінің себебі, ғылымда стереотиптердің тек теріс жағы көрсетілді, мысалы, этникалық стереотиптер негізінде бір ұлттың басқа ұлттан айырмашылығының кереметтілігінде немесе басқа да кемсітулер болды. Алайда, стереотип он да, теріс те бола алады. Стереотиптің қай қырынан болуына біздің зміміздің дүниетанымымыз бен өмірге құлшынысымызға, өмірдегі қызығушылықтарымызға тікелей байланысты.

Стереотиптердің ақпараттық маңыздылығы өте бағалы, стереотиптер бізді бұл әлемге келгеннен бері өмір бойы қоршайды, кейде стереотиптерді қолдану арқылы бізге ең маңызды өмірлік сұрақтарды шешеміз, өз жоспарымызды құраймыз, адамдармен қарым – қатынасқа түсіп, ешбір қиындықсыз тіл табысамыз, стереотиптер бізге әлемнің алғашқы өзгермеген сұлбасын, немесе барлық оқиғалар, заттар, ережелердің нобайын ұсынады. Оны толығымен өзгерту немесе мардымсыз өзгешеліктер енгізу арқылы қазіргі жағдайды жақсарту өмірден не қалайтынын анық білетін, және қалауына қол жеткізе алатын индивидтің анық белгісі. Кейде, осы белгілерді біз танымал адамдардан көре аламыз. Олардың психологиялық бейнесіндегі көшбасшылық, іскерлік қабілеттер стереотиптер арқылы қалыптасқан. Олардың мақсат қоя алуы да тұлға ретіндегі өз – өзін қоғаммен, өзі дамитын ортамен сәйкестендіре отырып.

Адамның басқа адам туралы ақпараттық қабылдауына бағытталған келесідей әлеуметтік стереотиптер бар: әйелдер әлсіз; әйелдердің барлығының өмірлік жолы ана және жар болу; әйел басқарушы бола алмайды; ерлер қуатты, шыдамды; ерлер басқару керек; ерлер әйелдерге құқығы жоққа тиесілі; жастық стереотиптер: барлық балалар таза жанды, пәк; барлық бозбалалар «күрделі»; жас адамдар жеңілтек келеді; қырық жастағы ерлер дағдырыста болады; көрі адамдар консерваторлар; шалдар ұрысқақ; Адамдардың әлем туралы түсінігі қандай мәдениетте туып, тәрбиеленгеніне қарай әртүрлі. Этномәдени стереотиптерді зерделейтін этникалық психология мамандары экономикалық дамуы жоғары деңгейде тұрған ұлтқа ақыл, іскерлік, ал экономикасы кешіуілдеу ұлтқа қайырымдылық, жанашырлық, қонақжайлылық сияқты мінездердің төн екенін атап көрсетеді. Кейбір ғалымдардың зерттеулері соған дәлел, осыған сәйкес ағылшын қоғамында кәсіби шеберлік, еңбек сүйгіштік, жауапкершілік, т.б., ал орыс қоғамында қонақжайлылық, ашық көңілділік, әділеттілік жоғары бағаланады. Басқа мәдениет өкілінің мінез-құлқын түсіндіргенде ойға олардың өмір салты, әдет-ғұрпы, яғни этномәдени қасиеттерінің жүйесі оралады, осыған байланысты этникалық стереотиптер: американдықтар намысшыл, патриот; балтық халықтары жылдам емес, баяу; жапондықтар еңбеккер; француздар сүйіспеншілі; қытайлар іскер; еврейлер шаруақор; қысыңқы еріндер – зұлым адам; көзілдірік киетін ақылды.

Бұдан басқа, өз ойым келесідей стереотиптерді бөліп көрсетуге болады: жастар субкультураларында – рокерлер еркін өмірге ұмтылады, ешкімнің ойымен келіспейді, өзін басқаруға қарсы қояды; металистер агрессивті, екпіндері жоғары, кез келген істі қарқынды тындырады, жауапты, тек ауыр музыка тындайды; электронды музыка тындайтындар өмірде

берік емес, өмір толқынында қалқып жүреді, өз ойы тұрақсыз; фолк музыканы, яғни, ұлттық музыканы тыңдайтындардың мінезі жадыраңқы келеді, өмірде проблемалар жасамауға тырысады, жұмыс істегенде тиянақсыз; рәп тыңдайтындар негізінен 13 – 17 жастағы өмірлік дүниетанымдары қалыптаспаған бозбалалар. 18 жасан кейін рәп тыңдайтындар өмірдегі бейбақ, бақытсыз адам, өз пікірі әлсіз әрі жиі өзгереді; поп – музыканы тыңдайтындар басқалардың пікіріне ілесіп жүре беретіндер, өз ұстанымдары әлсіз, тіпті жоқ деуге болады, «сұр көпшілік» өкілдері; паркурмен айналысатындардың сана – сезімі өзгеретін жағдайларға тез бейімделеді, жаңа күрделі тапсырмаларға үлкен ынтымақпен кіріседі, бірақ, шыдамдылықты және ұзақ уақыт орындалуын талап ететін жұмысқа шамалары жетпейді, себебі, олар «кедергілерді» тез әрі жылдам өтуге өздерін жаттықтырады; брейк данс немесе баска да би түрлерін билейтіндер жауапкершілігі төмен адамдар, уақытты көңілді және еш кедергісіз өткізуге жұмсайды, ересек кезеңде де бозбалалық белгілер қалады.

Спорттағы стереотиптер: велосипедпен жаттығатындардың жүрегі қуатты, яғни, мүлдем ауырмайды, жарақаттардан сақтанып жүреді, сақ және шыдамдылығы феноменальді адамдар; белтемірде, қырлы бөренелерде (турник және брус) жаттығатындардың физикалық күші қарапайым адамдардан бірнеше есе асып түседі; осы снарядтағы жаттығулар таңғы жаттығуларға міндетті кіру қажет; таңға қарағанда кешке жүгірген пайдалы, себебі, организм үлкен ауқымды жұмысқа дайын болады; қысқы спорт түлері жазғы спорт түрлеріне қарағанда ағзаны және жүрек, бұлшықет жүйесін қуаттырақ жаттықтырады, олар пайдалырақ, денені бірнеше есе жылдам шынықтырады, тұмау секілді жұқпалы аурулармен ауыру мүмкіндігі нөлге жақындайды; хоккей – нағыз ерлер тандауы, себебі, онда шайбалы ойыннан баска күрес және бокс элементтері кеңінен таралған; күнделікті еденнен серпу жасау (отжимания) қол, тұлга (туловище), арка бұлшықеттерін нығайтуға ең жылдам жол; баскетболмен айналысатындардың түйсік – сезімдері ерекше дамыған, олар кез келген жаңа ортаға тез бейімделеді, адамдармен тез тіл табысады; күреспен айналысатындардың бойы аласа, күреспен айналысатындарды 30 жасан кейін жүрек, буындарымен сырқыраулар болуы ықтимал, олар өмірде алынған бағытынан таймайтын бірден – бір спорт өкілдері; гольф – аристократтар ойыны, себебі ол Британияда өте кең таралған, және өте көп шығынды қажет етеді; рэгби – қара күш спорты, екпінді, кез келген кедергіні бұзып жарып өтуге үйретеді, рэгбимен айналысандар өмірдегі өзгерістерге ешбір қорқынышсыз бірден бейімделеді.

Электроника саласында: өте танымал компьютерлік «Apple» фирмасының басты тауарлары – смартфондар мен планшеттер, шынында «Apple» негізгі табыс көзі компьютерлерді өндіру; «Iphone» ең жетік смартфон, ол уникалды, шынында, «Айфонға» характеристикалары ұқсас, бағасы бірнеше есе арзан аппараттар бар, бірақ, «Айфон» көпшілік табынатын брэнд; Samsung пен LG фирмаларының тауарлары барлық тұрмыстық және микроэлектроника нарығындағы көшбасшы монополистер, яғни, сенімді әрі халық көп тұтынатын брэнд; ноутбукқа қарағанда нетбук жақсы тандау, ыңғайлырақ және мобильді, дербес компьютерлер эрасы аяқталды; сенсорлы 4,0 дюймді, экранды характеристикалары дербес компьютерлерге жақын смартфондар – заман талабы, жаңа толқын; «Samsung Galaxy S III» пен «Iphone 4S», қайсысы жақсырақ; қарапайым, тек қонырау шалуға арналған «Нокия» телефондарын таңдайтындар – бірбеткей, рационалды адамдар, олардың орташа жасы 35 – 65 аралығы.

Тарих бойынша стереотиптер немесе оларға жақын ақпараттық формациялар қысқа да нұсқа болып бізге тарихтың маңызды кырларын ашуы тиіс: қазіргі Түркия – бұрынғы Византия империясы, ортағасырлардағы ең қуатты мемлекет; Цезарь өз заманының феноменальды тұлғасы, ол әрбір жауынгерінің, әрбір сенатордың бет – әлпетін, есімін жатқа білген, бірнеше істі бір сәтте қатар орындаған, яғни, миының дамуы ерекше болған; К. Маркс – «Капитал», Т. Джефферсон – АҚШ Конституциясы; Хаммурапи – тарихтағы алғашқы заңдар жинағы; Мұхаммед пайғамбар – ислам дінін қалаушы, ұлы саясаткер; отандық Қ. Сәтпаев Орталық Қазақстанның металогендік картасын құраушы, Алаш зиялылары – Қазақ елінің тарихындағы тәуелсіздікке ұмтылған азаматтары; «Әліппе» - Ыбырай Алтынсарин; Әлкей Марғұлан – біздің жерлесіміз, археология мектебінің негізін салушы, әлемге танымал ғалым.

Қазіргі күні барша халықты толғандырған мәселе Майя күнтізбесі бойынша галамзаттың ақыры тақырыбы. Ол да өзінше стереотипке айналды, теріс жақты, себебі, 21 желтоқсанды, яғни, Майя күнтізбесінің соңғы датасын адамдардың көпшілігі қорқынышпен күтеді, ал бұл олардың өзіне – өзінің сенімсіздігінің, ертенгі күніне үміттің жоқ болуының мысалы.

Жалпы, бұдан басқа да маңызды мындаған стереотипті қарастыруға болады. Оларды керекті кезде қолдану адамның психологиялық бейнесін құрауға, қоғамдағы құбылыстарды түсінуге көп көмегін тигізеді, ақпараттық түрде сенімділікті нығайтады.

## ВЛИЯНИЕ ЛЕГИРУЮЩИХ ДОБАВОК НА КАЧЕСТВО СТАЛЕЙ

К.Х. ЖАПАРГАЗИНОВА

к.х.н., профессор, ПГУ имени С. Торайғырова, г. Павлодар

А.Ж. ЕРМЕКОВА

магистрант, факультет Химических технологий и естествознания,  
ПГУ имени С. Торайғырова, г. Павлодар

Сталь – основной металлический материал, широко применяемый для изготовления деталей машин, литейных аппаратов, приборов, различных инструментов и строительных конструкций. Широкое использование сталей обусловлено комплексом механических, физико-химических и технологических свойств. Методы широкого производства стали были открыты в середине XIX века. В это время были уже проведены и первые металлографические исследования железа и его сплавов.

Стали сочетают высокую жесткость с достаточной статической циклической прочностью. Эти параметры можно менять в широком диапазоне за счет изменения концентрации углерода, легирующих элементов и технологий термической и химико-термической обработки. Изменив химический состав, можно получить стали с различными свойствами и использовать их во многих отраслях техники и народного хозяйства.

По химическому составу стали делятся на углеродистые и легированные. Углеродистой сталью называется сплав железа с углеродом (содержание углерода до 2%) с примесями кремния, серы и фосфора, причем главной составляющей, определяющей свойства, является углерод. Процентное содержание элементов в стали следующее: Fe – до 99,0; C – 0,05-2,0; Si – 0,15-0,35; Mn – 0,3 – 0,8; S – до 0,06; P – до 0,07. В зависимости от содержания углерода углеродистые стали подразделяются на низкоуглеродистые (до 0,2% C) малопрочные и высокопластичные, низкоуглеродистые (до 0,3%) –цементируемые стали, из таких сталей изготавливаются детали с высокой поверхностной твердостью; среднуглеродистые (0,25-0,6% C) и высокоуглеродистые (более 0,6% C в том числе с повышенным содержанием марганца) применяют преимущественно в качестве рессорно-пружинных [1].

Легированной называется сталь, в которой наряду с обычными примесями имеются легирующие элементы, резко улучшающие ее свойства: хром, вольфрам, никель, ванадий, молибден и др. Примеси вводятся в процессе плавки. Легированная сталь делится на три группы: низколегированная (не более 2,5% примесей), среднелегированная (до 2,5%) и высоколегированная (свыше 10%). В зависимости от основных легирующих элементов сталь подразделяется на группы: хромистая сталь с высоким содержанием C (0,9-1,1%) и хрома (0,8-1,65%), хром оказывает положительное влияние и является не дорогой примесью; марганцевая сталь после соответствующей химико-термической обработки приобретает высокую твердость, не снижая пластичности, имеет высокую износостойчивость; Хромоникелевая сталь является одной из самых распространенных конструкционных сталей, так как после термообработки приобретает высокую твердость, прочность, упругость; хромомолибденовая сталь обладает высокой пластичностью и хорошей свариваемостью. Многие из указанных сталей теплоустойчивы при температурах 400-500°C; хромованадиевая сталь обладает высокой прочностью, пластичностью, твердостью, упругостью.

Легирующие элементы и добавки приведены в таблице 1:

Таблица 1

Легирующие элементы и добавки	
Легирующие элементы и их добавки	Влияние легирующих элементов на свойства сталей
Мектептегі жеткіншектерге құқықтық тәрбие беру жұмысы әртүрлі әдістердің көмегі арқылы құқықтық сананы қалыптастыру сапасын арттыру негізінде ынталандыру, ұқтыру, машықтандыру әдістерінің бірлігі болымды нәтиже береді. Мәселен, түрлі құқықтық пікір-таластар мен олимпиадаларды ұйымдастыру жұмыстарында сенім, жағымды баға, мақтау, мадақтау түрлері: алғыс айту, әртүрлі шарапаттар және т.б. оқушылардың құқықтық іс-әрекеттерінің мотивтерінің қалыптасуына зор мүмкіншілік туғызады.

Мектепте балаларды қоғамдағы толымды өмірге даярлау, олардың қоғамдық мәні бар және шығармашылық белсенділігін дамыту, әлемдегі өркениеттің жалпы адамзатқа тән құндылықтары негізінде оларды жоғарғы имандылық қасиеттерге, елжандылық пен азаматтыққа тәрбиелеу, олардың бойында ұлттық сана сезімді қалыптастыру принциптерінің басымдылығына сүйеніп, ҚР баланың құқықтары туралы заңды басшылыққа ала отырып тәрбиелеу жолға қойылған, тәрбие жоспары 1-4 сыныптар, 5-9 сыныптар, 10-11 сыныптар жас ерекшеліктеріне сәйкес құрылып арнайы жоспар бойынша жүргізіледі.

Құқықтың тәрбие апталығы және айлықтар жүргізіліп тұрады. Көмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың алдын алу шаралары ұйымдастырылды.

10-11 кластар арасында «Құқықты білу заман талабы» дебат өткізілді. Мектеп психологтарының ұйымдастырылуымен өткізілген «Мен қоғам үшін құндымын ба?» тақырыбындағы тренинг сабақтар өз дәрежесінде өткізілді.

Оқушылар арасындағы жүргізілген сауалнамалардың мағыналы ой тастайтын өз бетімен жұмыс істеуге, ойлану қабілетін дамытуға бағыт береді, «Бала және қоғам тақырыбында жас суретшілер ұйымдастырылды».

Мектеп оқушыларының құқықтық тәртібін қалыптастыруда қоғам өмірінің барлық саналары мен оқу – тәрбиелік жұмыс жүйесінің барлығы қызмет атқаруы тиіс. Бұл мәселені шешу үшін терең және жан-жақты білімді құқықтық тәртібі жоғары, әрі құқықтық тәрбие беретін мұғалімдер қажет. Бүгінгі таңда тәуелсіз мемлекетіміздің болашақ жас ұрпақтарын тәрбиелеуде «Ата заң» нормативтерін жүйелі қолдану арқылы құқықтық тәрбие беруге аса назар аудару әр ұстаздың басты мақсаты, міндеті. Сол міндетті №170 орта мектептің ұстаздары дұрыс жолға қойған.

«Адам құқығы деген не?» тақырыбында 4 кластар арасында пікір талас өткізілді. «Қазақстан Республикасының Конституциясы адам құқықтары мен міндеттері және балалардың ерекше құқықтары туралы» (ҚР Конституциясы күніне арналған білім сағаты), мектептің 10-11 сынып сағаты

Ел өміріндегі бірқатар мәселелерді шешу көп жағдайда азаматтық қоғамның даму деңгейіне, жоғары патриоттық сананың қалыптасуына, өз еліне деген мақтанш сезімге, Отанның

мүдделерін қорғау жөніндегі азаматтық борышты орындауға дайындығын тәрбиелеуге байланысты. Өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде қызметінің негізгі мақсаты жеке тұлғаны өзін-өзі айқындауына және қалыптасуына тәрбиелеуде мектепте «Болашақ» балалар мен жасөспірімдер ұйымы жұмыс істейді. Мектеп өкімшілігі оқушылар маслихаттарын және де басқа да сайланып қойылатын органдарын қалыптастыруына, жұмыс істеуіне жағдай жасап, көмектесіп отырады. «Болашақ» ұйымы жасөспірімдердің жалпы оқу-тәрбие үрдісінде оқушыларды елін, халқын, туған жерін сүйуге, Атамекенін қорғайтын ұл мен қыз өсіруге үлкен ықпал үлесін қосып келеді. «Болашақ» ұйымына қабылданатын оқушылар оқуда үздік, үлгілі, тәрбиелі, үлкенге құрмет, кішіге қамқор бола алатын оқушылар.

Мектептегі жеткіншектерге құқықтық тәрбие беру жұмыстары сан қуаламай, сапалық тұрғыдан жүйелі түрде ұйымдастырылса, өз кезегінде жастардың құқықтық жауапкершілікті сезімдері артып, демократиялық мемлекетіміздің дамуына өз үлестерін қосатын білімді де білікті ұрпақтардың қалыптасуы мүмкіндігі де артады.

Жалпы жеткіншек жастағы оқушыларға құқықтық тәрбие формаларын дәл осындай нақты жұмыстар жүйесінде жүргізу жеткіншектің өз жетістіктеріне икеміне қол жеткізіліп, мүмкіншілігін толық әрі тиімді қолдануы іс жүзінде жүзеге асып, сонымен қатар, өзіндік құқықтық қабілетін егеменді және демократиялық мемлекетіміздің жоғары құндылықтары ретінде кез-келген істе дәлелдеу негізінде еліміздің әл-ауқаты үшін қызмет жасайтын жастар ретінде қалыптасады.

### ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАР МЕН САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРДЕГІ «УАҚЫТ» КОНЦЕПТИСІНІҢ КӨРІНСІ (М.ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАЛАРЫ НЕГІЗİNДЕ)

Б.М. ҚАДЫРОВА  
ф.ғ.к., доцент, С.Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.  
Н.Б. АҒАЛИЕВА  
ф.ғ.к., доцент, ПМПИ, Павлодар қ.

Қазақ халқының ертеден келе жатқан әдет-ғұрпы, салты бар. Бұлар бір күннің, не бір жылдың ғана нәтижесі емес, талай ғасыр жемісі. Кез келген адам өмірі үш кезеңнен тұрады – туу, үйлену және о дүниеге кету. Адам өмірінің осы айтылған әр кезеңіне сәйкес халықтың әртүрлі салты, ғұрпы, әр елдің өзіне тән дәстүрі бар.

Өзіндік ерекшеліктері бар салт-дәстүрлер де уақыт және кеңістік ұғымдарымен тығыз байланысты. Бұл байланыс сол салт-дәстүрдің белгілі бір күнге келетінінен, адамдардың сол күнді қалайша қарсы алуынан көрінеді. Салт-дәстүрлер бір жағдайға, іс-әрекетке немесе адам өмірінің жас кезеңіне байланысты өткізіледі.

Ұлттық-этнографиялық салт-дәстүрлер мен «уақыт» ұғымының өзара байланысы уақыт семасының бар болуымен сипатталады. Сонда уақыттың басталу сәті ретінде адам өмірінің нақты бір жас кезеңі алынады. Мәселен, шілдехана, қырқын шығару, сүндетке отырғызу, құда түсу, беташар т.с.с. қазақ халқының салт-дәстүрі белгілі бір уақытта, жас ерекшелігіне байланысты жүргізіледі.

Қазақ халқында адам өмірінің маңызды үш кезеңіне байланысты келесідей әдет-ғұрыптар орындалады. Оларды шартты түрде үш үлкен топқа жіктеуге болады.

І. Баланың дүниеге келуіне және оны тәрбиелеуге байланысты дәстүрлер: *құрсақ шашу, жарыс қазан, шілдехана, ат қою, бесік тойы, баланы қырқынан шығару, тұсауқесер тойы, тілашар тойы, атқа мінгізу тойы, сүндет тойы, тоқым қағар тойы*. Олардан қазіргі кезде құрсақ шашу, жарыс қазан, тілашар тойы, атқа мінгізу тойы, тоқым қағар тойлары сирек тойланады немесе тіпті тойланбайды.

ІІ. Жігіт не қыз уақыты келгенде үйленуді я тұрмыс құрады. Бұл да уақыт билігінде. Үйлену тойы дәстүрлері: *құда түсу, қыз ұзату, беташар, жар-жар, сыңсу және т.б.*

ІІІ. Адам дүниеден озғанда орындалатын салттар: *арыздасу, имансу беру, өлген адамның денесін сақтау және күзету дәстүрі, сүйекке түсу, қоштасу, жаназаны шығару, жерлеу, үйі, жетісі, қырқы, жүзі, жылы, ас беру, естірту, көңіл айту, жоқтау* [1,89].

«Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігінде» автор бала тәрбиелеудегі салт-дәстүрлерді ажыратып көрсетіп, әрқайсысының сипаттамасын береді.

*Құрсақ шашу* – жүкті болған келіннің енесі ауыл әйелдерін шақырып қонақ етеді. Олар өз үйлерінің бір-бір дәм пісіріп әкеледі. Оның себебі – келіннің жерік болып жүрген асын тауып беру.



Қараның тігілі белгілі бір уақытқа байланысты. Қара мәйіт жерленбей тұрып тігіледі. Одан кейінгі белгілі бір уақыт аралығында жаназасы шығарылады. *Жаназа* (мұсылмандардың өлген адамға оқытатын қуран сүрелері) сөзінің семантикалық құрылысында «*өлімнен кейін*» деген мағына бар.

*Адам қайтыс болғаннан жаназасын шығарады, содан кейін жеті күннен кейін жетісіні береді. Жетісі* – өлген адамның артынан жеті күннен кейін берілетін ас; *қырқы* – өлгеннен кейін *қырқышы күні* берілетін ас; *жылы* – бір жыл өткеннен кейін өлген адамды еске түсіру үшін берілетін ас.

Қазақ мәдениетінің энциклопедиясында дәстүрлі жерлеу салты төмендегідей жіктелген:  
- *Арыздасу (ант мезгілі)*. Ауру адам *өл үстінде жатқан кезде* ағайын-туғандары онымен қоштасып, соңғы арыз-тілегін, арман-өсиетін тындайды.

- *Атаукере ішкізу*. *Өл үстінде жатқан* адамға соңғы рет «атаукере» деп аталатын арнайы тамақ дайындалып беріледі.

- *Имансу*. *Өзгелі жатқан* адам еститіндей етіп, оның қасындағы адам иман кәлімаларын айтып отырады. Аузына «имансуды» ұрттатады, не тамыздады.

- *Өлген адамның өнесін сақтау және күзету*. Адам *жан тәсілім еткен соң*, көзін, аузын жауып, тілі шықпас үшін иегін танып, аяқ-қолын созып, үйдің оң жағына бетін құбылаға қаратып, шалқасынан жатқызып, киімдерін шешіп, үстің ақ шүберекпен жабады.

- *Сүйекке түсу*. *Адам қайтып кеткеннен кейін* сүйекке түсушілер өлік денесін үш аударып тазалап жуады.

- *Жаназа шығару*. Ақыреттелген денені үйден шығармас бұрын «ысқат» оқып, оның күнәсін тірі адамға аударлады. Бұдан соң кілемге орап, бас жағын алға ұстап, сыртқа алып шығып, жаназасын оқиды.

- *Жерлеу*. Қайтыс болған адам негізінен ата-баба, ру бейітіне жерленеді.

- *Үш. Жетісі. Қырқы. Жүзі. Жылы. Ас*. Ат жалын тартып мінген жігіттен бастап алпыс үш жасқа жетпеген кісіні қайтыс болған кезде тек жылы ғана өткізіледі, одан асса асы өткізіледі.

- *Естірту*. Ет жақын бауыры өлген кісіге төтесінен бастамай, тұспалмен айтып, қаралы хабарды жеткізеді.

- *Көңіл айту*. Әрбір бас көтерер адамның қаралы үйге келіп, қаза иелеріне көңіл айтуы парыз саналады.

- *Жоқтау*. Жоқтауды тек әйелдер айтады.

Қазақ халқы – ырымшыл халық. Өмірдің кез келген жағдайына, әр кезеңіне орай наным-ырымдары дайын. Адам өмірінің әрбір кезеңіне жасына сай салт-дәстүр орындалады. Адам баласының дүниеге келуі, өсуі, қартаюуы, дүниеден өтуі халқымызда белгілі бір салтпен байланыстырылады. Осы салттардың мәнінде уақыт мағынасы да кездеседі.

Салт-дәстүр мен «уақыт» ұғымының өзара байланысын халқымыздың мереке-мейрамдарымен байланысты салт-дәстүрлерден көруге болады. Ол – діни мейрамдар, жалпыхалықтық тойлар, діни рәсімдер.

Діни мейрамдар – *Ораза айы, Құрбан айы*. Бұл мерекелер әр жыл сайын тойланады. Қай айға, қай күнге келсе де, әлбетте бір мезгілде өтетіні аян. Сондықтан, бұл мейрамдарда да уақыт семасы көрінеді. Ал діни рәсімдер – *намаз оқу, ораза ұстау, зекет-садақа беру, қажыға бару*. Күніне бес рет намаз оқылады. *Таңертеңгі намаз* – шығыстағы көкжиектен таң рауандағаннан басталып, күннің шығуына аз-ақ қалғанға дейінгі уақытта оқылатын намаз. Уақыт семасы – *күннің шығуына аз-ақ қалғанға дейін. Бесін намаз* бесін уақыты кезінде оқылады. Ал бесін – күн дәл төбемізден біраз ауғаннан басталады да, жер бетіндегі тік тұрған әрбір заттың көлжесі, өз бойынан бір немесе екі есе ұзарғанға дейін жалғасады. Уақыт семасы – *күн дәл төбемізден біраз ауғаннан басталады. Екінші намаз* екінші мезгілде оқылады. Екінші – бесін уақытының аяқталуынан басталып, күн ұясына кіргенге (батқанға) дейінгі уақыт. Уақыт семасы – *күн ұясына кіргенге (батқанға) дейінгі уақыт. Ақшам (ақшам намаз)* – күн батқаннан кейін басталады. Күн ұясына кіргеннен кейінгі батыстағы қызыл ала шапақ сөнгенге дейін жалғасады. Уақыт семасы – *күн батқаннан кейін. Жашайық (жашайық намаз)* – ақшам намазының уақыты біткеннен кейін басталып, таңғы намаздың уақыты келгенге дейінгі аралықтағы уақыт. Уақыт семасы – *күн батқаннан кейін. Тарауық* – ораза айында кешкі ауыз ашардан кейін оқылатын намаз (IX,22). 2 уақыт семасы бар – *ораз аһы және кешкі ауыз ашардан кейін. Пітір* – ораза айында жан басынан алынатын діни салық. Уақыт семасы – *ораз аһында*.

Осы топтамаға біріктірілген сөздердегі уақыт мағынасы мынадай жағдайларда көрінеді:

- адам өмірінің жас кезеңдері;
- адамның өлеуметтік мәртебесінің өзгеруі;
- адамның о дүниеге аттануы.

Сонымен қатар, жалпы халық тойлайтын той-томалақтар мен жиындар, мерекелер және діни әдет-ғұрыптар мәнінде уақыт семасы бар екеніне де көзіміз жетті.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Көнежахметов С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы, «Ана тілі», 1994. – 80 б.
2. Жанпейісов Е. М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілі. - Алматы: Ғылым, 1976.
3. Жанпейісов Е.Н. Этнокультурная лексика казахского языка. –Алма – Ата: Наука, 1989.
4. Қаралұлы А. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің анықтамалығы. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1998. – 125 б.

#### МЕТОДИКА ИДЕНТИФИКАЦИИ ПАРАМЕТРОВ КОМПРЕССИОННОЙ СЖИМАЕМОСТИ КРУПНООБЛОМОЧНЫХ ГРУНТОВ С ЗАПОЛНИТЕЛЕМ

В.А. КОЗИОНОВ

к.т.н., профессор, ПГУ имени С. Торайғырова, г. Павлодар

Р.М. САДИМОВА

магистр, менеджер по сертификации, ТОО ФК Ромат, г. Павлодар

**Введение.** В последнее десятилетие отмечается рост объемов строительства высотных зданий и комплексов. Характерной их особенностью является наличие развитой подземной части зданий, передающей на основание значительные нагрузки. В этих условиях мощность сжимаемой толщи в основании зданий может достигать 100 м и включать в себя разнообразные крупнообломочные грунты. Специфика строения, состава, состояния, взаимодействия между крупнообломочной и мелкообломочной составляющими характеризуют крупнообломочные грунты как композиционные материалы природного образования. Это обуславливает специфику подходов к исследованию их механических свойств. Основная проблема здесь состоит в необходимости отбора весьма крупных образцов объемом до 1-3 м<sup>3</sup>, что создает значительные технические трудности, а иногда и невозможность их подготовки.


Для решения этой проблемы в настоящее время начинает использоваться расчетно-экспериментальный метод (РЭМ) [1]. Сущность данного метода состоит в следующем. По данным инженерно-геологических исследований составляется «типовая структура грунта», отражающая его структурно-текстурные особенности (включения, заполнитель). Методами лабораторных или полевых испытаний определяются механические характеристики включений и заполнителя. Далее выполняется численное моделирование механического поведения типовой структуры методом конечных элементов, по результатам которого и определяются необходимые параметры механических свойств грунтов. На заключительном этапе выполняется сравнение показателей механических характеристик грунтов типовых структур наименьшего объема, полученных экспериментально и расчетом. Опыт исследований показал, что при практической реализации РЭМ возникает ряд неопределенностей. Во-первых, отсутствуют четкие критерии соответствия данных экспериментов результатам расчета типовых структур грунтов. Во-вторых, сложность учета вариабельности механических характеристик, как всего композита, так и отдельных его компонент. Это обуславливает необходимость проведения идентификационных исследований по установлению соответствия экспериментальных и расчетных данных.

**Целью работы** является повышение точности и достоверности определения характеристик деформируемости крупнообломочных грунтов с заполнителем путем идентификации их параметров в условиях компрессионного уплотнения.

**Результаты экспериментальных исследований.** Экспериментальные исследования проводились на стандартных компрессионных приборах. Всего было проведено три серии компрессионных испытаний крупнообломочных грунтов, включавших 117 опытов. В серии I (39 опытов) испытывался мелкий песок с включениями из стальных шариков диаметром 5 и 10 мм. В серии II (39 опытов) – мелкий песок с включениями из резиновых кубиков с размером ребра 5 и 7 мм. Серия III (39 опытов) – включения из керамзитового гравия диаметром 5 и 10 мм. Повторность опытов составляла 2-5. Для определения механических характеристик керамзита использовались современные электронные приборы неразрушающего контроля «ОНИКС 2.5», «ПУЛЬСАР 1.0». Механические характеристики заполнителя – мелкого песка устанавливались по результатам 25

компрессионных испытаний. При проведении исследований использовалась теория планирования эксперимента. Варьировались факторы:

- $X_1 (n)$  – процентное содержание включений: -1 →  $n = 0,3$ ; +1 →  $n = 0,6$ ;
  - $X_2 (l)$  – относительная крупность включений ( $l = D/d$ , где  $D$  – диаметр компрессионного прибора,  $d$  – размер включения): -1 →  $l = 15$ ; +1 →  $l = 7,5$ ;
  - $X_3 (m)$  – относительная жесткость включений ( $m = E_i/E_c$ , где  $E_i$  – модуль деформации включения,  $E_c$  – начальный модуль деформации заполнителя, т.е. песка): -1 →  $m = 0,61$ ; +1 →  $m = 10216$ .
- Характерные зависимости относительной компрессионной осадки грунта  $\varepsilon$  от среднего давления в образце  $p$ , т.е.  $\varepsilon = f(p)$  приведены на рисунке 1.



а – сталь; б – керамзит; 1, 2 – экспериментальные кривые; 3-5 – нелинейные кривые по расчетам типовых структур методом конечных элементов при значениях параметров уравнения (1) для заполнителя: 3 -  $\varepsilon_0^c = 0,0012$ ,  $C_z^c = 0,00387$ ; 4 -  $\varepsilon_0^c = 0,0049$ ,  $C_z^c = 0,00387$ ; 5 -  $\varepsilon_0^c = 0,0083$ ,  $C_z^c = 0,00387$

Рисунок 1 – Компрессионные зависимости  $\varepsilon = f(p)$  при содержании включений  $n=0,5$

При обработке результатов испытаний компрессионная кривая аппроксимировалась зависимостью вида

$$\varepsilon_i = \varepsilon_0 + C_z \ln \frac{p_1}{p_2}, \quad (1)$$

где  $C_z$  – коэффициент компрессии.

$\varepsilon_0$  – начальная относительная деформация.


По результатам обработки многофакторного эксперимента получены следующие значения коэффициентов  $C_z$  и  $\varepsilon_0$  для рассматриваемых моделей композитного грунта:

$$\varepsilon_0 = 0,006 + 0,000325X_1 - 0,0007X_2 - 0,003575X_3 - 0,000525X_1X_2 + 0,001175X_2X_3 - 0,00205X_1X_3 + 0,00035X_1X_2X_3, \quad (2)$$

$$C_z = 0,0082 + 0,000975X_1 - 0,00095X_2 - 0,00285X_3 + 0,000575X_1X_2 + 0,00045X_2X_3 - 0,000675X_1X_3 - 0,000325X_1X_2X_3. \quad (3)$$

Зависимости (2) и (3) использованы нами при выполнении идентификации параметров расчетных моделей грунтов.

**Компьютерное моделирование компрессионного испытания грунта.** Характерные расчетные модели крупнообломочного грунта для условий компрессионного сжатия при содержании



а – геометрическая модель образца; б – фрагмент конечноэлементной модели; 1 – заполнитель из мелкого песка; 2 – включения (стальные шарики, керамзитовый гравий)

Рисунок 2 - Модели образца крупнообломочного грунта с заполнителем

При построении расчетных моделей поперечные круговые сечения для стальных шариков и керамзитового гравия заменялись эквивалентными сечениями в форме квадратов. Нагрузка на образец грунта передавалась ступенями заданной величины ( $\Delta p = 50-100$  кПа). На боковых гранях образца ставилось условие отсутствия горизонтальных перемещений, а на нижней границе – отсутствие вертикальных перемещений. Задача решалась методом конечных элементов по программе SCAD. Расчеты выполнялись в условиях плоской деформации с разбивкой заполнителя и включений на конечные элементы прямоугольной формы.

По данным расчетов МКЭ сначала устанавливались абсолютные вертикальные перемещения штампа компрессионного прибора  $S_i$ , а затем относительные деформации грунта  $\varepsilon_i = S_i / h$ , где  $h$  – высота образца грунта. Для определения  $S_i$  по данным физических экспериментов с образцами заполнителя определялись секущие значения компрессионного модуля деформации грунта  $E_{Si}^c$  для каждой ступени нагрузки  $p_i$ . Полученные значения  $E_{Si}^c$  использовались в расчетах структур грунта для построения осредненных зависимостей  $\varepsilon = f(p)$ .

При выполнении расчетов МКЭ в рамках нелинейной модели грунта последовательно варьировались следующие параметры сжимаемости заполнителя: начальная относительная деформация  $\varepsilon_0$  и коэффициент компрессии  $C_z$ .

Результаты построения зависимостей  $\varepsilon = f(p)$  по результатам расчетов типовых структур МКЭ приведены на рисунке 1. Из рисунка 1 следует, что эти зависимости существенно зависят от параметров нелинейного деформирования  $\varepsilon_0$  и  $C_z$  заполнителя – мелкого песка. Это обуславливает необходимость проведения идентификационных исследований.

**Идентификация параметров компрессионной сжимаемости грунтов.** На рисунке 3 приведен алгоритм калибровки параметров компрессионной сжимаемости и прочности крупнообломочных грунтов с заполнителем по результатам физических экспериментов и математического моделирования опытов на компрессию. Основное отличие от принятого нами за основу алгоритма [2] для однородных грунтов состоит в использовании статистических оценок адекватности данных расчетов экспериментальным результатам, выполнении расчетов МКЭ, комплексном использовании данных исследований заполнителя, крупнообломочных включений и композита в целом.



Рисунок 3 – Схема идентификации параметров расчетных моделей крупнообломочных грунтов с заполнителем

Проверка адекватности расчета экспериментальным данным выполнялась по критерию Фишера

$$F_e = \frac{S_d^2}{S_e^2} \leq F(v_1, v_2, \alpha) \quad (4)$$

где  $F(v_1, v_2, \alpha)$  - табличное значение критерия Фишера;

$S_d^2$  и  $S_e^2$  - соответственно дисперсии адекватности и воспроизводимости.

В том случае, когда критерий Фишера не соблюдается, производится изменение трудно определяемых параметров механических свойств заполнителя, либо включений. В процессе варьирования переменными механических свойств заполнителя возможно изменение одного из параметров, либо нескольких. Процесс калибровки завершается соблюдением подобия расчета и эксперимента по критерию Фишера.

В таблице 1 приведены, в качестве примера, данные калибровки параметров компрессионной сжимаемости песчаного грунта с заполнителем из стальных шариков.

Таблица 1

Деформаций грунта в компрессионном приборе

Давление на образец, МПа	Деформация образца грунта по результатам экспериментов					Деформации по расчетам МКЭ		
	1	1'	2	2'	Среднее	$\epsilon_a^I =$ 0,0012	$\epsilon_a^I =$ 0,0049	$\epsilon_a^I =$ 0,0083
						$C_z^I =$ 0,00387	$\tilde{N}_{z2}^I =$ 0,00387	$C_z^I =$ 0,00387
	n = 0,1 (стальные шарики)							
0,1	0,00630	0,00710	0,00600	0,00630	0,00643	0,00200	0,00229	0,00771
0,2	0,01000	0,01030	0,00890	0,00910	0,00958	0,00371	0,00686	0,01029
0,3	0,01230	0,01230	0,01140	0,01110	0,01178	0,00457	0,00829	0,01200
0,4	0,01400	0,01430	0,01310	0,01290	0,01358	0,00571	0,00943	0,01343
0,5	0,01630	0,01570	0,01430	0,01400	0,01508	0,00686	0,01057	0,01486

Результаты обработки расчетов и физических экспериментов показали, что критерий Фишера выполняется в третьем цикле расчета. С учетом этого уравнение компрессионной кривой (1) для заполнителя из мелкого песка запишется в виде  $\epsilon_v = 0,0083 + 0,00387 \ln \frac{p_1}{p_2}$ .

Эта зависимость была использована при определении РЭМ механических свойств крупнообломочных грунтов при других моделях их строения.

**Выводы**

1 Результаты исследований показали, что для проведения идентификации параметров механических характеристик крупнообломочных грунтов на основе расчетно-экспериментального метода целесообразно использование статистических критериев адекватности экспериментальных и расчетных параметров процессов их деформирования. Показано, что для этих целей удовлетворительно использование дает критерий Фишера.

2 По данным выполненных исследований установлено, что проведение идентификации позволяет уточнить параметры расчетных моделей крупнообломочных грунтов с заполнителем в среднем до 35-40%.

**ЛИТЕРАТУРА**

1. Ухов С.Б., Конвиз А.В., Семенов В.В. Механические свойства крупнообломочных грунтов с заполнителем // Основания, фундаменты и механика грунтов. – 1993. – № 1. – С. 2 – 7.
2. Болдырев Г.Г. Методы определения механических свойств грунтов: состояние вопроса: монография, Пенза, ПГУАС, 2008. – 696 с.

**АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ ЖӘНЕ ОҒАН АРНАЛҒАН ЕСКЕРТКІШТЕРІ**

С.Н. КОЗКИН  
оқушы, М. Әуезов атындағы №42 жалпы орта білім беру мектебі, Павлодар қ.  
Қ.Т. АХМЕТОВА  
М. Әуезов атындағы №42 жалпы білім беру мектебі, Павлодар қ.

Абай (1845-1904)-ақын,жазушы,қоғам қайраткері,қазіргі қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы,либералды білімді исламға таяна отырып,орыс және еуропа мәдениетімен жақындасу арқылы қазақ мәдениетін жанартуды көздеген реформатор.Азан шақырып қойған аты-Ибраһим.

Абай 10 тамыз1845 жылы қазіргі Семей облысының Шыңғыс тауларында Қарқаралының аға сұлтаны Құнанбайдың төрт әйелінің бірінен туған.Орта жүздің Арғын тайпасы- ның Тобықты руынан шыққан билер әулетінің. Әкесі Өскенбайұлы Құнанбай өз заманын- дағы атак данқы алысқа кеткен адамдардың бірі болған.патша үкіметі ХІХғасырдың орта-сындағы бір сайлауда оны Қарқаралы ауданының аға сұлтандығына бекіткен. Шешесі Ұл-жан орта жүздің Арғын тайпасынан Қаракесек руының шешендікпен,тапқырлық,әзіл- өжуамен аты шыққан шаншарлардың қызы. «Абай» деп жас Ибраһимді анасы Ұлжан ер-келетіп атаған.Содан бері бұл есіммен тарихқа енді.

Осындай текті ортадан шыққан Құнанбай менҰлжаннан туған төрт ұлдың бірі Абай жастайынан-ақ ерекше қабілетімен,ақылдылығымен көзге түседі.Балаға сыншы әкесі осы баласынан қатты үміт күтеді. Сондықтан да ол Абайды медреседе төрт жыл оқығаннан кейін,оқудан шығарып алып,қасында ұстап,ел басқару ісіне баули бастайды Әкесінің төнірегінде ел жақсыларымен араласып,өз халқының рухани мәдениет жүйелерімен жете танысады.Өзі билер үлгісінде шешен сөйлесуге төселеді. Ұтымды сөзімен,әділ билігімен елге танылып,аты шығады.Көп ұзамай,жетпісінші жылдардың бас кезінде Қоңыр Көкше дейтін елге болыс болады.Билікке араласып,біраз тәжірибе жинақтағаннан кейін ол халық тұрмысындағы көлеңкелі жақтарға сауле түсіруге күш салып бағады. Бірақ онысынан пәлендей көңіл тоятындай нәтиже шығара алмайды.Сондықтан халқына пайдалы деп тапқан істерін көркем сөзбен,әсіресе,өлеңмен насихаттамақ болады.Орысәдебиетімен танысуы көп ықпал етеді.

Абай өлең шығаруды бала кезінде-ақ бастаған.Алайда жасы қырыққа келгеннен кейін ғана көркем әдебиетке шындап ықылас қойып, көзқарасы қалыптасып, өз өнерінің халық санасына тигізер ықпалын түсінеді. Шығармалары үш жүйемен өрбиді,бірі - өз жанынан шығарған төл өлеңдері , екіншісі - ғақлия (немесе қара сөз)деп аталатын прозасы,үшіншісі-өзге тілдерден,әсіресе орысшадан аударған өлеңдері.

Абай өлеңдері түгел дерлік лирикадан құрылады , поэма жанрына көп бой ұрмағаны байқалады.Қысқа өлеңдерінде табиғат бейнесі,адамдар портретін жасауға,ішкі-сыртқы қылық-

қасиеттерін, мінез-бітімдерін айқын суреттермен көрсетуге өте шебер. Қай өлеңінен де қазақ жерінің, қазақтың ұлттық сипатының ерекшеліктері көрініп тұрады. Ислам діні та-раған Шығыс елдерінің әдебиетімен жақсы танысу арқылы өзінің шеберлік - шалымын одан әрі шындайды. Шығыстың екі хикаясын «Масғұт» және «Ескендір» деген атпен өлең-ге айналдырады. Ислам дініне өзінше сенген діни таным жайындағы философиялық көзқарастарын да өлеңмен жеткізеді. Абайдың дүние танудағы көзқарасы ХІХ ғасырдың екінші жартысында қазақ халқының экономикасы мен ой-пікірінің алға ұмтылу бағытта даму ықпалымен қалыптасты. Дүниетану жолында сары-орыстың төңкерісшіл демократтарының шығармаларын оқып, өз дәуірінің алдыңғы қатарлы ой-пікірін қорытып, басқаларға қазақ өміріндегі аса маңызды мәселелерді түсіндіруге қолданады. Дүниетану өңірінде екі қасиет-тің – сезім мен қыйсының, түйсік пен ақылдың қатынасын таразылайды. Сондықтан да «Ақыл сенбей сәбіңіз, Бір іске кез келсеңіз», - деп жазады.

Кез келген халықтың тарих сахнасына шығуы-жүйеге бейімделген біртектес өмір салттың гана нәтижесі емес, сонымен бірге қасиеттік деп саналатын арман-ансардың (идеал) да біртұтастығына айғақ. Олай болса Абай сынының талкегіне түскен еріншектік, дарақшылық, жалқаулық, күншілдік, өтірікшілік, өсекшілдік, мақтаншақтық, жағымпаздық, жікшілдік сияқты қасиеттер қазақ баласының кейбіріннің бойындағы туа біткен кемшілік емес, сол Абай өмір сүрген қоғамдағы саяси әлеуметтік қатынастардың нәтижесі екеніне ден қою қажет. Сонда, Абай бұрынғы бабаларымыздың бойынан көрген «кемшіліктерді» себеп ретінде емес, сол замандағы саяси әлеуметтік қатынастардың салдары ретінде қарастыруға жол ашқан. 1891 жылдан бастап Абай басына ауыртпалық түсіп, бір-біріне ұласқан қайғы бұлты ашылып қояды. Осы жылы ақынның сүйікті інісі Оспан жарық дүниеден өтеді. Одан кейін орысша әскери білімі бар, үлкен үміт күткен баласы Әбілрахманнан айырылады. Бұлардың қазасының ақын жанына қандай батқаны оның осы тақырыпқа арнаған топтама өлеңдерінен айқын көрінеді. Сөйтіп жүргенде соңғы тірешіндей болған дарынды ақын баласы Мағауия да қайтыс болды. Осындай қабаттасқан қайғы қасіреттен күрт сынған Абай Мағауияның қазасынан кейін, қырық күннен соң, өзі де дүние салады. Ақынның сүйегі Шыңғыстаудың ығындағы Жидебай мекенінде, інісі Оспанның жанына жерленеді. Бұл күнде ол арада қазақтың ұлы екі перзенті – Абай мен Шәкәрімге деген ұрпақтың өшпес махаббатының, ізгі құрметінің белгісіндей болып, сәулет өнерінің соңғы үлгісімен салынған қос мұнаралы кешенді алып мазар тұр.

Абайдың атында өте көп орындар Абай атымен байланысты. Онда 42 тарихи ескерткіштер, 60 тарихи орындар, олардан 30 тарихи орындар Абай атымен байланысты.

Бүкіл әлемде қазақ ақыны Абай туралы бәрі біледі. Абайға көп ескерткіштер орнатылған.

Алматы, Астана және басқа да Қазақстанның қалаларында Абайға арналған көп ескерткіштер орнатылған. Бірақ бұл тек Қазақстанда емес, Турцияда, Стамбул қаласында, Иранның астанасы Тегеран қаласында және Ресейдің астанасы Мәскеуде Абайдың ескерткіштері бар.

Төртінші ақпанда Мәскеуде қазақ ақыны, шешен және ағартушы ұлы Абайға арналған ескерткіш ашылды. Қола мүсіні Александр Грибоедовтің ескерткіші қасында қазақстанның елшілігіне жақын орналасқан. Ескерткіштің авторы Ресей – Қазақстан авторлық ұжымы – мүсініші Марат Әйнеков, дизайнер Тимур Сүлейменов, суретші Эдуард Дробницкий және сәулетші Вячеслав Романенко.

Бұл мүсін Қазақ Республикасынан Ресей астанасына сыйлығы.

Ұлы Британияның астанасы Лондон қаласында Абай үйі ашылған.

Үдістанның астанасы Дели қаласында, Мысыр Араб Республикасының астанасы Каир қаласында, Германияның астанасы Берлин қаласында және тағы басқа қалаларда Абайға арналып ашылған ескерткіштер мен көшелер бар.

Қорыта келгенде, Абай тану әрекеті, бүгінге дейін халық санасына жол салып, ата - мұрамызды зерделеу мен талассыз насихаттау арқылы халық оқырман қауымға сіңіру міндеті де қоса – қабат жүргізіліп келеді. Қазақ халқын өзіне таныту жолында

Абай мұрасы халқымыздың ой - санасына айрықша орын алуы себепті де, ол ақынның әрбір мүшел тойын өткізу жылдарында көбірек зерттеліп мольгуда. Ғылыми зерттеу нысанына алынып, ғылымның алуан саласында әр қырынан қарап бағдарлануы нәтижесінде рухани қазынамыз қордаланып жатса, бұл жұмысты жүзеге асыруда аға ұрпақ еңбегі де өлшеусіз.

Дүние жүзі әдебиет өнерінің қазынасынан, Шығыс пен Батыс мәдениетінің мол үлгі, өнеге алған Абай ғана қазақ поэзиясын басқалармен терезесі тең дәрежеге көтере алды, мағынасы жағынан да, түр – формасы жағынан да қазақ өлеңіне түбірлі өзгерістер, жаңалықтар енгізді.

Алы Абай - қазақ әдебиетінің классигі. Қазақтың жазба әдебиетінің қалыптасуына, қазақтың әдеби көркем тілінің дамуына жасаған ықпалы орасан. «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» дегенінің мәні бар, өйткені, Абай енді сөздің мазмұнына да, көркемдік қасиетіне де мүлде жаңа сипат берді. Бұрынғы таныс сөз енді жанаша мағына алып, басқаша өңен танытты. Міне, сондықтан да

біз Абайды жаңа жазба әдебиетінің негізін салушы, ұлы классик деп білеміз Орыс әдебиеті үшін А.С. Пушкиннің орны қандай болса, қазақ әдебиетіндегі Абай жөні тап сондай. Ломоносов, Фонвизин, Карамзин, Жуковский сияқты алыштар бола тұра, Пушкиннің орыс жазба әдебиетінің басы саналатыны тегін емес. Пушкин де, Абай да – жанашылдар, сондықтан да олар ұлы өнеге, ортаймас үлгі қалдырды, бізді күні бүгінге дейін қактырып, таң қалдырады.

Абай жүрегінен басталған көпір өткен дәуірмен бізді, қазіргі замандастарды ғана емес, басқа халықтарды, басқа өлемді де жалғастырады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Жүрегіміз түбіне терең бойла» (Құрастырып, алғы сөзі мен түсініктемелерін жазған – М. Мырзахметов, филология ғылымдарының докторы), Алматы : Рауан, 1995 жыл, 64 бет.

2. Қазақ тілі мен әдебиеті. Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің ай сайын шығатын ғылыми – педагогикалық, әдістемелік журналы. 2 ақпан. 1995 жыл.

3. Абайдың ақын шәкірттері. Дайындаған : Қ. Мұхаметханұлы.- Алматы. РГЖИ «Дәуір», 1993—234 с.

#### СУЩНОСТЬ ДИДАКТИЧЕСКОЙ ИГРЫ

Г.К. КУДИЯРБЕКОВА

старший преподаватель, ПГУ имени С. Торайғырова, г. Павлодар

Л.Б. МУБАРАКОВА

преподаватель, колледж ПГУ имени С. Торайғырова, г. Павлодар

Генетическая сущность игры предполагает, что в ней есть простор для фантазии и познавательной самостоятельности. Педагогические функции игры включают не только усвоение материала, но и развитие творческого отношения к деятельности. Богатство игровых форм является важной предпосылкой успешного обучения. Много зависит от подготовленности самого преподавателя, от его творческих способностей и педагогического опыта.

Современные исследования в области психологии деятельности и личности создали предпосылки для пересмотра содержания и технологии учения при подготовке специалистов в высшей школе.

Очень важной является разработка в педагогических вузах новой технологии обучения, ориентированной на целенаправленное формирование педагогической деятельности будущих специалистов и создание условий для проявления и развития активности личности в учебном процессе. Под этим мы понимаем выход в учебной деятельности за пределы предписанного, осознанного свободного выбора содержания, форм, методов и средств, в процессе обучения, рефлексивное отношение к собственной деятельности. Говоря о формировании педагогической деятельности у студентов, мы имеем в виду их способности, и готовность ставить перед собой цели, реализовывать их в практической деятельности и анализировать достигнутые результаты. Важным этапом в формировании педагогической деятельности является формирование психолого-педагогических умений – гностических, проективных, конструктивных, организаторских, коммуникативных.

Широкое использование активных форм и методов обучения в учебно-воспитательном процессе педагогического вуза является необходимым условием подготовки преподавателя, способного работать творчески. Так, дидактическая игра представляет собой активную самостоятельную познавательную деятельность студентов в условной форме, направленную на имитационное моделирование учебно-воспитательного процесса и игровое моделирование своей будущей деятельности. Высокая эффективность дидактических игр в процессе педагогического образования обусловлена их способностью актуализировать и систематизировать теоретические знания будущих педагогов, придавать им жизненность, действенную направленность. Они помогают студентам использовать полученные знания в процессе моделируемой профессиональной деятельности для формирования и совершенствования методических и практических умений, навыков.

Использование игровых форм и методов обучения в процессе преподавания курсов «Педагогика», «История педагогики», «Методика преподавания педагогических дисциплин» содействует более быстрому профессиональному становлению будущего педагога, существенно сокращает период профадаптации молодого специалиста.

Ценность игрового метода обучения состоит в ряде возможностей. Во-первых, можно имитировать определенную типичную ситуацию с помощью сценариев, правил. И для преподавателей, и для

студентов полезна сама важность воссоздания ситуации, в которой могут оказаться люди, а также изменение этой ситуации, управление ею с помощью разного рода действий и решений. Во-вторых, в играх можно проверить знания участников и их воображение, предложив им сыграть определенные роли. Конечно, при этом не будет присутствовать фактор давления реальной ситуации, или ответственности, но тем не менее, выполняя определенную задачу, каждый участник может для себя выбрать образ мыслей и действий той личности, роль которой он исполняет. В-третьих, игровой метод, особенно используемый в целях обучения, позволяет по-своему, в соответствии с задачами преподавателя использовать ситуации, при этом выделять в них одни стороны и убирать другие, добавляя в них элементы фантастики.

Студенты приобретают умения анализировать педагогическую ситуацию, максимально приближенную к реальной, формировать проблему, вести поиск оптимальных путей и средств для ее решения. Опыт показывает, что игровые формы и методы активизируют любознательность студентов, повышают не только интерес к учебному предмету, но также и к будущей профессиональной деятельности, стимулируют активную самообразовательную работу будущих педагогов, проявление ими творчества в решении широкого круга педагогических проблем. Дидактические игры нацелены на обучение студентов решению типовых и нестандартных, требующих творческого подхода, профессиональных задач. При этом осуществляется основательное, личностно-значимое и мотивированное усвоение студентами необходимых знаний, умений, обеспечивается морально-психологическая и методическая готовность к предстоящей педагогической деятельности. У студентов воспитывается самостоятельность, активность, инициативность, ответственность, умение аргументировано отстаивать свое мнение, обоснованно принимать решение, последовательно и умело добиваться его реализации.

Содержание дидактических игр определено характеристиками, включающими цели, задачи, структурные компоненты, правила организации и проведения. Структуру дидактических игр составляют перечень и краткая характеристика ролей, правила, сценарий, раскрывающий обязанности участников в процессе игры (функции), активное оперирование информацией в атмосфере соревновательности, раскрепощенного, творческого использования накопленных ранее знаний, умений и навыков в имитируемой профессионально-педагогической деятельности, анализ и подведение итогов.

Проблемность содержания игры выступает объективной предпосылкой порождения, во-первых, мышления каждого участника (С.Л. Рубинштейн), а во-вторых, совместной деятельности и диалогического общения всех участников. Проблемность задает предмет для дискуссии, спора, альтернативных вариантов поиска и доказательств решения и т.п. Проблемная ситуация, проблемное задание в отличие от учебной задачи, которая решается по сообщаемому заранее преподавателем известному образцу, являются необходимыми условиями возникновения собственно игры. Создаются условия не передачи информации от преподавателя к студенту, а порождения знаний в совместной деятельности и диалогическом общении участников игры.

Это творческий процесс, поскольку за счет не единственности интерпретации содержания игры каждым из участников появляется принципиальная возможность получить новое знание, которое никто в отдельности получить не в состоянии. Имитация становится игрой тогда, когда невозможно принимать решения в одиночку, когда требуется согласование противоречивых ожиданий и интересов, когда формализованные процедуры принятия решений не дают нужных результатов.

Подготовка студентов к дидактическим играм заключается в формировании у них необходимых знаний, умений решать педагогические задачи. Она осуществляется в процессе лекций, семинарских, практических занятий, самостоятельной самообразовательной работы, анализа и решения педагогических задач и ситуаций, лабораторного практикума.

В ходе дидактической игры преподаватели стараются создать благоприятную для обучения психологическую атмосферу делового сотрудничества, содействующую проявлению и развитию педагогических способностей участников игры, активизирующую их мышление, воображение, память, внимание, педагогическую эмпатию.

Эффективность дидактических игр во многом определяется подготовкой преподавателя-организатора, который проводит инструктаж, создает у студентов необходимую установку на предстоящую деятельность, анализирует ход игр, при подведении итогов организует обсуждение, направляет дискуссию.

Наряду с неоспоримыми достоинствами дидактическая игра как метод обучения имеет недостатки. Например, к ним можно отнести длительность, трудоемкость, специальный характер подготовки не только преподавателей, но и студентов, сложность в обеспечении одинаковой активности всех студентов.

Дидактические игры важны в процессе изучения педагогических дисциплин с целью формирования у студентов профессионально значимых качеств, присущих творчески работающему учителю. Они содействуют обеспечению комплексного контроля уровня профессиональной подготовки студентов: товарищеский контроль, самоконтроль, контроль преподавателями достигнутого уровня психолого-педагогической, специальной, методической подготовки будущих педагогов.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Игровое моделирование: Методология и практика/ Под ред. И.С. Ладенко. – Н-к, 1987.
2. Платонов В.Я. Деловые игры: разработки, организация и проведение. – М.: Профиздат, 1991.

### МУЗЫКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ТАЛДАУ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ

Г.Т. МАҚЫШБАЕВА  
аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазір қоғам жағдайында оқушыларға музыкалық және эстетикалық білім мен тәрбие беру жұмысы жана деңгейге көтерілді. Оның негізгі мақсаты мен міндеттерін іске асыруда музыка мұғалімі орасан зор рөл атқарады. Әрбір шәкіртті жеке тұлға деп санап, оның жан-жақты дамуына мүмкіншілік жасау – бүгінгі мұғалімнің мақсаты осы. Мектептен дәрiс алған еліміздің мыңдаған ертеңгі ұрпағын осы бастан дұрыс тәрбиелесек, келешекте көптеген келеңсіздіктерге жол берілмейді. Деп ойлаймыз.

Музыка пәні мұғалімі өз бойына өнердің сан қырын еңгізіп, ары қарай дамытып, мектеп оқушыларына музыкалық тәлім-тәрбие береді. Жас ұрпаққа музыкалық тәрбие берудің бүкіл ісінің табысты болуы едәуір дәрежеде мұғалімнің іскерлігіне, шеберлігіне, білімділігіне байланысты болмақ. Ал болашақ музыка мұғалімінің дайындығы біздің музыкалық білім мен мәдениет факультетінде жүзеге асады.

Студенттердің келешек кәсібі іс-әрекетінде керекті және ең маңызды іскерліктерінің ішінде музыкалық шығармаларға талдау жасау іскерлігі болады деп санаймыз, себебі музыканы тұтас жасау қабылдауға және түсінуге музыкалық шығарманы талдау негізін білудің арқылы ғана болады. Музыкалық шығармаларды талдау курсы музыкатану, музыкалық психология, семиотика, философия, эстетика салаларындағы қазіргі уақытта жетістіктермен тығыз байланысты және студенттерге әр түрлі музыкалық форманың құрылым мен даму ерекшеліктері туралы білім береді. Сонымен қатар, келесі дағдылар мен іскерліктер қалыптасады, әсіресе:

- музыкалық шығарманы зерттеу және орындау барысында әр музыкалық форманы логикалық дәрежеде қабылдау;
  - шығарманың ішкі және сыртқы байланыстарын ескере отырып оны жан-жақты талқылау;
  - белгілі педагогикалық мәселені шешу үшін керекті элементтерді айқындау;
  - шығарманың гармониясын, фактурасын, формасын тұтас қабылдау;
  - музыкалық шығармаларды талдау барысында жанр, стиль мен формасының тарихи ерекшеліктерін айқындау дәрежесіне келтіріп, тарихи принципті пайдалану;
  - мәнереудің көркемдік құралы мен музыкалық шығарманың эмоциялық – бейнелі мазмұнын толық ашу;
  - оқушыларға ең қарапайым формалар мен жанрларды, олардың тығыз өзара байланысын көрсетіп, шығарманың музыкалық бейнесінің құрылымын анықтып, мектептегі музыка сабағында жоғарыда айтылған білімдерді пайдалану;
  - музыкалық –тарихи материалдардың мазмұнын өз бетімен талдау және жалпы білім беретін мектептерде оны әдістемелік творчестволық тұрғыда қолдану едетіне тәрбиелеу.
- Музыкалық шығарманы талдау курсы факультеттегі барлық пәндермен тығыз байланысты. Осыдан музыкалық шығарманы талдауды бір неше түрлерге бөлуге болады: теориялық, гармониялық, полифониялық, орындаушылық көркем-педагогикалық.

Студенттерге ең қарапайым элементтермен таныстыру керек. Музыкада негізгі құрылымдар болып табылатындар – кезең, сөйлем, фраза (мотив тізбегі), мотв (дыбыстар тізбегі). Әуендер қашан да өзінің ішкі құрылымы мен нақыштық логикасы арқылы аяқталған белгілі бір түсінікті білдіреді. Кейде еркін құрылымда бола алады, әсіресе ол халық музыкасында кездеседі. Студенттерге кульминация туралы түсінік беру керек. Ол – әуен дамуының ең жоғары сатысы – оның шиеленісу шыңы. Кульминация қанша уақыт дайындалады, қалай биіктікке жоғарылады студентке көрсету



керек. Сольфеджия, полифония, гармония, музыка теориясы сабақтарында музыкалық құрылымның қандай түрлері бар екенін көрсету қажат. Мысалы монодия, полифония, гармонияның бір бірінен айырмашылығы неде, фактура дегеніміз не, көпдауысты және бірдауысты құрылымның қандай ерекшелігі бар және т.б. Содан кейін, шығармалардың күрделі формаларына өту керек. Алдымен бірбөлімдік формадан бастап, кейін дуга формасымен немесе еркін формадағы шығармалармен аяқтау. Ал музыка тарихы курсының барысында классикалық музыканың әр түрлі жанрларының қалыптасуының, дамуының және әлеуметтік себептерінің тарихи заңдылығы туралы білім беріледі.

Мұнда дидактика принциптеріне ерекше назар аудару керек. Мысалы көрнекілік принципі. Осы принципті оқытушының әр түрлі көрнекі оқу құралы мен оқытудың аудио-визуальдық техникалық құралдарын, кітаптар, шығармалардың партитуралар, керекті таблицалар және басқа да ашық та бояулы, анық та айқын өрнектеліп баспадан шыққан оқу құралдарын пайдалануда өз көрінісін табады.

Саналық пен белсенділік принциптері. Саналық пен белсенділік принципі дегеніміз зерттелетін құбылыстарды белсенді қабылдап алуға бағытталған, оларды зердеге құйып, творчестволықпен қайта өңдеу және қолдану болып табылады.

Түсініктілік және шамаға лайықтылық принципі.

Түсініктілік және шамаға лайықтылық принципі дұрыс ұғып, істе қолданудың студенттердің ақыл-ойының жетілуі үшін аса үлкен маңызы бар. Бұл принцип «Музыкалық шығарманы талдау» курсының оқу жоспары мен бағдарламаны жасаудың негізінде жатады.

Жүйелілік пен бірізділік принципі.

Осы принципті оқыту мақсатынан да, оқылатын материалдардың ғылыми логикасынан да, баланың ойлануының даму заңдылығынан да шығалы.

Музыкалық шығарманы талдау студентті индуктивтік жолмен немесе дедуктивтік жолмен алып жүру мүмкін.

Индуктивтік жол, әдетте оқытушы күнделікті өмірдегі, тапқырлықпен қойған сұрақтардың көмегімен студенттерді өздігімен қорытынды шығаруға немесе жинақтауға әкелетін қолданылады. Дедуктивтік жол студенттер оқытушының сұрақтарына жауап беріп және оның талаптарын орындай отырып, жаңа құбылыстарды дәл осы жағдай үшін қолдану мүмкіндігі туралы пікірлескенде қолданылады.

Пәннің осы жоғарыда айтылған негізгі мақсаты мен міндеттеріне жету үшін, студенттердің пәнге қызығушылықтарын ояту, қалыптастыру қажет.

Қызығушылық – дүниедегі заттар мен құбылыстарды белсенділікпен танып-білуге бағытталған адамның жеке ерекшеліктерінің бір көрінісі.

Музыкалық шығарманы қабылдау алдында, оның мазмұнын студенттерге ашып көрсету – олардың музыканың өзін тыңдау әрекетіне құмартуын арттырады, осылайша әрекеттілік ойлау іске қосылады. Ойлаудың әрекеттілік түрінің негізінде бейнелі ойлау пайда болады. Музыкалық шығарма, оның авторы, шығу тарихы туралы көркем де әсерлі әңгіме студенттің бейнелі ойлауын оятады.

Студенттердің «Музыкалық шығармаларды талдау» пәнге қызығушылықтарын ояту, саналы қатынасын қалыптастыру мақсатында қосымша шығармаларға талдау жасауға тапсырма беріледі. Оларды дайындау барысында студенттің әдебиеттерден алған қосымша білім жөніндегі түсінігі айқындала түседі. Студенттердің талдау жасаудағы ізденістері ғылыми жұмыспен айналасуға алғашқы тәжірибе болып табылады: студенттің санасында айтатын материалына деген жеке, өзіндік көзқарасы қалыптасады.

Сабақ кезінде, кәсіби білім мен дағдыларды қалыптастыру, қызығушылықты ояту мақсатымен оқытудың жаңа әдісін (кейсаттылары) пайдалануға болады. Бұның негізінде студенттердің бірнеше тобын нұсқау-нәтижелерді және қорытындыларды талқылау мен талдау арқылы шындықтағы кәсіби мақсатты шешу беріледі. Тағы да басқа мәселені талдау үшін дискуссияны қолдануға болады. Болашақ мұғалім музыкалық шығарманы талдауды «дыбысталу» (ойнай не тыңдай отырып) бастағаны жөн, өйткені педагог-тәрбиеші әрі кәсіпкер музыканттың ретінде де әдеби сынды іздеу ешқандай нәтиже бермейді. Студенттердің классикалық музыканы қабылдауын дамытуда қарапайымнан күрделіге өту жолын қатаң сақтау керек. Бұл жерде мынадай принциптер, әдістер тірек бола алады:

а) классикалық музыканы тыңдау хабар алу сипатында болғаны дұрыс және керекті үзінділерді аспапта бірнеше рет қайталап орындауға болады.

б) ноталық жазбаларды, клавиридті, көрнекі құралдарды пайдалану студенттерге музыканы белсенді қабылдауға, әрі есте сақтауға көмектеседі. Педагогикалық процесте әр сабақта маңызды мәні бар нәрсені – жалпы сұраққа жауап бергізу. Әр тақырыптан тапсырма ала тұрып, студенттер оны оқу жылы бойында қайталайды әрі меңгереді, бұл емтиханға дайындықты да жеңілдетеді. Әр сабақта

музыкалық материалдарды білу деңгейін үнемі тексеріп отыру жақсы нәтижелер береді. Сабаққа арналған музыкалық материалды ұтымды іріктеу қажет, бірінші кезекте шығарманың идеялық көркемдік мазмұнын ашатын басты тірек нүктелерін жіберіп алмау керек.

Сабақтан тыс жұмыстары (мысалы лекция-концерт т.б) студенттерді жаңа білімдермен байыта, олардың ақыл-ойын және ақыл қабілеттерін дамыта отырып, студенттердің ой-өрісін кеңейтуге, музыкалық қызығушылықтарын қалыптастыруға өз үлестерін қосатыны анық. Бұндай жұмыс оқытушы сабақ үстінде жүзеге асыратын тәрбие жұмысын толықтыра және тереңдеті отырып, ең алдымен студенттердің бос уақытын ұйымдастырудың формасы болып табылады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Асафьев Б. Б. Қазіргі жалпы білім беретін мектептегі музыка// Музыкалық ағарту және білім беру жайындағы таңдамалы мақалалар. – Л. 1970
2. Қоңыратбаев Ә., Қоңыратбаев Т. Көне мәдениет жазбалары. Алматы, 1991.

#### ИССЛЕДОВАНИЕ ПОГРЕШНОСТИ ВОСПРОИЗВЕДЕНИЯ ЕДИНИЦЫ ПЛОСКОГО УГЛА КОЛЬЦЕВЫМ ЛАЗЕРОМ

С.Ю. МАРКОВА

старший преподаватель, ПГУ имени С. Торайғырова, г. Павлодар

С.К. МАРАЛБАЕВА

студент, ПГУ имени С. Торайғырова, г. Павлодар

Оқулық кестесі арқылы әр бөлімде қамтылған мәліметтер туралы нақты, қысқа ақпарат алуға болады. Ұсынылған кесте тіл үйренушіге өзіне қажет деңгейді таңдауға көмектеседі.

Шартты баламада оқулықтағы тапсырмалардың орысша аудармасы көмекші материал ретінде берілді.

«Тақырыптық қазақша-орысша балама» атты бөлім тілдік қатынасқа қажет жана сөздерді қамтиды. Бұл сөздікте сөйлеуге керекті лексикалық минимум жинақталған. Лексикалық минимумға енген жана сөздің сөз тіркесі мен сөйлем құрамындағы мақал-мәтел және нақыл сөздердегі қолданысы айтар ойды түсінікті әрі қызықты жеткізуге мүмкіндік береді.

**Ортадан жоғары деңгей** сегіз бөлімнен тұрады. Олар: «Отбасы сыйластығы», «Біз қай тілде сөйлейміз?», «Асыңыз дәмді болсын!», «Ғылым және жұмыс», «Сапарға бару жоспары», «Мұражайға саяхат», «Спорт тынысы», «Ақпарат әлемі». Бұл бөлімдердің әрқайсысы 5 қадамнан құралған. Әдістемелік нұсқауда әр қадамға жеке-жеке талдау жасалады. Тіл үйренушіге оқулықтағы жаттығулардың шартына қарай қандай тапсырмалар орындау керектігі ұсыныс ретінде айтылады. Бөлімдердегі тапсырмаларды

орындаған кезде тіл үйренушінің қандай нәтижеге қол жеткізуі қажет екендігі арнайы көрсетіледі. Тіл үйренуші тиімді нәтижеге жету үшін берілген әдіс-тәсілдерді түрлендіріп, өзгертіп қолдануына болады.

**Жаттығулар жинағындағы** тапсырмалар оқулықтағы тапсырмалармен үндес берілген.

Жаттығулар жинағында барлық тапсырмалардың жауаптары ұсынылады. Яғни жаттығулар жинағын тіл үйренушінің өз бетімен пайдалана алуына мүмкіндік жасалады.

Жаттығулар бір-бірімен сабақтасып, оңайдан күрделіге, жеңілдеп қиынға қарай түрленіп отырады.

**Ортадан жоғары деңгейге арналған бақылау тестері** . –қазақ тілін үйрететін оқу-әдістемелік кешен құрамына кіретін еңбектің бірі.

«Терендетіле қалыптасқан игерім» деп аталатын ортадан жоғары деңгейге арналған оқулық бойынша ұсынылған тапсырмаларды, жаттығуларды тіл үйренушінің қандай дәрежеде меңгергенін ұсынылып отырған бақылау тестері арқылы тексеруге және бағалауға болады. Тест жинағы «Қара шаңырақ», «Біз қай тілде сөйлейміз?», «Асыңыз дәмді болсын!», «Ғылым және жұмыс», «Сапарға бару жоспары», «Мұражайға саяхат»,

«Спорт тынысы», «Ақпарат әлемі» тақырыптары бойынша тіл үйренушінің білім, білік дағдысын тексереді. Жинаққа тыңдалым, оқылым, жазылым әрекеттеріне байланысты, сондай-ақ лексика және грамматика мәселелері бойынша тапсырмалар енгізілді.

Әрбір бөлімге арналған тест тапсырмалары отыз сұрақтан, әр сұрақ үш нұсқадан тұрады.

Тыңдалым бойынша 5 сұрақ берілді, лексика мен грамматиканың әрқайсысы 10 сұрақты қамтыды. Жазылым бойынша тіл үйренушінің сөйлем құрай білу деңгейі мен жазу сауаты тексеріледі. Сондықтан бақылау тапсырмасы ретінде шағын әңгіме жазу, қысқа мәтін құрастыру ұсынылады.

**Жоғары деңгейге арналған әдістемелік нұсқау**- қазақ тілін үйрететін оқу-әдістемелік кешен құрамына кіретін құралдың бірі. Кейбір күрделі жаттығулардың жауаптары көмек ретінде ұсынылды. Әдістемелік нұсқауда тапсырмалар мен жаттығуларды орындаудың жолдары қысқа, нақты айтылады. Әр тапсырманы одан ары тереңдетіп, түрлендіріп менгерту, ұтымды әдіс-тәсілдерді қолдану, ұстанымдарды басшылыққа алу тіл үйренушінің тәжірибесіне, шеберлігіне байланысты. Сондықтан үйренуші ұсынылған жұмыстарды түрлендіріп қолдануына мүмкіндік бар.

Қазақ тілін үйренуге арналған оқу-әдістемелік кешен нақты сағат мөлшерімен есептелмейді, себебі тіл үйренуші өзінің суранысы мен талабына сәйкес берілген тақырып пен қадамдарды әр түрлі сағат мөлшерінде игеруі мүмкін.

Оқу-әдістемелік кешен шет тілін менгерудің әлемдік үлгісі мен еуропалық стандарт негізінде жасала келіп, Қазақстан Республикасының қоғамдық-әлеуметтік ерекшелігін ескере отырып, қазақ тілін коммуникативтік-танымдық тұрғыдан менгеруді, қазақша тілдік қатынасты рекин игеруді мақсат етеді. Оқу кітабының жоғары деңгейі мемлекеттік тілді үйренушілердің қазақша сөйлеуін, ойлауын, түсінуін, айтуын, пікірлесуін негізге ала отырып, тілді коммуникативтік бағытта менгертуге бағытталады.

Жоғары деңгейдегі оқу кітабының мақсаты- әңгіме, ертегілерді оқыта отырып, тіл үйренушінің қазақша сөйлей білуге, өз ойын түсінікті, дұрыс жеткізе білуге дағдыландыру.

Осы мақсатта жоғары деңгейдегі оқу кітабына күнделікті тұрмыс тіршілігінде жиі кездесетін, әр түрлі жағдаяттарды әңгімелейтін әңгімелер мен танымдық-тәрбиелік ер тегілер іріктелініп алынады. Тіл үйренушінің мәтін мазмұнын түсінуіне жетелейтін тапсырма-сұрақтар берілді. Тапсырмаларды орындап, сұрақтарға жауап бере отырып, бірден сөйлем құрастыруға, мәтін мазмұнын айтуға жаттықтыру көзделді.

Оқу кітабының жоғары деңгейі қазақ тілін қатысымдық (коммуникативтік ) тұрғыдан менгертіп, тілдік қатынасты ауызша және жазбаша түрде жүзеге асыруға септігін тигізеді.

Жоғары деңгейге арналған **жаттығулар жинағы** –қазақ тілін үйрететін оқу-әдістемелік кешен құрамына кіретін құралдың бірі.

Жинақтағы жаттығулар өтілетін тақырыптарды бекіту мақсатында ұсынылды. Әр жаттығуды тіл үйренуші өз бетімен орындайды. Сондықтан оларға көмек ретінде жаттығулардың жауаптары қоса берілді.

Жаттығулар жинағындағы тапсырмалар оқулықтағы тақырыптармен тығыз байланысты болғандықтан тіл үйренуші осыған назар айдарғаны жөн. Тапсырмалар бір-бірі толықтырып, жеңілден күрделіге қарай жетіліп отырады. Тіл үйренуші бір мәтіннің төңірегінде бірнеше тапсырма орындауы мүмкін. Бұл тапсырмалар сөйлесім әрекетінің әр түрін қамтиды да, тіл үйренушіге тапсырманы біртіндеп орындауға мүмкіндік тудырады.

Жоғары деңгейге арналған **бақылау тестері** бірнеше бөлімдерден тұрады. Бақылау тестінде тыңдалым, оқылым, жазылым және лексика мен грамматикаға қатысты тапсырмалар қамтылды.

**Тыңдалым бойынша** тіл үйренуші тыңдаған мәтініне байланысты қойылған сұрақтарға жауап беруі керек. Бұл тіл үйренушінің мәтіннің мазмұнын түсіну, ұғыну деңгейін тексеруге мүмкіндік береді. **Оқылым бойынша** тіл үйренуші қарым-қатынаста жиі кездесетін сөздер мен сөз тіркестерін, жай сөйлемдерді, хабарландыруларды түсіне алады. Оқылмның мақсаты- тіл үйренушінің мәтін мазмұнын қаншалықты дәрежеде түсінгендігін бағалау. **Лексикаға** арналған тест тапсырмалары тіл үйренушінің сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын қалай түсінгендігін тексерсе, **грамматикалық** тест тапсырмалары тіл үйренушінің грамматикалық ережелерді менгеру дәрежесі мен оларды қарым-қатынаста қолдана білу деңгейін анықтайды.

**Жазылым** бойынша ұсынылған тапсырмалар тіл үйренушінің жазбаша сауатын тексеруге мүмкіндік береді.

**Жетік деңгейге** арналған әдістемелік нұсқауда оқулықтағы «Қазақстан-менің Отаным», «Мемлекеттік тіл-қазақ тілі», «Қазақстан өнеркәсібі», «Мен өнерді сүйемін», «Денсаулық және медицина», «Ғарыш және ХХІ ғасыр» деп аталатын бөлімдер бойынша ұсынылған тапсырмаларды орындаудың жолдары көрсетілді. Бөлімнің мақсатында тіл үйренушінің өзі менгеретіні айтылды. Әдістемелік нұсқауда тапсырмаларды түрлендіріп орындауға бағытталған ұсыныс-көнестер, кейбір күрделі жаттығулардың жайаптары және әр кадамның соңында тапсырмаларды орындау кезінде тіл үйренуші қандай нәтижеге қол жеткізуі керектігі ұсыныс ретінде берілді. Әрбір ұсынылған жаттығу, тапсырмаларды, айдарларда берілген мәліметтерді түрлендіріп орындау тіл үйренушінің шеберлігіне, қолданатын әдіс-тәсіліне байланысты. Сондықтан берілген тапсырмаларды тіл үйренуші өзіне өзгертіп, түрлендіріп орындауына болады. Оқу кітабының жетік деңгейі мемлекеттік тілді үйренушілердің қазақша сөйлеуін, ойлауын, түсінуін, айтуын, пікірлесуін негізге ала отырып, тілді коммуникативтік бағытта менгертуге бағытталады.

**Жетік деңгей** –тіл үйренудің ең жоғары сатысы. Жетік деңгейдегі оқу кітабының мақсаты-тіл үйренушілердің бір-бірімен пікірлесуін, түсінуін, сөйлесуін қамтамасыз ете келіп, мемлекеттік тілде сұхбаттасуға, ойын жеткізе білуге, көз қарасын білдіруге, әр түрлі тақырыптағы мақал –мәтелдерді, шешендік сөздерді күнделікті қолданыста пайдалануға дағдыландыра отырып, тілдік қатынасты жүзеге асыру.

Осы мақсатта жетік деңгейдегі оқу кітабына балалар мұрасындағы асыл сөздер мен қазақ би-шешендерінің ұтқыр ойлары, мемлекетіміздің ірге тасын қалаған қазақ хандары туралы мәліметтер, қоғам қайраткері Д.Қонаевтың және Елбасының балалық шағынан естеліктер, сонымен қатар Ұлы Абайдың қарасөздерінен танымдық-тәрбиелік үзінділер іріктелініп алынды.

Тіл үйренушінің мәтін мазмұнын түсінуіне жетелейтін тапсырма-сұрақтар берілді. Тапсырмаларды орындап, сұрақтарға жауап бере отырып, ойын еркін жеткізу, пікірлесу, сұхбаттасу көзделді.

Оқу кітабының жетік деңгейі қазақ тілін қатысымдық (коммуникативтік) тұрғыдан менгертіп, тілдік қатынасты ауызша және жазбаша түрде толық жүзеге асыруға септігін тигізеді.

Жетік деңгейге арналған **жаттығулар жинағы** –қазақ тілін үйрететін оқу-әдістемелік кешен құрамына кіретін құралдың бірі. Жетік деңгейге арналған жаттығулар жинағы оқулықтағы «Қазақстан-менің Отаным», «Мемлекеттік тіл –қазақ тілі», «Қазақстан өнеркәсібі», «Мен өнерді сүйемін», «Денсаулық және медицина», «Ғарыш және ХХІ ғасыр» деп аталатын алты бөлім бойынша құрастырылған және оқулықтағы тапсырмалардың жалғасы болып табылады. Тапсырмалар тіл үйренушінің өз бетімен жаттығуына бағытталады, өздері ізденіп орындайтын жұмыстар қамтылды. Мәтін мен жұмыс жасауға бағытталған әр түрлі деңгейдегі тапсырмалар молырақ берілді. Мәтінмен жұмыс істеуге арналған тапсырмалар тіл үйренушіні өз бетімен құрай білуге дағдыландыруды көзделді.

Жетік деңгейге арналған **бақылау тест жинағы**-қазақ тілін үйрететін оқу-әдістемелік кешен құрамына кіретін құралдың бірі.

Жетік деңгейге арналған бақылау тестері тіл үйренушінің коммуникативтік дағдысын сөйлесім әрекетінің барлық түрлері бойынша бағалап-бақылауға мүмкіндік береді. Тіл үйренушінің мемлекеттік тіл бойынша білім дәрежесін тексеруге бағытталған бақылау тестері оқулықта топтастырылған «Қазақстан-менің Отаным», «Мемлекеттік тіл-қазақ тілі», «Қазақстан өнеркәсібі», «Мен өнерді сүйемін», «Денсаулық және медицина», «Ғарыш және ХХІ ғасыр» деп аталатын бөлімдер бойынша құрастырылып отыр.

Жетік деңгейдегі бақылау тестері тіл үйренушінің қажетті лексикалық, грамматикалық минимумдарды менгеру деңгейін анықтайды, өз ойын нақты, түсінікті жеткізе білетінін тексеруді және қазақша сөйлеу дәрежесін бағалауға мүмкіндік береді.

Бақылау тестері сөйлесім әрекетінің **тыңдалым, оқылым, жазылым**, түрлерін кенінен қамтиды. **Электронды кешенде берілген бақылау тестері арқылы** тіл үйренуші тыңдалымға арналған тапсырманы тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді. **Оқылымда** тіл үйренушіге арналып

мәтін және мәтін бойынша бірнеше сұрақтар берілді. Тіл үйренуші сол сұрақтардың дұрыс нұсқасын таңдауы керек.

Бақылау тестерінің бір бөлігі лексикалық және грамматикалық тапсырмаларды қамтиды.

**Лексикалық тест** тіл үйренушінің сөз, сөз тіркестері мен сөйлемдердің мағынасын қаншалықты түсінгенін тексеруді көзделсе, **грамматикалық тест** тапсырмалары грамматикалық ережелерді меңгеру дәрежесі мен қарым- қатынаста қолдана білу деңгейін анықтауды мақсат етеді.

**Жазылым** бойынша берілген тапсырмалар арқылы тіл үйренуші қысқа сөз тіркестерін, бірнеше сөйлемдер, шағын әңгімелер жазуы керек.

Жалпы бақылау тестері тіл үйренушінің лексикалық бірліктерді білу деңгейінде де, грамматикалық ережелерді игеру дәрежесін де, сөздер мен тіркестердің мағынасын түсінуді де, мәтіндердегі ой-идеяны қабылдау, ұғыну деңгейін де тексеруді көздейді.

**Қарапайым деңгейге арналған оқулық** қазақ тілін үйренетін оқу- әдістемелік кешен құрамына кіреді.

Оқулық қазақша дұрыс сөйлеуге, сауатты жазуға, айтайын деген ойды түсінікті жеткізе білуге дағдыландырады. Қарапайым деңгейге арналған оқулық еуропалық деңгейдің А1 стандартына сәйкестендірілген. Бұл деңгей **«Бастапқы игерім»** деп аталады.

Оқулық тіл үйренушіге қажет мазмұндық тақырыптардан және сол тақырыптарға қатысты жағдаяттардан, қазақша тілдік қарым – қатынасты ауыз екі сөйлеу түрінде жүзеге асыруды көздейтін жаттығулар мен тапсырмалар жүйесінен тұрады. Олар қазақ тілінде коммуникативтік қарым- қатынасты жан-жақты меңгеруге мүмкіндік жасайды. Тіл үйренушілерді сөйлесім (речь) әрекетінің түрлерін (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым, тілдесім) жан-жақты игеруге жетелейді.

Оқулықтағы бөлімдер өзекті мәселелерді қамтиды. Бастапқы игерім он бөлімнен («Танысу», «Отбасы», «Тамақ», «Денсаулық-зор байлық», «Киім», «Көлік», «Жұмыс», «Менің күнім», «Ауа райы», «Бос уақыт») тұрады. Бөлімдегі қадамдар өзара сабақтастыққа негізделген.

**Қарапайым деңгейге арналған оқулықтың мақсаты**-тіл үйренушілерге күнделікті тұрмыста, өмірде жиі қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерін, сөйлеу үлгілерін меңгерте отырып, әр түрлі жағдаяттарда қазақша тілдік қатынасты іске асыруға жол сілтеу, ойын дұрыс, түсінікті, нақты жеткізе білуге үйрету. Оқулық қарапайым деңгейге арналғандықтан, жеңіл тапсырмалардан тұрады. Тапсырмалар түрлі-түсті суреттермен безендірілген. «Ой шақыру» айдары сурет арқылы сөйлеуге үйретеді, тіл үйренушінің ойлау қабілетін дамытады және оны ынталандырады. Ойға құрылған тапсырмалар ізденуді қажет етеді, есте жақсы сақталады.

«Алтын сандық», «Білгенге маржан», «Оқыңыз қызық» айдарларымен ұсынылған танымдық тапсырмалар тіл үйренушінің логикалық ойлауын дамытуға, тілдік дағдысын жетілдіруге, қатысымдық іскерлігін арттыруға ықпал етеді. Бұл тапсырмалар қазақ халқының ұлттық болмысымаң, әдет-ғұрпымаң, салт-дәстүрімен байланысты деректерге құрылған.

Грамматикалық тақырыптар сабақтағы қадамдарда берілген материалдарды қамтиды. «Еске түсіріңіз» айдары өткен материалды қайталап, пысықтап отыруға мүмкіндік береді.

Сабақ материалын меңгеру барысында тіл үйренуші бірнеше тақырыптар аясында сұхбаттаса алады, көпшілік алдында сөйлеуге дағдыланады. Әр түрлі тілдік жағдайларға сай сөздерді сөйлем құрамында дұрыс қолданып, сөздік қорын байытады, қазақша тілдік қатынасқа сәйкес ауызекі сөйлеу тілін меңгеріп, ойын түсінікті әрі жүйелі айтуға жаттығады. Оқулық күнделікті тұрмыс-тіршілікпен, қоршаған ортамен, қоғамдық-әлеуметтік өмірмен байланысты тақырыптарды тілді меңгерту барысында орындалатын жаттығулар мен тапсырмаларды, қазақша тілдік қатынасты жүзеге асыратын сөйлеу үлгілерін қамтиды. Кітап қазақ тілін коммуникативтік тұрғыдан үйретуді мақсат ететін сабақтар жүйесінен тұрады; тіл үйренушілерге дұрыс сөйлеуге, сауатты жазуға бағыт сілтейді. Оқулық қазақ тілін үйретуге бағытталған оқу- әдістемелік кешен құрамына жатады және Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілін үйренгісі келетін азаматтарға, көпшілік қауымға арналған.

## САБАҚ ПРОЦЕСІНДЕ АҚПАРАТТАНДЫРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

С.Ж. СӘДІРЕЙІМОВ

мұғалім, №170 орта мектебі, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті

Қазіргі кездегі қоғамның ақпараттану жағдайында ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы адам өмірінің әртүрлі саласына біртіндеп өзгерістер енгізуде.

Қазақстан Республикасы орта білім жүйесін ақпараттандыру туралы мемлекеттік бағдарламасында «... ҚР дүниежүзінің дамыған елдері сияқты орта білім беру жүйесінен ақпараттандырудың жолына түсуі тиіс, яғни бірінші ақпараттық білім беретін желіге негізделген оқыту жүйесін жасау керек.» Осы тұжырым білім беру жүйесін ақпараттандырудың мақсаты болып табылады. Бұл бағдарламалардың міндеттерінің бірі – мектептерді компьютерлендіру.

Білім беруді ақпараттандыру – жаңа технологияны пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асырады. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жана білім беру өте қажет» деп, Ел басы атап көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны яғни компьютерді оқу үрдісінде онтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Ақпараттандыру ісі Қазақстанның білім беру жүйесінің даму жолына да ықпалын тигізуде. Ақпараттық технологияның қарқынды дамуына сәйкес электрондық оқыту деп аталатын оқытудың жаңа технологиясы қалыптасып нығая түсуде.

Бүгінгі таңда ақпараттық қамтамасыз ету жүйесіне аса мән бермейінше, білім берудің ақпараттық технологияларын, дәлірек айтқанда электрондық оқулық және бейнефильмдерді басқа да электрондық ба- сылымдарды қашықтан оқытудың спутниктері арнасы арқылы ендімейінше, кез-келген экономикалық, әлеуметтік саланың алға басыуы мүмкін емес.

Оқытуды компьютерлендіру қазіргі дидактика мен нақты әдіс-тәсілді дамытудың негізгі жолы болып қарастырылады. Қазіргі таңда барлық пәнді тек оқулық арқылы оқытып қана қоймай, компьютер арқылы оқушылар өз білімін шыңдауда.

Оқыту үрдісіне информациялық технологияны кең көлемде ендіру педагогикалық еңбектің тиімділігін жоғарылатып, әдіснамалық тәсілдердің арсеналының кеңейтуіне алып келді. Сондай-ақ оқушының танымдық іс-әрекеттері күшейіп, өзіндік жұмыстарды тез орындау мүмкіндіктері артады. Дыбыстық, графикалық, видео, мультимедия, гипертекстік элементтерімен қашықтан компьютерлік оқытудың мүмкіндігі пайда болды. Осылайша оқу құралдарының бірі – электрондық оқулық. Ол оқушыларды даралай оқытуда жаңа информацияларды жеткізуге, сондай-ақ игерілген білім мен біліктіліктерді тестік бақылауға арналған программалық құрал.

Электрондық оқыту – кешенді емес біртұтас, дидактикалық, әдістемелік, интерактивті бағдарламалық жүйе және ол оқу материалдарынан кездесетін қиындықтарды артта қалдырады әрі мультимедияның соңғы мүмкіндіктерін қолданып, ғылыми зерттеу әдістерін толықтырады.

Электрондық оқулық – бұл оқу курсының немесе оның тарауларының, бөлімдерінің және білім беруді басқаратын мемлекеттік органдар тағайындаған арнайы статусы бар осы түрдегі баспалардың жүйелі мазмұндамасын қамтитын электрондық оқу басылымы.

Тұжырымның ерекшелігі: баланың жеке қасиеттеріне қарай компьютерге бейімдеу; оқушының компьютер жұмысқа психологиялық жағынан бейімдеу;

Электрондық оқулықпен оқыту жүйесінің тиімді жақтары: сабақ соңында оқушылар алған білімдерін тест арқылы тексереді, қандай сұрақтарға жауап бергенін байқап, қатемен жұмыс жасайды; сыныптағы оқушыларды жұмыспен қамтамасыз етіп, оқушының белсенді қатысуын қадағалайды, белсенділігін оятуға түрткі болады, әр оқушы өзіне тән қарқынмен өз білімінің деңгейінде жұмыс жүргізеді, оқушы өз жұмысының нәтижесін көріп, өзін-өзі бағалайды.

Соңғы жылдары білім беруді компьютерлендіруде ақпараттық технология пайдалану туралы мәселеге баса назар аударылууда. “Қазіргі ақпараттық құралдар – бұл тек спутниктік және кабельдік телевидение, бейне және дыбыстық жүйелер, электрондық ойындар емес, сонымен бірге тілді оқытудың жаңа жүйесі, ерекшелігі және тәсілін атқаратын негізгі бағаты болып табылады (И.Г. Гальперин).

Осы мақсатты іске асыру барысында, яғни мемлекеттік тілді оқытуда мемлекеттік тіл кафедрасының оқытушылары пәнге деген қызығушылықты арттыру мақсатында дәстүрден тыс әдістер мен тәсілдерді іздеуде. Өйткені қызығушылық дегеніміз - үйренушілердің шығармашылық және ойлау қабілетін арттыруға септігін тигізетін ынталылық.

Ақпараттық қарым-қатынастық технологияларды енгізу және ақпараттық ортаны қалыптастыру еліміздегі білім беру жүйесінің түбірлі өзгерістеріне негіз болды.

Оқушыларға білім беруде жаңа оқыту технологияларын қолдану, инновациялық бағытта жұмыс жасау заман ағымына сай талап етілуде. Оқу үрдісінде компьютерді тиімді пайдалану және қолдану кейінгі жылдары айтарлықтай оң тәжірибе беріп отыр. Атап айтсақ, мектеп оқушыларының өз бетімен ізденісі пәнге деген қызығуын арттырып, шығармашылығын дамытуға, оқу қызметінің мәдениетін қалыптастыруға, дербес жұмыстарын ұйымдастыруға ерекше қолайлы жағдай туғызып отыр.



Сонымен қатар электрондық оқулықтарды сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмаларды орындайды. Әрбір оқушы таңдалған тақырып бойынша тапсырмалар орындап, тестілер шешіп, карта және сызбалармен жұмыс жасауға дағдыланады.

Электрондық оқулық арқылы түрлі суреттер, видеокөріністер, дыбыс және музыка тындытып көрсетуге болады. Бұл, әрине, мұғалімнің тақтаға жазып түсіндіргенін әлдеқайда тиімді әрі әсерлі. Менгерілуі қиын сабақтарды компьютердің көмегімен оқушыларға ұғындырса, жаңа тақырыпқа деген баланың құштарлығы оянады.

Білім беруді ақпараттандыру процесі пән мұғалімдеріне, әдіскерлерге, білім мекемелерін басқарушыларға жаңа ақпараттық технологияны өз қызметтеріне жан-жақты пайдалану саласына үлкен талап қояды. Ақпараттық – коммуникациялық технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға еңудегі сабақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие болып отыр. Білім беруді ақпараттандыру, білім салаларының барлық қызметіне ақпараттық технологияны енгізу және ұлттық модельді қалыптастыру қазақстандық білім беруді сапалы деңгейге көтерудің алғы шарты.

Ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол.

Заман ағымына қарай ақпараттық технологияларды қолдану айтарлықтай нәтижелер беруде. Кез келген сабақта электрондық оқулықты пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды.

Ақпараттық – коммуникациялық технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға еңудегі сабақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие болып отыр.

Әр мұғалім сабақ өткізген кезде оқушыларға сапалы білім беру үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып, сонымен қатар компьютерді, интерактивті тақтаны қолдану арқылы білім берсе, оқушылардың қызығушылығы арта түсері анық.

Осы жаңа технология стратегияларды интерактивті тақтадан енгізіп қойсақ, оқушылар шығып жауаптарын орындайды. Бұл сабақты алдын ала электронды оқулықтан көрсетіп, оқушылардың есте сақтауы бойынша орындатқан тиімді.

Сабақтың қызықты да түсінікті болуы мұғалімнің шеберлігі мен ізденімпаздығына тікелей байланысты.

Интернет желісінде жұмыс істеу де оқушыларымызға әлемдік білім мен ғылым жетістігінен хабардар болып, оны игеруіне шексіз мүмкіндіктер ашатыны хақ.

Қазіргі заманғы дамудың талаптарына лайық ақпараттық – компьютерлік технологияларсыз жоғарыда айтылғандарды шешу мүмкін емес.

Ақпараттық – коммуникациялық технологияны оқу тәрбие үрдісіндегі қолдану оқушының өз мамандығына қызығушылығын арттырып, шығармашылық шабытын шыңдап, ғылыми көзқарасын қалыптастырып, мамандық сапасын арттырып, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда үлесі мол.

Қазіргі кезеңдерде негізгі мәселелердің бірі – оқыту процесін де білім, тәрбие берудің пәрменділігін, білімнің тәрбиелік, тәрбиенің білімдік мәнін жоғары дәрежеге жеткізу болып табылады. Білім берудің кез келген саласында «Электрондық оқулықтарды» пайдалану оқушылардың танымдық белсенділіктерін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Әлі де білім беру саласында тек мұғалімнің айтқандарын немесе оқулықты пайдалану қазіргі заман талабын қанағаттандырмайды. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында электрондық оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес.

Оқушы өзін қоршаған ортаны барлық сезім мүшелері арқылы танып, біледі, алайда олардың қабылдауы әртүрлі. Ақпараттарды қабылдаудың негізгі арналары: есіту, көру және сезу болып табылады. Өзін қоршаған ортадан қабылдайтын мөлiмeттердiң 90 пайызын көру жүйесi арқылы, 9 пайызын есту жүйесi арқылы, тек 1 пайызын сезiм мүшелерiнiң көмегiмен қабылдайды. Көру жүйесi – есте сақтаудың түрлерi iшiнде жетiк, үздiк дамығаны. Педагог – психологтардың зерттеулерi бойынша берiлетiн бiлiм оқушының iшкi мұқтаждығымен сәйкес келмесе, онда оқу процесiнде қиындық туындайды. Тәжірибе тұрғысынан информатика пәнін алатын болсақ, компьютермен жұмыс істеу кезінде жаңа ұғымдармен таныс болмауынан және техника құралын бірінші рет пайдаланып отырғандықтан, оның мүмкіншілігі мен қажеттілігін білмеуі салдарынан

оқушылардың өздеріне деген сенімсіздігі туады. Оқушы білімінің сапалы болуы бір жағынан мұғалімнің сабақ беру шеберлігі мен жаңа технологияны тиімді пайдалана білуіне байланысты болса, екінші жағынан мектептің техникалық материалдық базасының жабықталуы да әсер етеді. Оқушының мектепте алған білімді тек игеріп қана қоюы жеткіліксіз, оны жетік меңгеру арқылы болашақ өмірінде өз қажеттілігіне жарата білуі керек. Соңғы кездері мақтебіміз сабаққа қажетті электрондық оқулықтармен, интерактивті тақтамен және мультимедиялық кабинеттермен жабықталды. Ақпараттық технологиялардың мүмкіндігі пайдаланып жасалынған электрондық баспа оқулығын пайдалану арқылы мұғалімдер мен оқушылардың өздігінен жұмыс жасай алады. Соңғы кезде білім берудегі жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланудың бағыттары табысты дамып келеді, сөйтіп оқыту процесіндегі ақпараттық технологияның жаңа құралдарын қолдана отырып, оқытудың тек қана формасы мен әдеісі өзгеріп қана қоймайды, жаңа басқару және оқу процесін қадағалау әдістерінің пайда болуына мүмкіндік туғызады.

## С.ТОРАЙҒЫРОВ ШЫҒАРАМАЛАРЫН ОҚИТУДЫҢ ТИМДІ ӘДІСТЕРІ

Қ.Қ. САПАТЕКОВА

«Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат»  
кешені» ММ, Павлодар қ.

“Сабақ беру үйреншікті жай шеберлік емес, ол үнемі жетілдіруді қажет ететін, үнемі жаңаны табатын өнер”,- деп Ж. Аймауытов айтқандай, сабақ беруді өнер деп бағалау тегін емес. Соның ішінде әдебиет сабағы – асыл өнер сабағы.

Бүгінгі таңда технологиялар өз қолдауларын тауып, оқу үрдісінде қолданылуда. Технология – бұл қандай да бір жұмысты, өнерді шеберлікпен іске асыру жиынтығы. Әдебиет сабақтарында сыни тұрғыдан ойлау технологиясы қолдануға ыңғайлы, былайша айтқанда, барша үшін қоғамдық маңызы мен мәні зор идеяларды игеруге болатын нақтылы әдістер және тәсілдер.

### Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз не?

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасы бойынша ол:  
- шындалған ойлау, кез келген даму деңгейіне байланысты мәселелерге сын көзбен қарау;  
- күрделі мәселелерді шешуге, аса маңызды, жауапты шешім қабылдауға құштарлық;  
- үйрету мен үйрену бірлігінің, үйренудің қызығушылығынан тұратын, үйренушінің сеніміне негізделген құрылым.

“Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту” технологиясы үш кезең бойынша қолданылады:

Қызығушылықты ояту;

Мағынаны тану;

Ой – толғансы.

Ең бастысы – оқу мотивациясы өзгереді, өз бетінше ізденуге ұмтылдырады, сабаққа қызығушылығы артып, балалардың белсенділігі өте жоғары болады.

Мысалы, С. Торайғыровтың «Қамар сұлу» романын талдау барысында әр оқушы өз ойын айтуға мүмкіндік алады.

### Топтық жұмыс:

а) оқушылар романды оқып, мазмұнымен танысады

ә) Романдағы көтерілген мәселе талқыланады.

1- топ:

1. Қамар кім?

2. Қамардың бақытсыздығы неде?

2-топ:

1. Омар неге Жорға Нұрымға Қамарды бермекші болып көнеді?

2. Қамар өз бақыты үшін күресе алады ма?

Талдау жұмыстарын, ең алдымен, оқушыларға романдағы басты оқиғаларды тапқызып, әрқайсысына тақырып бойынша сұрақ қойғызу арқылы бастаған тиімді. Оқушылардың өз бетімен ізденуін, белсенді түрде жұмыс істеуін көздеп, “осы оқиғадағы кейіпкерлер қандай іс-әрекет жасады” деген сұрақ беріледі. Бұл сұраққа жауапты балалар өз бетінше жеткізуге талаптанады және жұмыстарының нәтижесін дәптерлеріне жазып отырады.

«Талқылау» кестесі

Шығарманың тақырыбы	«Қамар сұлу» романы
Талқылау	
Негізгі кейіпкер	Қамар, Ахмет
Тақырып	Қазақ қыздарының теңсіздігі, тарих-әлеуметтік жағдай
Әрекет	Қамарды күшпен Жорға Нұрымның алып кетуі
Осы әрекетке итермелеген не нәрсе	Омар би мен Қалтан қажының Омардың келісімісіз уәде беруі
Жазалаушы тарап	Омар би, Қалтан қажы, Жорға Нұрым және бақсы-балгер
Олардың бойындағы қасиет	Қатаң, мейірімсіз, мансапқор
Шығарма қалай аяқталады?	Ахметтің соққыға жығылып, Нұрымға пышақ салуы. Нұрымның қашып құтылуы.

«Тұжырым» кестесі

Кейіпкердің аты	Іс-әрекет	Өмірге қызығушылығы	Кейіпкер әрекетіне баға
Қамар			
Ахмет			
Омар			
Жорға Нұрым			

Әр топ кесте бойынша дәуірге байланысты сипаттама береді:

Ескі әлем	Жаңа әлем
Сауатсыздық	
Жасы үлкен кісіге тұрмысқа шығу	
Дәстүрді сыйлау	
Қалың мал	
Әлеуметтік теңсіздік	
Қазақ қыздарының бас бостандығы	

«Миға шабуыл» әдісі арқылы «Шәкірт ойы» өлеңін талдау  
 Шәкірт нені армандады?  
 Елдің жүрегі неге мұздаған?  
 Ол неге жұлдыз емес, Күн болғысы келеді?  
 Топтастыру (оқушылар тақтаға жазды)  
 «Менің ойым» ой түйін жасау



Венн диаграммасы арқылы ортақ қасиетін табу



Сабақтарды қорытындылау кезеңінде «Егер мен автор болсам...», «Егер мен Қамардың орнында болсам, қиындықты былай жеңер едім» немесе «Егер мен жазушы болсам...» тақырыбында ойтолғау жаздыруға болады.

Инновациялық технологиялардың бірі – **ақпараттық технология**. Оқытудың ақпараттық технологиясы - ақпаратпен жұмыс жасау үшін қолданылатын арнайы тәсілдер, педагогикалық технологиялар, бағдарламалық және техникалық құралдар. Ақпараттандыру технологиясы арқылы заман талабынан сай сабақ берінің тиімділігі өте көп. Күнделікті сабаққа видео аудио қондырғыларды мен теледидарды, компьютерді, интерактивтік тақта мен мультимедиялық проекторларды пайдалану үлкен нәтижелер беретініне әр мұғалім өзі көз жеткізіп отыр. **Ойын технологиясы** – оқу-тәрбие міндеттерін шешуге бағытталған әртүрлі ойындарды көздейтін дидактикалық жүйелер. Ойын дегеніміз - жас ерекшелікке қарамайтын, адамның көңіл-күйін көтеретін, ойландыратын үрдіс. Ойын-төзімділікті, алғырттықты, тапқырлықты, ұқыптылықты, ізденпаздықты, іскерлікті, дүниетаным өрісінің көлемділігін, көп білуді, сондай-ақ басқа да толып жатқан сапалылық қасиеттердің қалыптастыруға үлкен мүмкіндігі бар педагогикалық тиімді әдістерінің бірі. Ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін оятып, танымдық қасиеттерін дамытады. Ойын - адамның өміртанымының алғашқы қадамы деп те айтуға болады. В.А. Сухомлинскийдің сөзімен айтар болсақ, «Ойынсыз ақыл ойдың қалыпты дамуы да жоқ» және болуы да мүмкін емес.

«Кім жазықты?» романымен толық танысып, мазмұнын меңгергеннен кейін, кейіпкерлермен жақын танысып, олардың іс – әрекеті арқылы мінез – құлқын ашу керек. Романның негізгі тақырыбы – әйел теңсіздігі, өз заманының әлеуметтік мәселесі. Ендеше, «Кім жазықты?» романы бойынша сот сабағын өткізуге болады.

- Сот –
- Халық кеңесшілері –
- Қорғаушы –
- Айыптаушы –
- Жазаланушы –
- Әйелдері –

- деп, оқушыларды рөлге бөлеміз.

Әдебиетті оқытудың мән-маңызы көркем туындыны оқыту, талдау, оқырмандық пікір қалыптастырумен ашылмақ. Көркем туындыны оқу бар да, талдау бар. Талдау оқуыс жүзеге аспайды

Тақырыптас шығармаларды қатар, салыстыра талдау. Бұл жұмысты ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиетіндегі әйелдер теңсіздігі мәселесі бойынша С. Торайғыровтың «Қамар сұлу» романы, М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы, М. Сералиннің «Гүлһашима» дастаны, С. Көбеевтің «Қалың мал» романдарын өткенде жүргізуге болады, яғни «Бір мәселе, бір тақырып: бірнеше шешім, үйлесім мен қайшылық» сұрағы төңірегінде мәселе қозғау. Сонда оқушы көркем шығарма табиғатын, оның өзегіндегі автор идеясын, онымен байланыста кейіпкер тағдырының әртүрлі шешілуін, суреткер түсінді. Кез-келген сабағын қызықты өткізу үшін ізденіс, жаңаға ұмтылу жұмысын жүргізу әрбір ұстаз үшін бұлжымас қағида. «Оқытып жүріп, өзіміз де үйренеміз» қағидасын ұстанған ұстаз үшін өзінің әрбір сабағы бірінші өзіне жаңалық болуы тиіс. Ұстаздың өзі – ізденуші. Сонда ғана өзі қызыққан ұстаз сабағын басқаларға да қызықты жеткізе алады деп ойлаймын. Әрбір сабақта озық технологияларды пайдаланып өткізу әрине жақсы нәтижелер береді. Ұстаз әр кез ізденуші бола білсе, өзі үшін білім жинақтайды, оқушы үшін сабақты қызықты ете алады.

## ДІНДІ ТҮЗЕУ- ЕЛДІ ТҮЗЕУ

Ж.Т. САРБАЛАЕВ, Е.Ж. САРБАЛАЕВ

С. Торайғыров атындағы ПМУ, ҚР ПМ ҚАЖК Павлодар заң колледжі

Ақынның дін түзету тақырыбын қаузайтын тағы бір туындысы – «Дүниеге көңілі қалғандықтан сөйлеген сөзі». Өкініштісі – оның да қағазға түскен жылы белгісіз екен. Құдайдың бергенін қанағат қылуды, өмір өткінішілігін айтудан өлең өткір сынға ұласып, қоғамға тікелей қатты тіс батырып, тобықтан қағумен жалғасады.

Ақыртып арыстандай шерді жығып,  
Үстіне ойнақтап жүр түлкі шығып.  
Қабанға қасқыр менен қалып тоғай,  
Жатақта арыстандар қалды бұғып [1,152-153-б].

Өлеңнің шындығы – ащы, сыны – салмақты, ауыр. Мәшһүр Жүсіптің мұндай сынға баруы бұл туындының беріректе, аласапыран заманның ар-жақ бер-жағында жазылғанын байқатады. Гегель: «Ақындық шығармашылық табиғатты тура көшіру емес. Поэзия, терең мағынасында шынайы, киелі, асыл өнер. Ақын барша құбылыстар мен заттардың негізін ұғып, түсінетін асқақ рухтың иесі»[2,190-б].-дейді. М.Жүсіпұлы көрген-білгенін, жиып-тергенін қорыта айтып, көркем бейне жасауға шебер ақын.

Біздіңше, «Дүниеге көңілі қалғандықтан сөйлеген сөзі» деген тақырып – Мәшһүр Жүсіптің өзі қойған ат емес. Алайда бұл – ол өмір сүрген заман сипатын дәл жеткізетін ату екені ақиқат.

Жүргеннің бәйтерексіз басы жекен,  
Төбеттер қойға жетпес, шалды бөкен.  
«Қарағай басын шортан шалды» деген,  
Осылай ойлап тұрсаң – заман екен [1,152-б].

Өткір сын. Ақын отаршылдық зардабын да жасырып қала алмаған. Ақыл емес, ақша билеген заман сипаты осындай.

Бір айта кетеріміз – біз түпнұсқадағы «Дәмелі осы күнде қаз бен жиктен (жіліктен)» деген жолдағы жикті де, жілікті де жасак деп есептеп, жек деп қолдандық. Өйткені осындай құс бар. Сауысқан қазға қоса бұл құстан да дәмелі болса, қисынға да, қазақ өмірі шындығына да келеді. Өйткені мәселе – ақынның көңілі қалуында емес, заманның жамандыққа қарай бейімделіп, сатармандық пен атармандыққа ауысып құбылуында. Ендеше ақын айтса айтқандай:

Ит дүние, карамайсың Құдайға сен!  
Тұрмайсың бір қалыпта бір айға сен.

Келесі өлең – нақ осы туындының тікелей жалғасындай. Аты – «Ит дүние». Тіпті заты да осындай шығар.

Ақынның өлеңіне осылай тақырып қоюының өзі талай нәрсені аңғартып тұр. Нақтылай түссек оның бұл жерде айтып тұрғаны – жарық өмір емес, мал-мүлік, байлық, теңге. Көп адамның оның рахатын көріп, ішіп-жемей, кимей – адасып, ақымақ болып жүргені де рас. Дау жоқ, байлық – көздің құрты. Тіпті адамдарды бір-біріне айла, арамдық жасатып, қырылыстырып қоятын да – осы дүние. Ал өлген күні далада қалатын осы боқ дүниеге билігін жүргізіп, қызметшісіне айналдырар адам сирек. Егер елдің көбі осы талаптан табылса, маңдай терімен тапқан дүниесінің пайдасын өзі де көріп, өзгелерге де пайдасын тигізсе – онда ит дүние деп ақын да айтпас еді, адамдар да бұған күл болмас еді. Сондықтан да, амал жоқ, Мәшһүр Жүсіптің айтқанына ден қоюға мәжбүрсің:

Бұл дүние жолдас емес адамзатқа,  
Кетеді қайта тастап жанған отқа [1,153-б].

Айтпақшы, ақынның осы «Дүниеге көңілі қалғандықтан сөйлеген сөзі» туындысына берілген бірінші том соңындағы түсінікте «Бұл жолы Мәшһүр Жүсіптің әдеуметтік мұрағаттағы жазбасы бойынша алынып, тек соңғы 4 шумақ сақталмауына байланысты Фазыл көшірмесінен толықтырылды» [3,395-б], – деп жазылыпты. Біздің байқауымызша, осы соңғы төрт шумақ бекер қосылған тәрізді. Себебі – біріншіден, осы 16 жол аталмыш томдықта іле-шала берілген «Ит дүние» деген өлеңде толайым қайталанып жүр. Сәл ғана өзгерістері бар, оның өзі екі түпнұсқаны оқудағы өзгешелікке байланысты болуы бек мүмкін. Екіншіден, бұл төрт шумақ кейінгі «Ит дүниеге» көбірек етәе тәрізді, өйткені оның бітімі алғашқы туындыдан гөрі кейінгі туындыға көбірек сәйкесетіні сезіледі. Бұған көз жеткізу үшін екі нұсқаны да оқып көрейік:

Бұл дүние жолдас емес адамзатқа,  
Кетеді қайта тастап жанған отқа.

Дүниенің жамандығын көзіне айтып,  
Ғазал қып бес-алты ауыз жаздым хатқа.

Бұл дүние қыларына тимек шырын,  
Аунасаң, кетіресің ердің түрін.  
Аулад адам жаралған барша жанды,  
Келесің бәрін тастап бірін-бірін.

Ойласам, дүние ісінде жоқ-ты сапа,  
Баршасын жолдасынның қылдың қапа.  
Бәрін де қарайғанның налытасың,  
Мақұл ма осының да, ей, би, опа?!

Ит дүние, карамайсың Құдайға сен,  
Тұрмайсың бір қалыпта орайға-ай сен.  
Басынан не ерлердің кештің желдей,  
Баяндап кімге тұрдың қуармай сен.

Бұл – «Ит дүниедегі» нұсқасы. Енді алдыңғы өлеңдегі нұсқаны алға тартайық.

Бұл дүние жолдас емес адамзатқа,  
Кетеді қайда тастап жанған отқа.  
Дүниенің жамандығын көзіне айтып,  
Ғазал(ды) бес-алты ауыз жаздым хатқа.

Бұл дүние заһарына тым-ақ шырын,  
Орнасын келтіресің ердің түрін.  
Әуелі Адам жаралған – барша жаннан,  
Келесің бәрін тастап бірін-бірін.

Ойласам, дүние ісінде жоқ дүр, опа,  
Бәрін де жолдасынның қылдың қапа.  
Бәрін де қарайғанның әуре ғып налытасың –  
Мақұл ма осының да, ей, би опа?!

Ит дүние, карамайсың Құдайға сен,  
Тұрмайсың бір қалыпта бір айға сен.

Көбейер кетер шақта сонан қастық,  
Келмейсің айыптап тарту бұлайға сен [1,152-153-б].

Енді салыстырып қарағанда бұларда түбегейлі айырма, өзгешелік жоқтығы көзге түседі. Бұл дүние мен бұл дүние, ғазал қып пен ғазал (ды) арасында бөлендей бөлектік жоқ екендігі байқалса, қалған тиісті тармақтарда бөлім түзетіп-жетілдіру, мағынасын нақтылай түсу орын алғандай. Өйткені қайда тастап-тан гөрі қайта тастап-тың, бірін-бірін-нен гөрі бірін-бірін-нің, тимек-мен гөрі тым-ақ-тың дұрыстығы білініп-ақ тұр. Аулар сөзінен гөрі әуелі сөзі көңілге қонымдырақ. Сондай-ақ «Ит дүниедегі» аяқтаудан гөрі «Дүниеге көңіл қалғандықтан...»-дағы түйіннің күштілігі, яғни дүние иттігінің қисынына көбірек тәндігі аңғарылады. Осыдан келіп ұқсас қос төрт шумақтың мықты, озық нұсқасын іріктеп алса да артық емес-ау деген ойдың тізгін тартары бар. Дүниені тану алдымен, өзінді танумен анықталады. Сондықтан алдымен адамның өз танымы, ішкі ой-санасы биік болғаны жөн. Жаратылыстың рухани байлығына жақын болуы керек.

Ежелден келе жатқан мифтік кейіпкерлердің бірі-шайтан. Ол зұлымдықтың басы, оттан жаралған, кез келген адамға көріне бермейді. “Шайтанлар иығына отын арқалап, айлы түн астында жүрген жас жігіт бейнесінде көрінген, шайтан жылғанға артынан шатырлап жарылған мұзға айналған сөттер де болған”[4,47-б]. “Шайтан барлық халықтардың түсінігінде “қорқынышты, үрей шақыратын, тылсым” субъект ретінде танымал.

Ақынның кезекті бір өлеңі – «Шайтанның досы» деп аталады. Ол – кім? Әрине, теріс жолға түскен шайтандықты жасаған адам. Сонда шайтандықтың өзі немене? Егер адам дүниені, қоршаған ортаны, қоғамды бес сезім: ақыл (сана) – бас, құлақ (есту), көз (көру), мұрын (иіс), тіл(дәм) арқылы таныр болса, мұны ақын әуелі осы өлеңінде де айтып алады, сол бесеуін дұрыс жолға бағыттап, өмірді дұрыс танып, дұрыс жүре білмесе, жеңілеткікке салынса, жалған пайым жасап, бөтуасыз істер жасаса, адамның онысы шайтанның жолына түсу болмай, не болмақ?!

Шайтан досының табар пайдасы не, өмірде шығар тұрғысы қандай?

«Құдай кешер әлі!» – деп күнә қылмақ,  
Ар кетіріп, ант ішіп, жан сатылмақ.  
Не жалғанда немесе ақыретте  
Оңалмастай өкпеден бір атылмақ [1,162-б].

Өлеңнің тұла бойында да, стиль-бағдарында да Абай үлгісі, сөз саптасы, ой тастасы жатыр. Абай М. Лермонтовтың “Демон” поэмасының алғашқы екі бөлімін “Шайтан” деп атаған. Абай шайтан ұғымына терен талдау береді. “Шайтан - құдайдың қуған жаны. Шайтанның шайтан атану себебі оның теңеспейтін теңдесі жоқ құдірет мүмкіндігіне күдік келтіруі. Теңдесі жоқ нәрсе - жалғыздық. Жалғыз болу Жаратушыға тең, әрі ол жалғыздықтың сыры да Жаратушы үшін мәлім, өзгелер үшін құпия. Шайтан болуға ынталы періште осы құпияға сол қозған. Сол әрекеті үшін лағнеттікке душар болған періште шайтанға айналған” [5,70-б.].

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мәшһүр Жүсіп. Шығармалары. 1 том, Павлодар, 2003.
2. Гегель.Г.В. Работы разных лет. В 2-х томах. - М.: 1972.
3. Қазақ шежіресі. / Материалды әзірлеген С. Дәуітов. – Алматы: Жалын, 1993.
4. Қазақ бақсы-балгерлері. А., 1993.
5. Мырзахметов М. Абай және шығыс. Алматы: Қазақстан, 1994.-208 б.

### РИСУНОК В ТВОРЧЕСТВЕ БУДУЩИХ АРХИТЕКТОРОВ И ДИЗАЙНЕРОВ

Д.Н. СЕЙТМОЛДИНОВ  
старший преподаватель, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Социальные и экономические изменения во всех областях жизни нашей страны, происходящие в последние годы, неизбежно затронули структуру и содержание системы образования.

Особенно изменился статус высшего образования. Главной ценностью высшего профессионального образования становится его социально-воспитывающая функция, ориентированная на подготовку высококомпетентного специалиста, понимающего перспективы развития современного общества. Но на данный момент реформирование системы образования и внедрение современных технологий влечет за собой целый ряд других взаимосвязанных проблем, и в основном эти проблемы реформирования не обходят стороной систему архитектурного образования нашей страны.

Внедрение современных информационных технологий существовавшую структуру профессиональной деятельности и в процесс подготовки специалистов, полностью изменили систему профессиональных ценностей архитекторов и дизайнеров.

Последние десять-двадцать лет компьютерные технологии потрясли всю проектную деятельность архитекторов и дизайнеров. Но в образованной среде архитекторов и дизайнеров, а также их проектной деятельности, компьютер должен рассматриваться вовсе не как инструмент подачи проектной идеи, а если и инструмент, то такой, роль которого можно сравнить с ролью типографского станка при изобретении книгопечатания.

С внедрением современных технических средств многие архитектурные школы пытаются полностью перейти на компьютерные технологии, и все больше слышны речи о снижении роли традиционных методов проектирования.

Конечно, в наше время процесс творческой деятельности архитектора не может не быть тесно связанным с компьютерной технологией. Однако новая плеяда современных архитекторов пытается полностью перейти на компьютерные технологии, рискуя при этом потерять навыки рукотворных изображений, значение которых не может заменить никакой технический прогресс. Большую цену приходится платить за отказ от архитектурного рисунка - как правило, “измельчением и оскудением самого архитектурного образа” [1].

Профессиональная деятельность архитектора и дизайнера во многом связана с умением разработки форм объектов архитектурной среды и организацией пространства средствами графического изображения. Одним из основных показателей компетентности специалиста является знание законов различных видов перспектив применяемые в разработке проектов и профессиональное владение арсеналом художественных средств – графики и проектной графики, композиций, светотени, цвета и колорита, пластики и динамики. Многовековой опыт преподавания искусства и художественного творчества показал, что основу этих знаний составляет рисунок.

Рисунок архитектора должен определяться не просто как средство профессиональной коммуникации или “язык” диалога архитектора - исполнителя - потребителя, а служить инструментом творческого процесса. Именно рисунком, но конечно не только им, всегда определялось развитие художественного замысла, начиная от зарождения идеи, с самых первых ее “записей”. Ясно, что

каждый вид художественного творчества имеет свой своеобразный язык, свои специфические особенности художественного выражения. В работе архитектора архитектурный рисунок - начало начал, поэтому совершенствование владения им с выработкой профессионального почерка аккумулирует общую культуру зодчего [1].

Архитектор и художник О.Г. Максимов в своей монографии отмечает что, если для живописца или художника-графика рисунок может быть самоцелью или конечным результатом работы, то в творчестве архитектора рисунок служит промежуточным этапом и является лишь подобным средством создания архитектурного проекта, который, в свою очередь, -- не что иное, как промежуточный этап на пути осуществления проекта в натуре. Но главное также в том, что постоянное и систематическое занятие рисунком (с натуры, по представлению, путевые зарисовки и пр.) способствует развитию склонности к логическому мышлению, острого активного и эмоционального видения мира. Рисунок является тем катализатором, который приводит в живое и плодотворное столкновение материал наблюдений и сферу теоретических обобщений, заставляя активизировать механизм творческого процесса [1].

Многими специалистами современности забывается, что рисунок – важнейший инструмент познания и развития пространственного представления, творческого воображения и художественно-образного мышления будущих архитекторов и дизайнеров.

О значений и смысле рисунка писали многие великие архитекторы, люди искусства. Выдающийся советский зодчий В.А. Веснин (1882-1950), уделявший много внимания образованию молодых архитекторов, писал: «Если писатель, поэт выражают свою мысль-образ словами, то архитектор изображает свои замыслы на бумаге графическим путем в рисунке, наброске, эскизе или чертеже...» и даже делал вывод: «Много идей остается не воплощенным из-за неспособности выразить их на бумаге. Отсюда совершенно ясно огромное значение рисунка и то направление, в котором следует вести этот предмет в архитектурных вузах» [2].

Содержание подготовки специалистов в области архитектуры и дизайна регламентируют соответствующие стандарты. В соответствии с содержанием стандарта специальности архитектура курс «Рисунок» является базовой дисциплиной обязательного компонента. Но в последнее время отмечается сильное сокращение часов на изучение данного курса, что требует кардинального изменения форм и методов преподавания дисциплины.

Например, в стандарте ГОСО РК 3.07.056-2001 года на изучение рисунка студентам специальности архитектура выделялась триста часов, и изучалась она пять семестров [3], а ГОСО РК 3.07.302-2006 года выделяет всего два кредита, что составляет девяносто часов и изучается всего один семестр на первом курсе. Содержание дисциплины по стандарту 2006 года рассматривает рисование геометрических тел с натуры, самостоятельное составление композиции из них, рисунок по заданным проекциям пространственно-организованной композиции с “птичьего полета”, рисунок элементов головы человека: череп, анатомическая голова, что не охватывает весь объем знаний, умений и навыков, необходимых в профессиональной деятельности будущего архитектора [4].

Если в государственном стандарте 2004 года специальности архитектура сократилась объем часов на изучение рисунка, то некоторые дисциплины художественного цикла как живопись и скульптура вовсе не нашли отражение в содержании подготовки данных специалистов.

Рисунок – одна из форм изобразительного искусства, имеющая в своем развитии тысячелетнюю историю, является обязательным предметом обучения во всех архитектурно – художественных вузах, школах художественного профиля. Несмотря на внедрения современных технических средств проектирования, непосредственная практическая работа в области изобразительного творчества необходима для будущих архитекторов, так как полученные практические навыки расширяют возможности в профессиональной деятельности. Сложно представить проектируемый объект или форму, не имея профессионального навыка выражения мысли объемно – пространственными методами подачи материала. Поэтому необходимо приобрести минимум практических навыков работы архитектурного рисунка.

В ходе выполнения заданий по рисунку на первом этапе основное внимание уделяется освоению графических приемов и материалов, развитию художественного творческого мышления. Целями занятий рисунком на следующем этапе является закрепление умений и навыков в изображении архитектурно пространственной среды изобразительными средствами рисунка и использования их в своих проектных работах.

Практическое освоение основ рисунка реализуется главным образом, рисованием с натуры, начиная от простых геометрических форм до такой сложной натуры, как человек и окружающая среда (архитектура и др.). Геометрические тела из гипса (кубы, призмы, цилиндры, конусы и шары) сами не являются произведениями искусства. Но они – первооснова сложных пластических форм,

архитектурных сооружений, производственных изделий, ландшафтно – архитектурной среды. В основе любой созданной природой или руками человека формы лежат элементарные геометрические тела, с изучения которых обычно начинается обучение искусству рисунка. Французский художник Поль Сезанн высказывал мнение, что все окружающие нас предметы описываются с помощью набора тех или иных простейших геометрических тел [5].

Если рассматривать требования к художественным навыкам выпускника архитектора и дизайнера, то он должен уметь изображать архитектурные и другие формы не только с натуры, но и по памяти, представлению и воображению.

Представление памяти – это воспроизведенные образы, воспринятых ранее предметов и явлений. Переконструирование образов может приводить к возникновению новых образов и новых идей. В связи с этим в заданиях в начальных этапах обучения рисунку можно выдавать по темам «Композиция из геометрических тел с заданной линией горизонта и заданной точкой восприятия» или «Композиция на основе архитектурной детали».

Заданиям по рисунку окружающей природной среды в учебном процессе вуза должно уделяться особое место. Через рисунок студент должен постичь гармонию естественного пейзажа, логику и целесообразность строения и развития природных форм, увидеть и познать эстетическую выразительность, совершенство растительных организмов, чтобы использовать результаты наблюдений и анализа в последующей учебной и практической деятельности [5]. Чтобы избежать скованности в рисунке архитектурной среды, полезно менять материалы. Заменяя карандаш, пером, маркером или применяя мягкие материалы (уголь, соус, сангина, пастель), мы значительно экономим время и получаем возможность передать форму другими выразительными средствами. Выбор материала и техники обычно подсказывает сама натура. Но данные аспекты не нашли отражение в содержании дисциплины рисунок государственного стандарта.

- 5) создание принципиально новых «обходных путей» развития познавательной сферы детей с особыми образовательными потребностями:
  - а) возможность одновременной отработки материала в различных знаковых системах (наглядная опора, текст, видеозапись, аудиозапись, устная речь, анимация)
  - б) работа над эмоционально-волевой стороной и личностью ребенка (мотивационно-положительная увлекательность, раскрепощенность и свобода при общении с героями компьютерных программ)
  - в) возможность воздействия на нарушенные анализаторы и функции через сохранные (клавиатура для слепых, визуализация информации для глухих)
- 6) преимущества базы данных:
  - а) хранение больших объемов и систематизация текстовой, видео-, аудиоинформации, анимации
  - б) удобство и мобильность управления
  - в) систематизация материала в соответствии с обучающей задачей
  - г) возможность пополнения хранимого материала
  - д) возможность предоставления материала в любом формате (текстовом, электронном)

Отсюда **цели и задачи** стоящие перед учителем - логопедом по теме, прямо взаимосвязанные и отражающие актуальные потребности обучения детей с нарушениями в умственном развитии на современном этапе.

- А именно:
- расширение понятий об окружающем мире
  - расширения словарного запаса учащихся
  - развитие фонематического восприятия
  - улучшение качества произносительной стороны речи.
  - совершенствование методов и приемов обучения речи и произношению детей с нарушением интеллекта.
  - использование современных технологий с целью активизации учебного процесса.
  - использования инновационных технологических средств с целью оптимизации учебного процесса.
  - совершенствование навыков самостоятельной работы.
  - развитие познавательного интереса к занятиям.



- развитие навыков самоконтроля и самовыражения.

Появление компьютера, активное применение его в учебной деятельности значительно экономит силы учителя при подготовке к уроку, ведь многие задания можно заранее выполнить на компьютере и в нужный момент продемонстрировать их для выполнения ученикам. Ранее приходилось готовить их в качестве раздаточного или демонстрационного материала для каждого ученика в отдельности.

Кроме того, благодаря высокой скорости обновления дидактического материала на экране значительно экономится время на уроке и появляется возможность получить лучший результат.

Также появление компьютерных технологий дает возможность провести многие занятия в игровой форме. Ведь, как показывает опыт, многие дети в первом классе не могут сразу же перестроиться на учебную деятельность, и их ведущей деятельностью остается игровая.

Таковы в настоящее время возможности использования компьютера в логопедическом кабинете.

Электронная техника и программное обеспечение постоянно развиваются, давая нам всё новые возможности для коррекции и развития речевых и познавательных способностей учеников, пробуждения у них пытливости и глубины ума, его гибкости и подвижности, логичности и доказательности.

Техническую поддержку логопеду оказывает соответствующий специалист в области информатики.

**Используемые в работе логопеда компьютерные развивающие игры и специальные логопедические программы:**

- «Учимся пользоваться мышкой и клавиатурой» из 3 частей. Знакомство с компьютером и работой на нём.

- «Лунтик. Подготовка к школе» - обучающая игра, созданная по мотивам анимационного фильма «Лунный гость». Это весёлое путешествие в красочный мир Лунтика и его друзей, в котором ребёнок научится считать, выучит алфавит и получит множество других полезных знаний.

- Логопедическая коррекционная программа «Игры для Тигры» предназначена для коррекции нарушений речи при стёртой форме дизартрии. Позволяет эффективно работать с другими нарушениями речи. С несколькими уровнями сложности для детей и взрослых.

- «Учимся говорить правильно» - замечательная логопедическая программа, позволяющая проводить коррекционную логопедическую работу по всем направлениям.

- «Моя жизнь» - специализированная компьютерная программа - пример технологии, поддерживающей целенаправленное социально-эмоциональное развитие детей (отношение к событиям жизни, изменчивость настроения, связь событий и настроений).

- «В городском дворе» - это пример технологии, обеспечивающей ребёнку возможность моделирования картин жизни городского двора на протяжении года. Экспериментирование с признаками погоды, природного мира, занятиями и одеждой детей, выявление их неразрывной связи, характера и границ изменений на протяжении каждого сезона года.

- «Мир за твоим окном» - формирование представлений об окружающей действительности, сезонных изменениях природы, всех структурных компонентов речи, кроме произношения (чтение, письмо, речь).

- Логопедическая программа «Развитие фонематического анализа и синтеза».

Область применения:

- коррекция фонетико-фонематических нарушений

- коррекция нарушений фонематического анализа и синтеза

- на этапе подготовки к обучению грамоте

- коррекция различных видов дисграфии

Имеет в своей структуре три типа упражнений:

1 – упражнения на наличие и место звука в слове

2 – упражнения на определение количества звуков в слове

3 – упражнения на определение последовательности звуков в слове

Содержит около 2-х тысяч картинок и звуковых файлов.

## ҚР ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ БОЛЖАМЫНЫҢ ЖАСАЛУ ҮРДІСІ

Ш.Ж. РАХМЕТУЛЛИНА, Ш.А. ТРУШЕВА, Г.А. ЕРКЕБАЕВА  
аға оқытушылар, «Менеджмент» кафедрасы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Нарықтық дағдарыстың әсерінен қоғамда туындаған әлеуметтік проблемалар әсіресе әлеуметтік жағдайлары нашар тұрғындар тобының арасында тепе-теңдіктің бұзылуын тіпті ушықтырып жіберді: өмір сүру деңгейінің төмендеуі, жұмыссыздық, тұрғындардың ел ішінде бір орыннан бір орынға қоныс аударуға мәжбүрлігі, қылмыстық жағдайлардың орын алуы, отбасы және неке институтының тарауы. Бүкіләлемдік дағдарыстың басталуымен бірге онсызда әлеуметтік қорғалмаған тұрғындардың өмір сүру деңгейлерін одан ары тұтыну бағасының көтерілуі және кірістің төмендеуіне байланысты тіпті құлдырап кетті. Жұмыссыздықтың өсуі қылмыстық даму үдерісіне әкеліп соқты.

Күрделі әлеуметтік-экономикалық жағдай неке және отбасы институтына да кері әсерін тигізуде. Өткен жылдармен салыстырғанда некеге отыру азайып, неке бұзылу жағдайлары өсіп барады. Тұрғылықты халықтың әлеуметтік қорғалмағал топтары азаматтық некеде тұруды қалайды, осыдан барып неке және отбасы институтынан тыс туылған балалардың жедел өсу қарқыны артады, әрине мұндай жағдай балалардың қалыпты дамуына және тәрбие алуына кері әсер етеді. Осындай жағдайларда мемлекетпен уақылы экономикалық және әлеуметтік бағдарламалар жасалады.

Бірінші орынға өмірдің ауыр жағдайларына төтеп беруге шамалары жетпеген, өздерін де және балаларын да дұрыс және жұғымды тамақтандыра алмайтын, балалардың дамуы мен тәрбиесіне қарай алмайтын, тұрмысы өте төмен тұрғындарды қорғау және демеу мақсаты ұсынылады. Дегенмен де осындай көмекке зәру тұрғындардың заң мәдениетінің мақұрым болуы септемі мемлекетпен кепілдендірілген ақшалай төлемдерді рәсімдеуге күштері жете бермейді. Осы зерттеулердің нәтижесінде тұрғылықты халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарына берілетін жәрдемақылар мен қызметтер туралы негізгі ақпараттар тізбесін белгіледі.

Әлеуметтік-экономикалық даму болжамы орталық мемлекеттік органдардың бес жылдық кезеге арналған Стратегиялық жоспарларын, үш жылдық кезеге арналған республикалық бюджетті әзірлеуге негіз болып табылады.

ҚР мемлекеттік болжауы мемлекеттік билік органдарының және елді дамыту процесіне өзге де қатысушылардың Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін арттыруға, азаматтардың әл-ауқатының өсуіне және ел қауіпсіздігін нығайтуға бағытталған қызметін қамтиды.

1-кестедегі мәліметтерге қарайтын болсақ, еліміздің бүгінгі күндегі жасалынып жатқан Әлеуметтік-экономикалық даму болжамы Қазақстан Республикасының стратегиялық даму жоспары, мемлекеттік бағдарламалар және Қазақстан Республикасы Президентінің жолдаулары ескеріле отырып, стратегиялық, экономикалық және бюджеттік жоспарлаудағы өзара байланысты орнату мақсатында мемлекеттік басқарудың орталық және жергілікті деңгейлерінде жыл сайын жылжымалы негізде бес жылдық кезеге әзірленеді.

Елдің әлеуметтік-экономикалық даму болжамының көрсеткіштерді

1 кесте

Елдің әлеуметтік-экономикалық даму болжамы төмендегі көрсеткіштерді қамтиды:		
Мемлекеттік басқарудың орталық деңгейінде – жылдар бойынша бөліп көрсете отырып, макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамын, әлеуметтік параметрлердің болжамын, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының үрдістерін, басымдықтарын, мақсатты индикаторлары мен көрсеткіштерін қамтиды;	Мемлекеттік басқарудың жергілікті деңгейінде – жылдар бойынша бөліп көрсете отырып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамын, үрдістерін, басымдықтарын, мақсатты индикаторлары мен көрсеткіштерін қамтиды;	Үш жылға арналған бюджет параметрлерінің болжамын қамтиды.

Республиканың әлеуметтік-экономикалық даму болжамын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган яғни ҚР Экономикалық даму және сауда министрлігі (Макроэкономикалық талдау және болжамдау департаменті) әзірлейді.

Республиканың әлеуметтік-экономикалық даму болжамын Қазақстан Республикасының Үкіметі мақұлдайды. Ал, өңірдің (7-кестеде көрсетілген) әлеуметтік-экономикалық даму болжамын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның жергілікті атқарушы органы мақұлдайды. Әлеуметтік-экономикалық даму болжамы Орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың бес жылдық кезеңге арналған стратегиялық жоспарларын, үш жылдық кезеңге арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді, аумақтардың даму бағдарламаларын әзірлеуге негіз болады.

2 кесте

Орталық деңгейінде әзірлетін әлеуметтік-экономикалық даму болжамы мен бюджет параметрлері болжамы бөлімдері

Мемлекеттік басқарудың орталық деңгейінде әзірлетін әлеуметтік-экономикалық даму болжамы мынадай бөлімдерден тұрады:	Бюджет параметрлерінің болжамы мынадай бөлімдерден тұрады:
экономикалық даму үрдістері;	-Қазақстан Республикасының салық-бюджет саясатының негізгі бағыттарын;
даму факторлары мен шарттары;	-мемлекеттік және республикалық бюджеттердің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, Қазақстан Республикасының шоғырландырылған бюджетінің болжамдары;
-ҚР әлеуметтік-экономикалық дамуының мақсатты индикаторлары;	-үш жылдық кезеңге арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың өкімшілері бойынша шығыстардың болжанатын көлемін қамтуы тиіс.
-экономикалық саясат және жылдар бойынша бөліп көрсете отырып, әлеуметтік-экономикалық дамудың болжамы;	
-бюджет параметрлерінің үш жылға арналған болжамы;	
-әлеуметтік-экономикалық даму және бюджет параметрлері негізгі көрсеткіштерінің болжамы.	

Мемлекеттік басқарудың жергілікті деңгейінде әзірлетін әлеуметтік-экономикалық дамудың болжамы мынадай негізгі бөлімдерден тұрады:

- экономикалық даму үрдістері;
  - экономиканың даму факторлары мен шарттары;
  - мақсатты индикаторлар мен жылдар бойынша бөліп көрсете отырып, әлеуметтік-экономикалық даму болжамы;
  - бюджет параметрлерінің үш жылға арналған болжамы;
  - әлеуметтік-экономикалық даму және бюджет параметрлері негізгі көрсеткіштерінің болжамы.
- Бюджет параметрлерінің болжамы:
- бюджет саясатының негізгі бағыттарын;
  - тиісті жергілікті бюджеттердің болжамын;
  - үш жылдық кезеңге арналған жергілікті бюджеттік бағдарламалардың өкімшілері бойынша шығыстардың болжанатын көлемін қамтуы тиіс.

Жоспарлы кезеңнің екінші және үшінші жылдарына (8-ші және 9-кестелерде) арналған бюджет параметрлерінің болжамы индикативтік сипатта болады және әлеуметтік-экономикалық даму болжамының өзгерістері, бюджет мониторингі және нәтижелерді бағалау, басқа да ішкі және сыртқы факторлар ескеріле отырып, бюджет параметрлерінің кезекті жоспарлы кезеңге арналған болжамын әзірлеу кезінде нақтылануы мүмкін.

ҚР орталық уәкілетті органының әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу кезендері

**Республиканың әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу екі кезеңде жүзеге асырылады.**

Бірінші кезеңде, республиканың әлеуметтік-экономикалық даму болжамының жобасын әзірлеу жүзеге асырылады:

- орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдар жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 15 наурызынан кешіктірмей мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға көрсеткіштер болжамын және әлеуметтік-экономикалық даму болжамының бөлімдері құрылымына, көрсеткіштерінің нысандары мен тізбесіне сәйкес республиканың әлеуметтік-экономикалық даму болжамының бөлімдеріне ұсыныстар береді;
- мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдардан алынған ақпарат негізінде республиканың әлеуметтік-экономикалық даму болжамының жобасын әзірлейді және жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 15 сәуірінен кешіктірмей ұсыныстарды әзірлеу үшін Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізеді;
- мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бірінші кезеңде Республикалық бюджет комиссиясының ұсыныстары ескеріле отырып, пысықталған республиканың әлеуметтік-экономикалық даму болжамының жобасын орталық және жергілікті атқарушы органдарға, өзге де мемлекеттік органдарға жібереді.

Тұрғындардың қазіргі өмір деңгейлері әсіресе ауылдық жерлерде сапалы өмірге кепілдік бермейді. Қазіргі таңда адамдардың еңбек ақылары мен табыстары қоғамдық қажетті тауарлар мен қызметтерді толық тұтынуға жеткіліксіз. Әсіресе экономика салаларындағы еңбек ақының тым аздығы өзінің ынталандырушы қасиеттерін жоғалтты. Әлеуметтік және қоғамдық игіліктерді тұтынуға табыстың жіктелімі күрделеніп барады. Медициналық және жалпы білім алу қызметтерінің сапасы мен қол жетілімі төмендеді. Тұрғындардың төрттен бір бөлігі кедейшілік шегінде тұр.

Екінші, кезеңде республиканың әлеуметтік-экономикалық даму болжамының жобасы көрсеткіштерінің болжамы мен бөлімдерін нақтылау жүзеге асырылады:

- жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың маусымында мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган орталық және жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ өзге де мемлекеттік органдардың қатысуымен республиканың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің болжамын нақтылауды жүргізеді;
- орталық және жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ өзге де мемлекеттік органдар, республиканың әлеуметтік-экономикалық даму болжамы бөлімдерінің құрылымына, көрсеткіштердің нысандары мен тізбесіне сәйкес жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 15 маусымынан кешіктірмей мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға республиканың әлеуметтік-экономикалық даму болжамының бөлімдеріне нақтыланған көрсеткіштер болжамы мен ақпаратты ұсынады;
- мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган орталық және жергілікті атқарушы органдардан, сондай-ақ өзге де мемлекеттік органдардан алынған ақпараттың негізінде республиканың әлеуметтік-экономикалық даму болжамының жобасын пысықтайды және жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 1 тамызынан кешіктірмей оны Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізеді;
- Республикалық бюджет комиссиясының қарауынан кейін республиканың әлеуметтік-экономикалық даму болжамының жобасы жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 15 тамызынан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізіледі;
- республиканың әлеуметтік-экономикалық даму болжамының жобасын жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 1 қыркүйегінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметі мақұлдайды және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы тиіс.

3 кесте

ҚР әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеуге негіз болатын көрсеткіштерді тапсыратын орталық атқарушы органдар тізімі

ҚР орталық атқарушы органдары		Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган
1	2	3
1	ҚР Ішкі істер министрлігі	
2	ҚР Индустрия және технологиялар министрлігі	
3	ҚР Денсаулық сақтау министрлігі	

4	ҚР Сыртқы істер министрлігі	ҚР Экономикалық даму және сауда министрлігі (Макро-экономикалық талдау және болжамдау департаменті)
5	ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі	
6	ҚР Білім және ғылым министрлігі	
7	ҚР Қорғаныс министрлігі	
8	ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі	
9	ҚРАуыл шарушылығы министрлігі	
10	ҚР Көлік және коммуникация министрлігі	
11	ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	
12	ҚР Қаржы министрлігі	
13	ҚР Мұнай және газ министрлігі	
14	ҚР Экономикалық даму және сауда министрлігі	
15	ҚР Әділет министрлігі	
16	ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі	

Республиканың және өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамды параметрлерін есептеу үшін қажетті нысандар мен көрсеткіштер тізімі Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда министрлігіне тапсырылады.

Орталық атқарушы органдар көрсетілген ережеге сәйкес көрсеткіштер болжамын Экономикалық даму және сауда министрлігі даярлаған қосымшаларға сәйкес, белгіленген уақыттарда тапсырылуы тиіс.

Экономикалық даму және сауда министрлігінің құрылымдық бөлімшелері республиканың әлеуметтік-экономикалық даму болжамының бөлімдері мен көрсеткіштеріне ақпаратты Макроэкономикалық талдау және болжамдау департаментіне тапсырады.

### ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ БОЛЖАМ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІНІҢ ЖІКТЕЛУІ

Ш.Ж. РАХМЕТУЛЛИНА., Ш.А. ТРУШЕВА., Г.А. ЕРКЕБАЕВА

аға оқытушылар, «Менеджмент» кафедрасы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазіргі кезде, ғалымдардың бағасы бойынша экономикалық болжам жасаудың 150-ге жуық әдісі бар. Іс жүзінде соның 15-20 шақтысы ең негізгі әдістер ретінде қолданылады. Сыртқы белгісіне сәйкес, болжау әдістерін екі топқа бөлуге болады: интуициялық әдістер (эксперттік баға әдістері) және математикалық әдістер. Интуициялық әдістер, (эксперттік баға әдістері) екі топқа бөлінеді: дербес эксперттік баға беру және коллективтік эксперттік баға беру әдістері. Бірінші топқа: интервью (сұхбат) жүргізу; логикалық анализ жасау; сценарий құру әдістері жатады. Екінші топқа: комиссия құру; коллективтік идеяны жинақтау («дөңгелек стол») және «Дельфи» әдісі кіреді. Математикалық әдістер де екі топқа бөлінеді: экстрополяциялық әдістер және модельдер құру әдістері. Бірінші топқа ең кіші квадраттар; экспоненциялық түзеу; тұрақсыз орташа көрсеткіштер әдістері енеді. Екінші топқа құрылымдық модельдер, матрицалық модельдер әдістері жатады.

Болжамдар стратегиялық жоспарларды жүзеге асыруда шешілетін мақсаттар мен міндеттерге байланысты топтастырылады.

Ауқымы бойынша болжамдар келесідей бөлінеді:

- макроэкономикалық (ұлттық экономиканың жалпы алғандағы дамуы) және құрылымдық (салааралық және аймақаралық) болжамдар;
- ұлттық экономиканың жеке кешендерінің дамуының болжамдары (отын-энергетикалық, агроөнеркәсіптік, инвестициялық, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымдар, қаржы-несиелік ж.т.б.);
- салалық және аймақтық болжамдар;
- шаруашылық субъектілердің және олардың ассоциацияларының қызметінің, сонымен қатар жеке өндірістер мен өнімдердің болжамдары.

Шешілетін мәселелердің сипаты мен уақытына қарай болжамдар келесідей бөлінеді:

- стратегиялық және тактикалық, стратегиялық болжамдардың мақсаты болып орта мерзімді

және одан аса болашақта басқарылатын объектілерді қалыптастырудың маңызды сипаттамаларын (параметрлерін) алдын ала көру табылады;

- оперативті. Оперативті болжамдар ағымдағы қызметте және қысқа мерзімді болашақта стратегиялық болжамдардың нақты мәселелерін шешу бойынша мүмкіндіктерді анықтауға бағытталған (мерзімі 1 айға дейін);
- қысқа мерзімді (1 айдан 1 жылға дейін);
- орта мерзімді (1-5 жылға дейін);
- ұзақ мерзімді (5 жылдан 15-20 жылға дейін);
- аса ұзақ мерзімді (15-20 жылдан аса).

Функционалды белгісі бойынша (болжау бағыттары бойынша) болжамдар екі түрпатқа бөлінеді:

- ізденістік (генетикалық) болжам зерттелінетін объектінің өткен және қазіргі уақытта даму қарқындарын болашақта шартты түрде жалғастыруға негізделген және осы қарқындарды өзгертуге қабілетті шарттардан (факторлардан) ауытқиды. Ізденістік болжам болжау объектісінің болашақ жағдайын анықтау кезінде оның өткен және қазіргі жағдайын негізге алады;
- нормативтік (темологиялық) болжам ізденістік болжамға қарағанда алдын ала белгіленген мақсаттар негізінде жасалады. Оның міндеті – болжау объектісінің болашақта мақсаттар ретінде қабылданатын мүмкін жағдайларына қол жеткізудің жолдары мен мерзімдерін анықтау. Нормативтік болжам болашақтан қазіргі уақыт бағытында жасалады.



І сурет - Болжау әдістерінің жіктелу сұлбасы

Болжамдардың негізгі параметрлері:

- болжамның дұрыстығы – берілген сенімді интервал үшін болжамды жүзеге асыру ықтималдылығын бағалау;
- болжам қатесінің қайнар көзі – болжам қатесінің пайда болуын шарттайтын фактор;
- болжамның негізделуі – бастапқы мәліметтер мен әдістердің болжам объектісі, мақсаттары, міндеттеріне сәйкес келу дәрежесі;
- болжам қатесі – болжам объектісінің нақты жағдайынан және оны жүзеге асыру жолдары мен мерзімдерінің болжам ауытқуларының апостериорлы мөлшері (латынша posteriori – кейінгісінен, ал anteriori – алдыңғысынан);
- болжамды негіздеу кезеңі – ретроспекция құрылуының негізі болып табылатын уақыт аралығы;
- әрекет ету мерзімі – қазіргі уақыттан болашаққа дейінгі уақыт аралығы. Бұл аралыққа болжам жасалады;
- болжамды көкжиек – болжамның максималды мүмкін әрекет ету кезеңі;
- болжамның дәлдігі – болжамның жүзеге асыру мүмкіндігі үшін болжамның сенімді аралығын бағалау;

Болжау кезендері:  
 Болжау үдерісі сегіз кезеңнен тұрады:  
 а) болжауға дейінгі бағдарлану – болжам тапсырмасын жасауға дейінгі жұмыстардың жиынтығы және ол келесілерден тұрады:  
 1) объектті анықтау;  
 2) болжау мақсаттары мен міндеттері;  
 3) негізделу кезеңі;  
 4) болжамның әрекет ету кезеңі;  
 ә) болжам тапсырмасын жасау, яғни болжамның мақсаттары мен міндеттерін анықтайтын және оның жасалу тәртібін белгілейтін құжатты жасау;  
 б) болжамды ретроспекция – жүйелілік сипаттаманы беру үшін болжау объектісі мен болжау өрісінің даму тарихын зерттеу;  
 в) болжамды диагноз – даму үрдістерін анықтау және болжау үлгілері мен әдістерін тандау мақсатында болжау объектісі мен болжау өрісінің жүйеленген сипаттамасын зерттеу;  
 г) болжамды проспекция – болжамды диагноз нәтижелері бойынша болжамды жасау;  
 д) болжам верификациясы – болжамның дұрыстығы мен дәлдігін бағалау немесе оның негізделуін тексеру;  
 е) болжамды түзету – болжам верификациясы және/немесе қосымша мәліметтер негізінде болжамды түзету;  
 ж) болжамдар синтезі – жүйелік болжамды жасау.  
 Болжамдар түрлері мен олардың бағдарлануы  
 Әр түрлі жіктелім белгілері бойынша болжамдар түрлерінің топтамасы 1-кестеде және 1-суретте көрсетілген. Төмендегі кесте жалпы негізгі болжам топтамаларының түрлері бойынша жасалынған.

Болжам түрлерінің негізгі топтамасы

Жіктелім белгісі	Болжам түрі	Түсініктеме (болжамның мазмұны)
1	2	3
Болжам мазмұны	Ізденістік	Болжаудың мазмұны: - болашақтағы болжау объектісінің мүмкін жағдайларын анықтау;
	Нормативті	- мүмкін жағдайларға (мақсаттар ретінде қабылданатын) жету жолдары мен мерзімдері
	Кешенді	-ізденістік және нормативті болжамдар элементтерін біріктіретін болжам
Көрініс табатын қасиеттердің сипаты	Сандық	Болжам келесілерге негізделеді: - сандық көрсеткіштерге;
	Сапалық	- сапалық көрсеткіштерге;
	Жүйелік	- болжау объектісін жүйелі түрде көрсетуге.
Нәтижені көрсету дискреттілігі	Мерзімді	Болжам нәтижесі келесі түрде болады: - болжамның жүзеге асырылу мүмкіндігі үшін болжау объект сипаттамасының сенімді аралығы
	Нүктелік	- сенімді аралық көрсетілмеген болжау объект сипаттамасының жалғыз мәні
Әрекет ету кезеңі	Жедел	Болжау объектісі үшін болжамның әрекет ету кезендері келесі: - 1 айға дейін;
	Қысқа мерзімді	- 1 айдан 1 жылға дейін;
	Орта мерзімді	- 1 жылдан 5 жылға дейін;
	Ұзақ мерзімді	- 5 жылдан 15 жылға дейін;
	Аса ұзақ мерзімді	- 15 жылдан жоғары.

Болжанатын сипаттамалардың саны	Бір өлшемді	Болжам келесіден тұрады: - болжау объектісінің бір сандық немесе сапалық сипаттамасынан;
	Көп өлшемді	- болжау объектісінің бірнеше сандық немесе сапалық сипаттамаларынан;
Мемлекет аралы	жергілікті	Болжам келесі объектілер үшін жасалады: - берілген мемлекет аймағының бөлігі;
	аймақтық	- берілген мемлекет аймағы;
	аймақаралық	- берілген мемлекеттің бірнеше аймақтары;
	мемлекеттік	- жалпы мемлекет;
	мемлекет аралық	- бірнеше мемлекет;
Халық шаруашылығының құрылымы	ғаламдық	- жалпы Жер және Адамзат үшін.
	салалық	Болжам келесілерге жатады: - қандай да бір салаға;
	салааралық	- бірнеше салаларға;
	территориалды-өндірістік	- территориалды-өндірістік құрылымдарға.



2 сурет - Болжау әдістерінің жіктелу сұлбасы

Болжау әдісі – болжамды жасауға бағытталған болжау объектісін зерттеу тәсілі. Болжау әдістемесі – нақты объектілердің болжамдарын жасау әдістері мен ережелерінің жиынтығы.

## ТУБЕРКУЛЕЗ И ВИРУСНЫЕ ГЕПАТИТЫ

Н.П. ТЮМЕНЕВА

заведующая, терапевтическое отделение с множественной лекарственной устойчивостью туберкулеза, г. Павлодар

Ж.К. КАРТБАГАНБЕТОВА

заместитель главного врача, служба контроля качества медицинской помощи, областной противотуберкулезный диспансер, г. Павлодар

Р.Ш. АСАНБАЕВА

врач эксперт, служба контроля качества медицинской помощи, областной противотуберкулезный диспансер, г. Павлодар

Туберкулез остается серьезной глобальной проблемой современности. Несмотря на огромный опыт человечество в борьбе с ним, ежегодно в мире регистрируются новые случаи заболевания и умершие от него. Бремя туберкулеза неразрывно связано не только с огромными нагрузками на систему здравоохранения, но и потерями в экономике страны, поскольку в основном туберкулез поражает трудоспособное население.

Заболеваемость вирусными гепатитами среди больных туберкулезом в 8-9 раз выше, чем среди остального населения, так как выявляются чаще у людей, ведущих асоциальный образ жизни, принимающих инъекционные наркотики - а это основной путь передачи вируса.

В настоящее время существует несколько видов вирусных гепатитов: А, В, С, D, Е, с различными путями передачи, основные из которых половой и парентеральный (в том числе инъекционный). Больные с данной микст-инфекцией составляют 10-12 % среди больных туберкулезом. Специфические маркеры гепатитов в сыворотке крови больных туберкулезом определяются в 10-25 раз чаще, чем у населения в целом.

Отмечается повсеместный рост сочетанного течения туберкулезной и вирусной инфекции как в туберкулезных стационарах, так и вне их. Проблема сочетания туберкулеза и вирусных гепатитов является в определенной степени и социальной, т.к. данная патология в 4,3 раза чаще встречается у социально дезадаптированных людей. Наличие у больных туберкулезом гепатита В и С нередко существенно усугубляет их состояние, вынуждая врача вносить коррективы в тактику противотуберкулезного лечения.

Общей особенностью противотуберкулезной терапии при данных заболеваниях являются в 4 раза более частое развитие и значительно более тяжелое течение медикаментозных гепатотоксических реакций с закономерно более существенным повреждением органов гепатобилиарной системы, чем у неинфицированных вирусными гепатитами больных. Это обусловлено суммационным эффектом неблагоприятного влияния вирусной инфекции и противотуберкулезных препаратов, поэтому сложность лечения туберкулеза заключается во внесении коррективов в лечение противотуберкулезными препаратами при нарастании печеночных ферментов (АЛТ, АСТ), билирубина, а часто и временных отменах препаратов при повышении уровня ферментов более чем в 5 раз, т.к. существует риск развития печеночной комы и неминуемо - смерти.

За период с июня 2010 года по июнь 2012 года нами была обследована группа из 30-ти больных с микст - инфекцией, из них 8 больных были с гепатитом В, 9 больных - с гепатитом С и 13 больных - В + С, большая часть - 22 больных (73 %) с впервые выявленным туберкулезом.

В сравнении с больными туберкулезом без сопутствующих заболеваний, у больных с вирусными гепатитами в процессе лечения появлялись осложнения со стороны гепато - билиарной системы.

Из данной когорты больных от начала лечения до его завершения однократно противотуберкулезные препараты отменяли 16 - ти больным, что составило 53,3 %, 2 и более раз отменяли препараты 8 больным (26,6 %), 2 больными или 6,6 % были сняты с лечения из-за токсического гепатита на фоне приема препаратов второго ряда, причем 10-ти больным препараты пипразинамид и протинамид были исключены из схемы лечения из-за гепато-токсического действия, 4 больные завершили лечение без отмены препаратов с транзиторным повышением печеночных ферментов, но без клинических проявлений.

Таким образом, из 30-ти больных, завершивших лечение, 23 больных завершили лечение успешно (76,6 %), 7 больных завершили с « неудачей лечения» (23,4 %), в том числе 2 были сняты с лечения из-за токсического гепатита.

## Выводы

1. Больные туберкулезом и вирусными гепатитами представляют тяжелый контингент, требующий постоянного совместного наблюдения и лечения как у фтизиатра, так у инфекциониста.
2. Необходимо рекомендовать инфекционистам направление всех взятых на учет больных с вирусным гепатитом на флюорообследование органов грудной клетки.
3. Эффективность лечения туберкулеза напрямую зависит от наличия или отсутствия микст - инфекций.

## ЛИТЕРАТУРА

1. научно – практический журнал « Фтизиопульмонология», № 2 , 2011 г. с.142, автор Пономарева Н.Д.
2. Сборник научных статей по проблемам туберкулеза с МЛУ, выпуск 1, 2010 г. с.15-16, автор Иванова З.И.

## ҚҰЗЫРЕТТІЛІК – ШЫҒАРМАШЫЛ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ НЕГІЗДЕРІНІҢ БІРІ

Ф. ӨТЕНИЯЗОВА

мұғалім, №170 орта мектебі, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту» деп атап көрсетілген. Аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тиімді пайдалану секілді мәселелерді анықтап алу, білім беру жүйесіндегі басты ұстаным ретінде әркімнің өзінің білім алуға деген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін дамытуға қамтамасыз етуді көздейді.

Қоғамдық дамудың қазіргі үрдісі өзінің іс-әрекетін тиімді жоспарлай алатын, танымдық қызметінде алынған білімді орынды пайдалана білетін, түпкі нәтижеге жету үшін әр түрлі топтардағы адамдармен тиімді қарым-қатынас диалогіне түсе алатын білімді тұлғаны тәрбелеу мәселесін қойып отыр.

Сапалы білім алған, танымдылығы жоғары, құзыретті, бәсекелестіктің қайсыбір мықты тегеурініне төтеп бере алатын оқушылар ғана болашақтың кілтін аша алады. Еліміздің жаһандық дүниеде даралануы білімді, жігерлі, ұлттық санасы рухани бай жас ұрпақ арқылы іске асады.

Осындай ұрпақ тәрбиелеуде қазақ тілін оқытудың мақсаты:

- Қазақ тілінде сөйлей (ойын жеткізе) алатын тұлға – тілдік тұлға;
- Қазақ тілінде дiтiн орындата алатын тұлға – коммуникативтік тұлға;
- Қазақ тілінде ойлайтын, қазақ мәдениетін меңгерген тұлға – тілдік-мәдени тұлға тәрбиелеу.

Бүгінгі таңда жалпы орта білім беруді жетілдірудің негізінде құзыреттілік тәсілді алу ұсынылып жүр. Қазақстан Республикасы 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында да білімге бағытталған мазмұнды құзыреттілік, яғни нәтижеге бағдарланған білім мазмұнына алмастыру қажеттілігі көрсетілген.

Құзыреттілік ұғымы «білім», «білік» және «дағды» (ББД) сияқты ұғымдарды қамтиды. Бірақ бұл ББД-ның жанаша жай ғана жиынтығы емес. Құзыреттілік оқыту нәтижесін (білім және білік) ғана емес, сонымен бірге ол оқушылардың шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі мен құндылық бағдарларының жүйесін де көрсетеді. Құзыреттілік – бұл алынған білімдер мен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі. Ол, ең әуелі мектептегі оқыту үрдісінде қалыптасады. Сонымен, оқытудағы құзыреттілік тәсіл білім беру нәтижесі ретіндегі оқыту сапасын қамтамасыз етеді, ал ол өз кезегінде кешенді әдіс-тәсілдерді жүзеге асыруды, мектептегі оқыту сапасын бағалаудың біртұтас жүйесін құруды талап етеді. Демек «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарын мектептегі педагогикалық тәрбиеге енгізу білім берудің мазмұны мен әдістерін өзгертуді, іс-әрекет түрлерін нақтылауды талап етеді.

Құзыреттілік тәсіл бірінші орынға оқушының хабардарлығын емес, нақты құбылыстарды танып білу мен түсінуді; қазіргі заманғы техника мен технологияны игеруде; практикалық өмірде; мамандық

таңдау кезінде өзінің кәсібі білім алуға дайындығын бағалауда; еңбек нарығын бағдарлау қажет болғанда; өмірден өз орнын анықтауға; өмір сәтін, кикілжіңдерді шешу тәсілдерін таңдауға байланысты мәселелерді шешу қажет болғанда туындайтын өмірлік мәні бар мәселелерді шешу біліктілігін шығарады.

Б. Тұрғанбаева: «Құзырлыққа бағытталған оқыту үрдісінде тәжірибелік жолмен мәселені шешу мүмкіндігі молайды. Осы жағдай біліктілікті арттырудағы екінші үлгіге көшірудің негізі бола алады.»

К. Құдайбергенова: Тұлға құзырлығын қалыптастыру жолдары:

- білім беру жүйесіндегі жүйеге кіретін бала жүйеден шыққанда түлек болады;
- тұлғаның ұжымға енуі арқылы әлеуметтік-психологиялық сипаты көрінеді, - деп

тұжырымдайды.

Құзыреттілік тәсіл білімдік парадигмадан біртіндеп мектеп бітірушінің қазіргі көпфакторлы әлеуметтік-саяси, нарықтық-экономикалық, коммуникациялық және ақпараттық қаныққан кеңістік жағдайында тіршілік ету қабілетін көрсететін құзыреттер кешенін игеруге жағдай жасау дағдыларын қалыптастыруға қарай бет бұруды білдіреді.

Ғалымдар білім берудегі құзыреттілік тәсілді жүзеге асырудың төрт аспектісін ажыратады:

- түйінді құзыреттер;
- жалпыланған пәндік біліктіліктер;
- қолданбалы пәндік біліктіліктер;
- өмірлік дағдылар;

Бұл төрт бағыттың бәрі біздің мектептер үшін өте қажет. Бұлардың әрқайсысын орындау мектеп түлектерінің құзыреттіліктерін, олардың мектеп бітіргеннен кейін жұмысқа дайындығын арттыруға себептесетін болады.

«Құзырлық», «құзыр» ұғымдарының қолданыстағы білім, білік, дағдыдан айырмасы төмендегідей ажыратылады:

А) білімнен айырмасы – қызмет жөніндегі ақпараттық сипатта емес, өнімді қызмет формасы түрінде байқалады.

Ә) дағдыдан айырмасы – оқыған материалды топтастыра, құбылыстарды, заңдылықтарды шығармашылықпен пайдалана отырып өзгерте алатын саналы қызмет.

Б) біліктіліктен айырмасы – дағдыға автоматты түрде жету немесе алмастыру емес, керісінше бірнеше пән дағдыларын кіріктіру, жалпы қызмет негіздерін сезіну.

Қазіргі кездегі білім берудегі мұғалімнің мақсаты білім мазмұнын игеруге және оны өзінің жеке білімдік капиталына енгізуге арналған ақпараттық ортадағы берілген мүмкіндіктерді қолдану болып саналады. Мына заманда біздің оқушылардың алдына қойылатын талаптар да күннен-күнге, жылдан-жылға өсуде. Заман талабы оқушылардың бойында түйінді құзыреттіліктерді қалыптастыру болып табылады.

Білім беру жүйесінде оқушының бойында коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруда ақпараттық-коммуникативтік технологияның рөлі ерекше. Бұл технологияны қолдану оқушылардың қызығушылығы мен белсенділігін және жұмыс істеу шеберлігі мен қабілеттіліктерін арттырады. Бағдарламаны жақсы меңгеруге, өз жұмысын жоспарлауға, өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді. Оқушының қазіргі заман талабына сай білім алуына, білім сапасына тікелей әсер ететіндер – ақпараттық құралдар.

Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай: « Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана шәкірт жанына нұр құя алады.» Мұғалімнің ізденісі, жан-жақтылығы айтылып кеткен құзыреттілік арқылы айқындалады. Құзыреттіліктің мазмұны жеке кәсіптік, интегралдық сипаттама ретінде төмендегі қызметтерді жүзеге асырумен анықталады.

- Болажу
- Ұйымдастыру
- Бақылау
- Реттеу
- Үйлестіру
- Сәйкестендіру
- Белсенділігін арттыру
- Зерттеу

Оқыту формасында оқушының өз еркімен білім алуына, материалды ойлау қабілетіне бағыттауға, оқытуды жаттанды түрде емес, шығармашылықпен меңгертуге көңіл бөлу қажет. Оқушы қиялы жүйрік, жан дүниесі нәзік, өзін қызықтырған істе белсенді, ақыл-қабілеті дамыған, сондықтан шығармашылық оған шын ләззат, қуаныш сезімін әкелуі тиіс. Оқушылардың шығармашылығын дамыту жолдарын ақпараттық және коммуникативтік құзыреттіліктер арқылы іске асыруға болады.

Ақпараттық құзыреттілік арқылы нақты объектілер көмегімен қажетті ақпаратты іздеу, талдап тандап (іріктеп) алу, ұйымдастыру, түрлендіру, сақтау және ақпаратты беру біліктері қалыптасады. Бұл құзыреттілік оқушының оқу пәндеріндегі және білім аймақтарындағы, сонымен бірге қоршаған дүниедегі ақпараттармен жұмыс істей білу дағдыларын қамтамасыз етеді.

Коммуникативтік құзыреттілік – қажетті тілдерді, қоршаған адамдармен және оқиғалармен әрекеттестікте болу тәсілдерін білуді, топта жұмыс жасау дағдыларын, ұжымдағы әр түрлі әлеуметтік рөлдерді меңгеруді қамтиды. Оқушы хат жаза, анкета толтыра, арыз жаза, сұрақ қоя, пікір таластыра т.б. білуі тиіс. Бұл құзыреттілікті оқу үрдісінде игеру үшін коммуникациялардың нақты нысаналарының қажетті және жеткілікті саны және олармен жұмыс тәсілі белгіленуі тиіс.

Қазіргі кезеңдегі әдебиет пәнінің мұғалімінің міндеті – жас буынды сөз өнеріне баули отыра оқытудың шығармашылық сипатын күшейту, сөйтіп баланың жеке қабілеті мен әлеуметтік белсенділігінің дамуына жол ашатын шығармашы тұлға қалыптастыру. Қазақ әдебиетін оқытуда нәтижеге бағытталған іс-әрекетті құзыреттілік тұрғыдан жүзеге асыру – негізгі міндет. Құзырлық – оқушы іс-әрекетінің сапасынан көрінетін білім нәтижесі.

Оқушыларды шығармашылыққа бағыттау мынадай мәселелерді қарастыруы тиіс:

- бағдарламалық-мотивациялық;
- ізденушілік-зерттеушілік;
- тәжірибелік;
- рефлексиялық- бағалаушылық;

Бүгінгі таңда білім саласының алдында дайын білімді, дағдыларды меңгеретін, қайталайтын ғана емес, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тын жаңалықтар ашатын, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндеті тұр. Бұл, әрине, оқушылардың шығармашылық әрекетін дамытуда маңызды мәселе.

Ғылыми зерттеулерге сүйенер болсақ, оқушы шығармашылығын дамытуда «шығармашылық талсырмалар» атауы педагогикада белгілі екі құрамдас бөліктен тұрады.

Шығармашылықты,

- біріншіден, оқушылар дербес, өз бетімен ойдан жаңаны құрастырады,
- екіншіден, жағдай тудырушы материалдар даярлап, шығармашылыққа икемдейтін ересек адамның қатысуы арқылы қарастырылады.

Педагогке жауапкершілік жүктеледі, жұмыс нәтижесі оның іскерлігіне байланысты.

Шығармашылыққа баулу шәкірт бойындағы талант көзін ашып, тілін байытып, қиялын ұштау мен өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізбек.

Оқушыларды келесі жұмыстар арқылы шығармашылыққа баулуға болады деп есептеймін:

- сюжетті сурет бойынша өңгіме жазу;
- жыл мезгілдерін, табиғат көріністерін көркем тілмен суреттеу;
- нақыл сөздердің мәнін ашу;
- мақал-мәтелдер негізінде өңгіме жазу;
- жұмбақ, жаңылтпаш, бейнесөз құрастыру;
- өз сыныптастарының (т.б.) портретін суреттеу, мінездеме беру;
- автордың идеясын өз идеясымен өрбітіп жазу;
- өлең құрастыру;
- жансыз нәрселерді жандандырып өңгіме, ертегі жазу;
- еркін тақырыптарға шығарма, ойтолғау, эссе жазу;
- ұжым болып ертегі құрастыру;
- ұлы адамдар өміріне байланысты сұрақтар беріп, пікір айту;
- ақын-жазушылар шығармалары бойынша пікір алмасу;
- оқыған кітаптары бойынша ойтолғау жазу;
- қоғамдағы әр түрлі өзгерістерге байланысты пікір айту;
- баспасөз материалдары бойынша пікір айту;
- өлеңді қара сөзге айналдырып мәтін құрау;
- ақпарат құралдарын пайдалана отырып, реферат, баяндама жазу;
- іс қағаздары үлгілерін жаздыру;
- тақырыпқа сай диалог, монолог жаздыру;
- оқиғаға қатысты өз ойларын айту;
- автордың көзқарасы туралы айта білу;
- көркем туындыны талдау, салыстыру, қорыту, шешім көрсету т.б.

Қазір ғалымдардың зерттеулерінде құзырлықты қалыптастыру білім беру мазмұны құралдары арқылы жүзеге асатыны, осыдан келіп оқушының қабілеттілігі дамитыны және күнделікті өмірдегі шынайы проблемаларды – тұрмыстық мәселелерден бастап, өндірістік және әлеуметтік мәселелерді шешу мүмкіндіктері пайда болатындығына баса назар аударылып отыр.

Әр күні өзгеріске толы бүгінгі жауапты кезеңде замана көшінен қалып қоймай уақыт талабына сай ертеңгі болашақ жас ұрпақты білімді етіп тәрбиелеу ұстаздарға зор жауапкершілікті жүктейді. Ол мұғалімнен үздіксіз ізденуді, өз білімін үнемі жетілдіріп отыруды талап етеді. Өйткені еліміздің ертеңгі жас ұрпақтың қолында. Мұғалімнің шеберлігі мен жетістігі – сапалы білім және жақсы тәрбие алған шәкіртінде. Оқушы шығармашылығын дамыту ісі үздіксіз жүргізіле бермек. Бұл қоғам талабына сай туындайтын қажеттілік.

«Ұлт данышпандары арқылы ұлы мақсаттарға жетеді» деген сөзбен ойымды аяқтағым келеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Алматы-2008.
2. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы.
3. Б.А. Тұрғанбекова «Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе» Алматы-2005.
4. К. Құдайбергенова «Құзырлық – тұлға дамуының сапалық критерийі» (ғылыми-практикалық конференция материалдары) Алматы-2008.
5. «Қазақстан мектебі» журналдары, 2010 жыл.

### МЕЧТЫ ПРЕВРАТИЛИСЬ В РЕАЛЬНОСТЬ: СОВРЕМЕННЫЕ МЕТОДЫ ПРЕПОДАВАНИЯ ПРЕДМЕТОВ МУЗЫКАЛЬНО- ТЕОРЕТИЧЕСКОГО ЦИКЛА В УСЛОВИЯХ СПЕЦИАЛИЗИРОВАННОЙ МУЗЫКАЛЬНОЙ ШКОЛЫ

Г.Б. ФРАДКИНА

заведующая отделением теории музыки, ГУ «Комплекс «Музыкальный колледж -  
музыкальной школы - интернат для одаренных детей»

С.И. ПАРШИНА

преподаватель информационных технологий, ГУ «Комплекс «Музыкальный колледж -  
музыкальной школы - интернат для одаренных детей»

Обучение в режиме Online в условиях специализированной музыкальной школы на сегодняшний день реальность. Это уже не мечта и состоит из одних плюсов. Это: экономия времени, экономия денег, гибкое расписание повторений и закрепления ЗУН, индивидуальный подход к обучению, домашний репетитор, индивидуальный подбор в количестве занятий, уровня подачи учебного материала.

Время – это самое дорогое, что у нас есть. В нашей музыкальной школе – интернат для одаренных детей, учащийся тратит время на дорогу не менее 2 часов в день. Не трудно посчитать сколько времени учащийся затрачивает на дорогу в течении недели. Это 2 часа, ни так уж и мало. Если учесть индивидуальные и групповые занятия, то личного времени у учащихся остаётся в день 3-5 часов в младших классах, 2-3 часа в старших классах. А в условиях специализированной школы, времени катастрофически не хватает. А значит, не всегда выполняются домашние задания. Конкурсы, фестивали, подготовка к концертам, осложняют учебный процесс. На закрепление учебного материала традиционным путём, остаётся очень мало времени. Не лучше ли посвятить больше времени профессиональной подготовке, а так же совершенствованию по специальности.

Эффективность обучения изменяется не только суммой полученных знаний и умений, и количеством затраченного времени.

При обучении на уроках **Online**, родители значительно экономят деньги, на дорогу, не надо пользоваться общественным транспортом, распечатывать ноты, покупать печатные издания. А в место этого, на много легче можно использовать электронные учебные пособия и нотную литературу.

В процессе обучения для учащегося определяется удобное расписание повторений и закрепления ЗУН. Родители и дети сами устанавливают гибкое расписание для занятий для повторения и закрепления учебного материала. Так у учащихся обучающихся в специализированной музыкальной школе не всегда родители музыканты, а чаще не музыканты. Объяснение учебного материала восполняются Онлайн уроками. С помощью Skype или видео урока в режиме Онлайн или в записи преподавателя и ученика. Обучаться можно круглогодично.

Индивидуальный подход к обучению даёт возможность обучаться дистанционно. Не хлопотно перенести или изменить время занятий как для ученика, так и для преподавателей. **Определение целей и задач** в индивидуальном обучении на уроках Онлайн даёт возможность, самим устанавливать цели обучения. Преподаватель подбирает продуктивную индивидуальную программу обучения. Для преподавателя и учащегося есть яркая возможность СО- творчества- это обогащает возможности и открывает новые горизонты. Как для преподавателя, так и для учащегося. Регулярность занятий, системность, возможность регулирования занятия. Можно заниматься каждый день. Онлайн обучение позволяет обучаться в своём собственном темпе, исходя из потребности в образовании и личностных особенностей. Свобода выбора обучения характерна для дистанционного обучения. Домашний репетитор. Всё это даёт обучение в режиме онлайн. Индивидуальный подбор в количестве занятий, уровня подачи учебного материала, даёт огромную возможность. Вы можете, находясь в командировке, в любой точке мира на конкурсах, фестивалях и обучаться!!! Skype уроки привлекательны для учащихся, проживающих в сельской местности, где нет учебных центров для взрослых и детей. При дистанционном обучении у учащегося есть выбор. Во время занятий Онлайн, чтобы ускорить и укрепить усвоение материала, используется самый современный широкий функционал, который представляет Интернет и компьютер. Занятия становятся более увлекательными и эффективными, особенно для учащихся младших классов. В перспективе учащиеся учатся использовать современные, порой новейшие системы коммуникации, передачи и обработки информации. Это значительно повысит общеобразовательный, технический и культурный уровень учащегося.

В настоящее время среди основных требований при создании уроков Онлайн в учебном процессе имеет место быть: научности, доступности, проблемности. Больше внимание уделяется наглядности обучения: чувственному восприятию изучаемых объектов. Наглядность обучения при использовании компьютерных программ имеет некоторые преимущества перед обучением с использованием традиционных учебников. В программах с мультимедийным представлением информации появляется возможность создания не только зрительных, но и слуховых ощущений. Электронные учебники существенно повышают качество самой визуальной информации, она становится ярче, красочнее, динамичнее. Появляется возможность наглядно-образной интерпретации существенных свойств не только тех или иных реальных объектов, но даже и научных закономерностей, теорий, понятий.

*Что такое Онлайн урок?*

1. Это совокупность графической, текстовой, цифровой, речевой, музыкальной, видео-, фото- и другой информации.
2. Электронное издание может быть исполнено на любом электронном носителе – магнитном (магнитная лента, магнитный диск и др.), оптическом (CD-ROM, DVD, CD-R, CD-I, CD+ и др.), а также опубликовано в электронной компьютерной сети.
3. Уроки Онлайн содержат систематизированный материал по соответствующей научно-практической области знаний, обеспечивают творческое и активное овладение учащимися знаниями, умениями и навыками.
4. Уроки Онлайн отличаются высоким уровнем исполнения и художественного оформления, полнотой информации, качеством методического инструментария, высокого качеством исполнения, наглядностью, логичностью и последовательностью изложения.
5. Учебное издание это уже созданный урок Онлайн, содержит систематическое изложение учебной дисциплины или ее раздела, части, соответствующее государственному стандарту и учебной программе. А значит уроки Онлайн не требуют печатных изданий, что значительно облегчает подачу учебного материала. А именно: необходимости ксерокопирования, печати и т.д.
6. Онлайн уроки, частично или полностью замещают или дополняют учебник
7. Учебный материал, представленный в электронной форме и снабженный разветвленной системой связей, позволяет мгновенно переходить от одного его фрагмента к другому в соответствии с некоторой иерархией фрагментов.

Каково значение Онлайн уроков?

В современных образовательных учреждениях больше внимание уделяется компьютерному сопровождению профессиональной деятельности. В учебном процессе используются обучающие и тестирующие программы по различным дисциплинам. Проведенные в нашей школе статистические исследования использования обучающих и тестирующих программ по различным дисциплинам (в рамках учебного процесса), их применение позволило повысить не только интерес к музыкальному теоретическим дисциплинам, но и успеваемость по данным дисциплинам. Большинство учащихся воспринимают лучше информацию зрительно, тем более, если она качественно оформлена. Уроки Онлайн, дают возможность каждому учащемуся независимо от уровня подготовки активно участвовать

- шығарма, мазмұндама жазуға төселдіру, шағын өңгіме құрастыру, өңгіменің ұқсастығын салыстыру, дәлелдеу, талдау, бөліктерге бөлу, ат қойғызу.

- тақырыпты берілген тапсырмаларға қарай жинақтау, қорытынды жасау, ереже қорыту, дәлелдеу, белгілі бір тақырыпқа пікірталас тудыру.

- ауыз әдебиет үлгілерін қолдану, өлең шумақтарын құрастыру, алған білімдерін өзге пәндермен байланыстыра білу, сөздіктермен жұмыс жасау.

- логикалық ойларын дамытатын тапсырмаларды орындау, шешу, құрастыру, анограмма, сөзжұмбақ құрастыру.

- шығармашылық сипаттағы жаттығуларды орындауды, грамматикалық талдау түрлерін жүргізу.

- мәтіндегі ойды тезис түрінде жазу, тірек сөздермен өңгіме құрау, ассоциация құру.

-ғылыми көзқарасын қалыптастыруға байланысты жазба жұмыс түрлерін орындату болып табылады.

Шығармашылық тапсырмаларды оқушылардың қабілет, икем-дағдыларын еспке ала отырып орындату керек. Бұл тапсырмаларды міндеттемей оны оқушылардың қызығушылығына, ынтасына қарай тандап алуларына жағдай туғызған жөн. Осындай жұмыстарды үнемі жүйелі жүргізу- оқушыларды шығармашылыққа баулуға, шәкірт бойындағы талант көзін ашып, қиялын ұштап өз бетінше ізденуіне, тілін байытуға, сауаттылыққа, теориялық алған білімін күнделікті өмірде қолдана білуге машықтандырады. Оқушыға шығармашылық жол сілтеу – оқушының тақырыпты терең түсініп, ойын жүйелі жеткізіп байланыстыра сөйлеуге, шығарма жұмыстар жазуға төселдіреді. Шығармашылық жұмыстарды басшылыққа ала отырып, оқушыларды сауаттылыққа баулудың мәні ерекше. Оқушының тілін, ойын дамытуда шешен сөйлеуге машықтандыруда жазу жұмысы басты роль атқарады. Жазу арқылы оқушы тақырыпты тереңірек түсінеді, пәнге деген қызығушылығы артады, логикалық ойлауы дамып, жазу дағдысы қалыптасады.

Тілді оқытуда жүргізілетін жазба жұмыстары жазылым әрекетін қалыптастырады.

Профессор Ф.Ш. Оразбаева: “Жазылым-тілдік тұлғалардың графикалық, фонемалық жүйесіне негізделген; лингвистикалық, психологиялық, физиологиялық, әдістемелік ерекшеліктерге қатысты тілдік материалдың мазмұны мен формасы бірде қамтитын адамдардың ұзақ мерзімдегі қарым-қатынасына мүмкіндік жасайтын күрделі тарихи әрекет”,- [4] десе, ғалым, ұстаз А. Байтұрсыннов оқу мен жазуды сөз ете отырып: “Біздің заманымыз-жазу заманы. Жазумен сөйлеу ауызбен сөйлеуден артық дәрежеге жеткен заман. Алыстан ауызбен сөйлесуге болмайды, жазумен дүниенің бір шетіндегі адам екінші шетіндегі адаммен сөйлеседі. Сондықтан сөйлей білу қандай қажет болса, жаза білудің керектігі одан да артық. Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да, сөздің кестесін келтіріп жаза білу қажет”,- [5] дей отырып, сауатты жазудың маңыздылығын ерекше атап көрсеткен.

Сауатты жазуға үйрету жұмысы грамматикаға сүйенеді. Белгілі бір жазу ережесіне негіз болатын грамматикалық құбылыстар саналы түрде ұғындырылса, сонда ғана сауаттылық болады.

Қазақ тілін оқытудың дидактикалық принциптеріне сәйкес белсенділік және саналылық принциптері бойынша тілдік материалдарға байланысты мәліметтерді оқушы жаттанды түрде емес, саналы түрде меңгере білуі тиіс.

С. Рахметова: “Сауатты жазуға үйрену үшін аналогия, салыстыру, талдау, жинақтау, жалпылау, нақтылау сияқты ой операцияларының іске асуы ең маңызды шарт болып табылады”-[6] дейді. Рухани көсеміміз А. Байтұрсыннов: “Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, оның мектебі де сондай деген тұжырым айтады. Яғни мұғалім білімді болса,ол мектептің балалары да білімді болмақ”. -[7] Ендеше, шығармашылық тапсырмаларды жүйелі орындату- сол арқылы оқушылардың сауаттылығын арттыру, ой шапшаңдығын, сөз байлығын дамытып, өз ойын жүйелі жеткізіп, қағаз бетіне сауатты жаза білуге дағдыландырады. Оқушыны белсенділікке, тапқырлыққа, іздемпаздыққа үйретеді.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ы. Алтынсарин. Таңдамалы шығармалары.-Алматы. ҚазССР Ғылым Академ баспасы, 1955ж.
2. А.Байтұрсыннов Тіл тағлымы.-Алматы. Ана тілі 1992ж.
3. Ж.Аймауытов. Қазақстан мектебі №6, 1991,72
4. Ф. Ш. Оразбаева. Тілдік қатынас теориясы және әдістемесі.- Алматы 2000ж. 596.
5. А.Байтұрсыннов. Тіл тағлымы.-Алматы 1992ж. 141б.
6. С.Рахметова. Қазақ тілін оқыту методикасы. Алматы. Ана тілі, 1991ж. 129 б.
7. А. Байтұрсыннов. Тіл тағлымы. Алматы 1992ж. 53 б.









талаптар қою керек екенін білдіреді. Шәкәрім мен М. Өзезовтің шығармашылық үндестік тапқан мәселелері әдеби өркендеуге байланысты жазған мақалалары болды. Мұхтар Өзезовтің 1922-1923 жылдары жазған «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» деген мақаласы Шәкәрімнің айтқан ойларын жалғай түсіп өз заманындағы әдебиет пен сын мәселелеріне арналады. Мақаласында Мұхтар Өзезов қазақ әдебиеті тарихының бағыты мен болашағын айқындайтындай пікірлер білдіреді. «Қазақ әдебиетінің осы күнгі қалпымен ем келе жатқан бетімен таныстығы бар адамдардың біздің әдебиет туралы айтатын әр түрлі пікірі бар. Орыс жазушыларының қысқаша сындарына қарағанда, біздің ескі, ауызша әдебиетіміз бай өрнекті, түрі, тарауы көп кестелі, қысқасын айтқанда, қазақ даласы секілді кең, келешегі көрікті, үлкен, жалпы түркі әдебиетінің ішінде үлкен өріс алатын әдебиет секілді көтінеді. Бірақ осы жазушылардың айтуына қарағанда, жазба әдебиетіміз әлі іргесі нығаймаған, беті анықталып ашылмаған, белгілі түрге түсіп қалыптанбаған майысқақ, сынғақ әдебиет деп саналғандай.» [2. 346]- деп, жазба және ауызша таралған әдебиет ара жігін ашып береді. Сондай-ақ, осы анықтамалары арқылы жазушы өзінің болашақтағы қазақ әдебиетінің дамуының ғылыми бағдарын да жасайды. Жазушы 1925 жылы жазылған «Әдебиет ескілігін жинаушыларға» деген мақаласында фольклорлық шығармаларды жинау әдістемесін түсіндіреді. Мұхтар Өзезов өз мақаласында негізгі проблеманы дәл басып көрсете отырып: «Қазақ әдебиетінің шашылып жатқан жұрнақтарын жинап, арнаулы бағасын беріп тиісті орын-орнына тарату- бүгінгі күнде қазақ тіліне қызмет қылып жүрген жұрттың барлығын да бір жалпы міндет сияқты...» - халық ауыз әдебиетін жинау барлық жұртқа ортақ міндет деп санайды. Сондай-ақ, автор бұл проблеманы шешу үшін өзі нақтылы мысалдар келтіріп, ел арасындағы «көрі құлақтарға» үндеу тастайды. Ғалымның кейіннен жазған «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры», «Жұмбақтар туралы», «Айтыс өлеңдері», «Қазақ әдебиетінің тарихын жасау мәселелері» тағы да басқа көптеген әдебиет тарихының мәселелеріне арналған мақалаларында өзі көтерген проблемалар толық орындалды. Ғалым Мұхтар Өзезов қазақ әдебиеті тарихының даму кезеңдерін көрсете отырып, болашағының да программасын сызyp берді.

«Қазақ», «Сарыарқа», газеттері мен «Абай» журналы сол заманның үй болды. Қазақ зиялыларының шын мәніндегі ұлттың рухани дүниесін толықтыруды ойдаған мақалалары жарыққа шығып жатты. Солардың ішінде ерекше ойлы, өрі заман тынысын дәл басып қазақ болашағы үшін не керек екенін нақтылы көрсете алатын бір топ жас асқақ болмысты рухтарыммен өздеріне оқырмандарын тарта білді. Олардың арасынан жүйрік тұлпардай оқ бойы алға кеткен М. Өзезов еді. Жазушы өзінің алғашқы мақаласынан бастап-ақ, қоғамдық-әлеуметтік ортаның бар тынысын сезіне білді. М. Өзезовтің 1917 жылы жазылған алғашқы «Адамдық негізі - әйел» деген мақаласы бұрын - соңы қазақ арасында көркемдік формада ғана көрінген тақырыптың ақиқат бейнесін публицистикада алғаш рет көтерді. М. Өзезовтің алғашқы мақалалары ел тәуелсіздігіне дейінгі уақытта жариялап, насихаттаудың мүмкіндігі шектеулі болды. Сондықтан да жазушы көзімен көрініп, оқырмандарының көкірегі ашатын, тарихи мәні зор «Қазақтың өзгеше мінездері» (1917), «Абайдың өнері һәм қызметі»(1918), «Қазақ ішіндегі партия неден?»(1918), «Мәдениетке қай кісіп жуық?»(1918), «Абайдан соңғы ақындар»(1918), «Ғылым тілі», «Япония», «Философия жайынан», «Оқу ісі», «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі», «Әдебиет ескілігін жинаушыларға», «Ғылым» және тағы да басқа мақалалары көптеген уақыт бойы оқырмандарының назарынан тыс қалып қойды. Мұхтар Өзезовтің қаламынан шыққан бұл мақалалардың тарихи мәнділігі сол кездегі қоғамдық-әлеуметтік ортаның тарихи қалыптасуын көз алдымызға әкелуінде. Олай дейтініміз, жазушы қазақ қоғамындағы барлық мәселелерге назар аударып, кемшілігі мен қате тұстарын дұрыс бағдарлап отырған. 1917 жылы жазылған «Қазақтың өзгеше мінездері» деген мақаласы Абай мен Шәкәрім өлеңдерінде суреттелетін қазақ қалпымен дәл келеді.

Қазақ арасында әлеуметтік дертке айналып бара жатқан партияға бөліну ісін ақын өзінің «Қазақ қалыптары» деген мақаласында да айтып өтеді. Онда: «Барша ел аузымен жамандап жаттап отырып, бірақ жолына жаңын пидда қылатын «партияның» шығаратын - сол басшылар; қосшылар амалсыз жылап еріп жүреді. Партия – ел ішінде байланған бір сығыр. Егер сол басшылар халқының өз пайдасына, яғни өз баласының оқуына қам қыла бастаса, әлгі ел қалайша тартынып қала алады. Партия – малға қас, арға қас, дінге қас, келесі күнге қас. Жә, дос жері қайсы?!» - деп партияға бөлінудің қазақ ішіндегі зияндылығын баса айта отырып, ақын өз позициясындағы адамгершілікті, таза адам мәселесін қозғайды. Публицистикадағы тарихилық ерекшелігі – заман шындығы мен сол заманда өмір сүрген адамдар өмірінен мәліметтер беруінде. Шәкәрімде де, Мұхтар Өзезов те де бұл ерекшелік бар болмысымен көрінген. Партияға бөліну, Абай заманында да халық арасындағы жікке, руға бөлініп бір-бірімен тартыса түсеу, арты үлкен жанжалдарға ұласуға дейін барған. Абайдың «Болыс болдым мінеки», «Мәз болады

болысын» деген өлеңдеріндегі болыс образы нағыз партия заманының сорақылығын әшкерелейді. Мұхтар Өзезовтің «Қазақтың өзгеше мінездері» мақаласы тек партия адамының мінез-өрекетін ғана емес, дін, оқу, ел ішіндегі ұрлық, мәселелерін де қозғайды. Автор барлық мәселенің түйіні ретінде оқығандардың халық арасындағы «өзгеше мінезді» өзгертетін негізгі күш деп қарайды. Мұхтар Өзезовтің «Қайысың қолданамыз?» деген мақаласы қазақтың қалыптасып келе жатқан қоғамдық - әлеуметтік ортасындағы мұсылманша оқығандар мен орысша оқығандарының арасындағы айырмашылықты жойып, бір ізге түсіру мәселесін қозғайды. Бұл мәселе де кезіндегі қазақ қоғамының жаңаша бағытта дамуына өз кедергісін тигізетінін жас жазушы бірден байқаған. Оқу мәселесіне байланысты Шәкәрім де өзінің ойын 1923 жылы жазған «Қазақ балаларының оқу орыс тілінде қойылған мектептерге қашуы нәліктен?» мақаласында білдіреді. Шәкәрім мақаласында қазіргі күнге дейін проблема болып келген қазақ мектептеріндегі білім сапасының төмен болуының себебін ашады. Ең бастысы қазақша оқу үшін оқу құралдарының жеткіліксіздігі екеніне назар аударта отырып, әр ұлт өз тілінде оқу керек деген өзекті мәселені көтереді, жұртшылық назарына салып талқылауға шақырады. Әсіресе жазу, оқу проблемасы қазақ оқығандарын түйікке тірегені белгілі. Осы ретте 1913 жылы «Қазақ» газетіне шыққан Шәкәрімнің «Жазу мәселесі» деген мақаласы назар аударуды қажет етеді. Ақын бүгінгі ғана емес болашақты да болжайды дегендей, араб жазуындағы қазақ әріптеріне келмейтін кейбір белгілер туралы жазады. Ақынның қазақ әліпбиінің негізін салушы Ахмет Байтұрсынұлымен бұл мәселе төңірегінде пікір алысқаны сол жылғы «Қазақ» газетінің 31 санындағы қысқаша мәлімдемесінен байқалады. Мәселе Ахмет Байтұрсынұлы Шәкәрім айтқан ескертпелерді пайдаланған - пайдаланбағанында емес. Негізгі мәселе - ақынның заманының жаңалығына араласа отырып өз үлесін қосуға тырысқандығында. Шәкәрім мен Мұхтар Өзезов қаламгерлік үндесулері заман өзгерісіне байланысты қоғамдық орта тынысын сезінуден және құр сезініп қоймай, қалайда халқыма пайдмды тигіземін деген адал перзенттік парыз болатын. Сол себепті де заман әкелген жаңалықтады қазақ арасында дұрыс түсіндіруге бар ниетімен кіріскен қос қаламгер өз публицистикалық шығармаларында үндестік тауып жатты.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Шәкәрім. Екі томдық шығармалар жинағы. –Алматы: «Жібек жолы» 2007.
2. Мұхтар Өзезов. Таңдамалы. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы». 1997.

#### КӨНЕ СӨЗДЕРДІҢ ҚҰПИЯСЫ

А. АЛПЫСБАЙ

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

А.Қ. ТҰРЫШЕВ

ф.ғ.д., ЖОО профессоры, Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

**Батыр.** Батырлар жырында, ақын-жазушылардың толғауларында, тарихи романдарында, өртүрлі лұғаттарда батыр термині жиі кездеседі.

Әскери өнерді жақсы меңгерген, ақылдылығымен, асқан қайратымен, жау түсірер жеке басының ерлігімен аты шыққан, қол бастайтын азамат батыр деп аталған. Батыр атағы мирасқорлық жолын қумаған, әрбір адам оған жеке басының ерлігімен ие болған.

Батыр-жалпы түрк тілдеріне ортақ көне сөздердің бірі.

**Батыр** I зат.

1. Ел қамы үшін жауымен сайысқан тарихи қаһарман, эпостық жырлардың геройы, алып, ер. Құртқа сынды сұлуды Қобыландыдай батырға берейін деп жатқанын Қырық бес кез Қызыл ер хабарын мұның есітті (Қобыланды батыр). Болат қайнауға шынығады, Батыр майданда шынығады (Мақал).

2. Ер жүрек, қайтпас-қайсар адам. Біздің қазақтың жүректі кісі дегені, батыр кісі дегені онан басқа жүректің қасиеттерін анықтап біле алмайды Абай.Батыр, бал/унды көріп жұрміз ғой. Сені батыр деп жұмсайды да, мені қатын деп жұмсайды,айырмасы осы-ақ,-деді ана /F Мүсірепов /

3. Батыл, өткір, тайсалмайтын Жүрегінен төгілген, Елімнің батыр жыры бар. Ана деген елім бар, Таусылмас алтын кенім бар /Айманқұл. Ана сыры /.

4. Біреуді мадақтау,көтермелеу,дәріптеу мәнінде айтылатын сөз. Желіккен жауға кез болса, Араздығы сөз болса Бәрекедді батыр деп, Мықты боп бара жатыр деп, Мақтап-мақтап

коздырар /Абай/. Қайырлы болсын, батыр, бұл талабың, Күйзеліп, күніреніп өсті табың /И.Жылқайдаров, Жастар /.

5. Әкспір. Кемсіну, мәнсінеу, мысқылдау мағынасында айтылатын сөз.

1. **Батыр** 2 зат. Шөлді, шөлейтті, сортан жерде өсетін шөп. Маңқыстаудың терістік далалығына шығатын батыр, қостанбас, итсигек, изен /Айқап /.

Батыр 3 ет. 1. Суға, сұйық затқа салу, бойлату, түсіру. Ертеректе, -дейді Шайхы, әлдекімдер қайықпен бармақ болғанда, аралға жақындаған қайықты қоқиқаздар сабалат суға батырып жіберген, содан кейін жан жолай алмайтын болған /С.Мұқанов, Есею жылдаоры /.

2. Матыру, малу. Қалашты батырып жейтін шикі қаймақ мынау. /С.Мұқанов, Мөлдір махабб. /

3. Үшкір, өткір қаруды сұғу, тығу. Алмамбет келді ақырып, Аруағын шақырып, Қоңырбайды түйреуге, Көк найзасын батырып /Манас /.

4. Жерге кіргізу, өнгізу, сіңіру. Жауынгерлердің кейбіреулері алдағы ойранның дубіріне еліре қарап қояды да, күрегің жерге батыра басып, кесекті күшырлана лақтырады /Б.Момышұлы, Москва / . Жерге кіргізу, өнгізу, сіңіру. Жауынгерлердің кейбіреулері алдағы ойранның дубіріне еліре қарап қояды да күрегің жерге батыра басып, кесекті күшырлана лақтырады /Б. Момышұлы/.

5. Денеге таңба түсіру, ұру, соғу. Қарашунақ жақындап. Қорқытып ойы ақырмақ. Айдауға бетін қайтарып, Сойылды әбден батырмақ/ С.Мұқанов, Шығ/.

6. Ауыс. Сөзбен түйреу, қатты айту. Батырып айтудың орнына асты-үстіне түспекші.

Батыр-Бағлан зат Жас қаһарман. Сол түні біздің ерлер батыр-бағлан Құтқарды село халқын залым жаудан./З. Қалауова, Таңдамалы /.

Батыр-қорқақ

Батырдың бір ісі теңтек.

Қорқақтың екі ісі теңтек.

Жорғадан туған жортақ бар.

Батырдан туған қорқақ бар.

Қылышты қорқақты,

Сойылды батыр соғып алады.

**БАТЫЛДЫҚ**, өжеттік, өткірлік, жүректілік, беттілік, өрлік. Еш нәрседен тайынбаушылық, қорықпаушылық, жау жүректік. Батыл, өжет, өткір, жүректі, өтті, бетті, өр, тәуекелшіл. Еш нәрседен тайынбайтын, қорықпайтын.

Қоспаны Балқожаның еді батыл

Жаулардан ауыл кегін алған ақыр /А.Нұртазин /.

Қарақалпақ, татар - батыр

Өзбек - ботир

Ұйғыр - батур

Осман - ватур

Қырғыз - баатыр

Алтай - матыр

Румын - бахадирка

Украин, поляк, орыс - богатырь

Венгер - ватор

Вогуд, манси - мадур

Осетин - ватруз

Үнді - вахадур

Француз - бахадоир

Эвенк - багади /алып, күшті, қызба адам/

Мәнжу - батору /алып, герой/

**Түйін.** Бағатур /батур /батыр / батыр / баатыр / баһадур/ сөздері-түрк, монғол, түңғүс-мәнжу тілдерінде жиі қолданылатын, бұл тілдерге етене жақын болып кеткен, бөтендігі, жаттығы білінбейтін көне түрк сөздері. Тілшілер арасында түсініксіз көне сөздердің төркінін араб, парсы тілдерінен іздейтін әдеті бар. Бұл сөзді парсыныкі деген – жалған пікір. Э.Шаванн және А. Вамберг батыр сөзін көне түрк сөзі деп көрсеткен. Көне түрк тілінде бат-түр, ол кездегі соғыстың дәстүрінде майдан- екі қолдың аралық жері. Осыған жекпе-жекке шығады. Сөйтіп, майданда жекпе-жекке шығып, қарсы жауын күткен адамға бат-батыл, тыр-түр деген сөз деп көрсетеді. Сөйтіп, батыр сөзі- қазақ сакырасында жасаған түрк тілдес көшпелі қазақ тайпаларының арғы тегі – ғұндардың тілінде болған көне түрк сөзі. Батыр сөзін бауырлас, қандас түрк халықтарының тілдеріне ортақ мұра.

Әдебиеттер: Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, Ғылым : 1976. I. Кеңесбаев Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, Ғылым: 1977, –Б 42, 89, 105, 194, 250, 333, 465, 94, 177, 531. Қазақ тілінің антонимдік сөздігі. Алматы: 2000 жыл. Синонимдер сөздігі. Алматы: 2001 жыл.

**Шора.** С.К Кеңесбаев 1961 жылы Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде шора деген сөзіне келесі түсіндірме берді. Шора.зат. Ескі. Мырза, бек, шонжар. Ұстап заңды қолына , халықтың мініп мойнына Бай мырза шора алды бел /Жамбыл/.

Ал 1977 жылы басылған Қазақ тілінің фразеологиялық сөздікте шора сөзіне келесі түсіндірме берді. Еркек /ерке/ шора. Ер балаша киінген, ер бала сияқты жүрген, еркін өскен қыз. Ұлпан бала күнінен еркек шора болып ерке өсіп еді /Ғабит Мүсірепов/.

Н. Ондасынов 1974 жылы Парсыша-қазақша түсіндірме сөздігінде шора сөзіне келесі түсіндірме берді. Чурәй, шоры. Қызметкер, әйелдүй қызметші, малай. Талап қылып шалынды, Шауып алып малынды, Асықпасаң, қайтармын қатыныңды шоры ғып /Қамбар батыр/. Зерттеуші А.Ы. Ысқақов Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің 10 томында шора сөзіне келесі түсіндірме берді.

1 Шор.зат. Денедегі қатып қалған түйін, беріш. Денесі теңбіл бұғыдай, тыртығы мен шор бірінен жерлері де көп. А.Әбуғалиев, Құрдас.

2 Шор.зат. Шығу тегі мен мәдениеті жағынан солтүстік аймақтарда тұратын алтайлықтар мен хакастардың кейбір этникалық топтарына жақын, түркі тілдес халық.

Шора .зат.көне. Феодалдық қоғамдағы үстем тап өкілі, ел билеген әкім, бек, мырза, шонжар. Күні кеше аға боп осылған Жеті рудың өзінде қанша шора, қанша жақсы бар /Ә. Кекілбаев/.

Еркек шора. ер балаша киінген, ер балаша тәрбиеленген қыз. Еркек баласы жоқ еді, қыздарын еркек шора ғып өсіріп, алданыш етті. /Д. Әбілев Арман./ 1978 жылы басылған Қазақ совет энциклопедиясының 12 томында,

Шор-түркі тілдес халық. Бұлар 17-18 ғасырларда орыстың тарихи документтерінде кузнецкілік, кондомалық, мрасулық татарлар деп аталған. Бұлар дін жағынан православиеліктер деп есептелгенмен, шамандық пен аруакка сиынушылық сақталған. Шордың шығу тегі мен мәдениеті жағынан солтүстік алтайлықтар мен хакастардың кейбір этникалық топтарына жақын.

Зерттеуші Әбілбек Нұрмағамбетов. Жүйесі басқа тілден ауысып келгендіктен мағынасында ауытқушылық көп болады. Сондай сөздің бірі-шора. Қазақ тіліне парсы тілінен келіп, ертедегі ел билеушілерінің дәрежелеріне атау болуы да заңды құбылыс. Бұл сөздің парсы тіліндегі тұлғасы шоура, шура қалпында көрініп, берер мағынасы-1.көне, 2.мәсликат, мәжіліс /пер-русс. словарь, 1983ж.118 б./ . Сонда шора дегеніміз ерте замандағы көне, мәжіліс иелері.

В.И. Даль сөздігі бойынша Шоры+мн-упряжь конская без хомута или оловка, немецкая упряжь, со шлеей, лямкой. Шоры-конские наглазники для пугливых лошадей.

1. Шор-соль из степных озер. /астрах.Даль/.

Из монгольского, калмыцкого языков соль /Рамстедт/.

2. Шор-название тюрк. народ.

М. Фасмердің сөздігі бойынша 1.Шора, шора-крупный песок, гравий /вологодск. Даль/. Из карельского-гравий, согласно Камме/242/. 2.Шора.-индейка, шоренок, индиопонок.

Зерттеуші Р. Сыздықова. Азамат, шора/шоры, жолдас. 17 ғасырда жасаған Ақтамберді жырауда:

Ей, азаматтар, шоралар,

Атты мінсеңз орды мін-

- деген жолдар бар. Мұндағы азамат сөзі дәл қазіргі мағынасында емес. Бұл сөздің бұрын терминдік сипаты болған. Ш. Уәлиханов былай деп көрсетеді: Азамат-көмелетке келіп, өңісің алған, туыстарына тәуелсіз, үйлі-баранды адам дегенді білдіреді. Сонымен қатар бұл сөз бір кезеңдерде жасақшы /дружинник/ ұғымын да бергенге ұқсайды. Шора сөзі азамат дегеннің синонимі дей келіп, Шоқан шора азамат тіркесі таза әскери мәнді сөз, ол жолдас, жасақшы деген деп көрсетеді./Валиханов, 1,20/. Жасақшы ұғымындағы азамат сөзіне шора деген сөздің синоним болғандығын, яғни тепетен мағыналас екендігін В.В. Радлова айтты: Бұрын қазақтар шора /чура/ сөзін жасақшы, жауынгер, жолдас мағынасында қолданылған. /Радлов, т.1 ч.5, 23/. Ал Н.И. Ильминский: Шора-батырдың баласы және батырдың өзі -деп танытады. /Ильминский, 150/. Бұл пікірді қазақтың батырлар жырының тілі растайды.

Ей, жігіттер, шоралар!-

- дегенде, сөз жай жігіттерге арналған. Шора сөзінің жасақшы, жорықтас, жолдас ұғымында қолданылуы тіпті ертеректе орын алып, соңғы 18 ғасырда сирегені байқалады. Кейінгі дәуірлерде шора-батырдың, байдың, бидың баласы деген сияқты /сөзловелік/ атақты білдіруге жұмсалған. Ер

Шобанның :

Хан ұлы төредей,

Би ұлы шорадай-

- дегенінде де шора сөзінде жасақшы, дружинник мәні сезілмейді, бірақ қайткенде де шора сөзінде әлқуметтік тапты көрсететін мағына берді.

**Түйін.** Кейбір зерттеушілер *чура/шора/* сөзі мағынасы жағынан көне түркі тілінде қолданылған оғлан сөзімен тең түседі, ал оғланның мағынасы –біреудің баласы, ұрпағы және жауынгер дей келіп, орта ғасырларда Еділ татарларында тәуелді адамдар көп болды, олардың ішінде түркі еместерін сол кездегі терминология нормасы бойынша *чура* деп атады дегенді айтады. /Татары Поволжья, 191/. Сонымен Шора сөзінің бастапқы мағынасы- біреудің баласы, ұрпағы.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 2 том. Кенесбаев С. - А:1961. 49 бб.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 10 том. Ысқақов А.- А:1986, Ғылым: 257 б.
3. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Кенесбаев С. -А: 1977, 567 б.
- 4.Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. Ондасынов Н. А-1974, Қазақстан.
5. Бес жүз бес сөз. Нұрмағанбетов.Ә. А-1994, 296 б.
6. Сөздер сөйлейді. Сыздықова Р. А-1994 Санат, 17 б.
7. Қазақ совет энциклопедиясы. 12 том. 1978 .
- 8.Толковый словарь русского языка. Даль В. 724 б. 9. Этимологический словарь русского языка Фасмер М. 467 б.

#### ЕРТЕГІЛЕРДЕГІ «ӨЛШЕМ» «МӨЛШЕР» КОНЦЕПТІСІ

Г.Т. КӨРІПЖАНОВА

ф.ғ.к., доцент, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

Ә. АХМЕТОВА

4-курс студент, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

Тілді жаңа ғасыр баспалдағында теориялық-танымдық үдерісте зерттеудің қажеттігі туып отыр. Бұл үдеріс тіл мен адам санасын тұтастықта қарастырып, тілдік білімді адам санасының жемісі, күрделі ассоциативті-вербалды құрылым, болмысты рух пен ой бірлестігінде тараушы жүйе ретінде кешенді сипаттауға негізделеді. Адамзат өзін қоршаған шындықты, әлемдегі сан алуан құбылыстар мен олардың сапа-қасиетін сезім мүшелері арқылы сініріп, санамен түйсініп қана қоймайды, оған жауап қайырады, ақпаратты өзінше жаңғыртып, жаңа сапада қайта жасауға саналы-санасыз күйде талпыныс жасайды, өңдейді, қорытады, елп-екшейді, баға береді, тәжірибеде қолданады, бұлардың тұтастай көрінісі ретінде дүниенің тілдік бейнесі жасалады. Өлшем бірліктері де қазақ танымна сай алынады, салт-дәстүр, қоршаған ортадағы суреттер бейнеленіп, сол арқылы мөлшерленеді, саналады. Өлшем мағыналы сөздердің танымдық модельдерін зерттеу, тілді адаммен және оның әлемімен тығыз байланыста қарауды басшылыққа ала отырып жүзеге асырылады. Мұнда таным модельдерінің негізгі ұстанымдары – қоғамдық тәжірибеге негізделуі, бейнеленуге мүмкіндік жасауы (символикалығы), жүйелілігі, креативтілігі назарға алынады. Өлшем бірліктері адамзат өмір сүруінің ажырамас бөлігі, ақиқатты нақты бейнелеуде мүмкіндігі мол. Ол – адамның саналы білімінің ғана емес, психологиялық жай күйі, талғап, талап, қажеттілік пен көзқарасының өлшемі және оны танытушы. Бұл тұста сандық мағыналы сөздердің ұлттық танымды беруде мәні зор екенін байқауға болады.

Тілдік таңбалар халықтың дүниені түйсінуінен хабар беретін ақпараттық дереккөз ғана емес, сонымен қатар ғаламның тілдік бейнесін жасайтын ұлттың эстетикалық таным-талғамын, көсібін, мінез-құлқын, ырым-нанымын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, ұлттық рухын ұлттық тіл арқылы сақтап, жан-жақты таратып танытады. Осыған орай белгілі бір халықтың материалдық және рухани мәдениетінің көріністері тілде тарихи-мәдени тілдік таңба ретінде қалыптасады. Демек «әлемді тіл арқылы танудың» әр ұлт тілінде түрлі сипатқа ие екендігі туралы шешімге келіп, өлшем бірліктерінің ұлт танымна сай өлшеніп, тура сызғышпен өлшегендей мағынаны дәл беруі ұлт танымның ұлылығын айқындаса керек. Қазақ тіліндегі өлшем мағыналы тілдік бірліктердің мәнін қарастыру – тіл мен таным, тіл мен ойлаудың бірлігінен туған өзекті мәселенің бірі.

Халық арасында жиі қолданылатын «бие сауым», «сүт пісірім», «әрі-беріден сон», «кас пен көздің арасында», «қадам», «қарға адым», «батпан», «пұт», «қадақ», «мысқыл» қашықтық

өлшемдер мен салмақ өлшемдері – халқымыздың ғасырлардан туындаған күнделікті тұрмыстарында қолданылған бірліктер. Ертегілердегі өлшемдердің қазіргі кездегі халықаралық өлшемдермен салыстырғанда қандай дәрежеге ие болатындығын көрелік. Бір ескерерлік жайт, қазіргі сантиметр, метр, шақырымдар шамалап алынған. Өйткені дене мүшелері арқылы өлшенетін өлшемдер адамның дене бітіміне қарай көрсетілген шамадан әлдеқайда қысқа не ұзын болуы мүмкін.

«Алтын санаған аштан өледі» ертегісіне назар аударсақ, «Қай заманда өткені белгісіз, Сағат есімді үреге іті, сығарға біті жоқ, сіңірі шыққан қу кедей болыпты. Арқасына аядай батқан жоқшылық ұйықтаса да қыр соңынан қалмаса керек. Түсінде де осы азаптан бас сауғалап қашып келе жатса, алдынан сақалы белуарына түскен атпақ құдай қария шығады.

Жарлының жылын кес – кестеп:

- Оян! – депті. - Өзің жантайған құмайтың оң жағына қарай он қадам жүрсең, ескі жертолеңі орны бар. Сол арадағы қираған ошақтың астын сынық сүйемдей қазсаң, Сүлеймен саудагердің былғары сақтияны табылар. Жүрегі алып – ұшып атып тұрған Сағат ұйықтаған жерінен оңға қарай он адым атпайды. Отырылған жертолеңің орнына кезігеді

Талдап отырған мәтіндегі «үреге іті, сығарға біті жоқ», «сіңірі шыққан», «қу» деген сөздер адамның қаншалықты кедей екендігін көрсетеді. Тілімізде « тақыр кедей» деген тіркес те бар. «Қу» - айлакер, алдамшы деген сөздің синонимі емес, контексте кедей, түгі жоқ деген мағынада жұмсалған. Арқасына аядай батқан - бұл тіркес жоқшылықты салмақтайды.

Сақалы белуарына түскен, он қадам, сынық сүйемдей, он адым –ұзындық өлшемдері.

Алтын мүйізді киік ертегісінен мысал алсақ. Бұлдырмерген бойына бар күш – қуатын жинап, қолына жүз құлаш алмас семсер алды да, айдаһар жатқан сайға келеді. Жотаға шықса, боран соғып түр екен. Желдің қаттылығы сонша, екі таудың бетіндегі тасты ұшырып кетіп жатыр...

«Екі қаз бен бір бақа» ертегісінде мөлшер мағыналы тікмендегідей сөздер кездеседі. « Екі қаз құлаштай ұзын шыбық тауып келеді де, бақаға соны дәл ортасынан тістекізеді

«Алдардың шайтандарды алдауы» аңыз өңгімеде де өлшем мағыналы сөздер бар екенін айта кетуге болады. Түлең, Құлан, Алдар үшеуі жортып жүріп, бір жерге келіп дем алады. Арқалаған бір қап жиназы бар.

... инедей жердің тікенинен сақтасын. Бұларды көрсек, қош көрім жерден қашып жүреміз. Көпірдің бетін аулақ қылсын! – дейді Түлең мен Құлан отырып...

«Бойы бір қарыс,

Сақалы қырық қарыс.» ертегісіне келсек,

...Бай жұмысының түрімен таныстырмақ болып кедей ұлына:

бір қара нарым бар, күніне қырық бөшке су ішеді, қырық арба құмалақ шығарады. Қырық арба пішен жейді, осыны баға алсаң қызметке аламын, егер бұны атқара алмасаң басың алынады, – дейді.

Оны жұрт «бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыс» деп атайды екен

«Нан батыр» ертегісінде де:

Батыр жапт қараса, бойы бір қарыс, сақалы жеті кез атпақ құдай шал кіріп келеді екен.

«Жақсылық, Жамандық» ертегісінде, «бір сүйем жер» деген сөз арқылы жердің өлшенгенін көреміз .

«Жарты төстік» ертегісінде: «... жеті құлаш ақ семсерді жазады...

Семсер ұзындығы құлаш сөзі арқылы өлшенген. Құлаш – ұзындықты білдіретін өлшем бірлігі. Иық денгейінде кере созылған екі қолдың ұшының арасын құлаш деген. Ол 165 – 175 см-ге тең екендігін еске саламыз.

«Керкұла атты Кендебай»ертегісінде «алты айдың ішінде алты кез ат болып шығады» . «Аузымен құс тістеген» ерен жүйрік болады...

...Қолына жүз батпан шоқпарын алған батыр Керкұлаға отырып, дәуге қарай шаба жөнеледі. Кендебай алты құлаш алмас қылышын көлденең ұстай қояды.

«Қарлығаш пен дәуіт» ертегісінде мезгіл « Олар көзді ашып – жұмғаша қарлығаштың ұясына жетеді» ,-деп беріледі.

«Шымшық пен көгершін» атты ертегіні оқу барысында «тал түс» деген мезгіл өлшемін кездестірдік. Тал түс – күннің тас төбеге келуі, яғни, мысалы, қазықтың көлеңкесі оның дәл түбіне түсуі.

«Тотан батыр» ертегісінде түс мезгілі: « Сәске түстен асқанда кемпірдің қарасын көреді»,- түрінде берілген .

«Жеті өнерпаз» ертегісінде «Бұлардың алтыншысы жол болжағыш екен, оқу оқып көзін сипаса, бір күндік жерден жол көреді екен» .

«Ақ тышқан мен нәресте» ертегісінде, « Ақ тышқан әйелдің қасынан бір сомме де айырылмапты» .

«Керқұла атты Кендебай» ертегісінде *қозді ашып – жұмғаниша, айлық жер, түн ортасы, таң алдында* деген мезгіл өлшемдері бар.

«Тотан батыр» ертегісінде: « Хандығының көлемі жеті *айшылық жол* көрінеді». «Жезтырнақтың көзін жойған батырлар» ертегісінде *ат басындай алтын, қой басындай күміс* деген жолдарды кездестіреміз. Қазақ халқы төрт түлік малмен байланыстыра өлшем жасаған. Салмақты «ат, қой» салмағымен, басымен салыстырып өлшеген.

«Жарты төстік» ертегісінен мысал алсақ, Жарты Төстік дәудің қасына жақын келіп *ат басындай* шокпармен басынан бір қояды...

«Бір үзім нан» ертегісінде: «Ал кедей болса, *бір көмеш* нанын қойнына салып, ол да ағаштын басына көтеріледі. Су тасқыны он бес күнге созылады. Бір күні қарны ашқан бай кедейге:

- Әй, кедей, мына бір кесек алтынды ал да, маған *бір үзім нан* бер, - дейді.

- Жоқ, алтының өзіне, нан бере алмаймын, - деп жауап қайтарады кедей.

«Кім күшті» ертегісінде Алты *батпан* ауырды

Арқалаған күштімін.

Жеті батпан ауырды,

Желкелеген күштімін, -деген екен құмырсқа.

Бұл не қылған батпан құйрық...

Бір мезгілде төңкеріліп жатқан қайдың тегеңдей *батпан құйрығын* тап болады. Қуанғаннан қасқырдың екі көзі сексүілдің шоғындай жайнап кетеді. Бір пұт макта ауыр ма, темір ауыр ма?

Қожанасыр бір күні шәкіртін:

- *Бір пұт* макта ауыр ма немесе темір ауыр ма? – деп сұрапты.

Тотан батыр

Жерден *бір ұыс* топырақты ала салып, кемпірді қуып жетеді де:

Әй, кемпір! – деп дауыстайды. «Екі қаз бен бір бақа» ертегісінде: бұл аз ғана көлшік, суы *мізеден* келеді.

Тілімізде нақты сандық ұғымды білдірмесе де, кейбір сан есімдермен мағыналас болып келетін көптеген сөздер бар.

Сан есімдермен мәндес болып келетін сандық мәнді сөздердің берер мағыналары алуан түрлі. Мысалы: *Мытығы бар еді. Бір қадиқ ұнағ айырбастап әсібердім. Мүсіреп екі қурайды таңдап алды да, көшпелі елдердің ең бірінші күй аспабы сыбызғы жасады. Біреуі – 5 сүйем, біреуі -4 сүйем. Арт жасағанда құзышылар, Ұлан олардан оқ бойы бұрын келіп жетті. Табан елі қазы түсетін биешер базарда он үш, он үш жарым сом. Бір табын сиырды айдалаға тастап, қашып бара жатсаңыз, екі көзіңіз алаңандай болатын сияқты. Таңдап уақытын оздырмады, қас қаққанша тар жерде көзден ғайып болып үйренген адам сайға қарай ұмтылды.* Осы мысалдардағы сандық мәні бар сөздер: *қадиқ, сүйем, табын* деген сөздер мен *оқ бойы, табан елі, қас қаққанша* деген тұрақты сөз тіркестері. *Қадиқ* белгілі бір заттың салмағын білдірсе, *сүйем* ұзындықты білдіреді, ал *табын* сөзі белгілі бір заттың мөлшері қанша екендігін білдірген. Сол сияқты *оқ бойы* деген тұрақты сөз тіркесі ара қашықтықты аңғартса, *табан елі* қалыңдықты байқатады. Ал *қас қаққанша* мерзімдік мағынаны білдіреді .

Осындай әр түрлі мағыналарына байланысты сандық мәнді сөздерді салмақ мағыналы сөздер, қалыңдық мағыналы сөздер, ұзындық мағыналы сөздер, қашықтық мағыналы сөздер, мөлшер мағыналы сөздер, мерзім мағыналы сөздер деп топтауға болады.

## ОТАНДЫҚ МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ДАМУЫДА А.Қ. ЖҰБАНОВТЫҢ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

А. ДАУЫЛБАЕВА

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Г.К. СУЛЕЙМЕНОВА

аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қоғамның экономикасын, мәдениетін, әлеуметтік, рухани өмірін дамытуда әр адамның жеке тұлғасы, азаматтық келбеті, адамгершілігі, отаншылдығы, ұлтжандығы, еңбекке деген шығармашылық қабілеті мен елсенділігі шешуші роль атқарады. Жас ұрпақты осындай тұлға етіп тәрбиелеуде мектептің атқарар жүгі мол. Бәрімізге аян, музыка балалардың қиялын, талғамын, мәдениетін, өнерге деген сүйіспеншілігін дамытады. Музыка арқылы оқушылардың идеялық көзқарасын, қоғамға, Отанға деген сезімдерін қалыптастырады, өмір құбылыстарын дұрыс түсініп, қабылдауға жәрдемдеседі.

Музыкалық тәрбие дегеніміз – музыкалық өнердің ықпалы арқылы баланы жеке басын қалыптастыру – музыкалық ынтасын, қажеттерін, қабілетін, музыкаға эстетикалық көзқарасын қалыптастыру деген сөз.

Тәрбиенің аса маңызды құрамы – өнер. Соның ішінде өте кең, сан ұғымды қамтитын – музыка өнерін айтамыз. Музыка адамзаттың рухани азығы, жан серігі, тілмен айтқызып жеткізе алмайтын ұшқыр қиялы, нәзік сезімі. Музыка өзінің көркемдігі және нәзіктігімен адам жанын баурап, олардың ақы-ой, сана-сезімінің кеңейтіп, жақсы мінез-құлықтарының қалыптасуына әсерін тигізеді.

Қазіргі таңдағы музыкалық білім алу жағынан өз даму шарқына түсуде. Елдің мәдениетінің дамуына байланысты, музыкалық білім беруге көңіл бөлініп жатыр. Қазақ елінде музыкалық білім беру оқу орындарының бірі Құрманғазы атындағы Ұлттық Консерваториясы мен Қазақ Ұлттық Өнер университеті, орта білім беретін музыкалық колледждер мен балалар музыка мектептері ашылууда.

Музыкалық білім беру жүйесіне XX ғасырдағы композиторлары өз үлесін қосты. Оның ішінде қазақ музыкасының білім жүйесіне А.Жұбанов, Ж.Тезекбаев, А.Затаевич сынды композиторларды атауға болады.

А. Жұбановтың қазақ мәдениетіне қосқан үлесі ұшан-теңіз. 1933 жылдың ақпанынан басталған еңбек жолы қазақ өнері мен мәдениетінің қалыптасуы, дамуы және өркендеуі жолында алтын әріптермен жазылған жемісті беттеріне айналды. Бұл кезең жаңадан қаулап пайда бола бастаған оқу, мәдени-өнер ордаларының құрылуы мен кәсіби ұжымдардың қалыптасуы кезеңі болатын. Бүгінгі таңда құрылғанына 60, 70 жыл толған республикалық деңгейдегі: Құрманғазы атындағы мемлекеттік академиялық ұлт-аспаптар оркестрі, Жамбыл атындағы филармония, Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерватория және сол оқу орнындағы қазақтың халық аспаптар кафедрасы, Ұлттық ғылым академиясы, М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты құрамындағы Өнертану секторы қазақ мәдениетінің ірі қайраткері Ахмет Қуанұлы Жұбановтың тікелей араласуымен және жетекшілік етуімен өмірге жолдама алған ұжымдар.

Қазақ халық аспаптары оркестрі – А. Жұбановтың шығармашылық қызметінің аса елжулі, қайталанбас тұстарының бірі. Оның көп дауысты ұлттық оркестр құруы – XX ғасырдағы қазақ музыка мәдениеті деген ұғымды нақты категориялық мәні бар рухани құбылысқа айналдырды. Ахмет Қуанұлы оркестр репертуарын қалыптастыру, музыканттардың кәсіби деңгейін жетілдіру бағытында да аянбай еңбек етті [3, 56 б].

А.Қ. Жұбанов – қазақ халқының қазіргі заманғы кәсіби музыкасының негізін қалаған аға буын композиторлардың бірі. Ол халық күйлерін оркестрге лайықтап, нотаға түсірді және қазақ музыкасын күрделі аспаптық симфониялық шығармалармен байытты. Олар «Тәжік биі», «Қазақ билері», «Төлеген Токтаров», «Ария», «Вокальдік сюитасы», «Абай сюитасы», тағы басқалар.

Композитордың қазақтың ұлттық өнерін дамытуға қосқан үлесі үшін Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағын берді. Ленин орденімен, тағы басқа ордендермен, медальдармен марапатталған.

XX ғасырдағы қазақ музыка мәдениетінің А. Жұбанов қомақты үлес қосқан, өзінің өшпес қолтаңбасын қалдырған саласы үлкен. Ахмет Қуанұлының бүкіл саналы ғұмыры өз елінің музыка мәдениетін қалыптастыру және оны көркейту жолындағы белсенді қызмет үстінде өтті. Ол көптеген келелі істің басында болды, атап айтқанда: музыкалық фольклористика, қазақ музыкатану ілімі, Қазақстан Композиторлар одағы, кәсіптік музыкалық білім беру саласы. А. Жұбанов қазақ мәдениетіне музыкаландырудың тың формасын таныстырды. Ол – қазақ халық аспаптар оркестрі. Қазір жұртшылық бұл ұжымды атақты Құрманғазы атындағы Қазақтың мемлекеттік академиялық халық аспаптар оркестрі деп біледі.

Ахмет Қуанұлы тамаша музыкалық туындылардың авторы, өңдеушісі және дирижері ғана емес, сонымен қоса оларды үйретуші, таратушы, насихаттаушы педагог-лектор болды, халық шығармашылығынан мыңнан астам ән мен күй жазып алып нотаға түсірді. Халық композиторлары туралы ел аузынан жинаған мәліметтер бірқатар ғылыми мақалалар мен шығармаларға арқау болды. А. Жұбановтың қазақ мәдениетіне қосқан теңдесі жоқ үлесі адам қабілетінің қандай құдіретті болатындығын шынайы көрінісі.

Қазақ халық аспаптары оркестрі – А. Жұбановтың шығармашылық қызметінің аса елжулі, қайталанбас тұстарының бірі. Оның көп дауысты ұлттық оркестр құруы – XX ғасырдағы қазақ музыка мәдениеті деген ұғымды нақты категориялық мәні бар рухани құбылысқа айналдырды. Ахмет Қуанұлы оркестр репертуарын қалыптастыру, музыканттардың кәсіби деңгейін жетілдіру бағытында да аянбай еңбек етті.

А. Жұбанов композитор ретінде түрлі жанрда қайталанбас құнды туындыларды: аспаптық, вокалдық шығармаларды, хорлар мен музыкалық-драмалық шығармаларды (опера, драмалық спек-

такльдер мен кинофильмдерге жазылған музыкаларды) дүниеге әкелді. А. Жұбановтың «Ария», «Романс», «Көктем» сияқты аспаптық шығармалары скрипкада, кобызда, виолончел және басқа да аспаптарда орындалады. Көптеген музыканттардың, әсіресе, жас пианистердің репертуарында міндетті түрде «Тәжік биі», «Қазақ биі» шығармалары болады. А. Жұбановтың көпшілік сүйіп тыңдайтын «Қарлығаш», «Ақ көгершін», «Ұмытпа», «Ақ Шолпан» сияқты вокалды туындылары өзінің ерекше ұлттық нақышымен, шынайылығымен, тазалығымен баурап алады.

Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрінің негізін қалап, көркемдік жетекшісі және бас дирижері болған А. Жұбанов дала салтында бұрын болмаған ұжымдық орындаушылық дәстүрінің негізін қалады. Алғашында саусақпен санарлық қана өзіндік орындаушылық мәнгерлері бар жеке домбырашылардан жиналған ансамбль аз уақыт аралығында халық ілтипатына бөленді. Бұл еңбекке орынды баға берген Ф. Мүсірепов: «Зерттеу жұмысымен айналысуға мүмкіндік берерліктей болмашы ғана жағдайлар жасалғаннан кейін бірер жыл өтпей-ақ, күлден көтерілген Феникс сияктанып қазактың ұлт аспаптар оркестрі пайда болды. Мен Ахмет Қуанұлының көп дауысты ұлттық оркестрді құруы – аса елеулі, сонымен қатар тарихи еңбек деп санаймын. ...Ұлт оркестрінің кіндік атасы – Ақан» дейді.

Ел арасында өнерпаз онші-күйшілердің орындауында кең тараған халық компози-торларының өн-күйлерін жинап, жүйелеу ісі жиырмасыншы ғасырдың алғашқы жар-тысында кең қанат жайды. Осы жерде халқымыздың ұрпақтан-ұрпаққа ауызша та-ралап келген мәдени мұраларын өзге халық өкілдерінен шыққан зерттеушілердің сұрыптап, жинаған қажырлы еңбегін ерекше атап өткен орынды. Қазақ музыкасының үлгілерін жинап, жазып, баспаға дайындауда А. Затаевичтің сіңірген еңбегі, қосқан үлесі ұшан-теңіз. Өз өмірінің 16 жылын қазақ музыкасына арнаған композитордың салып кеткен жинаушылық және өңдеушілік дәстүр қазақтың ауыздан-ауызға беріліп келе жатқан өн-күйлерін жүйелі түрде зерттеп-жазуға жол ашты. Композитордың нотаға түсіріп, жеке кітап етіп баспадан шығарған «Қазақ халқының 1000 әні» және «Қазақтың 500 әні мен күйі» атты еңбектері кейінгі қалыптаса бастаған, қазақтың кәсіби музыка мәдениетінен сусындауға бой ұрған компо-зиторлар мен музыка зерттеушілерін қанаттандыра түсті десек, А. Затаевичтің қазақ музыкасына арналған көлемді жұмысы Ахмет Қуанұлының ғылыми-зерттеу еңбектерінде жүйелі жалғасына тауып, толыққанды аяқталған формаға ие болады.

Құдіретті күй өнері дегенде, бұл жанрда қайталанбас өзіндік із қалдырған Құрман-ғазы, Дәулеткерей, Төттімбет, Махамбет, Сейтек, Абыл, Дайрабай, Байсерке, Мөмен, Қазанғап, Түркеш, Тоқа, Сүгір, Дина сынды дүлдүлдер есімдері тілге алдымен оралады. Солардың ішінен күй атасы Құрманғазы есімі ерекше. Десек те, Құрманғазының ұлан-ғайыр күйлерін жинақтап, оларды ғылыми тұрғыдан зерттеп, саралап, күйшінің шығармашылық жолы жайлы салыхалы пікір айтқан академик Ахмет Жұбанов болатын. «Құрманғазы және оның өмірін зерттеудегі А. Жұбановтың қызметі» атты мақаласында өнер зерттеушісі З. Қоспақов «Көркем әдебиетте Абай бейнесін сомдаған М. Әуезов болса, ұлы домбырашы, күйші Құрманғазының музыкалық тұлғасын жасаған қазақ өнерінің көшбастаушысы, ака-демик Ахмет Қуанұлы болды. ...Құрманғазыны айтқанда аузымызға Ахмет Жұбанов есімі қатар оралатындығы да сондықтан» дейді.

Біздің айтарымыз, осындай тамаша өнер ұжымын ұйымдастырып, жетілдіру арқылы Ахмет Жұбанов ұлттық музыка өнерінің тарих талап етіп отырған қайта құрылуы мен жанаша дамуының заманалық аса күрделі үдерістерін ойдағыдай өрістетудің бірден бір мұрындығы және ең бас қолбасшысы болды. 1933 жылы Алматыда музыка-драма техникумын ашып, негізінен ұлттық оркестр мен му-зыкалы драма театрына мамандар даярлауды қолға алған, 1944 жылғы тұңғыш жоғары өнер оқу орны — Алматы консерваториясын ұйымдастырып, көп салалы және көп жанрлы кәсіби өнерді дамытуға қажетті мамандар өзірлеуге кірісті. Бұл бүгінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы кеңістігіндегі әлемге аты өйгілі орын — даушыларды көп түлеткен беделді жоғары мектепке айналып отыр. Аса ірі ұйым-дастырушы және педагог А. Жұбанов тек орындаушы мамандар өзірлеумен қанағаттанбай, ұлттық өнерді жанаша дамытатын шығармашыл күштерді тәрбиелеуге де ерекше мән берді. Ол 1939 жылы Қазақстан Композиторлар одағының тұңғыш төрағасы болып сайланып, оны ондаған жылдар бойы үздіксіз басқарды. Алматы консерваториясы жанынан композиторлық бөлім ашып, М. Төлебаев, Қ. Қожамьяров, Е. Рахмадиев, Н. Тілендиев, Қ. Мусин, С. Мұхамеджанов, М. Қойшыбаев, Н. Меңдіғалиев, М. Маңғытаев, К. Күмісбеков, Б. Баяхунов, Ш. Қалдаяқов, М. Сағатов сынды айқын дара талант иелерін өсіріп шығарды.

Артында өшпестей мұра қалдырған композитор А. Жұбановтың туындылары келер ұрпағымен бірге жасап, үшінші мыңжылдыққа да аяқ басты. Мұндай құрмет, мұн-дай шығармашылық табыс сирек болатын құбылыс. Өзінің барлық білімі мен ақыл-ойын, күш-жігерін қазақ кәсіби музыка өнерінің дамуына сарп еткен шынайы талант иесіне берілетін халқының нақтылы бағасы да осындай болса керек.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жұбанов А.Қ., Ғасырлар пернесі. – Алматы: Жазушы, 1958. – 264 б.
2. Елеманова С.А., Қазақтың өншілік өнері. – Алматы: Өнер, 1999. – 170 б.
3. Жұбанова Ғ.А., Мир мой – музыка. – Алматы: Өнер, 2000. – 116 б.
4. Жұбанов А.Қ., Құрманғазы, опера клавири, қолжазба. – Алматы: Жазушы, 1975. – 265 б.
5. Асқаров А.К., Ұлы тұранның ұлдары. – Алматы: Нұрлы әлем, 1998. – 127б.
6. Құл-Мұхамед М.А., Қазақ мәдениетінің энциклопедиясы. – Алматы: Аруна, 2005. – 326 б.
7. Елтұтқа ел тарихының өйгілі тұлғалары. – Астана: Күл тегін, 2001. – 138б.
8. Жұбанов А.Қ., Замана бұлбұлдары, II бөлім. – Алматы: Өнер, 1963. – 298б.
9. Жұбанов А.Қ., Құрманғазы күйлері қалай шыққан?. Әдістемелік құрал – Алматы: Тауғұл Принт, 1993. – 146 б.

## ХАРАКТЕРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ПАРТИТУРЫ: ЕЕ ЗНАЧЕНИЕ, ВИДЫ И СУЩНОСТЬ

М. ЕЛИСТРАТОВА

студент, ПГУ имени С. Торайгырова. г. Павлодар  
Г.М. АНИШЕВА

старший преподаватель, ПГУ имени С.Торайгырова, г. Павлодар

К началу XVI столетия появляется система записи музыкальных произведений, которая получила итальянское название «партитура», от итальянского слова «деление», «распределение». Музыкальная культура в своем историческом развитии накопила и обобщила большой опыт нотной записи. Развитие музыкальной мысли, изменение идейно-эмоционального содержания музыки, вместе с появлением новых форм и выразительных средств, приводило к необходимости появления и новых, более практических и удобных способов записи музыкальных произведений. Развитие культуры многоголосного пения, когда вокальные партии многоголосного хорового произведения приобретали все большую мелодическую самостоятельную, неуклонно требовало нового, более совершенного вида нотного изображения. К этому времени относится появление системы записи музыкальных произведений, которая получила название «партитура».

Исторически возникнув сначала в вокальной музыке, партитурная запись позже широко распространилась также и в музыке для различного вида инструментальных ансамблей и оркестровых составов.

Исторически установился и определенный порядок размещения вокальных партий в хоровой партитуре. В основу распределения положен высотный принцип. Сущность этой записи заключалась в том, что звуки, которые должны были исполняться в произведении одновременно различными голосами, распределялись в записи на одной линии вертикали. В отличие от записи мелодии в одноголосной музыке с ее одной линией нот по горизонтали в партитуре таких линий появилось несколько. Каждая горизонтальная линия нот партитуры стала составлять в произведении отдельную партию какого-либо голоса: верхнего, среднего, нижнего и т.п. На первых порах возникновения партитуры все содержание музыки свободно могло уместиться на одной строке нотного стана. В дальнейшем же, в связи с развитием мелодической и ритмической самостоятельности в мелодиях голосовых партий, возникла необходимость выделять для каждой из них отдельную строку нотного стана и эти строки (как до того линии нот) – размещать одну под другой.

**Партитурой** стали называть появившийся тогда новый вид нотной записи многоголосных хоровых произведений. При этом сущность этой записи заключалась в том, что звуки, которые должны исполняться в произведении одновременно различными голосами, записи мелодии в одноголосной музыке с её одной линией нот по горизонтали в партитуре таких линий появилось несколько. При этом каждая горизонтальная линия нот партитуры стала составлять в произведении отдельную партию какого-либо голоса: верхнего, среднего, нижнего и т.п.

Такая запись хоровых партитур на отдельных строках партитуры дает возможность отчетливо видеть движение какого из голосов хорового произведения. Расположение нотных строк в партитуре одна под другой позволяет видеть и одновременное сочетание всех хоровых партий.

На первых порах возникновения партитур все содержание музыки свободно могло уместиться на одной строке нотного стана. Однако, в дальнейшем, в связи с развитием мелодической и ритмической самостоятельности в мелодиях голосовых партий. Появилась необходимость выделять для каждой из них отдельную строку нотного стана и эти строки (как до того линии нот) – размещать одну под другой.

За минувшие столетия внешний вид, характер и форма построения партитурных записей в значительной мере изменились, но основной принцип параллельного размещения партий произведения построчно одна под другой - сохранился.

**Хоровой партитурой**, следовательно называется запись совокупности голосовых партий хорового произведения. Исторически установился и определенный порядок размещения вокальных партий в хоровой партитуре. Верхняя строка распределена для самого высокого голоса, нижняя строка – для самого низкого голоса. Таким образом, хоровые партии в партитуре располагаются сверху вниз в следующем порядке: сопрано, альты, тенора и басы.

Первым прибежишь – джигит ты, значит! [2, с. 199-200]

Итак, в произведении находят отражение мысли о том, что сколько не три, черный камень не станет зеркалом; место луны на небе занимают тучи; о том, что не каждый попутчик встретит на своем пути удачу; что загробный мир – это своего рода скачки, не известно, кто прискочет первым, а кто последним. Эти строки обосновывают последующий наказ, придают ему действительную силу. В



произведении имеют место мысли о том, что «как бы ни завязывай шею собаки бриллиантом, она не станет бриллиантом, о склонности ходжы и муллы к сплетням.

Обзор такого порядка, полный охват успехов героев, их неудач выступают основой таких произведений, как: «Ұқыпты әйел» («Опрятная жена»), «Салақтық – дерт» («О неряхах и неряшливости»), «Күліктің атқамінерлеріне» («Всадникам Кулико»), «Дүниеге жарасалды күн менен ай» («Дней и ночей череда»).

Известно, что в восточной поэзии, в частности, в произведениях казахских акынов особое место занимают стихи-повествования. В книге 1926-го года «Литературное исследование и стихи» («Әдебиет таңытқыш») А. Байтұрсынов дает следующее определение: «Повествование. Бель. Рассказы набожного времени, написанные с целью воспитывать, называются повествованиями. Повествования создаются не только для обучения религии. Они предназначаются и для обучения другим ремеслам [7, с. 265-266]». В связи с этим следует учесть, что в одном из словарей русского языка стих, подобный басне, призывающий к мудрости, называют «апологом» [6, с. 45], что это понятие несколько ближе к понятию «бэль, повествование» («сикаят»). К примеру, в «Притче о ломте хлеба» (1880 г.) повествуется о том, как человек-попугачик нашел по дороге сундук, как он открыл сундук, полный драгоценностей, как он ликовал от счастья, как вдруг золото в руке обернулось змеей, а затем переросло в дракона, как дракон пасть разинул, чтобы съесть человека. Далее повествуется о том, что ему на пути встречается 30 человек, затем – 5, в конце – получеловека. Машхур Жусип показывает, к какой опасности могут привести необдуманные действия. Момент, на который следует обратить пристальное внимание: те же тридцать человек, показавшиеся ему постом (ораз) в тридцать дней, не помогли ему. Герою помогает своим остроумием получеловек. Безусловно, автор, постоянно пропагандирующий религию, не говорит плохо о посте и намазе, он говорит о том, что пост и намаз помогают человеку в трудные минуты только в том случае, если его действия и намерения благие. Акын таким образом через помощь даже ломтиком хлеба в образе получеловека, через спасение им героя показывает, что служение Всевышнему должно быть в сопряжении с помощью бедному.

Действия нескольких лирических образов, изображение даже мелких столкновений в произведении расширяют горизонты лирики. В основном лирика ограничивается размышлением героя только в одно мгновение. В произведении несколько лирических героев, следовательно, несколько отношений. Поскольку произведение принадлежит не к эпосу, а к лирике, то следует оговориться, что все действия происходят через призму чувств лирического героя в одно мгновение. Хотя в произведении показывается отношения нескольких людей, но их действия передаются через призму чувств только одного лирического героя. Такой прием используется акыном в его произведениях «Аңқау адам туралы» («Притча о рассеянном человеке»), «Шайтанның саудасы» («Чертов торг»). Также описание стихов-повествований находит отражение в следующих произведениях акына: «Алтын табақ» («Золотое блюдо»), «Шайхы Бскақ» (Шейх Бскақ), «Надан би» («Невежественный би»), «Ғалымның тағалымы» («Поучение ученого»). В этом отношении произведения, которых нельзя назвать поэмами, которые по своему содержанию шире понятия «бэль, повествование», шире по объему, которые основаны на определенном событии, но в которых несколько героев, и их чувства передаются через состояние только одного лирического героя, мы называем «событийными произведениями» («оқиғалы өлеңдер»). К ним относятся: «Ибраһим» («Ибраһим»), «Пайғамбардың соңғы тілегі» («Последнее желание Пророка»), «Пайғамбардың өсеті» («Наставление Пророка»), «Ханымбике», «Күйеу Мағзұм мен Хұршым» (Муж Мағзұм и Хұршым) и «Момынның әйеліне шығарғаны» («Обращение Момына к жене»).

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мәшһүр Жүсіп. Шығ. 1-том. –Павлодар: ЭКО, 2003.- 436 б.
2. Мәшһүр Жүсіп. Шығ. 4-том.- Павлодар: ЭКО, 2004.- 535 б.
3. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. –Алматы: Ғылым, 1982.- 240 б.
4. Мәшһүр Жүсіп. Шығ. 2-том.-Павлодар: ЭКО, 2003.- 384 б.
5. Поспелов Г.Н. Лирика.-Москва: Моск. университета, 1976.- С.159-160 .
6. Квятковский А. Поэтический словарь. Москва: Сов. Энциклопедия.- 1966.- С.228-229.
7. Байтұрсынов А. Шығ.- Алматы: Жазушы, 1989.- 320 б.

#### О. БӨКЕЙ ПОВЕСТЕРІНДЕГІ ТҮЛҒА ТАБИҒАТЫ

А.Т. ИБРАЕВА  
студент, ПМПИ, Павлодар қ.

Жазушы үшін тақырып табу - жалаң мақсат емес, тақырып оған өзінің оқырманға айтар ең көкейесті сыры - идеяны ашу үшін қажет. Ақ идеяны жан-жақты ашу үшін сөтімнен табылған бір тақырып азық етеді. Көркем шығарманың тақырыбын да, айтар идеясын да заттандырып, тірілтетін, оның бойына қан мен жан беретін сол туындылардағы характерлер мен типтер, образдар жүйесі. Көркем бейнені сомдаудың әдіс-тәсілдері әр алуан. Олар: портрет, кейіпкердің сөйлеу тілі, тура және жанама мінездеу, ым-ишаралар, дене қимылдары, көркем уақыт пен кеңістік, психологиялық бейнелеу құралдары және т.б. Әсіресе кейіпкер характерін ашудағы көркем уақыт пен кеңістіктің атқаратын ролі өте зор. Бұл ерекшелік әсіресе О.Бөкей мен Т.Әбдіков повестерінен айрықша байқалады.

О.Бөкеевтің «Қар қызы» повесінің алғашқы нұсқасы 1977 жылы жазылып, кейін қайта өңделіп, 1984 жылы «Біздің жақта қыс ұзақ» жинағында жарияланды.

Повестегі жазушы суреттеп отырған іс-әрекет, оқиға өтетін орын объективтік кеңістік бірнешеу: біріншісі – кейіпкерлердің туған ауылы, Нұржанның сөзімен айтқанда «үлкен жер», «үлкен дауы бар үлкен ел»; екіншісі – табиғат кеңістігі: Алтай өңірі. Ауыл - тұйық кеңістіктің образы: «Күннің көзі жылт етіп ашыла қалса, аппақ қардың астында бүк түсіп, қаздың жұмыртқасындай томпайып-томпайып тілсіз жатқан үйлерді, сол үйлердің қар кептелген мұржасынан жұлдындай көтеріліп, жуастау будақтаған түтінді көріп, бұл ауылдың адамдары қарға тұншығып өліп қалмағанына тәуба жасайсыз». Осы тұйықтықтан Упрайдың да, аттылы адамның да «басы ауған жаққа лағып кеткісі бар»; «Көрінгенмен кеңірдектесіп абаласып ауылда жүргенше, айдалада ойхой дүние кешіп, жандарың тынышталады. ...Кейде екі қолымды төбеме қойып, басым ауған жаққа лағып кеткім келеді» (Упрай); «Упрайдың өзіне малын санап беріп, басым ауған жаққа лағып кетпесем». Ал табиғат кеңістігі – ашық, шексіз кеңістік ретінде қабылданады; қар қызы да Нұржанды сол «кеңістікке, мөңгілікке, шексіздікке» шақырады; «Нұ-р-ж-а-н... сен кет бұл ауылдан, мүлдем кет, мөңгілікке кет... бұл жерде адамдар көбейіп барады... саған еркіндік жоқ... Еркін өмір жоқ... Кеңістікке кет... ер менің соңымнан... ер». Осы табиғат кеңістігінде негізгі сюжеттік желі дамып, бас кейіпкерлердің характерлері танылып, даралана түседі. Себебі повестің алғашқы беттеріндегі бас кейіпкерлердің ауылдағы (тұйық кеңістіктегі) тірлігін суреттеген шағын эпизодтардан олардың характерлеріндегі өзгешелік, айырмашылықты байқау қиын. Қатерлі сапарға аттанарда, жанына сенімді жігіттер ал дегенде, Нұржан «өте сенімді, мықты жігіт» деп Аманжанды, «терісі қалын, толық жігіт, шыдас берер» деп Бақытжанды құп көреді.

Үш кейіпкердің шын болмысы, ақыл-ой өрісі, ішкі жан дүниелерінің қалтарыс-нірімдері қаламгердің ойынша адам еркін тұсаулаған, өзінің белгілі бір заңдылықтары бар «әлеуметтік» кеңістікте емес, алып кеңістікпен бетпе-бет, жеке келгенде ашылуға тиіс. Осы табиғат кеңістігі мөңгілік ғарыш әлемінің кішірейтіп алынған моделі, сондықтан алып кеңістік-табиғат аясында жалғыз қалған адам өзін мөңгілік дүниенің титімдей, елсіз бөлігіндей сезінеді. «...Көкжиек жоқ: аспан да, байтақ өңір де ақ сұр; жер жоқ, бір өңкей бой суытып, жұрек мұздатар сұмпайы қар; еріксіз жалықтырады, еріксіз жалғызсыратады... Жаратылыстың осыншалық қатыгездігіне налығандай әлемдегі бүкіл жақсылық пен жамандық атаулыдан безінесің; ақша қардың ортасында мендей қарайып тұрған жалғыз трактор – аппақ дастарқанның үстінде жорғалаған қоныздай-ақ қауқарсыз, бейшара», – деп суреттейді. Адамдар арасында қара күштің баламасы саналған трактордың өзі кеңістік өлшемімен қарағандағы нокаттай ғана.

Осы алып кеңістікке үш тағдырдың, үш дүниетаным иесі – Нұржан, Аманжан, Бақытжан «тасталған». Автор адамның өмір үшін жан таласын суық дүниеге қарама-қарсы қойып, адамның адамшылығы неде екендігін тапқысы келеді. Адамды тәубеге келтіретін бірден-бір нәрсе осы табиғат қаталдығы деп түсінеді. Табиғат оқиға желісіне араласып отырады, кейіпкерлерді дедектетіп, оқиғадан оқиғаға қуып отыратын күш – табиғат қаталдығы. Осылайша, шығармада кеңістік пен адамның ара қатынасы ашылып, кейіпкер характерлерінің қоршаған ортасына орай өзгеруі сипатталады. Жазушының өзі айтқанындай: «Ол повесте менің айтайын дегенім тракторшылар өмірі емес, кеңістік пен жалғыздық мәселесі, адамның кеңістікті түйсінуі, қабылдауы, кеңістіктің жалғыздыққа ықпалы». Адамның өз жалғыздығын, ұшы-қиыры жоқ кеңістікті қабылдап, сезінуі Нұржанның беймәлім өкініші, сағынышы, тылсым дүниеге деген құштарлығы арқылы беріледі: «... Осы қу мекен ай далада жападан-жалғыз қалып қойғысы, қалып қойып аннау аппақ кебін қардың



Басты кейіпкердің Тасжан деп аталуының өзі жанының екіге, екіұдай күйге жарылуын ишаралайтын сияқты. Тасжан деп екі сөздің бірігуі арқылы автор бір адамның екіге бөлінген санасы мен ойын мензейді. Тасжанның болмысындағы Тас пен Жаннның тартысы кейіпкердің ішкі жан дүниесінің кеңістік-уақытында өтіп, ортамен, адамдармен, жағдаймен қарым-қатынасына байланысты бір «мені» бел алып отырады. Жазушы кейіпкер көңіл-күйіндегі өзгерістер арқылы характердің даму қайшылығын көрсетеді. Алғаш қалаға келгенде: «Шынымен-ақ осыншама адамға шат күлкі, баянды бақыт сыйлаған менің ақ қағазға түскен әрбір сызығымның жемісі ме... мен салуға қатысқан Ақтау қалады артымда; оны жер бетінен жоғалтып жіберетін күш жоқ... Бар арман, дәл мынадай халықтың керегіне жарар ізгілікті іс қалдыру ғой», – деп өз-өзіне разы болған Тасжанның көңіліне кейін сызат түседі: «Ал мен болсам Атыраудың асау толқынымен арпалысып, өз әлімді білмей малтыған боламын және өзім де біліп, сезе бермейтін белгісіз бір жағалауға қарай асығыс жүземін, сол жағалауы белгісіз «Барсақелмес» аралға сапар шеккен жолымның әшейін құр бекерлігін кеш түсініп, өзін-өзі жоғалтқан адамның қысыр қиялын ғана арқалап жүрген жайым бар».

Жазушы бұндай көңіл ауанының пайда болуын объективті кеңістік-уақыттың әсері ретінде түсіндіреді. Тасжанның субъективті кеңістік-уақыты мен реалды, объективті кеңістік-уақыттың қарама-қайшылыққа түсуі кейіпкердің екіұдай күй кешуіне итермелейді.

Әрбір әдеби жанрдың өзіне тән сюжет ерекшеліктері болады десек, повестің жанлық белгілерінің бірі автордың сюжет құру шеберлігімен тығыз байланысты. Повестің сюжет өзгешеліктеріне тоқталатын болсақ, біріншіден, повестің сюжеті негізінен характердің ашылуына қызмет ететінін атар едік, туынды сюжеті қым-қиғаш оқиғалармен ғана ассоциацияланбайды, сонымен бірге кейіпкерлерді қоршаған ортаның психологиялық өрістеуіне де байланысты, сондықтан қазіргі повестерде сырт оқиғалар қастығысының орнына психологиялық тартыс, сырттай баяндаудың орнына кейіпкерлердің ішкі жан дүниесіндегі қозғалысты суреттеуге баса назар аударылады.

Өзге жанрларға қарағанда повестегі сюжет композициясының да өзіндік ерекшеліктері бар. Қазіргі қазақ повестеріндегі сюжеттің құрамдас бөлшектерінің өзара байланысы белгілі бір заңдылыққа бағынбайды, сондықтан шығармадағы оқиғаның баяндалуында хронологиялық тәртіптің сақталмауы заңды құбылыс. Бұл ерекшелік авторлық ұстаным сипатына, уақыт-кеңістіктік фактор рөлімен түсіндіріледі.

Екіншіден, миф, аңыз, әпсаналардың эпикалық тектің көлемді жанрларына қарағанда повестерде жиі қолданылуының өзі жазушылардан сюжет құрудағы шеберлікті талап етті.

Көркем шығарманың тақырыбын да, айтар идеясын да заттандырып, тірілтетін, оның бойына қан мен жан беретін сол туындылардағы характерлер мен типтер, образдар жүйесі. Көркем бейнені сомдаудың әдіс-тәсілдері әр алуан. Олар: портрет, кейіпкердің сөйлеу тілі, тура және жанама мінездеу, ым-ишаралар, дене қимылдары, көркем уақыт пен кеңістік, психологиялық бейнелеу құралдары және т.б. ХХ ғасырдың II жартысындағы повестерде көркем бейне жасаудың аталмыш тәсілдері молынан көрініс табады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Токбергенов Т. Қос қағыс. – Алматы: Жазушы, 1988. – 218 б.
2. Бөкеев О. Біздің жақта қыс ұзақ. Повестер. – Алматы: Жалын, 1984. – 432б. – 224 б.
3. Лихачев Д.С. Поэтика древнерусской литературы. – Москва: Наука, 1979. – 352 с.
4. Қаратаев М. Төрттаған туынды // Қазақ әдебиеті. 1986. - 10 қазан. –Б. 3-4

#### БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІН ЖАЗУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

М. Б. ИДРИСОВА  
магистрант, С.Торайғыров атындағы ПМУ  
Б.Т. КАРИМОВА  
ф.ғ.к., доцент С.Торайғыров атындағы ПМУ

Пресс-хатшы ең жиі жазатын мәтін түрі пресс-релиз. Оның жазу талабына ерекше тоқталайық. Журналистерге бірнеше еңбек ұсынған В.В. Ворошилов пресс-релиз жазуға келесі талаптар қояды.

Баспасөз релизді кіріспе бөлімі (тақырып және тақырыпша), негізгі мәтін (бірден бастап алты абзацқа дейін) және қызметтік бөлімнен (анықтамалық және байланыстық ақпарат) тұрады. Мәтінді бір парақтың екі бетіне жазуға тыйым салынады. Баспасөз релизді қағаздың бір бетіне ғана жазылады да, беттің соңында «жалғасы бар» немесе «соңы» деген белгілер болуы шарт.

Баспасөз релизін «төңкерілген пирамида» ұстанымымен жазады. Негізгісінен қосымшасына – бірінші немесе алғашқы екі абзацқа негізгі мазмұны ашылады, ал қалған абзацтар басқа қосымша детальдарға арналады. Ақпараттың абзацтан абзацқа көшкен кезде маңызы мен мәні төмендей берсе, ол газет нөмерінің ерекшелігіне байланысты болады: егер қандай да бір себептермен жолаққа бос орын қалып қоятын болса, мысалы 15 жолдан көп емес, соның ішінде баспасөз релизді 20-60 жол болса, бастапқы мәтіні ғана басылып, соңғысы немесе екінші бөлімі алынып тасталынады.

Жіберушінің мәліметтері (мекен-жайы, байланыс телефоны) «тез арада жариялау» немесе «белгілі бір уақытқа дейін жарияламау» сияқты ескертпелер «баспасөз релизді» сөзінен кейін жазылады. Егер тақырыбы, құжат түрінің атауы және оның құрылымдық бөлімдері жазба әріптермен жазылған болса, онда уақыты мен тегі жуан жазумен, цитаталар – курсивпен, ал нақыл сөздер астын сызу арқылы ерекшеленіп жазылады. Бір беттегі ақпарат 30 жолдан аспауы керек. Жолдың ұзындығы 60-64 белгі, жиектер болса, үсті – 20 мм, оң жағы – 10 мм.

Қоғаммен байланыс ұйымының маманымен дайындалған баспасөз релиздің мәтіні жауапты қызметкерлермен қаралады. Олар: баспасөз релизі мазмұнының маңызды байланысы, пиар бөлімінің директоры, зангерлер және қызметкерлер.

Баспасөз релизді барлық газеттер мен барлық радио мен теларналарға жіберілмейді: релиздің мазмұны мен мақсатты аудиторияның негізгі ерекшелігі, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы нәтижелігі ерекшеленеді.

Қандай да бір құжаттың маңыздылығы мен нәтижелігіне жету үшін, іскерлік хаттан бастап хабарламаның әр түрлі түрлеріне дейін, пиар мамандар, ақпараттық хат, баспасөз релиз немесе газетке арналған материал бұл ережелердің қатаң сақталуына көмектеседі.

- Ереже ретінде бір ғана ойды мазмұндайтын қысқа сөйлемдерді пайдалану;
- Қандай да болмасын бір ұзын сөйлем жеке абзац болмауы керек;
- Болжамды түрде жазудан сақ болу керек, тек анық, нақты ақпаратты жазған жөн;
- Сын есімдермен етістіктерді пайдалану ұсынылмайды;
- Қарапайым сөздер мен жаргонизмдерді қолданбау;
- Үстеу мен сын есімді көп қолданбау;
- Ақпараттық себептерге байланысты баспасөз релизін дайындау үшін кейбір зерттеушілер оларды стандартты және арнайы деп бөледі.

Сонымен коммерциялық байланыста стандарты баспасөз релиздері күнделікті ақпаратты әзірлеу үшін қажет:

- Жаңа тауардың шығуы;
- Шаруашылық шарттардың өзгеруі (прогрессивті технологиялардың енгізілуі, жаңа алаңдардың кірістірілуі және т.б.);
- Фирма басшыларының баяндамасы;
- Қарлық өзгерістер (тағайындаулар, басқа жұмысқа ауыстыру, жетекшіліктен шығару);
- Ал басқалары мерзімді болатын шараларды әзірлеуге арналады:
- Шаруашылық әрекеттің бір жылға, жарты жылға немесе кварталдағы нәтижесі;
- Фирма ұйымы, оның филиалы;
- Жаңа нарыққа шығу;
- Бизнес-шараларға қатысу (конференция, көрме, презентация, төндер, аукциондар және т.б.);
- Фирманың қайырымдылық шараларына қатысуы.
- Арнайы баспасөз релиздері мынадай ақпараттық себептер бойынша жазылады:
- Фирма мен фирма қызметкерлері өміріндегі мерекелік шаралар;
- Ұйымның шаруашылық әрекетінің жетістігі;
- Ірі бизнес келісімдерге отыру (контракт, ынтықмақтастық жөнінде келісім);
- Дағдарысқа әкеліп соқпайтын жоспардан тыс шаралар (акционерлердің кезектен тыс жиналысы, директорлар кеңесінің отырысы және т.б.);
- Дағдарыс жағдайына жауап ретінде жоспардан тыс шаралар.

Кітапхана пресс-релизін ерекшелігін есепке алып, оны әзірлегенде тиімді тәсілін табу – қызмет көрсету мен кітапхана өнімінің тұтынушыларға жылжытылуы өте нәтижелі болады, және кітапхана оқырмандары мен нашар мәлімденген (немесе мүлдем мәлімденбеген) пайдаланушылар арасында қызығушылық туғызады.



Біреулер малмен бәрін бөктеріп жүр,  
Айтқанды ақыл, нұсқа жек көріп жүр.  
Көтеріп дүниенің көң-коқырын,  
Апарып қай шұқырға төккелі жүр?  
Біреулер «қайтемің» деп қалтандап жүр,  
Әркімнің аузына бір жалтандап жүр.  
Біреулер біліп тұрып, жете алмайды,  
Аяғын қандай нәрсе арқандап жүр?  
Көңілі кейбіреудің бұлтта жүр,  
Ұстауға күн мен айды жуықтап жүр.  
**Біреулер қара сөзді қамшы қылып,**  
Куды мініп, құланды құрықтап жүр.  
Қайсысын маған соның еп көресіз?  
Әкетсем өзім таңдап, өкпелерсіз.  
Сүйкемнің сүйегің ойласаныз,  
«Өлең болсын серігің» деп бересіз! [8, 105]  
**«Қара сөзді қамшы қылды»** – сөзге дес бермей сөйледі.  
Қаһ ар көріп хандардан  
Білек керіп бектерден,  
Тепкі көріп байлардан,

**Қамшы көріп билерден**  
Қалың қауым иленген [8, 74]

**Қамшы көрді [жеді]** *Урылды, таяқ астына алынды; таяқ жседі, соққы корді.* Кет әрі, сен де менен қамшы жерсін. Үргізген анау байын тыным берсін. Бетімнен алдырушы сен ғой, -Маман тұра тұрбұл бәйгедең атым келсін (М.Ә). Жаманнан жесең бір қамшы. Ол сүйегіне жетпес пе? (Ш.С). (Жамбыл) ) [9, 213]

Жазыққа біткен бүлдірген -  
Сұғынсақ тояр ма екеміз!

**Тобылғы сапты қамшы алып,**  
**Тұмар мойын ат мініп,**

**Қоныс та қарар ма екеміз!** (Ақтамберді Сарыұлы).

**«Тобылғы сапты қамшы алып»** -тура мағынасында қолданылған  
*Көз тартады қыз қамшы қырғыз өрме,Замандардан заманға болған көрме.Домбырамен,*  
*торсықпен қатарласып,Түзеп ойын керіліп тұрды төрде*  
(«Әже көзі» Естеу Нүсіпбеков).

**«Қырғыз өрім қамшы»** - өте тығыз етіп, жіңішке таспадан жұмырлап өрілген қамшы.

*Ағатай, қамшы өріп бер сегіз өрім*  
*Шіркінің шабандозы-ай дегіземін.*  
*Әзірге мінер атым жоқ болса да*  
*Жүйріктен күдерімді неге үземін.*

(«Қамшы өріп бер» Жүрсін Ерман)

**«Сегіз өрім қамшы»** - сегіз таспадан өрілген қамшының түрі.

**Қамшы болды Түртікі болды, итермежді.** 1.Абай сөзі ашылығына қамшы болды. Сол жайларды аңғартып отырған Төкежан Абайдың бағанадан бергі тергеуіне ырза емес болатын (М.Ә). 2. Төзімі жуқарып зорға тұрған қолхозшының біріне Ахметтің сөзі қамшы болым кетті.

**Қамшыдай қатты** 1. *қамшырдай қатып арықтады, ашықты, жүдеді.* Тіседен сазда, іш жоқ, бауыр жоқ, қамшыдай қатып қалған қайран мал, қырылға тұр (Ғ.М). 2. *Батталды.* Қамшыдай қатырып жаратқан өншен жүйріктері белдеде тұратын. (А.Т).

**Қамшы кесті шабан** *Аяғын баспайтын, тым қырсау.* Наталья аң ұмтылса, қашып құтылар еді, астына мінгені есек, және қамшы кесті шабан есек (С.М).

**Қамшылар жақ** *Оң жағы деген мағынада.*(мініс көліктің «сол жағы», «мінер жағы», «оң жағы», «қамшылар жағы» болады). Нардың түрі жүдеу, бүйірі солып, өркеші қамшылар жағына қисая бастаған (Л.Ж).

**Қамшы салмады** *Қамшы тигізбей жүріп отырды.*

Қайтарда тізгінін тежеп отыр,

Тақымды қамшы салмай безеп отыр.

Бол да отыр бірдің соңы ызақ оба,  
Тек қана бір мөлшерді көзде де отыр (І.Ж).

**Қамшы салдырды** *Болдырды, шаршады.* Ерболдың жетекке аты барды. өз аты намаздыгер шағында қамшы салдырып, белі босаңси берген (М.Ә).

**Қамшысын алып келуге [беруге]** жарамды *Шірік, болжыр, қолынан дөңгеле келмейтін кісі.* (Көбіне балаға байланысты айтылады). Баламның қамшысын алып беруге жарамайтын нәмелер. Сонымен қатар «Қан мен тер» романындағы Судыр Ахмет бейнесі.

**Қамшысынан қан сорғалаған** *Қаныпезер, жауыз, злрығы, билігі жүріп тұрған.* Аққан жас, жосыған қанды есептесең, өтеуі үрім – бұтағына кетеді. Қамшысынан қан сорғалап тұрып, кімге жөн айтпаксың! (Ғ.М). Ол жылдары қамшысынан қан сорғалаған дер кезі болса, қазір алпысқа таяп қалды (Ғ.М).

**Қамшысын үйреді де отырады көне.** *Ақырып, «бір шыбықпен айдайтын» зорлықшыл озбыр кісі.*

**Қамшы тигізбеді** *қамшы салдырмай жүретін жүйрік ат туралы айтылады.* Балуан Шолақ атының кекіліне үкі, құйрығына шолпы тақты, мінгенде деңсіне қамшы тигізбеді (С.А)

**Қамшы үйірді** *Қорқытты, хауіп төндірді, күш көрсетті.*

Жыртқыш андай анталап,

Аюайсыз Томға шүйілді:

Көздері тегіз қанталап,

Қамшысын ажал үйірді (М.Р) [9]

Сонымен қамшы лексемасының дүниетанымдық қызметін көрсетуде Ж.А.Манкееваның сөзімен қорытындыласақ, олар «өмір сүруді қамтамасыз ететін мәдениетке жататын дүниелердің мәдениетке қатысы адамдардың тек өмір сүруі үшін қажет мұқтаждықтарын ғана қанағаттандырып қоймай, сонымен бірге олардан жоғары тұратын социогендік, символдық және эстетикалық қажеттіліктерін де өтейді» [10, 53 б].

Күнделікті тұрмыста қолданылатын қолөнер туындылардың тілдік қабатын анықтау, оның атауларының жасалу жолдарын, мазмұнын ашу қолөнер мәдениеті арқылы өрілген ұлттық болмысты тануға және танытуға байланысты т.б. маңыздылығы дау туғызбайды. Ол атаулардың табиғаты мен мәнінің ерекшелігі тарих, этнография, этнология, мәдениеттану, этнопсихология, әлеуметтану т.б. пәндерімен сабақтас жүргізілетін кешенді зерттеуді, шын мәніндегі лингвомәдени және этнолингвистикалық зерттеуді, нақтырақ айтқанда, тек қана этнолингвистикалық тәсілді қажет етеді. Көбі қолданыстан шығып, ұмыт болған, тек қана эпостық жарлалардың жолдарында, фразеологиялық тіркестер мен мақал-мәтелдердің құрамында мағынасы күнгірттенген атаулардың анықтамасы шағын этнографиялық очерктерді, түсініктемелерді қажет етеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. КТТС - Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1-2 том. А., 1961.
2. Жалелұлы О. «Қазақ әйелі: кеше, бүгін және ертең»
3. Уәлиев Н. Қазақ сөз мәдениетінің негіздері: филолғылдокт.автореф. –Алматы, 2007.
4. Қазақтың салт - дәстүрлері мен әдет – ғұрыптары
5. Мүсірепов Ғ. Оянған өлке Алматы,1980
6. Бөкей О. Таңдамалы шығармалары
7. Нұрпейісов Ә. Қан мен тер. Алматы, 1961
8. ЖабаевЖ. Шығармалары Алматы,1996
- 9 Кеңесбаев І «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, 1977
10. Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. Алматы, 2008.

#### БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН PR МӘТІНДЕРІНІҢ ТҮРЛЕРІ

Б.Т. КАРИМОВА, Ж.Б. ИБРАЕВА  
ф.ғ.к., доценттер, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар к.

Қоғаммен байланыс технология саласының бүгінгі таңда қоғамдағы орны айырықша. PR қызметіне кәсіпорынның, ұжымның беделін көтеру, атағын шығару, қоғамға пайдалы екенін түсіндірудегі жүйелі түрде ұйымдастырылатын жұмыс жатады. Журналистикамен қатар бұқараға рухани азық және ақпарат беретін, халықпен тікелей қарым-қатынасқа түсетін маңызды сала.

Егеменді еліміздің дамуына БАҚ ерекше қызмет атқарады. Баспасөз қызметі жаһандық ақпараттық ортада әрекет етеді. БАҚ өнімдеріне сұраныс болуына байланысты сандық көрсеткіші өседі. Мақала әр PR- жанр мәтініне қойылатын талаптарды жанжақты қарастыруға арналған.

Ресей зерттеушілері А.И. Гнетнёв және М.С.Филь өздерінің «Современная пресс-служба» еңбегінде ақпараттық-танымдық мәтіндерді жазған кезде ерекше абай болған жөн, деп кеңес береді. «Дұрыс қолданылмаған терминдер мен интерпритациялар түрлі масштабтағы қателерге апарып соқтыруы мүмкін!» - дейді.

Қоғаммен байланыста жұмыс істейтін маман қазақ тілінің – бұл екі күрделі және қызықты тілдердің бірі. Онымен жұмыста үлкен мамандандырылған қолданыс керек. «Не көрсем, соны ойлаймын, нені ойласам, соны айтамын» деген қайраткерлік принципті қолданбаған абзал.

Егер адамның «тілді сезу» қабілеті болса, бұл көп ретте феномендерді суреттеуде, тұрмыстық деңгейдегі өмірлік қақтығыстарды шебер суреттей алған болса, онда ол әлеуметтік коммуникациялар саласында баспасөз қызметіндегі мамандандырылған деп санауға болады.

Мәтінді кез келген жағдайда суреттегенде, нақты сөздер мен жинақы ойды қолданған абзал. Бұл оқырманның керек деген ақпаратпен қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Баспасөз қызметкері комментарийлерді өте шебер құруы міндетті. Теріс деген ақпараттың өзі тым жаман болып көрінбеуі керек, қоғамда бұл тарыстың пайда болуына жол бермеу.

PR ақпарат, әдеттегідей ауызша немесе жазбаша түрде беріледі және мәтін ретінде де қаралуы мүмкін. «PR текст» әдебиетіндегі А.Д. Кривосовтың монографиясында «Көпшілік коммуникациялық жүйесіндегі PR мәтін»:

PR мәтін қарапайым немесе аралас мәтін, мазмұнында PR ақпарат бар;

PR базистік субъектісінің қозғаушы күші;

Көпшілік коммуникациялық ортадағы функционалдығы;

PR базистік субъектісінің публицистік қорының құрылуы және осу мақсаты бұқараның белгілі бір тобына арналған.

Жасырын (немесе туралық) авторлықпен ие болуы. Тура таралым, жеке жеткізу немесе БАҚ арқылы таралымдар жасау. Авторлардың пікірі бойынша PR мәтіннің журналистік және жарнамалық мәтіннен негізгі айырмашылығы қозғаушы күшке ие болуында. Яғни, оның мақсаты бір үлкен топты үлкен бастамаға бастау. (Мысалы, мерекелік шараға келу) немесе көзқарасынды өзгерті (Мысалы, белгілі бір қоғам қайраткеріне басқа көзбен қарау).

PR мәтіннің классификациясына қарай:

Жанрлық иелік (пресс-релиз, жаналық, болжам, мақала, комментарийлер және т.б.)

Таралым түрлері (газет, телевидение, радио және т.б.)

Мәтін адресаты (ұйымның ішкі және сыртқы қоғамдылығы, арнайы аудиторияның сапалы мінздемесі)

Әсер ету нысаны (пропаганда, ақпараттандыру, назар аудару және т.б.)

PR мәтіні	
Базистік	Аралас
	(мысалыға, резюме, ақпараттық пакет)
бірінші реттік	екінші реттік қарапайым күрделі
Бірінші реттік PR мәтініне (пресс-релиздер, хаттар, буклеттер және т.б.).	
Қарапайым (белгілі бір жанрда туындаған материал).	
Күрделі (көптеген қарапайым мәтіндерден тұратын, бірақ бір мағыналық негізі бар).	
Екінші реттік PR мәтініне – бұл бірінші ақпараттың журналистік талдаудан өтуі және БАҚ каналдары арқылы таратылған. Мысалы, екінші реттік мәтін болып мақала жүзінде жарық көрген, бірақ негізі пресс-релизден, буклет немесе ресми сайттардағы жаңалықтардан алынған болса.	
PR мәтіндерді классификациялауда материалдарды жанрлық бөлу төмендегідей жүреді:	
Ақпараттық (жаналық).	
Аналитикалық (сараптамалық)	
Көркемділік (азат публицистика)	
Баспасөз қызметкері аталған жанрларды толық меңгеруі және түсінуі міндетті. Баспасөз қызметінің мәтіндік материалдармен жұмыс жасау түрлерін атап кетуге болады.	
- Пресс-релиз;	
- Ақпараттық баяндама;	
- Ұйымдардан ресми өтініш;	
- Сайттарға материалдар, блог орталықтарындағы дискуссия;	

- БАҚ-қа арналған басшыларының цитаталары;

- Басшылардың аудитория алдындағы сөйлеуін сөздерін даярлау;

- Аналитикалық анықтама;

- Бэкграундер;

- Жасырын жарнама (сторителли).

**PR мәтіндерінің топтық жанрлары**

Ақпараттық топ	Аналитикалық топ	Көркемдік топ
-пресс релиз	-БАҚ-қа өтініш	-памфлет
-шақыру	-бэкграундер	очерк
-өмір баян	-нимиджік мақала	-фельетон
-факт-парақ	-байлайнер, т.б.	-екінші түрлі PR мәтін
-ньюстерлер, т.б.		

PR мәтіннің негізгі дәстүрлі жанры пресс-релиз болып табылады. Пресс-релиз қысқаша түрде (А4 форматындағы, 1 беттен көп емес) БАҚ-қа арналған анықтама, мақсаты – қанағаттанушыларға ақпарат жеткізу.

Пресс-релиздің негізгі міндеті – жаналық іздестіруде журналист жұмысын жеңілдету. Пресс-релиздің үлкен көлемі нәтижелі және тәжірибеде жиі қолданылады. Түсінетін жайт пресс-релиздерді тарату бір бағытты нелемеді, журналист алынған ақпаратты қолану, қолданбауды өзі шешеді.

«КРОС» қоғамдық байланысты дамыту компаниясының директорлар кеңесінің төрағасы Виталий Дымарский: «Пресс-релиздің мақсаты – БАҚ-тың қызығушылығын тудыру, сондықтан да «кеңселік тіл» мен «соғылған банальді формулировкаларды» қолданбаған жөн. Өкінішке қарай, баспасөз қызметінің көп қызметкерлері өте нашар жазады (пресс-релиздің 97 пайызы адресаттарына жетпейді, оларды қызықтандырмайды. Себебі, ақпарат тым қызықсыз) бірінші бастама сөз қызығушылық тудыруы керек, қызықты газеттің мәтіндік атауы (оның сенсация екенін түсіндіру!)».

Мәтін өзі «жекеден ортаққа» немесе «ортақтан жекеге» принципін бойынша жазылады. Бірақ көп ретте бірінші принципін жиі қолданылады. Пресс-релиз көбіне классикалық принциптегі ақпараттық мәтін негізінде құрылады. Журналистік терминологиясындағы Лид деп аталатын бірінші абзац «Не?», «Қайда?», «Қашан?» деген сұрақтардың қысқаша мағыналық мазмұнын береді. Егер мәтінде танымал адам жайлы сөз болса, онда ол жайлы толық мағлұматқа сөз басында назар айдарған жөн. Қалған бөлімінде ақпарат толық түрде беріледі (анықтамаға қызығушылық артқандарға арналады). Бірақ пресс-релиз құрылымы ақпараттық негізін, ерекшелігін ескере отырып жеке жасалынуы тиіс. Стандарттан тыс визуалды шешімдер қабылдауға болады. Мысалға мәтінге сай кішігірім фотосуреттерді орналастыру (әрине, бұл басшының суреті емес, аталып отырған мәселе төңірегінде).

Халықаралық инвестициялы-девилоперлік кооперативті алға жылжыту Mirax Group кооперациясының басшысы Анна Миронова нәтижелі пресс-релиздің жазылу ережесін ұсынады:

Пресс-релиз атауында (егер бұл шын мәнінде пресс-релиз болса, бірақ ақпараттық анықтама немесе басқа PR мәтін) міндетті түрде ұйым атауы аталуы тиіс.

Бастапқы абзацта негізгі ой орын алуы керек.

Цитаталанатын мәтін автор мен бірге цитата ретінде қолданылуы тиіс.

Пресс-релиздің өзі 4 абзацтан көп болмауға тиіс. А4 форматындағы бетке сыйымды болуы керек. Кооперация жайлы толық анықтама: қаржылық құрылымы, проект жайлы толық түсінік (ол жайлы сөз болса). Журналистерді қызықтыратын параметрлер бар (объекті құру – алаң, инвестрлер қолданылу мақсаты мен міндеттері және т.б.)

Журналистерге керек ақпаратты тарудағы түсінушілік (көп жағдайда пресс-релиз қызықты жайттарға тоқталмауы мүмкін). Пресс-релиздің тақырыбын дұрыс таңдау үшін қоғамдық өмірдің салаларын жақсы түсіну керек. «Ұтымсыз» тақырыптардың санына:

Проблемалық, дағдарыстық (жан-жалға итермелеу)

Тауар бағасының нормативтік-құқықтық базасының өзгеруі және тағы басқа

Кез-келген аналитика және статистика қоғамдық байланыс немесе нарық сигменті (100 адресатқа жолданғанда 25-30 тасымал)

Пресс-релиз барлық БАҚ-қа бөлек жасалуы тиіс – басылым идеологиясын жоспарлау жұмыстардағы қатынасы ескерілуі тиіс (туризм журналына қайырымдылық шарасы қызықты болмайды).

Басылымдарға күніне екі-үш пресс-релизден жолдап отыру керек емес. Ең қауіпті жағдай – ұйымның аты мен мөрінен көрген басылымда оны оқымай-ақ, қызықтандырып тасталынуы. Осы үшін БАҚ қажетті, маңызды, қызықты ақпаратқа қол жеткізе алмайды.

Белгіленген шараға міндетті түрде келетін ұйымдарға пресс-релиз БАҚ-қа таралуы тиіс. Пресс-релиздерді жолдаумен ғана шектелмей, редакцияға қосымша хабарласып, өткізілетін шараның қызықтылығына тоқталып кеткен жөн.

БАҚ бетіндегі имидждік бет алыс, «табыс тарихы» ұйымымен сұхбат жүргізу және т.б. баспасөз қызметінің жұмысына кіреді. Өзектілері болып мақала мен сұхбат танылады.

Журналистикада мақала аналитикалық жанрда қолданылады. Баспасөз орталығы мақаланың мағынасының жарнамалық типте емес, оқырманға пайдалы ақпараты мен өзектілігімен ерекшеленуі тиіс.

Автордың ресми тәуелсіз материалының нәтижелі PR анықтама беруде үлкен мүмкіндіктер тудырады. Көпшілік сарапшылардың үлкен ұйымдарды таныстыру – осының өзі PR болып табылады. Ұйым осылардың мекемелерінің атынан материалдарын береді.

Имидждік сұхбат өздігінен PR мәтінде үлкен табысқа жеткен мекемелердің, басшылардың, жалпы оқырманға қызықты болатын ақпарат ұсынады. Журналистикада, әдеттегідей сұхбаттың 3 түрі ажыратылады:

- Оқиғалы
- Портреттік
- Проблемалық

Сұхбат жанрының негізгі ерекшелігі сол, ол оқырманға «қатысушылық» сезімін тудыртады. PR мәтінін бұл түріндегі негізгі рөл жекелік аспекті ерекше орын алады. Имидждік сұхбаттың көздейтін мақсаты PR мәтіндегі ұйым мен белгілі қайраткерлердің дәрежесі мен танымалдылығын көтеру. Бұл жүйенің нәтижелі болуы үшін баспасөз орталығына сұхбаттасушыны дұрыс тандай білу керек. Есте сақтай білуі адам сүйіспеншілік тудырған сұхбаттасушыға ерекше ықыласпен қарайды. Бұл факторлардың қажеттілігі телевидениеде байқалады.

Толығымен, PR мәтінімен жұмысты шығармашылық сияқты емес, технология жағынан қарастыру қажет. Ақпараттың өмір сүруі күннен күнге азайып барады (маңызды ақпараттық себеп 3-4 күн). Сол үшін баспасөз орталыққа материалдарды жылдам өңдеу үшін PR мәтінін түрлі модульдері қажет («ақпараттық анықтама», «пресс-релиз» және т.б.). «КРОС» қоғамдық байланысты дамыту компаниясының директорлар кеңесінің төрағасы Виталий Дымарскийдің нақты ескертуі бойынша «Технологиялық қызықсыздықпен ұйғарылмайды».

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. А.И. Гнетнёв және М.С.Филь «Современная пресс-служба» М. 2009. С. 300.
2. В.В. Ворошилов Журналистика учебник 5-издание М. 2006 С.600.

### ЕРТЕДІ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫРДАҒЫ ХОР ӨНЕРІ

А. КУСАНОВА

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, г. Павлодар

Г.Т. МАҚЫШБАЕВА

аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, г. Павлодар

Хормен ән айту – өте көне және бай музыкалық өнердің бір үлкен саласы. Тарихи өз дамуына басқа өнерге қарағанда, хор өнері алғашқы қауым қалыптасумен бірге жасасып келеді. Бірте – бірте адамдардың әлеуметтік жағдайларының дамуымен рухани байлықтарының толығымен бірге хормен және жеке дауыста орындаушылық тұрақты орын алып олардың еңбекке көзқарастары қалыптастыра отырып ұлттық ойындар мен би, салт – дәстүрлерінде көрініс тапты. Халықтық ойындардың негізі ән болып саналып, кейінірек көпдауысты ән айту түрлері шыға бастады.

Көпшілік хор өнері кештеу дамыды. Оның негізгі міндеті – шіркеу салт – жоралары мен сарай мерекелерінің көркемдік жағын дайындаушы болды. Тарихи ескерткіштерге қарағанда шығыс цивилизациясы дәуірінде хор өнерінің түрлері дамыған. Египет пен Вавилонда халықтық бөлімдерде (сценаларында) хормен ән айтылды. Ежелгі Үнді елінің әншілігі - би, аспаптық өнерлер мәдениетіне байланысты дамыды. Өте жоғары дәрежеде жетілген Үнді патшалығындағы әйелдері хоры болды. Ал ежелгі Палестина халқының ән, би, музыкалық аспаптары болғандығын біз көне есиет кітаптарынан оқып таласуымызға болады.

Ертедегі Грек елінде хор өнерінің дамуы ерекше қызықты және тарихи маңызды болды. Ер баланың төрбесіне қанша назар аударғандай, Грецияда хор өнеріне сонша назар аударылды. Хор өнері білімнің алғашқы баспалдығы – деп саналды. Грецияда хор өнері жерге қатысты ұлттық мерекенің

айрылмас құрамдас бөлігі ретінде сақталып келеді. Сонымен қатар Грецияда бір дауыспен орындайтын (унисон) ерлер, әйелдер, балалар хоры кең таратылған. Хорлардың ішінде кең тараған: партенни алқмана (әйелдерге арналған лирикалық әндер) және Оды Пиндара (жеңімпаздарды мақтайтын әндер).

Әсіресе Грек трагедиясы хорына көп көңіл бөлінді. Бұл жанр б. э. д. VI ғ. болды. Хор арнайы жасалған сахнада өнерлерін көрсетті.

Ежелгі Грецияда дауыстар мынадай классификацияға бөлінді:

- 1 metoide – виртуоздарға арналған жоғары дауыс;
- 2 mesoide – хорға тән орташа, қалыпты дауыс;
- 3 iratoide – трагик актерларға арналған төменгі дауыс.

Ертедегі Гректің философ – музыканттарының теориялық ізденістері, хор өнерінің төрбиелік ролін жоғары бағалауы, гармониялық, акустикалық, ладтық, заңдылықтарын ашуы хор мәдениетінің дамуына үлкен ықпалын тигізді. VI – VIII ғасырда феодалдық дәуір кезеңінде Византияда хор өнері жоғары жетістіктерге жетті. Бұл кезде гимндер ерекше көзге түсті. Олар ырғақты композициялық құрылымымен ерекшеленді. Гимн – шығыс литургиясының негізі, сондықтан гимндерді орындау сарай мереке-мезреттерінің негізі бөлімі болып есептелді. Византияда күдайға құлшылық еткен хор құрамы бір жарым екі жүзге дейін жетті. Гимн – халықтық өн өркенінің қайнар көзі бола тұрып, сол уақыттағы католиктік діни мерекелердің негізгі музыкалық және көркемдік бөліміне айналды.

Гимн бес бөлімнен құралды (V ғасырдан):

- 1) «Kurie eleison» - «Тәңір жарылқасын»;
- 2) «Vloria» - «Алланың данқы артсын»;
- 3) «Credo» - «Тәңіріме сенім артсын»;
- 4) «Sonetus» - «Тәңірімді ардақтаймын»;
- 5) «Benediktus» - «Бата беремін, қолдаймын».

Орта ғасырдағы профессионал хор өнерінің орталығы монастырлар мен соборлар болды.

Италияда – Рим, Милан.

Францияда – Париж, Меца, Шартра.

Германияда – Райхенау.

Швейцарияда – Сен – Галлена т.б.

Осы монастырлар мен соборларда жоғарғы дәрежелі әншілер мектебі болды, мектеп жеке әншілер мен регенттерді дайындаумен қатар, хормен ән айтудың жаңа түрлерін дамытты. Қайта өрлеу дәуіріндегі ән айту өнері

Батыс және орталық Еуропадағы мәдениеттің қайта өрлеу (возрождения) XIV – XVII ғасырды қамтиды. Грецияда трагедия өнері Еуропа драма және музыка театрына жол ашты. Қайта өрлеу мәдениетінің жетілуі қоғамда гуманизм көзқарасын қалыптастырды. Қоғамдағы шығармашылық ағымдардың бірігуі ғылым- білімнің, өнеркәсіп, сауданың дамуына жол берді. Франция, Италия, Германиядағы шаруа көтерілісінде халық өздері шығарған ән-гимндерін айтты.

Сол кездегі мадақ (хвалебные песни) – әнұран авторы – Роман Сладко ол көпжолды драмалық мазмұнды лирикалық шығарма – кондак авторы, ол Андрей Критский мен Иоганн Дамаскин 9 әннен тұратын канон, яғни музыкалық шығармалардың авторлары болып танымал болды. Мадақ әнұрандары шығыс елдерінің негізіне айналып сарай ақсүйектерінің бөлімбейтін рәсімдерінің бірі болды. Хор мүшелері 150 ден 200 адамға дейін жетті. Бұл құрамда жай әншілермен қатар **доместиктер** (ән мұғалімі) **магистрлер** (шығармашылар), **протансаяттар** (менгерушілер) **лампадариялар** (корифей - кеменгерлер) де болды. Орта ғасырдағы кәсіби хор мәдениетінің орталықтары сол кездегі Рим, Милан, Париж, Германия қалаларындағы монастырлар мен шіркеулер болды. Бұл соборларда хор өнері мектептері өз жұмыстарын ұйымдастырды. XII ғасырда Париж Богоматери соборының ән мектебі өзінің жоғары шеберліктерін көрсетіп кәсіби дәрежелері шыңдалды.

Көпдауысты ақсүйектер хорының (светское хорвое многоголосие) жетілуіне және таралуына университеттер көп ықпалын тигізді. Университетте туылдаған 3 – 4 дауысты мотет шіркеу әуенімен мәтінін біріктіріп орындауға бнімделді. Төменгі дауыс- тенор дауыстылар әнді латын тілінде айтса, жоғары дауысты ұстағандар әнді ана тілінде ішер мәтінін қолдана тұрып орындайтын болған. Хор мәдениетінің дамуына славян халқы үлкен роль атқарды. Олар: орыс, украин, беларусь, поляк, чех, словак, болгар, серб, хорват халықтары. Славян әндері Батыс, төлеу шығыс елдерінің музыка өнеріне оң әсерін тигізіп, ықпал жасады.

XII ғасырда Иоганн Дамаскиннен кейін көрнекті композитор теоретик **Иоанн Кукузель** болды. Оның әндері кең таралып көркем, колоритімен ерекшеленді. Иоганн Кукузель – Византиядағы ән мектептерінің негізін қалаушы және реформаторы бола білді.

Батыс және орталық Еуропадағы мәдениеттің қайта өрлеуі (возрождения) XIV – XVII ғасырды қамтиды. Грецияда трагедия өнері Еуропа драма және музыка театрына жол ашты. Қайта өрлеу мәдениетінің жетілуі қоғамда гуманизм көзқарасын қалыптастырды. Қоғамдағы шығармашылық ағымдардың бірігуі ғылым- білімнің, өнеркәсіп, сауданың дамуына жол берді.

Алғаш композитор ұғымы пайда болып, дауыс ырғағының саны 6 – 9 ға дейін жетті. Диссананс қолдануы катал ережелермен шектелді, мажор мен минор жүйелері қалыптаса бастады. Осы жаңа жүйелер композиторлардың қайта өрлеу дәуірінде жаңа музыкалық туындылар жасауға бейімделді. Мәтін мен музыка арасында тығыз байланыс пайда болды, ол адамның көңіл – күйін, махаббат, өмір тақырыптарын баяндады.

Қайта өрлеу дәуірі 2 бағытта дамыды: **шіркеу** және **аксүйектер** бағытында. Шіркеу музыкасының негізгі жанрларына **месса**, **мотет**, **көпдауысты полифониялық** шығармалар жатады.

Аксүйектер музыкасының дамуы композиторлардың **мадригал**, **концо**, **полифониялық** әндер жазуына себеп болды. Алғашқы орныдаушылар алғашқы – виртуоздар (орган, лютия, виола) болып табылды.

Қайта өрлеу дәуірінде ұлттық музыка мектептері көптен ашыла бастады. Ең ірі мектеп болып – **Нидерланд Франко – Фломенская мектебі** саналды. Сонымен бірге Испан, Италиян, Ағылшын, неміс ұлттық музыка мектебі қоса қалыптасты.

Еуропа елдерінде қайта өрлеу дәуіріндегі музыка әр кезеңде дамыды. Италияда бұл дәуір XV ғасырда, Франция мен Германия, Англияда XVI ғасырға келіп тірелді.

## К ВОПРОСУ О СОЦИОКУЛЬТУРНОЙ БИЛИНГВАЛЬНОЙ ЯЗЫКОВОЙ ЛИЧНОСТИ

К.Х. РАХИМЖАНОВ  
профессор, ПГУ имени С. Торайғырова, г. Павлодар

Обзор и анализ специальной литературы показывают, что имеется несколько направлений в разработке теории языковой личности. Представители первого направления изучают языковую личность в психолингвистическом аспекте, т.е. заостряя внимание на психологических особенностях языка и речи языковой личности. Так, И.А. Бодуэн де Куртене языковая личность интересовала в том плане, что он представлял как вместилище социально-языковых форм и норм в коллективе, как фокус скрещения разных социально-языковых категорий [1]. В современной психолингвистике этот путь изучения языковой личности продолжается до сих пор, но теперь внимание сосредоточено на изучении речевой деятельности в узком смысле. Рассматриваются в первую очередь механизмы порождения и восприятия речи, поэтому психолингвисты касаются проблем языковой личности тогда, когда выявляют закономерности взаимосвязи языка и мышления.

Лингводидактический аспект разработки понятия языковой личности начал разрабатываться еще в трудах ученых XIX века. В современной лингводидактике языковая личность изучается в плане обучения языку - первому или второму. В понимании лингводидактов языковая личность предстает как многослойный и многокомпонентный набор языковых способностей, умений, готовности к осуществлению речевых поступков разной степени сложности, поступков, которые классифицируются, с другой стороны, по видам речевой деятельности (говорение, аудирование, письмо и чтение), а с другой стороны, по уровням языка, т.е. фонетике, грамматике, лексике, уровням владения языком. В этом плане заслуживает внимания трактовка языковой личности Т.И. Богинным, который по признаку языковой правильности/неправильности выделяет пять уровней владения языком: 1) уровень правильности. На этом уровне критикуемый может высказывать критику, следуя формуле: «он русского языка не знает». Делая направление, «оценщик отстаивает требование «Пользуясь языком, надо пользоваться именно данным языком с его элементарными правилами»; 2) уровень интериоризации, критикуемый по формуле «он еще говорить как следует не научился»; 3) уровень насыщенности, критикуемый по формуле «у него бедная речь», 4) уровень адекватности выбора, критикуемый по формуле «он не те слова говорит»; 5) уровень адекватного синтеза. Этот уровень развития языковой личности включает достижения и недостатки текста со всем сложнейшим комплексом как присущих ему средств коммуникации, предметного содержания, так и новых, присущих ему средств выражения [2].

Лингводидактика ставит вопрос о формировании двуязычной личности и вторичной языковой личности. Двуязычную личность М.Р. Кондубаева понимает как личность, способную овладеть

двумя языками - «двумя знаковыми кодами, двумя средствами обладания и двумя мыслительными орудиями» [3,17]. С.С. Кунабаевой вторичная языковая личность понимается как личность, проходящая вторичную социализацию в иной культуре, овладевающая вторым языком в процессе освоения культуры другого социума и «обеспечения вторичной ментальной способности личности, формируемой на базе иностранного языка, с ведущей ролью его языковой компетенции и использованием... функции языка как компонента культуры» [4].

Следующее направление в изучении языковой личности ориентировано на изучение языковой личности автора художественного произведения. В.В. Виноградов, рассматривая отправной момент в изучении такой личности в индивидуальной речевой структуре автора, пишет: «Если подниматься от внешних грамматических форм языка к более внутренним («идеологическим») и более сложным конструктивным формам слов и их сочетаний; если признать, что не только элементы речи, но и композиционные приемы их сочетаний связаны с признаками языковых объединений, то структура литературного языка предстает в гораздо более сложном виде, чем плоскостная система языковых соотношений Соссюра. А личность, включенная в разные из этих «субъектных сфер» и сама включая их в себя, сочетает их в особую структуру» [5,62].

Языковая личность – социальное явление, но в ней есть индивидуальный аспект. Индивидуальное в языковой личности формируется через внутреннее отношение к языку, через становление личностных языковых смыслов. При этом не следует забывать, что языковая личность оказывает влияние на становление языковых традиций. Каждая языковая личность формируется на основе присвоения конкретным человеком всего языкового богатства, созданного предшественниками. Она характеризуется определенным запасом слов, имеющих тот или иной ранг частотности употребления, которые заполняют абстрактные синтаксические модели. На наш взгляд, уровень развития современной гуманитарной лингвистики, развитие междисциплинарного подхода, выразившегося в интеграции в лингвистику принципов разных наук, позволяет более широко рассмотреть понятие «языковая личность» и дать всестороннюю характеристику. Языковая личность – понятие широкого плана. Это родовое понятие, которое включает в себя несколько видовых понятий, таких, как языковая коммуникативная личность, коллективная языковая личность, национальная языковая личность и др. Введение понятия личности в лингвистику означает возможность говорить о том, что язык принадлежит, прежде всего, и главным образом, личности, осознающей себя и свое место в мире, свою роль в практической деятельности и в языковом общении, свое отношение к принятым принципам и конвенциям ведения дискурса, творчески использующей язык в своих предметных и речевых действиях. На современном этапе имеется ряд направлений, которыми определяется статус существования языковой личности в лингвистике: полилектная (многочеловеческая) и идиолектная (частночеловеческая) личности (В.П. Нерознак); этносемантическая личность, элитарная личность, семитологическая личность (А.Г. Баранов), речевая личность, словарная языковая личность, языковая личность западной и восточной культур (Т.Н. Снитко), эмоциональная языковая личность.

